**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Dr. Hacı Ahmet Şimşek

2003 жылдың қараша айының 28 күні Астанада Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің мәжілісі болып, онда “Мәдени мұра” бағдарламасының жобасы талқыланып, мақұлданды. Осы Ұлттық Кеңес мәжілісінде сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үкіметке мемлекеттік арнаулы “Мәдени мұра” бағдарламасын түзіп, оны жүзеге асыруды еліміздегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істейтін ғалымдарға, творчестволық одақтар мен баспаларда еңбектеніп жүрген шығармашылық топтарға тапсыруды мұқияттаған болатын [1].

Осыған сәйкес, қазір Елбасымыздың өзі ұсынып, үкімет түзген Бағдарлама аясында халқымыздың орасан мол мәдени мұрасы, сондай-ақ әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері қордаланып, зерделенуде. Осылайша жинақталып, зерделеніп жатқан мұралардың ішінде шығармашылығы ғаламдық ғылыми ойдың дамуына үлес қосқан, шыққан тектері қазақ халқының да дінінде бар түркілік жұрттың ұлы ойшылдары Әбу Нәсір әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Ясауидің, Махмут Қашғаридің, Жүсіп Баласағұнидің, Исмайл әл-Жауһаридің, т.б. ең озық туындылары қазақ тіліне аударылып, оларға түсініктеме жазу, оларды зерттеп, зерделеу жұмыстары ойдағыдай атқарылып келеді. Қазақ халқына шығармашылығы осындай аударма жұмыстары арқылы таныс, бірақ әлі зерттеліп, ғылыми айналымға түсіп, зерделене қоймаған шығармашылық иесі түбі түркілік салжұқ жұртының ұлы ойшылы Маулана Жалал әд-Дин Руми (30.9.1207, Белх – 17.12.1273, Түркия, Кония қаласы). Жалал әд-Дин Руми шығармашылығы тек мұсылмандық Шығыс әлемі ғана емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының дүниетанымына, рухани өмірінің барлық салаларына (дініне, философиясына, моральдық-этикалық және құқықтық ілімдеріне, әдебиетіне, поэзиясына, тәлім-тәрбиесіне, т.т.) дерлік ықпал етіп, теңдессіз руханияттық құндылықтардың тууына негіз қалаған ұлы ойшыл. Оның барлық еңбектерін сөз етпей-ақ, тек қана атын әлемге әйгілі еткен шығармасы, шамамен 26000-дай қостаған жолды бәйіттерден тұратын “Мәснәуиі” – “Жасырын мән хақындағы дастаны” дүниежүзі халықтарының барлық тілдеріне дерлік аударылған десек артық айтқандық емес.

Десек те, шыққан тегі түркілік салжұқ жұртынан болғанымен, Жалал әд-Дин Руми шығармашылығы түркиялықтардан тыс түркі жұртына таныс емес. Немесе, әлі де толық танылмаған. Мұның себебі, мүмкін, Жалал әд-Дин Руми өз шығармашылығын негізінен парсы тілінде жазғандығынан болар (Жалал әд-Дин Руми өмір сүрген XIII ғасырда Анадолыда жазу, іс қағаздарын толтыру, негізінен, парсы және араб тілдерінде жүргізілген). Сондықтан да болар ирандықтардың да, өзге халықтардың да Жалал әд-Дин Румиді парсылық деп есептеулері. Алайда, ақиқат шындығында, Жалал әд-Дин Руми әкесі жағынан да, анасы жағынан да тектіліктерімен аттары аңызға айналған ақсүйек Түрік жанұясына жатады. Анасы, Белх Әмірі Руннеддиннің қызы Мумине Хатун. Әжесі, Хорасан Сұлтаны Джалаледдин Хорезмшахтың қызы Мелике-и Джихан

Еметуллах Сұлтан, атасы ірі ғалым Ахмет Хатиби-ұлы Жалаледдин Хусейн Хатиби. Әкесі өз заманында Султан-ул Улема – "білімділердің сұлтаны" лақап есімін иеленген өте ірі дінтанушы ғалым Мұхаммед Бахаеддин Велед (Сопылықта араб немесе парсы жұртынан шыққан шейхтерге "қутб ул-ақтаб" – "әулиелердің әулиесі" атағын, ал Түркі әулетінен шыққан шейхтерге "Султан-ул Улема" – "білімділердің сұлтаны" атағын беру дәстүрлі ғұрып. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауиді мүридтері көбінесе Сұлтан Ахмет (Әзірет Сұлтан) деп дәріптеген) [2-4]. Осыған сәйкес, біздің мақсатымыз өз уақтысында Әбу Насыр әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Ясауидің, Махмут Қашғаридің, Жүсіп Баласағұнидің, Исмайл әл-Жауһаридің, т.б. еңбектеріндегі философиялық, әлеуметтік-этикалық және педагогикалық ой-пікірлермен оларды өмірге келтірген текті жұрт – түркі халықтары таныстырылғандығы сияқты, түпкі тегі – түркі жұртшылығының қазіргі буынының Жалал әд-Дин Руми шығармашылығындағы тәлімдік терең мәні бар діни және әлеуметтік-философиялық ой-сананың маржандарымен танысуына жәрдемші болу.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.**

Жалал әд-Дин Руми еңбектері әлем халықтары тілдеріне ең көп аударылған туындылар санатына жатады. Дей тұрғанмен, 2003 жылы Алматы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы "Қазақ университеті" баспасынан белгілі шығыстанушы ғалым, ақын-аудармашы Өтеген Күмісбаевтың "Парсы поэзиясы. Хрестоматия" деп аталатын кітабында тікелей парсы тілінен қазақ тіліне аударылған Рудаки, Фирдоуси, Ибн Сина, Нәсір Хұсро, Омар Хайям, Хафиз, Сағди және т.б. өлеңдерінің қатарында Жалал әд-Дин Румидің де бірнеше қостағандары аударылғандығын сөз етпесек, оның негізгі еңбектері қазақ тіліне аударылмаған [5]. Ал, орыс тілінде оның біршама еңбектері аударылғандығымен [6-7], біз оларды орыс тілін білмегендіктен пайдалана алмадық. Сондықтан, осы зерттеу жұмысында Жалал әд-Дин Румидің негізінен түрік тілінде жарияланған еңбектерінің мазмұнында өзектелген діни және әлеуметтік-философиялық ой-санасы сараланды [8-21].

Жалал әд-Дин Руми шығармашылығының зерттелу деңгейін бағамдар болсақ, оның негізгі еңбектері туралы жазылған түсініктемелер, зерттеулер баршылық. Бірақ олардың барлығы дерлік шет ел тілдерінде [22-36]. Сондықтан біздің осы зерттеу еңбегіміз қазақ тілінде Жалал әд-Дин Румидің діни және әлеуметтік-философиялық ой-санасын бағамдаған тұңғыш еңбек десек артық айтқандық бола қоймас.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері**.

Зерттеу жұмысының мақсаты Жалал әд-Дин Румидің діни-дүниетанымдық көзқарасын жүйелеп зерттеу және осы ойшылды Қазақстан жұртшылығына кеңінен насихаттап, оның адамшылық туралы айтқан терең қағидаларымен таныстыру. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысының мынадай міндеттері белгіленді:

- Румидің шығу тегін нақтылау және отбасылық жағдайдың оның шығармашылығындағы әсерлерін көрсету;

- Анадолыдағы тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайдың Румидің дүниетанымының қалыптасуындағы орнын көрсету;

- Руми сопылық дүниетанымындағы ерекшеліктердің діни-философиялық негіздерін айқындау;

- Руми дүниетанымындағы адам мәселесіне діни-философиялық тұрғыдан талдау жасау;

- Румидің әйел жайлы ой-толғамдарындағы өзіндік ерекшеліктерді ашып көрсету;

- Румидің дос, достық және жолдастық туралы ойларын шығармалары арқылы сараптап, сопылық дәстүрдегі орнын зерделеу;

- Руми шығармаларын қазақ тілінде қазақ философиясын оқып үйренушілерге қосымша еңбек ретінде ұсыну;

**Зерттеу жұмысының нысаны -** суфизмнің көрнекті өкілі, хакім Жалал әд-Дин Румидің шығармашылығындағы рухани құндылықтар туралы ой-пайымдаулары.

**Зерттеу жұмысының пәні**- Жалал әд-Дин Румидің діни-дүниетанымдық көзқарасын зерттеу.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері.**

Диссертация қоғамдық ғылымдарға ортақ жалпы танымдық және арнайы әдістерге, тарихи-салыстырмалық, тарихи-хронографиялық тұрғыда зерттеу әдістеріне сүйеніліп жазылды.

Диссертацияны жазу барысында автор Руми туралы іргелі еңбектер жазған белгілі түрік ғалымдары Абдулбаки Гөлпынарлы, Фуад Көпрүлү, Мехмет Өндер, Эфлаки Ахмет, Нериман Хикмет, Шефик Жан, француз ғалымы Роланд Монтран, ағылшын ғалымы Николсон Рейнолд Аллиндердің еңбектеріне арқа сүйеді.

Сондай-ақ тақырыпқа қатысты жазылған орыс тіліндегі Б. Бабаджанов, А.А. Хисматуллин, Н. Одилов, Эрнст Карл, Радий Фиш, Идрис Шахтардың, қазақ тіліндегі Ғарифолла Есім және тағы да басқа авторлардың еңбектеріне елеулі көңіл бөлінді. Диссертацияның теориялық негізі ретінде ислам дінінің ең басты қасиетті кітабы – Құранда айтылатын тәлім-тәрбиелік уағыздар алынды, түркі тілдес халықтар мен шетелдік зерттеушілердің талданылып отырылған тақырыпқа байланысы бар еңбектері, ұлы ғұламаның өз еңбектері, өмірі мен қызметінен деректік және фактілік мәліметтер пайдаланылды

**Диссертациялық зерттеудің жаңалығы.**

Жалал әд-Дин Румидің діни және әлеуметтік-философиялық ой-санасы диссертациялық жұмыста тұңғыш қойылып, зерттеліп отыр. Түркі әлемінде

өзіндік орны бар дара ақын туралы бұл ізденіс қазақ тілінде жазылған тұңғыш зерттеу болып табылады. Диссертацияда Румидің дүниетанымына әсер еткен отбасылық, тарихи, мәдени, саяси, әлеуметтік жағдайлардың маңызы, сопылық дүниетанымының қыр-сырлары ашып көрсетіліп алғаш рет діни-философиялық тұрғыда сараланды. Мұның өзі мынадай ғылыми нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- Жалал әд-Дин Румидің шыққан тегі анықталып, оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да тектіліктерімен аттары аңызға айналған ақсүйек Түрік жанұясынан екендігі нақтыланды;

- Жалал әд-Дин Руми өмір сүрген дәуірдегі Анадолыдағы тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайға талдау жасалынып, ұлы ғұламаның ислам діні аясында пайда болып, дамып қалыптасқан діни-философиялық ағым-суфизмдегі өзіндік орны мен рөлі айқындалды;

- Жалал әд-Дин Руми еңбектеріне жалпылама сипаттама жасалып, шығармашылығындағы ой маржандарының діни, әлеуметтік-философиялық және этикалық-эстетикалық мәндері бағамдалды;

- Жалал әд-Дин Румидің адамның мәні, тұрмыс-тіршілігі және әдептік бейнесі жайлы ұғым-түсініктерінің мән-мағыналары сараланып, автор айтқан ой-пікірлердің әлеуметтік-философиялық, моральдық-этикалық және адамшылдық-гуманистік мазмұнының тереңдігі, беріктігі және өміршеңдігі нақтылы адам болмысы, тұрмыс-тіршілігі, адамгершілік қадір-қасиеттері, өмірлік, күнделікті тұрмыстық фактілер негізінде екшеленіп, жан-жақты ашылып, көрсетілді, негізделді;

- Жалал әд-Дин Румидің әйел құқықтары және оның отбасындағы орны мен рөлі туралы пайымдаулары жан-жақты талданып, сараланды;

- Жалал әд-Дин Румидің дос, достық, жолдастық туралы айтқан пікір-пайымдаулары екшеленіп, дос-жаранның адам өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, қызметіне, ел арасындағы беделіне тигізетін игі ықпалының, әсерінің маңыздылығына талдау жасалынды, сол арқылы оның адамгершілік, имандылық, басқаны қадірлеп-құрметтеу, басқаға сүйіспеншілік, бауыр-малдық, жалпы адамзаттық және ұлттық мінез-құлық пен моральдық-этикалық құндылықтардың үйлесімділігі, азаматтық позицияның ұлттық менталитет пен жалпы адамзаттық сана-сезім арасындағы бір-біріне кіріге байланысқан мүдделік қағидалық принциптері сияқты жалпы адамзаттық идеяларды жұртшылықтың бойына сіңдіруге ұмтылғандығы жан-жақты негізделіп, нақтыланды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар.**

Жалал әд-Дин Румидің діни және әлеуметтік-философиялық ой-санасын зерттеу барысында бұрын-соңды жете зерттелмей қалған қырларын талдап тексеру барысында негізінен мынандай тұжырымдар жасалды:

- Жалал әд-Дин Руми өзінің шығу тегі жағынан таза түрік жанұясына жатады; Руми дүниетанымының қалыптасуына өзі өмір сүрген дәуірдегі тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлардың тікелей әсері болды және ол Руми шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

- Жалал әд-Дин Румидің дүниетанымында адам парасатты, иманды, елгезек те қарекетшіл, санасы жоғары құдай жаратқан тіршілік иесі, сонымен бірге құдайдың жер бетіндегі билік тізгінін ұстаған “елшісі” ретінде әлемді өзгерте алатындығы тұрғысынан құдайға көбірек ұқсайды.

- Жалал әд-Дин Руми түсінігінде адам табиғаты таза, әрі құдыретті, пейілі Құдай жағына ауған, “Құдіреттің құпиясын сақтаушы” ерікті пенде; осыған қарамастан көрсеқызарлық, іштарлық, сараңдық, ұятсыздық, қанқұмарлық т.б. жағымсыз қасиеттері бар екіұдай қасиетке ие ерекше жаратылыс.

- Жалал әд-Дин Руми әйелдерді Қ.А. Ясауи секілді өз мәжілістеріне қатыстырып, бірлікте құлшылық жасаған және әйел баласына ислам діні негіздері аясында ерекше мән берген дара ақын, философ.

- Жалал әд-Дин Руми дүниетанымында әйел баласы Құдайдың жер бетіндегі тіршілік атаулының амандығын сақтаушы тұғырлық негізі; әйел баласы рухы өте жоғары, күрделі істердің шешімін тапқыш, махаббат деген ыстық сезімнің қоздырушы күші.

**Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.**

Диссертацияның мазмұнын, ғылыми тұрғыдан дәлелденген тұжырымдарын “Философия тарихы”, “Дінтану”, “Әлеуметтану”, “Этика” және “Әдебиеттану” курстарын оқытуда пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы**.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің философия және саясаттану факультетінде орындалды. Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен әлеуметтік, діни-философиялық қағидалары қазақ және басқа тілдерде жарияланған мақалаларында толығынан қамтылып, әртүрлі ғылыми басылымдарда, бірнеше халықаралық және республикалық конференцияларда, аймақтық, республикалық ғылыми-практикалық семинарлар мен оқу-әдістемелік жиындарда жасаған баяндамаларында баяндалып, оқу процестеріне енгізілді.

Жұмыс нәтижелерінің мақала түрінде жарық көруі:

1 Мевлана Желаледдин Румидің адамға көзқарасы // Бірінші Халықаралық Туркология Конгресі. – Түркістан, 2002. – 44 б.

2 Мевлана Желаледдин Румидің адамға көзқарасы // Ежелгі түркі өркениеті және Қорқыт ата мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті, 2003. - 58 б.

3 Дін және бүгінгі адам мәселесі. Бүгінгі дінтану мәселелері симпозиумы // ХҚТУ, - Түркістан, 2003. – 49 б.

4 Суфизм: мәні, негізгі сипаттамалық белгілері және жүйелік құрылымы // Философский альманах. - 2005. - №3. – 74 б.

5 Суфизмнің қалыптасу тарихындағы тұрақтардың орны // Философский альманах. - 2005. - №3. – 52 б.

6 Мәулевиліктегі сема зікірі // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. –2005. - №1. – 193 б.

7 Мәулана Жалал Әд-Дин Руми – Түрік // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. – 2005. - №1. – 190 б.

8 Жалал Әд-Дин Румидің әйел құқықтары және әйелдің отбасындағы орны мен рөлі туралы пайымдары // Қазақстандық Өркениет: Адамның әлеуметтенуі мен бейімделуі мәселелері: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2005. – 61 б.

9 Sosyal denge acisindan zekat // Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. –1999. - №3. – 83 б.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің философия және ғылым методологиясы кафедрасының мәжілісінде 2005 жылдың 28 желтоқсанында (хаттама №4) талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды…?

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.**

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі екі бөлімнен (алты бөлімшеден), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 126 бет.

## 1 ЖАЛАЛ ӘД-ДИН РУМИДІҢ ДІНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-САНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ

## АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Әлемдік руханият тарихында XIII ғасыр ислам дінінің аясында пайда болып, дамып қалыптасқан сопылық діни-философиялық ағымның "алтын ғасыры" ретінде сипатталатын болса, осы ағымның сол дәуірдегі ең көрнекті өкілі ретінде Кіші Азиядағы Кония қаласынан шыққан ұлы түрік ойшылы Жалал әд-Дин Руми аталады. Дей тұра, Жалал әд-Дин Румидің діни және әлеуметтік-философиялық дүниетанымына ой бойлатып, екшелеместен бұрын оның өмірбаянына қысқаша тоқталып, Мауланааның шығармашылық қабілетінің қалыптасуына әсерлі ықпалын тигізген ортасы – тектіліктерімен өз заманында күллі Орталық және Кіші Азия халықтарына аттары мәлім болған өзгеше бір зиялы жанұясының шежіресін таркату, ол өмір сүрген дәуірдегі Анадолыдағы тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайдан ой түйіндеп,

Маулананың дүниеге діни-философиялық көзқарасының тұғырлық негіздеріне, қайнар бастауларына барлау жасау қажет-ақ. Онсыз мұсылмандық сопылық діни–философиялық ілімнің ең көрнекті өкілі – Маулана Жалал әд-Дин Румидің дүниетанымының философиялық мән-мағыналық астарын түсіну қиын.

### 1.1 Жалал әд-Дин Румидің шығармашылық қабілетінің қалыптасуының отбасылық негіздері

Жалал әд-Дин Руми 1207 жылдың қыркүйек айының 30-ы күні бүгінгі Ауғаныстанның солтүстігіндегі Белх қаласында дүниеге келген. Оның дүниеге келгенде азан шақырып қойған аты-жөні Мұхаммед Жалал әд-Дин. Оған Маулана, Руми есімді лақап аттары кейінірек берілген. Діни және әлеуметтік-философиялық ғылым салаларындағы жетістіктері үшін оған туған әкесі Мұхаммед Бахаеддин Велед (ол өз заманының өте ірі дін білгірі болған тұлға) – Худавендгар лақап есімін берген. Сонда Мауланаының шын аты-жөні Мұхаммед Жалал әд-Дин Худавендгар есімді. Ал,оның Маулана есімдегі лақап аты болса, оған өте жас кезінде Кония қаласында медреседе сабақ берумен айналысып жүрген кезінде берілген. “Біздің қожамыз, иеміз” деген, немесе “Хазіреті” деген мағынаны білдіретін әрі ірі дін және ғылым қайраткерлері үшін берлетін бұл атақ уақыт өте келе тек Жалал әд-Дин Румидің өзіне ғана лайық ең белгілі аты болып қалған. Руми есімді лақап аты болса, Мауланаының бұрындары Дияры Руми атымен аталған Анадолыға келіп тұруымен және өмірінің көп бөлігін осы өлкедегі ескіден келе жатқан белгілі қала Конияда өткізуі себепті қолданылады [37].

Мауланаының тегін кейбір ғалымдар шешесі жағынан Хазіреті Әлиге, әкесі жағынан Хазіреті Әбу Бакрге апарып тірегенімен, ол пікірлерге тиянақ боларлық нақты көрсетілген деректі құжат жоқ. Демек, мұндай алып-қашпа әңгімелер жаңсақ пікірлер санатына жатады. Ал, ақиқат шындығында, Жалал әд-Дин Руми анасы жағынан да, әрі әкесі жағынан да тектіліктерімен аттары аңызға айналған ақсүйек Түрік жанұясына жатады. Анасы, Белх Әмірі Руннеддиннің қызы Мумине Хатун. Әжесі, Хорасан Сұлтаны Джалаледдин Хорезмшахтың қызы Мелике-и Джихан Еметуллах Сұлтан, атасы ірі ғалым Ахмет Хатибиұлы Жалаледдин Хусейн Хатиби, әкесі өз заманында Сұлтан-ул Улема – “білімділердің сұлтаны” лақап есімін иеленген өте ірі дінтанушы ғалым Мұхаммед Бахаеддин Велед.

Жалал әд-Дин Румидің әкесі Бахаеддин Веледтің өте терең білімдарлықпен қатар ірі парасаттылықты білдіретін мәртебелік лауазымдық атаққа ие болуы оның айналасындағы дін уағыздаушылар тарапынан көре алмаушылық қызғаныш сезімін тудырып, оны елбасшысы Сұлтан Алаеддин Мұхаммед Хорезмшахтың алдында ғиабаттаушыларды көбейтіп жібереді. Сондықтан, Хорезмшах қаһарынан сескенген Бахаеддин Велед Белхтан көшуге шешім қабылдайды.

Көш керуенінің ең маңызды аялдамасы Нишапур қаласы болды. Бұл қала да Белх сияқты өз кезеңнің ең маңызды мәдени орталықтарының бірінен саналатын. Бұған қоса бұл қалада Бахаеддин Веледтің пірі Фаридаддин Аттар хазіреттері де тұратын.

Сұлтан-ул Улеманың екінші маңызды аялдамасы сол замандағы Аббаси мемлекетінің астанасы және халифат орталығы болған Бағдад қаласы болды. Молда Жалидің айтуына қарағанда Бахаеддин Валед Бағдадқа келісімен оның ең үлкен мешітінде уағызға бастайды. Бұл уағыздар қысқа мерзімде бүкіл Бағдад халқын ғана емес, халифаны да мешітке тартады. Халиф Бахаеддин Веледтің Бағдадта қалуын сұранады, бірақ ол бұл қалада тек қана үш күн болады да сол арадан қажылыққа жүріп кетеді. Кейін Кудусқа, одан кейін Шамға барады. Шамнан Халебке өтіп, бірнеше күннен кейін Анадолыға қарай жолға шықты. Осылайша Дияры Рум делінген Салжұқ отанына келіп жетеді. Бахаеддин Велед және оның жанындағылар соңында қазіргі Қараман деп аталатын Лорендке келіп тұрақтайды. Қала әмірі Мұса қысқа мерзімде Бахаеддин Велед үшін медресе соқтырып береді. Сөйтіп Сұлтан-ул Улема осы қалада өзінің Анадолыдағы алғашқы уағыздық сабақтарын бастайды. Осы қалада Бахаеддин Велед өзімен бірге Белхтен көшіп келген мүриді (шәкірті) Самарһандық Шарафеддин Лаланың қызы Гауһар Хатунды ұлы Жалал әд-Динге айттырады. 1225 жылдың көктемінде Хазіреті Маулана сол қызға үйленеді [38]. Тойдан кейін көп уақыт өтпестен Бахаеддин Веледтің жұбайы Мумине Хатун қайтыс болады. Кейін Мауланананың ағасы Алаеддин Мұхаммед те қайтыс болады. Бұл өлімдер Мауланаға өте ауыр тиеді. Бірақ бұдан кейін дүниеге келген екі ұлы оны және әкесін қатты қуантты. Тұңғышына әкесінің атын, екінші ұлына ағасының атын берді.

Біраз жылдардан кейін әйелі Гауһар Хатун қайтыс болғаннан кейін Маулана, Кира Хатунға үйленді және бұл әйелінен Музаффереддин Әмір Әлім Челеби атты ұлы мен Мелике Хатун деген қызын дүниеге келтіреді.

Бахаеддин Велед пен оның жанындағылар Анадолыға көшіп келген уақытта Анадолы Салжұқ мемлекетінің астанасы Кония қаласы болатын және патшалық тағында Сұлтан Алааддин Кейкубад отырған еді. Анадолы Салжұқ мемлекетінің қаншалықты шөгейін деп тұрғанына қарамастан Сұлтан Алааддин Кейкубад қабілетті, қайрымдылығымен аты шыққан ірі мемлекет қайраткері болатын. Сондықтан, ол бар мүмкіндігі келгенше білімді адамдар мен ғалымдарды Конияға жинап, қаланың білім мен парасат орталығына айналуына себепкер болып бақты. Сұлтан ірі дін және ғылым қайраткері ретінде Сұлтан-ул Улеманың Қараманда қалуын қаламай оны да Кония қаласына шақырды.

Бахаеддин Велед Кония қаласына келгеніне екі жыл өткенде, яғни 1231 жылдың Қаңтар айының 12-і күні 85 жасында қайтыс болды. Маулананың алғашқы ұстазы әкесі Бахаеддин Велед болды. Осындай ірі тұлғаның тәрбиесін көрген Маулана кішкентай бала кезінен-ақ жан-жақты жетілген ой иесі болып қалыптасты. Оның жасындағылар әлі доп қуып жүргенде, ол жан-жақты әрі терең білім ала бастады. Уақытын тек қана діни уағыздарды жаттаумен өткізбей, терең өмірлік мәні бар философиялық ой-пікірлерді оқуға да бөле білді.

Әкесі өлгеннен екі жылдан кейін, яғни 1233 жылы Маулана Саид Бурханеддинмен бірге Халепке барады. Ол жерде Камаледдин бин Адимнен дәріс алады. Кейінірек Шамға барған Маулана бұл қалада бір деректерге қарағанда төрт, келесі бір деректерге қарағанда жеті жыл тұрады, Мухиддин

Араби, Садеддин Хамави, Шейх Осман Руми, Евхадуддин Кирмани және Садреддин Каневилермен пікірлеседі [39].

Маулана көп жылдық тәлімінің нәтижесінде тәфсир, хадис, фикх, сөздік (лұғат), арапша сияқты ғылым салаларын жан-жақты әрі терең меңгеріп, өз заманының ең алдыңғы қатарлы ғалымы атанады. Бүкіл өмірінің жиынтығын мына үш постулатқа жинақтайды: "шикі едім, пістім, күйіп кеттім!" Дей тұрғанмен оның рухани даму жолы әлі соңғы аялдамасына, түпкі мақсатына жетпеген еді. Десек те, осы кездің өзінде-ақ оның өзіндік бет-бедері бар ғылыми мектебі, жүзеге жуық шәкірттері болды. Маулана барлық уақытын шәкірттеріне  ілім-білім үйретумен өткізді. Міне, осындай жағдайда Мауланананы ұшқындатып жандыратын шоқ пайда болды: ол Шемседдин Тебризи еді. Қол жеткізген рухани жетістіктеріне қанағаттанбаған Шемс өзіне бір талантты шәкірт іздеп жүрген болатын. Кейбір ғылыми тұжырымдарға қарағанда Маулана мен Шемстің алғашқы кездесуі Шамда болған. Бірақ, негізгі кездесулері Кония қаласында болды. Шемс, 1244 жылдың Қараша айының 29-і күні  Шекершілер Ханына келеді. Ол уақытта Маулана төрт медреседе бірдей сабақ беріп жүрген болатын. Бір күні Маулана, қасындағы шәкірттері Шекершілер Ханының алдынан өтіп бара жатады. Оларды байқап қалған Шемседдин Тебризи Маулананың атының тізгінінен ұстап, тоқтатып сұрайды: "Уа, ғұлама, діни ғалымдардың қадір тұтушысы, айтшы! Хазіреті Мұхаммед ұлы ма, жоқ әлі де Баязид Бистами ұлы ма?"

Жауап: "Әрине Хазіреті Мұхаммед - ұлы! Өйткені ол барлық пайғамбарлар мен әулиелердің басшысы. Ұлылық соныкі!"

- "О, Хазіреті Мұхаммед! Білімділігінде шек жоқ екен! Саған тағзым етем!".

Маулана мен Шемседдин Тебризи арасындағы достық осы сұхбаттасудан басталды. Маулана: оқыту, пайымдату және уағыздаудан баз кешеді. Екі дос жеке-жеке Алла нұрына, тәңірлік сұхбаттарға көміледі. Бірақ, көпшілік қауым Маулананның өздерімен сұхбаттасуын тоқтатуын ұнатпайды. Шемседдинді қаралайтын өсек-аяңдар айта бастайды. Бұл достықтың сырын түсіне алмағандардың дұшпандықпен әрекет жасауының нәтижесінде Шемс 1246 жылдың Наурыз айында Кониядан Шамға кетеді.

Маулана Шемстен айрылғаннан кейін бұл айрылысудың қайғысымен көңілдерді жыққан қасіретті өлеңдер жазады.

Диуаны Кебирдегі Шемс лақапты өлеңдердің басым көпшілігі осы кезеңнің шығармалары.

Маулана, Шемстен кейін Салахаддин Зеркубимен дос болды. Оны  өзінің орынбасары Халифа қылып тағайындайды. Екеуінің достығы он жылға созылады. Маулана бұл достықты одан әрі нығайту үшін Салахаддиннің қызы Фатима Хатунды ұлы Сұлтан Веледке әперіп, құда болады.

Салахаддин Зеркуби қайтыс болғаннан кейін Маулана өзінің рухани тәрбиесімен жетілген шәкірті Челеби Хусамеддинді халифа етіп тағайындайды.

Челеби Хусамеддин Маулана үшін өте жақын сұхбаттас жолдас болды. Бұдан басқа оның негізгі көмегі мен қадірі Маулананың мәңгілік өлмес шығармасы Мәснәуиді жазуына қолғабыс тигізуі еді. Челеби Хусамеддиннің ұсынысымен басталған Мәснәуи нақ соның көрсеткен көмектерінің арқасында бітірілген. Шығарма біткенге дейін Челеби Хусамеддин Мауланананың қасынан шықпаған. Маулана дем алып отырғанда да, зікір салған кезінде де, жолда кетіп бара жатқанында да өлеңдерін жатқа айтып отырған, ал Челеби Хусамеддин болса үнемі оларды уақытылы хатқа түсіріп алып отырған. Әрбір жазылған шығармаларын Маулана қайтадан қарап шығып, өңдеп түзетіп отырған.

Айтқандай, Маулана өзін үнемі шабыттандырып, қолғабыс тигізіп отырған адал досына Мәснәуидің әрбір томының алғы сөзінде шын жүректен сөз арнап, оның болмысындағы жетілгендік пен көрегендікті мадақтап отырған.

Маулана Жалал әд-Дин Руми 1273 жылдың Желтоқсан айының 17-і күні қайтыс болды.

Хазіреті Маулана өмірінің соңғы күндеріне дейін де адамгершілікке шақырған уағыздарын тоқтатпаған, адамдарды тура жолға шақырған. Мысалы, оның достарына айтқан өсиетінің мазмұны қысқаша түйіндегенде төмендегідей болып келеді: “Мен сіздерге іштей және ашық түрде Алладан қорқуды, тамақты аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді, күнәларыңнан арылуды, ораза тұту мен намаз оқуды тоқтатпауды, әрдайым нәсіпқұмарлықтан қашық жүруді, қиыншылық пен азапқа шыдауды, надандардан аулақ, ал әдепті және оқыған адамдармен дос болуды өсиет етемін. Өйткені, адамдардың адамы басқаларға пайдасы тиген адам. Сөздің жақсысы қысқа әрі мәнді болады” [40].

Келесі бір мына төмендегі өсиетін ұлы Сұлтан Веледке арнап айтқан: “Бахаеддин, егер де сен дұшпаныңды қадірлегің келсе, сондай-ақ, дұшпаныңның да сені жақсы көруін тілесең қырық күн оның жақсылығын айт. Ол дұшпаның саған дос болады: өйткені көңілден тілге жол болғаны сияқты, тілден де көңілге жол болады. Алла тағала былай дейді: Ей, адамдар! Жүрегіңіздің таза болуы үшін үнемі мені еске алуды ұмытпаңдар. Тазалық қаншалықты ақ жүректі болса, Алланың Нұрының күші де жүректі сол деңгейде жылытады. Кәдімгі наубайдың пеші сияқты. Таңдыр қаншалықты ыстық болса, соншалықты нан дәмді пісіріледі. Суық болса нан піспейді”.

Ал досы Сиражеддинге мына өсиетті үнемі есінде ұстауын өсиет еткен: “Уа, Жаратқан! Маған сенің зікіріңді ұмыттыратын, саған деген қуанышымды сөндіретін, сені мадақтаған кезімді сезінетін, ләззатымды тоқтататын ауру немесе мені азғындататын, арамдық пен жамандығымды арттыратын сырқат берме. Уа, мейірімділік көрсе-тетіндердің ең мейірімдісі, мейірімділігіңмен бұл адамды қабыл ал” [41].

Хазіреті Маулананы жерлеу мен оған жаназа шығару рәсімдері бір қиямет күні сияқты өтті. Үлкенді-кішілі, мұсылман мен мұсылман емес Кония жұртының барлығы осында еді. Барлығы жылауда еді. Әр түрлі дін ұстанатындықтарына қарамастан барлық адамдар қолдарына қасиетті кітаптарын, аяттарын алып оқып, өкіріп жылап жатты. Мұсылман қауымы оларды тарату үшін топқа: “Бұл

рәсімге сіздердің қандай қатынастарыңыз бар? Сұлтан біздің діннің, мұсылман дінінің имамы” дегендеріне қарамастан, олар: “Біз Мұсаның, Исаның және басқа да барлық пайғамбарлардың пайғамбарлығын оның уағыздарынан түсіндік және өз кітаптарымыздан оқыған жетік пайғамбарлықтың табиғаты мен әрекеттерін Мауланадан көрдік.

Сіздер, мұсылмандар, Мауланаңы заманымыздың Мұхаммеді ретінде танысаңыздар, біз де оны заманымыздың Мұсасы және Исасы ретінде білеміз. Сіздер оның қаншалықты жақын достары болсаңыздар, біз де оны мың есе жақсы көретін достарымыз” – деген жауаптар қайтарыпты.

Таң ертең ертелей Мауланаңы жерлеуге шыққан жаназа тобы кешке жақын ғана мазаратқа жетеді.

Құран оқылғаннан кейін, табыт әкесі Сұлтан-ул Улеманың және Салахаддин Зеркубидің мазарларының алдыңғы жағынан дайындалған жерге қойылады.

Кесенесі, өз өсиеті бойынша биік жерге соғылады. Жасыл күмбез (Куббе-и Хадра) деп аталған кесене, Сұлтан Велед және Алааддин Қайсардың жігерлігінің және Салжұқ Әмірі Муинеддин Перване және жұбайы Гүржү Хатунның материалдық көмектерінің арқасында соғылды. Кесененің архитекторы Тебриздік Бедреддин болады. Құрылыс 1274 жылы бітірілді.

Хазіреті Мауланаңың кесенесі қасиетті орынға айналғаны сонша, қажылыққа кететіндер Арабияға кетпестен бұрын Конияға келіп, осы кесенеге міндетті түрде зиярат етеді. Егер бұлай болмаса, қажылықтарының жартылай болып қалатынына сенеді. Түркістан қаласына орналасқан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің маңызы Орталық Азия мұсылмандары үшін қандай болса, Анадолыда Маулана Жалал әд-Дин Румидің кесенесінің маңызы да тура сондай.

Ахмет Ефлакидің айтуынша Неджметтин Ташти былай деген екен: “Дүниеде бәрімізге ортақ болған үш нәрсе бар. Бұлардың біреуі Мәснәуи. Бұрын екі тармақтан тұратын барлық өлеңді Мәснәуи дейтін едік, енді, қазір Мәснәуи туралы айтылғанда бірінші болып ойымызға Мауланаңың Мәснәуиі түседі. Екіншісі, бұрын барлық ғалымдарға Маулана есімі қосыла айтылатын еді. Қазір Маулана делінгенде Хазіреті Маулана ойымызға алдымен түседі. Үшіншісі, бұрын әрбір мазарды кесене дейтін едік. Ал, қазір кез келген кесене туралы айтылса, бірінші болып Мауланаңың кесенесі ойымызға оралады”.

Хазіреті Маулана, әкесі Сұлтан-ул Улема Бахаеддин Велед пен оның жанындағылар Кония қаласына келместен бұрын, Қараманда тұрған кездерінде Шарафеддин Лала Самарһандидің қызы Гаухар Хатунға үйленген болатын. Мауланаңың тұңғышы Сұлтан Велед пен ортаншы ұлы Алаеддин осы Гаухар Хатуннан туылған еді. Гаухар Хатун қайтыс болғаннан кейін Маулана Кира Хатун деген жесір әйелге үйленеді. Аты Римдік есімге ұқсағанымен тегі түрік Кира Хатун Шемседдин Яхия деген ұлы қолында Мауланаға тұрмысқа шығады. Оның алғашқы күйеуінің аты Мұхаммед Шах деген болатын. Маулана Кира Хатуннан бір ұл, бір қыз көрді. Бұл әйелінен туылған баласының аты

Музаффереддин Әмір Әлім Челеби, қызының аты Мелике Хатун. Осылайша Мауланананың үш ұлы, бір қызы болған.

Ортаншы ұлы Алаеддин Челеби 1262 қайтыс болды және атасы Бахаеддин Велед қабірінің оң жағына қойылды. Алаеддин Челебиден тұқым қалған немесе қалмағандығы белгісіз. Сондықтан Мауланананың үрім-бұтағы ұлы Сұлтан Велед және оның ұрпақтарымен жалғасады.

Мауланананың Кира Хатуннан туылған ең кіші ұлы Музаффереддин Әмір Әлім Челеби Салжұқтар сарайында қызмет атқарған және қазынашы қызметіне дейін көтерілген. Ол 1277 жылы қайтыс болған. Мауланананың қабірінің оң жағына қойылған.

Мауланананың қызы Мелике Хатун Кониялық Шихабуддин деген бір саудагерге күйеуге шыққан. Мелике Хатун 1306 жылы қайтыс болған және ағасы Музаффереддин Әмір Әлім Челеби қабірінің қасына қойылған.

### 1.2 Жалал әд-Дин Руми  өмір сүрген дәуірдегі Анадолыдағы тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдай

Жалал әд-Дин Руми өмір сүрген  XIII-ғасыр түрік елі үшін өте ауыр ғасыр болып саналады. Себебі, осы уақытқа дейін  крестшілер жорықтарынан титақтаған жергілікті халықты моңғол әскерлерінің жойқын шабуылдары тіптен есеңгіретіп жіберді. Моңғол басқыншылары Анадолы мемлекетін саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, қала берді рухани тұрғыдан қатты шайқалтып, күйзелтті. Халқын өмірден торыққан, түңілген жағдайға душар етті.

Моңғол әскерлерінен жеңілгеннен кейін, Анадолы Салжұқ Мемлекеті ресми түрде бар болғанымен, мемлекет шөккен болатын. Анадолы жұрты моңғолдардың отарына айналды. Халық моңғол басқыншыларына қарсы күрестің немқұрайлы бар мен жоқтың арасындағы түрлерін қолдана бастады. Халықтың ойынша моңғолдар әйтеуір бір күні Анадолыны  тастап кетеді. Сондықтан, халық соғысып мүлдем құрып кетуден гөрі, кішкене сабыр сақтап, өзіне-өзі келіп, қоңдану жолын таңдады.

Хазіретті Маулана болса осы ақылды әрекетті ұстанғандардың алдыңғы қатарындағылар арасында болды. Маулана және оның жақтастары көрген зұлымдық пен әділетсіздікке қарсы шарасы таусылған халықтың бойына қайтадан үміт отын жағып, тіршілікке құмарлық нәрін екті. Үгіт-насихат жүргізіп, халықты болашаққа сеніммен қарауға үйретті.

Ол, әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған Анадолы жұртына олардың әрқайсысы әр түрлі діни ұстанымдар ұстанатындықтарына қарамастан бір-біріне құрметпен, сыйластықпен және сүйіспеншілікпен қарауды уағыздады. Бойларында бұрыннан бар биік адамгершілік қасиеттерді жоғалтпауды насихаттады. Моңғол басқыншыларына қарсы бойларында тұтанған өшпенділік сезімдерін басып, шиеленісті сәттерді жұмсартуға тырысты.

Енді қысқаша тарихи шолу жасап XIII-ғасырдағы Түрік жұртының тарихына, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріне, рухани дүниесіне, тұрмыс қалпы мен салт дәстүрлері ерекшеліктеріне тоқтала кетелік.

XIII-ғасырдың бірінші жартысының бірінші ширегінде Анадолы Салжұқ Мемлекетінің патша тағына II-Іззеддин Кейкавус отырды. Оның патша тағында отырған кезең Түрік жұрты үшін қиыншылықтарға толы соғыс үстіне соғыспен өтті. Ол, ең алдымен, інісі I-Алааддин Кейкубатпен тақ үшін күресті. Салжұқ мемлекеттігінде таққа мұрагерлік заң жүзінде бекітілмегендіктен, мемлекеттің жоғары лауазымды шенеуіктері мен әскер басшылары қай шахзаданың жағында болса, сол шахзада таққа отыратын жазылмаған заңдылық бар болатын. Бұл дәстүр көптеген түсініспеушіліктерге, соғыс пен бәсекелестікке жол ашты.

II-Іззеддин Кейкавустан кейін Анадолы Салжұқ мемлекетінің тағына I-Алааддин Кейкубат отырды. Ол әділетсіздік пен астамшылдыққа қарсы қатаң шара қолданған, әділеттілікті үнемі сақтап отыруға ұмтылып,тырысқан патша болды. Түрік халқы оны құрмет тұтып, сыйлады. I-Алааддин Кейкубат ғылым адамдарына жағдай тудырып, Анадолы жұртында ғылым-білімнің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Бірақ ол тақта ұзақ отырмады. Көп ұзамай-ақ ол түскі аста у беріліп өлтірілді. Оның өлімінен кейін Салжұқ мемлекетінің өркендеп, гүлденуі, дамуы тоқтап қалды.

I-Алааддин Кейкубат өлтірілгеннен кейін Салжұқ мемлекетінің тағына Ерзинджан Мәлігі II-Ғыйаседдин Кейхусрев отырғызылды. Онан кейін таққа II-Изеддин Кейкавус отырды. Салжұқ мемлекетінде орын алған осындай келеңсіз жағдайларды орынды пайдалана білген моңғол басқыншылары Анадолыны түгелдей басып алды. Анадолы елі түгелімен моңғол басқыншыларының боданына айналды [42].

Анадолы жұрты моңғол басқыншыларына қарсы бірнеше рет соғысты. Бірде олар тіптен Мысыр сұлтаны Бейбарыспен де одақтасып моңғол басқыншыларына қарсы шықты. Бірақ Анадолы жұртын билеуші Салжұқ сұлтандары мен жоғары лауазымдық шенеуіктердің өзара ауыз біршілігі болмауынан туындаған алауыздықтардан моңғол басқыншыларынан үнемі жеңіліп қалып, қанға боялып жатты. Дей тұра, тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын моңғол басқыншыларының да үстемдігі біртіндеп әлсірей берді. Біртіндеп түрік биліктері құрала бастады. Билік басына тарих дөңгелегі дөңгелей-дөңгелей келіп Осыманлыларды алып келді. Осыманлылар Анадолыны аса ірі империяға айналдырды.

Анадолы сұлтандығы әскери мемлекет болды. Мемлекет 24 бөлікке бөлініп басқарылды. Әскерилер қылыш қолдану,оқ ату және атқа міну, т.с.с. ұста болу үшін ауыр сынақтан,тәлім-тәрбиеден өтетін. Офицерлер қылыш асынып жүретін. Сұлтанның алдынан өтетін әскери шіреулер халық алдында өткізілетін.

Монархия, яғни әкеден балаға өтетін рәсім қатаң сақталатын. Сұлтандар маңызды құжаттарға дәрет алып барып, "Бисмиллахир рахманир рахим", деп жазып барып, қолдарын қоятын, мөрлерін басатын.

Сұлтанат уәзірлеріне Перване деп аталатын лауазымдық атақ берілетін. Олар бүкіл ішкі және сыртқы істерге жауап беретін. Олардан кейінгі жоғары лауазымдық атақтар бас әскери қолбасшылар мен қазыларда (судьяларда) болатын. Олардан кейінгі орынды Муфтилер – ірі дін басылары иеленетін. Әділет басқармасында 24 хатшы қызмет жасайтын. Олар Уәзір тарапынан берілген бұйрықтарды алғашқыда парсы тілінде, біртін келе түрік тілінде жазып,толтырып, таратып отыратын. Барлық құжаттарға Сұлтандар өз мөрлерін басатын. Жалпы Салжұқтар Анадолыны жаулап алғаннан кейін жергілікті халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарап, тез меңгеріп алды. Қылмыс жасағандарды халық талабымен бұрынғыдай асу, буындырып өлтіру, немесе басын кесіп алу сияқты жазалармен жазалайтын. Айырықша бір жағдайларда кінәлілердің тірідей терісін сыпырып алып, о дүниеге аттандыратын [43].

Жаңа тақ иелерін сайлау, оның басына тәж кигізу салтанаттары халық көп шақырылып, салтанатты жағдайларда өткізілетін. Ірі әскери жеңістер халықпен бірге тойланатын. Қалалар мен базар орталықтарында театр,қуыршақ театр ойындары жиі-жиі көрсетіліп отыратын. Мұсылман дініндегі салжұқтар жергілікті халықтарға қарағанда арақ-шарапты мүлдем ішпейтін. Тамаққа өте талғаммен қарайтын. Таза бұлақ суларын ішетін. Үй қызметкерлеріне үміткерлер сөз жарыстырып, дәмді дәм әзірлеп барып қана, жарыста озғандары қызметке қабылданатын. Салжұқ мемлекетінде әйелдердің орны да құрметті болды. Кейбір Салжұқ сұлтандары өз діндерін берік ұстанған христиан қыздарына үйленді. Мысалы, Раймонт де Сайт Егидирдің қарындасы  І-Қылыш Арсланға тұрмысқа шығып,мемлекетте ірі мәртебеге ие болды. Грузин ханшасы Руссудана ІІ-Киаседдин Кей Хусревке тұрмысқа шықты. Сұлтанның оған ғашық болғаны соншалық, ақшаларға оның суретін салғызуды армандаған.

Жаназа төрендері (салтанаты), әрине, мұсылман дінінің шариғатымен байланыстырыла жасалатын. Мұнымен қатар, өліктің бұзылмауы үшін белгіленген деңгейде дәрілеу сияқты ислам дінін салжұқ жұрты қабылдамай тұрған дәуірдегі көшпелі халықтың тұрмыс салтына тән ғадет-ғұрыптар жасалатын. Салжұқтар жалпы алғанда адал мұсылмандар болды, сүннит салт-дәстүрлерін ұстанды. Анадолыда көптеген мешіттер салдырып, медреселер ашқызды. Аз уақыттың ішінде жергілікті халықтың мұсылман дініне кіруіне мұрындық болып, Анадолыны ірі ислам дінінің орталығына айналдырып үлгерді. Мысалы, салжұқтар келгенше христиан дінін ұстанған Теодор Балсамон деген жергілікті халық көсемі өздеріне күн көрсетпеген фрацуздарға бағынғанша, адамды құрметтей білетін түріктерге бас июді қалағандарын ашық айтып, жазып қалдырған [44].

Салжұқ мемлекеті тұрмыс қалпы тұрғысынан өте қоңды мемлекет болды. Мемлекет аумағында көптеген ауруханалар мен қайырымдылық үйлері жұмыс істеді. ІІ-Кей Хусрев патша Анадолы жұртында алғаш рет медициналық мектептер ашты. Мұндай мектептер халық арасында "Шифане Медресе" деген атауға ие болды. Олардың жанынан ірі медициналық кітапханалар ұйымдастырылды. Бұл ауруханалардың көпшілігі бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін де жұмыс істеп тұрды. Ел ішінде жетімханалар, мүгедектер, кәрі адамдар мен кедейлер үшін қайырымдылық үйлері көп болды. Діни тәрбие беретін

медреселер мен зиялылық мектептері жақсы дамыды. Әсем керуен сарайлар, бекеттер, мешіттер, қора-қопсылар, атқоралар, моншалар, шайханалар, жөндеу шеберханалары көп болды. Қауіпті жерлерді, жолдарды сенімді әскери гарнизондар қорғайтын. Ірі қалаларда әсем де көркем сарайлар,мешіт үйлері, медреселер, ғылыми орталықтар салынды. Олардың қайсы біреулері әлі күнге дейін сақталған. Салжұқ сұлтанаты тұсында Анадолыда егін және мал шаруашылығы, сауда-саттық өте күшті дамыған. Өзіндік өнеркәсібі де бар болған. Сол дәуір саяхатшылары Анадолы елін бау-бақшалары мәлуетті,суармалы егіс жүйелері бар ел ретінде суреттейді. Бау-бақшаларда негізінен өрік, алмұрт, лимон, шабдалы, бадам, грек жаңғағы, т.б. неше түрлі жеміс-жидек ағаштары өсірілген. Жерінен тұз, күміс, темір, ланис (көкшіл тас), т.б., шикі заттар өндірілген. Тоқымашылық өркендеген. Батыс елдеріне әр түсті кілем, айрықша қызыл түсті жүннен тоқылған түрік қалпағы сатылған. Бұл қалпақтар туралы осы уақытқа дейін Франция, Англия және Германияда ауызға алынады. Сауда-саттықтың өркендегені соншалық алтын мен күміс базарларда ашық сатылған. Сауда-саттық, алыс-беріс бұзылған жағдайда сақтандыру шаралары белгіленген. Анадолы еліне көптеген шет елдік саудагерлер келіп, сауда жасауды өздеріне құрмет санаған. Кемежайы жолға қойылып, жер шарының көптеген елдерімен қарым-қатынас жолға қойылған. Түрік саудагерлері Қытайдан асыл жібек маталар, мақта, терілер және демденгіштер әкеліп, сататын болған. Мысырдан қару-жарақтар, шекер мен мақта әкелінген. Бағдатта ғана шығарылып, тек қана сұлтандар мен басшылар кию үшін әкелінетін жұқа әрі жеңіл маталар, жібектер әкелініп, сатылған. Қытайдан жібектер, Иараннан кілемдер, Орталық Азиядан асыл тастар, Грузиядан асыл тұқымды аттар, Кавказдан құлдар әкелініп, саудаға түсірілген. Базарлар әр түрлі заттаға толы болып, көздің жауын алған. Ол заманда ауылдық жерлердің жағдайы онша жақсы болмағандығына қарамастан, Анадолы жұрты бұрын көрмеген молшылыққа, өз дәуіріне тән жан-жақты дамыған экономикаға ие ел болатын.

### 1.3 Суфизм Жалал әд-Дин Румидің дүниеге діни-философиялық көзқарасының тұғырлық негізі

“Сопылық” (“суфизм”) ұғымы арабтың “суф” деген сөзі негізінде қалыптасқан. “Суф” сөзі араб тілінен аударғанда ана тіліміздегі “жүн” деген ұғымға сәйкес келеді. Ал, енді арабтың осы “суф” сөзіне “и” жалғауын жалғап сөйлер болсақ, “суфи” деген жаңа ұғым пайда болады. Бұл ұғымның қазақы баламасы “жүннен тоқылған шекпен киген жан” деген мағынаны білдіреді.

Ең алғашқы мағынасында бұл ұғым көзге оғаш көрінетін жүннен тоқылған, бірақ боялмаған алба-жұлба шекпенді лыпы тұтып, қайыр-садақа сұрап ел кезген әпендіні сипаттайтын ұғымда айтылса керек. Дей тұра, бертін келе бұл ұғым жаңа, жаңартылған мазмұнға ие болып, “жүннен тоқылған шекпен киіп жүру” дәстүрі мақтанышқа айналды. “Суфий” ұғымымен бұл жалғанның барлық қызығынан безіп, күйбең тіршіліктің пендешілік қалпын тәрк еткен, сөйтіп, бір ғана Аллаға жүгінуді мансұқ тұтқан, Хазіреті Мұхаммед (ғалей-һіссәләм) пайғамбардың жолын ұстанып, тақуалық өмір кешкен адамдар тобын бейнелеу әдетке айналды. Міне сонан бері “суфий” ұғымы “көңілі таза, ешкімге тәуелді емес, өзі де ешнәрсеге ие емес. Нәпсінің құлы емес, сырттай халықпен, іштей

хақпен бірге болатын, адамның ішкі сырын оқи білетін (оқи білгенге адам ашылмаған кітап сияқты), нәпсісін өлтіріп, хақпен “тірілген” уақыттың перзенті, хақпен ұласқан адам” деген мағынаны білдіреді [45].

Осыған қарамастан, бұл ұғымның мән-мағынасын басқалай түсіндірушілер де баршылық. Айталық, дін философиясымен, соның ішінде ислам дінінің канондарын зерттеумен айналысатын ғалымдардың бір тобы “суфизм” ұғымын ежелгі гректердің “софос” ұғымымен байланыстырып, сол ұғымның негізінде пайда болуы мүмкін деген пікір білдіреді. Олардың түсіндірулерінше ежелгі грек тілінде “софос” ұғымы “данышпандық” деген мағынада қолданылған.

Сонымен қатар “суфизм” ұғымының мәнін түсіндіруші ғалымдардың екінші бір тобы, бұл ұғымның түбірі арабтың “сафа” деген сөзі. “Сафа” ұғымы тазалық деген мағынада қолданылады. Ал, суфийлер болса, діл, рух, қала берді барлық жағынан пәк, таза адамдар болған деген тоқтамға арқа сүйейді.

“Суфизм” ұғымының мәнін түсіндіруші ғалымдардың үшінші тобы болса, бұл ұғымның пайда болып, тілде қалыптасуын арабтың “сафва” деген етістік жалғауымен байланыстыра қарастырады. Арабтың бұл “сафва” деген етістік жалғауы қазақы айтылуында “қалаулы болу” деген мағынада қолданылады [46].

Осыдан ондаған ғасыр бұрын мұсылмандық Шығыс елдері халықтары арасында суфийлер қандай беделді болған болса, бүгінгі таңда да олар мұсылмандық Шығыс елдері халықтары арасында сондай жоғары беделге ие. Бүгінгі күні тек қана мұсылмандық Шығыс елдерінде 50 000 000 астам суфийлер бар деп есептелінеді. Дей тұра сопылықтың табиғаты, жүйелік ішкі құрылысы, негізгі сипаттамалық белгілері, жекелеген мектептерінің пайда болуы, қалыптасуы, одан әргі даму, көріну қалыптары туралы мынадай деп дөп басып, нақтылы дәйектеу қиын. Себебі, суфийлер, өздерінің сопылық ағымның қандай мектебіне жататындығы туралы мақтан тұтып, бөсіп, есіп отыруды ұнатпайды. Олар өздерін көпшілік ортасында өте әдепті, тұйық ұстайды. Ал, өз қатарларына жаңадан қосылғандарды өздері сияқты екінші біреулерге таныстырғанда “достарымыз” немесе “біздес тақлеттестер” деп қысқа қайырып, таныстырады да қояды. Өздері болса бірін-бірі көз жазбай таниды. Өйткені суфийлерге өздеріне ғана ортақ әрі мәлім танымалық қасиеттер, оларды көпшілік арасынан айрықша бөліп, көрсетіп ерекшелеп тұратын жүріс-тұрыс стилі, өзгеше бір ойлау қабілеті тән. Жұртшылықтың басым көпшілігі ұстанатын дәстүрлі тәртіптілік ережелеріне қарағанда суфийлердің ұстанатын өмірлік ұстанымдары да өзгеше, кісілік қадір-қасиеттерге толы. Олардың барлығына тән қасиеттер біріншіден, бұл дүниенің барлық қызығына немқұрайлық көзқарас, сән-салтанатты өмір мен дәмді асқа әуезсіздік, байлыққа, шен-шекпенге, атаққұмарлыққа қызықпаушылық, өздеріне жоғарыдан менменси қарайтын билік басындағылардың қаһарынан бұқпантайлап, олардың алдында тізе бүкпеушілік. Көзсіз мойын ұсынушылықтан, елпілдеушіліктен өздерін жоғары ұстаушылық. Ескілікті, қала берді, қатып қалған, ортодоксолдық діни дәстүрлерді, догматтарды және ырым-жораларды, қатаң ұстанушылықтан алыс тұру. Өмір-бақи риязатта болу, яғни аз жеу, аз ұйықтау, аз сөйлеу, жалғыз кешті өмір сүру. Әрдайым терең ойлау, пікір таластыруға дайын болу. Нәпсіні тиып ұстау үшін өзін қиын да ауыр істерге итермелеу, азап шегу, шілдехана орындау, жолға

шығу, қылуетке түсу. Олардың пікірлерінше, риязатта болу арқылы адам нәпсінің құлдығынан құтылып өзін-өзі тәртіпке салады. Ең ұлы жихад (соғыс) нәпсіге қарсы күрес. Бұл күрестің мақсаты пендені шариғат жолына түсіру. Бұл күрес шариғаттың заңдарын орындап, жүректі таза ұстауға, өзін-өзі тәрбиелеуге, рухты кемелдендіруге, сөйтіп, өзін-өзі жан-жақты жетіліп, үйлесімін тапқан адамға (кемел адамға) айналдыруға бағытталған. Өзінің емес өзгенің қамын күйіттеуге, қоғамның дерттен айығуын ойлауға, қоғам үшін, басқалар үшін жанпидалық жасауға арналған.

Екіншіден, шынайы сопылық таза жолдармен Алламен мәңгілік ұласуды, қауышуды талап етеді. Ғибадат үстінде белгілі бір шарықтау шегіне, албұртқан сезім мен экстаздық халге жеткен сәтте, адамның көңіл-күйі ашылып, оған Алланың дидары көрінеді. Одан, яғни Алладан құйылған нұрдан, шапағаттан адам өзін-өзі бақылаудан, тежеуден айырып, шабыттанады, тасиды. Өзін-өзі жоғалтып алады. Рахат бір сезімге бөлінеді. Осы сәтте ол Алламен қауышады, өзін Алла кейіпінде сезінеді. Бұл сәт жүректің кіршіксіз тазаланып бұл дүниенің, күйбең тіршіліктің азабынан арлып, өзінен басқа жан сезіне алмайтын рахат әлеміне сүңгу сәті. Құлшылық ету үстінде Алланың еркіне берілу, Аллаға ұмтылу, Хақпен қауышып, табысу халі. Алла аян берген сәтте шабыт оты алаулап жанып, тасуы, дел-сал күйге түсуі. Рахат бастауы. Алламен жүздесу сәті, яғни намаз кезінде (ғибадат кезінде) рухани және мағынауи мираждан үлес алған сәт сәждеге бас қойған сәтте болады.

Үшіншіден, суфийлер жан тазалығына ішкі рухани дүниесінің жан-жақты жетілуіне, ішкі жан дүниесінің белгілі бір гармониялық үйлесімділікке жетуіне, жақсыға, жаңаға, ұмтылысына назар аударады. Олар үшін сезім дүниесі басқаларға қатынасын, Аллаға сүйіспеншілігін білдіретін көңіл-күй айнасы, бейнелеудің айрықша формасы. Көңіл айнасы сопылықта танымның қайнар бастауы, шабыт тудыратын эмоционалдық күй ләззаты, Алланың аян беру сәті. Суфийлер үшін көңіл – бұл айна, құдайлық есім, сипаттардың ең ашық кемел дәрежеде көрініс табатын жері. Көңіл көзі немесе әлемі – адамның ғайыптық құдайлық әлімге тән көріністерді сезіну қабілеті. Көңіл әлемі ашылса құдайлық сырды ұғынуға болады, кемелдікке жетуге жол ашылады. Сопылықта, көңілде Тәңірден басқа нәрсе болмауы керек. Көңіл дүниесі – бұл адам бойындағы Тәңірдің үйі. Сондықтан, суфийлер үшін ішкі сезім дүниесін таза ұстау оны Тәңірден басқалардан қорғыштау басты талап, негізгі мақсат. Олар үшін образдық-сезімдік тұрғыдан әлемді тану, он сегіз мың ғаламның бірі – ғайып әлеміне сезім дүниесінде болса да ену, адам болмысы мен жанына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнін бағымдау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асса да Алла дидарын, бейнесін көру сезімдік танымның шырқау шыңы. Сезім дүниесі бай, рухы мығым кемел адамның қалбі (көңілі) – Алланың тұрақты отыратын үйі. Жер мен көкке симайтын болмыс – Алла – мумин құлының қалбіне, жүрегіне сиып кеткендіктен ең негізгі ғарыш, мың сан әлімнің ең үлкені, ірісі, хақтың тұрағы – кемел адамның көңілі, жүрегі. Себебі, адам сырт көзге қарағанда тым кішкентай көрінгенмен ең ірі әлем, ғарыш. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда суфийлер үшін көңіл (көңіл – парсы тілінен қазақшалағанда діл, oждан деген мағыналарды білдіреді) әлемі ақыл әлемінен жоғары тұрған хал-ақуал, шабыт қайнары, Алланың аян беру, көріну айнасы. Суфийлердің түсіндіруінше, алим (ғалым) ілім-білімге оқу, ақыл арқылы жетсе, ал ариф

(білуші, танушыға деген мағыналарда қолданылады) ақиқат шындыққа хәл, тәжірибе, сезіну арқылы жетеді. Суфийлер тарапынан негізделіп, аксиомалық тұғырлық постулатқа айналған осы тұжырым орта ғасырлық Европалық философиялық ой сананың дамуында шешуші роль атқарды. Айталық, Испания арабтарға бағынышты болып тұрған уақытта Кордовалық араб Ибн Масарра (Х ғасыр) ашып кеткен суфийлік мектептен жас кезінде дәріс тыңдаған ортағасырлық ағылшын ойшылы Роджер Бэкон (1174-92 ж.) негіздеп беріп кеткен сезім білімнің бірден-бір көзі дейтін, барлық білім тәжірибеге сүйенеді және тәжірибе арқылы алынады деп есептейтін ағым өз бастауын сопылық философиясындағы жоғарыда біз өз тарапымыздан шама-шарқымыз жеткенше негіздеп басқан “уахдаты шуһуд” теориясынан алады [47].

Осы арада реті келіп тұрғанда айта кету керек, XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген Ресей тектілері үшін француз тілін жетік меңгеріп, өзара сол тілде сөйлесіп, сұхбаттасу қаншалықты мақтаныш болса, ортағасырлық Европа халықтарының жақсылары мен жайсаңдары үшін де араб тілін жетік біліп, сол тілде жарияланған ақыл-ой кеніштерінің озық үлгілерінен сусындап парасаттылыққа ұмтылу соншалықты жоғары мәдениеттілікті білдіретін. Жалпы мұсылмандық Шығыс халықтары ойшылдарының математика, жаратылыстану, медицина және т.б. нақты ғылым салалары бойынша жарияланған еңбектерінің орта ғасырларда Батыс Европада ғылым мен білімнің дамуына тигізген аса зор ықпалын айтпағанның өзінде, діни-философиялық ілімінің Батыстық философиялық ой-сананың қалыптасуына, еркін ойдың дамуына тигізген ұшан-теңіз пайдасын оның көрнекті өкілдерінің еңбектерінің бәрінен де айқын сезінуге болады.

Төртіншіден, суфийлерді көпшіліктен өзгешелеп тұратын тағы бір қасиет бар. Ол олардың бойындағы Аллаға, Хз. Мұхаммед пайғамбарға деген айрықша бір сүйіспеншілік, оларды үнемі мадақтап отыру, аса жоғары құрмет тұтушылық. Сырт көзге онша біліне бермейтін олардың бойындағы бұл қасиет олардың өздері ғана жүректерімен сезініп, ұғынып түсіне алатын “ғашықтық” мақымының мазмұнынан көрінеді. “Ғашық” (“ашқ”) – іңкәрлік сезімі, шынайы сүйіспеншілік деген мағыналарда қолданылады. Суфийлердің ұғым-түсінігінше “ашқ” болмыстың және жаратылыстың негізгі себебі. Оның өзегінде пенденің өзін жаратушы Хақты көрсем, танысып білсем, онымен дидарлассам деген құштарлық сезімі жатыр. Өйткені, құштарлық сезімі адамның бойын билейтін күшті, терең сезім, сағыныш сезімі. Көңілдің сүйіктісімен кездесуге деген құштарлығы, сағынышы. Көңілдің ең сүйіктісі – Алламен қауышу сағынышы. Көңілдің сүйіктісінің аты аталғанда алып ұшып соғуы. Құштарлық шамның пілтесіне, ғашықтықта оттағы майға ұқсайды. Ашқтың, суфийлердің түсіндіруінше, екі түрі бар. 1. Шынайы (хақиқи) ашқ; 2. Құдайлық ашқ. Құдайлық ашқтың да екі түрі бар: а) Алланың өзі жаратқан пендесін сүюі; б) пенденің Алланы сүюі [48].

Бесіншіден, суфийлердің құлшылық ету үрдістерінде зікір, яғни бір Аллаға жалбарынып, оны медет тұтуда мұқият ойластырылып ресмиленген белгілі бір ритуалдық діни жоралар мен жаттығуларды орындау айрықша орын алады. Зікір суфийлердің құлшылық ету үстінде көңіл айнасы ашылып бұл жалғанның барлық азабын да, жаратылысын да, тіптен оның барлығын да ұмытып, жоғары

экстаздық көңіл-күй қалпына ұйып, өзін-өзі жоғалтқан сәтте көз алдына Алланың дидарын келтіру, жан-тәнімен онымен табысып, қауышу, үйлесімділік тауып ұласып кету халіне жету тәсілі, жолы. Сондықтан да болар суфийлер зікір салуға айрықша мән беріп, оны Аллаға құлшылық етудің бірегей тәсілдерінің бірі ретінде қолданады. Өйткені, суфийлердің түсінігінше мұсылман дінін қабылдап, иманға бас қойған әрбір мүмін Ислам дінінің бес қазығының сындарлысы және тірегі Намаз екендігін жақсы біледі. Себебі, намаз оқыған адам Алланы үнемі есіне алып жүреді, жамандықтан, жаман іс-әрекеттен тыйылады, өзін пәк, таза ұстайды. Намаз адамның сыртқы дене мүшелері мен ішкі ой ниетін тазартады және оның бойына тек жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Намаз Алла тағалаға ғибадат, мұсылманның миғраты, яғни Алламен тілдесетін жері. Ал, зікір болса осы намаз оқу үстінде салауатты мұсылмандық жолды ұстанушыларды Алламен жақындастыратын әрі тәубеге келтіретін жол бастауы болып саналады.

Зікірде, зікір салушы, зікір етілгеннен басқа барлық нәрсені ұмытып, тек Алланы еске түсіріп, өзін-өзі жоғалтқаны сонша, зікір салып жатқанын білмей де қалады. Сондықтан зікір, өзін жоғалту, ғайып әлеміне ену, соның ішінде хақпен табысу халін суреттейді. Зікір көбіне көп топтасып, немесе жеке орындалады. Сонамен қатар зікір дауыстап, айналасындағылар ести алатын дәрежеде салынады. Зікір салудың мұндай түрі – “жаһри зікірі” делінеді. Сонымен бірге дауысты зікір салатын тарикаттарға “жаһри тарикаты” деген атау беріледі. Мысалы, Иасауи тарикаты – осы жаһри санатына жатқызылады. Зікірдің келесі түрі - һафи зікірі. Зікірдің бұл түрі зікір салушының өзі ғана еститіндей халде, іштей үнсіз салынады. Накшбанди  тарикатының зікірі - һафи (үнсіз) болған. Сондықтан оларға “һафи тарикаты” атауы берілген [49].

Зікірде кейде музыка аспаптары да қолданылған. Мысалы, Маулана Жалал әд-Дин Руми негіздеген суфийлер мектебі дәруіштері құдайға құлшылық ету барысында музыка ойнатып кою дәстүрін ұстанған. Сондықтанда болар суфизмнің мұсылмандық үлгісінің тарихын зерттеуші Батыс оқымыстылары зікір салудың мұндай түрін ұстанушы суфийлер мектептерін “үйіріле дөңгеленіп, шыр айналып билеуші” дәруіштер ордені деп атаған. Ал, зікір салудың мұндай түрін ұстанушы суфийлердің өздері болса құлшылық ету үстінде музыка әуеніне еліткен көңіл айнасы ашылып, рух жүректі баурап алған шабыт сезіміне бөленген, рахатқа батқан сәтте өзіңді-өзің мүлдем ұмытып, ғайыптан келген нұрға шомыласың, Алламен дидарласып Хақта фәни және Хақпен бірге бақи боласың деп түсіндіреді [50].

Жоғарыда біздер тарапынан жан-жақты негізделіп, екшеленген тасауфтық жолға түсіп, салиқ атанған әрбір адам ұстанатын әрі олар үшін орындалуы міндетті саналатын діни жоралар мен ғұрыптар суфийлерді әртүрлі қобылжыту мен үрейлену халінен айырып, бар бітім-болмысымен, ішкі жан дүниесімен бір Аллаға құлшылық етуге даярлайды. Рухани тазару мен жаратушы Хақты тану жолына итермелейді. Көңіл түпкірінде бұқпантайлап бұғып қалған жаманшылықтың қандайынан болмасын тазарып, нәпсіні тиып ұстауға мұрындық болады. Күпірліктен иманға келтіреді. Жаман істерден аулақ жүріп, игілікті істер жасауға ұмтылдырады. Жаман мінез бен қылықтардан арылтады. Алладан басқаның барлығын ұмыттыртып, тек Алланы сүюге, соның ақиқатты

жолымен жүруге құлшындырады, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жан-жақты жетілдіріп, дамытуға талаптандырады. Өзін-өзі танып білуге, рухани тұрғыдан толысып, жоғары кемелдікке жетуге ұмтылдырады.

Әрине, біз жоғарыда шама-шарқымыз жеткенше біршама талдап, түсіндіріп беруге тырысқандардан да басқалай сопылық ағымның өзіне ғана тән құлшылық ету тәсілдері мен жолдары баршылық. Дей тұрғанмен, олардың барлығының аттарын атап, түстеп жатуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан, сопылықтың мәнін одан әрі тереңдетіп қазбалай әрі сопылыққа ғана тән атрибуттық белгілерді одан әрі санамалай бермей, енді суфийлер жиналатын орындарды анықтап, олардың қандай орындар екендігін және олардың аясында суфийлердің немен айналысатындықтарын саралап көрелік.

Суфийлер білімін одан әрі жетілдіретін, өздері сияқты басқа суфийлермен әңгіме-дүкен құру, пікір таластыру үшін жиналатын сұхбаттасу орындары, мекен-жайлар сопылық тұрақтар деп аталады.

Сопылық тұрақтар көбіне көп дініне берік, иманы қуатты, сопылықтың белгілі бір жолын негіздеуші, белгілі бір аймақтың (сұлтанаттың)қоғамдық-саяси өмірінде ықпалы өктем, даңқы сол маңдағы күллі мұсылман қауымына мәшһүр белгілі бір шейх басқаратын мекен-жайда орналасады. Суфийлердің мұндай тұрақтары ішінде бір-біріне жапсарластыра салынған бірнеше ғимараттары бар күрделі құрылыс комплекстерінен тұрған. Оның ішіндегі күмбезі биік ең әсем ғимарат әдетте сопылықтың осы тұраққа тән жолын негіздеуші әулиелердің әулиесіне (құтб - ул ақтабтың) немесе Султан-ул Улемаға (Білімділердің сұлтанына. Бұл атақ көбінесе Түркі әулетінен шыққан әулиелерге берілген) салынған кесене болған. Арнайы салынған мұндай кесенелердің қабырғаларына шығыс елдерінің көрікті ұлттық өрнектері оюланған, әртүрлі өсиет-өнеге, ғибрат сөздер, Алланың, Мұхаммед пайғамбардың аттары ұран ретінде, маңдайшаларына кесенені қалаған шеберлердің аты-жөндері, іргесі қаланған жылы, салғызған адамның аты-жөні жазылған. (Мысалы, Түркістан қаласындағы XIV ғасырдың соңына таман тұрғызылған Қожа Ахмет Иасауидің кесенесі). Одан әрі мешіт, осы сопылық тұрақтың қазіргі имамы – шейхтің отбасы орналасқан үй, баспахана, тағы да басқалай бірнеше үйлер (құран оқу үйі, шәкірттерді оқыту бөлмелері, құжыра, кархана, дәрісхана, кітапхана, кедей-кепшіктер түнейтін бөлмелер, жетімхана, емхана, халимкона, құдықхана, т.б.) орналасқан. Халимконада кедей-кепшіктерге, дәруіштерге тегін үлестірілетін тағам – халим әзірленіп, таратылған. Сонымен қатар мұндай тұрақтардың жанында қайтыс болғандарды жерлейтін зиярат орны болған. Кейбір өте беделді суфийлер бауырластықтары белгілі бір аймақтың әртүрлі бөліктерінде 100-ден астам тұрақтарда шашырай орналасқан. Бертін келе сопылық тұрақтар ірі орта және жоғары мұсылмандық мектептер мен медреселерге, діни оқу орындарына айналды. Мұндай оқу орындарында діни білімдерді оқытумен қатар, мұсылмандық ағарту саласының аса дәуірлеген замандарында өнер-білім, архитектура, астрономия, кітап жазу, кітапхана ісі, география, т.б. салаларынан да дәріс берілді. Ал, жоғары оқу орындарына айналған тұрақтарда, мысалы Бұхара қаласындағы Көкелташ медресесі (мұнда 160 құжыра мен дәрісхана бар) сияқты жоғары оқу орындарында арабшалық (лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, құранды оқу-игеру әдісі, ғұламалар бахасы) діни

үйрену, заңнама (құранды, оның аят, хадисін талдау, фикх іс жүзінде мүлік бөлу тәртібі, заң негіздері), фәлсафа, логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану негіздері, ой талдау философиясы оқытылды. Өз уақыттарында – Бируни, Ибн Сина, әл-Фараби, Омар Хаям, Науаи, Қашқари, Хорезми, Ұлықбек, т.б. ғалымдар негізгі білімді осындай оқу орындарынан алған.

Сопылық тұрақтардағы басты тұлға – шейх. Шейх, сопылықта нәпсіден арылған, хақта бақи болған әулие – хақтың досы. Тәліптерге жол көрсетуші, оларды тәрбиелеуші инсани камил, муршид. Шейх өзі кемел адам, сондықтан оның басқаларды кемелдікке баулуға құқы бар. Шейх сопылық дүниетанымды, жолды айналасындағыларға үйрететін, әркімнің оның халінен, өзінен және сөзінен өнеге алатын, білімімен нұр шашып, ісімен үлгі-өнеге болатын, муридтерін толық адам дәрежесіне жеткізуге көмектесетін – нағыз зиялы, кемел адам. Шейхтің ұстаздық кемелділігін оның өсіріп тәрбиелеген муридінің сапасына қарап анықтауға болады. Шейх муридтің тілі мен рухын қалыптастырушы, қоғамға толыққанды рухани, иманды адам жетілдіруші. Мурид өз еркін шейхқа тапсыру арқылы Алла құшағында фана халіне ұласа алады. Шейх – бұл құтб ул-ақтаб дәрежесіндегі, яғни әулиелердің әулиесі дәрежесіндегі тұлға. Құтб-ул ақтаб – ең үлкен құтб немесе құтбтардың құтұбы, халыққа жол сілтейтін әулие. Құтб-ул ақтаб әулиелердің әулиесі дәрежесі жағынан Хз. Пайғамбардың пайғамбарлығының мазмұндық мақамына сай келеді. Бұл мақам тек пайғамбарлардың жолын қуушыларға, кәміл ізбасарларына ғана бұйырылады. Сонымен қатар Түркі әулеттерінен шыққан шейхтерге Султан-ул Улема – білімділердің сұлтаны атағы беріледі. Мысалы Жалал әд-Дин Румидің туған әкесі, өте ірі дін білгірі, ғалым Мұхаммед Бахаеддин Велед "Султан-ул Улема" – "Білімділердің сұлтаны" есімін иеленген. Қожа Ахмет Иасауиді муридтері көбінесе Сұлтан Ахмет (Әзірет Сұлтан) деп дәріптеген. Өйткені, олар әулиелердің әулиесі – көңіл әлемінің сұлтандары – шынайы білімдар тұлғалар бола білген. Сонымен бірге шейхтер – муршид, тура жолды көрсетуші әулие, пір деген мағыналарда да дәріптелген. Муршид саты сияқты. Басқалар сол сатымен жоғарылайды. Муршид шырақ сияқты. Айналасындағыларға сәуле, нұр шашады. Муршид Аллаға қарап көтерілу үшін жоғары қарата қойылған саты сияқты. Бұл саты арқылы халық Алламен, Алла халықпен қауышады. Қысқа қайырғанда, Муршид тариқат көсемі, кемел адам.

Сопылық тұрақтардағы екінші тұлға – мурид. Мурид сопылықта тариқатқа кіріп, шейхке қол берген дәруіш. Ол бүкіл өмірін бір Аллаға құлшылық етуге арнауға бел байлаған (тасауф), өзін толық құдайдың еркіне берген  (“тәуаккул”), ерікті түрде жоқшылыққа бой алдырған ("факр"), өздерінің бұл өмірдегі сыбағаларына мейлінше қанағат еткен ("рида"), азап пен мұқтаждыққа асқан көнбістік пен төзімділік танытқан ("сабр"), бекітілген міндетті құлшылық ету рәсімдеріне қосымша басқалайда ғибадаттарды орындауға (мысалы, зікір, нәпіл намаз, нәпіл ораза, қылуетке түсу, рухани жалғыздыққа бару, т.т.) дайын жан.

Муридтің діни ілімдерді меңгеруі мен рухани және құдайлық ақиқаттарды татып, ішкі жан дүниесімен өзінің кім екендігін түсініп, Алланың құзырында абсолюттік, адамдық дәрежеге көз жеткізуі ахл-ил мағрифат деп аталады. Ахл-ил-мағрифат мурид суфийлердің эмпирикалық таным, яғни сезім мүшелері арқылы Алланы

танып, оның 99 көркем есімдерінің әрқайсысының мәнін өз рухында көрсете білуі, оның ұлылығын, өзінің шарасыз және бұл дүниеде өткінші өмір сүретін болмыс екендігін саналы түрде ұғынуы, Алламен үйлесімділік тауып, онымен қауышуы, Алла туралы барлық білімге ішкі (көңіл) тәжірибе арқылы қол жеткізуі немесе ешбір құралдардың көмегінсіз ішкі хал-ақуалымен Алланы танып, білуі. Ақиқат Хақты танып білудің бұл жолын меңгергендерді ариф-әулие, күтб, Хақты танушы дейді. Себебі, алим (ғалым) ілімге зерттеу, оқу арқылы қол жеткізсе, ал ариф болса, ілімге хал, ішкі тәжірибе арқылы қол жеткізеді. Осыны терең түсіне, ішкі жан дүниесімен сезіне білген, сопылықтың белгілі бір жолын негіздеуші суфий Әбу-л-Қасым әл-Кушайри "салиқ (жолшы) алдымен Хақты, оның сипатын, есімдері мен істерін таниды, кейіннен құлшылық және риязат жасау, нәпсісін арылту арқылы Хаққа жақын болады. Сонда ғана Хақ оған өзін “танытады” осы танымға, білімге ие болғандарды ахл-ил-мағрифат дейді" – деген болатын [51].

Мурид ахл-ил-мағрифатты екі негізде меңгере алады. Оның біріншісі “жазба” – өзіне тарту, қызықтыру мағынасында – арқылы муридтің бірте-бірте білім тұрғысынан толысып, рухын кемелдетуі, жоғары қарай рухани тұрғыдан өрлеуі арқылы бұл дүниеге тән адамшыл қасиеттерден ұзақтап құдайлық ерекшеліктерді өзіне алуы арқылы вахдат (уахдат) тажаллиды (көріністерін) мушахада етуі (көруі). Яғни көңіліндегі кір мен қасаңды риязатпен арылту арқылы көңіл тазарғанда қалб көзі (жүрек саңлауы) ашылып ол Хақпен дидарласып, қауышады.

Дәруіштерді діни ілімдерді меңгеруге, бір Аллаға құлшылық етуге тартудың екінші жолы сулуқ деп аталады. Сулуқ дегеніміз, сопылықта, бұл дәруіштің сопылықтың белгілі бір тариқаттық мектебін құрушы жол басшысына, яғни шейхіне қол беріп рухани кемеңділікке ұмтылысқа итермелейтін ішкі дайындығы, дін жолына түсуге белін бууы. Бұл жолдың шейхтің дәруішті үгіттеп дін жолына тартуына қарағандағы өзіндік бір өзгешелігі, талапкердің діни ілімдерді оқу-ағарту жолымен, яғни белгілі бір білім деңгейін игеру арқылы меңгеруге ұмтылысында жатыр. Діни ілімдерді меңгеру жолы өте ауыр жол. Бұл жол дәруіштен көп тер төгуді, ауыр рухани ізденістерді, шығармашылық шабытты, ой-сана самғауын ішкі сезім халі мен қиял әлемінің кеңдігін талап етеді. Көңіл түпкірінде орын тепкен кір мен қасаңды риязатпен арылтып, ғибадатпен әсерлендіріп, көңілді тазартып, жүрек көзін ашып отыру үшін үнемі шариғат шарттарын түгел орындап, қатаң сақтауы, тарихатты, яғни пір ұстаздың уағыздарын қабылдап, ақиқатқа жету үшін азап шегуі, михнат тартуы, өмір қызығынан бас тартуы, мағрифат етіп, құдайды ақылмен емес, жүрекпен, сезіммен тануға ұмтылысты, хақиқатқа жетіп Хақпен дидарласу, яғни ақырғы мұратқа жету үшін, абсолют ақыл-парасатты меңгеру үшін діни ғибадаттарда көрсетілген ресми рәсімдерге қосымша бірнеше психологиялық жаттығуларды үнемі жасап отыруы (мысалы, зікір салу, рухани жалғыздыққа бару, қылуетке түсу) қажет. Бұларсыз қалаушының әр түрлі қобылжу, үрейлену халінен арылып, мұсылмандық жолға түсуі, иман келтіріп тек бір Аллаға ғана сүйінуі, рухани тазару мен жаратушы Хақті тану жолындағы іс-қимылы, әрекеті нәтижесіз болады. Сондықтан да болар жоғарыдағы жеке-жеке аталып, көрсетілген талаптар мурид-суфийлер үшін Аллаға құлшылық ету барысында онымен дидарласып, оның нұрына шомылуда ғайып әлеміне бойлап, Алламен қауышып, онымен үйлесімділік тауып, ұласып кетуде негізгі әрі маңызды

шарттар болып саналады. Міне, сондықтан да болар, дәруіш, суфийлер ғибадат ету үстінде “Хасбуналлаһ уа-нй мал-уакил”, “тауакалту-ала-Аллаһ”, “Аллаһ кафи” зікірлерін, Алла сөзін немесе “ла-илаһа-иллаллаһ” тіркесін үздіксіз қайталауы, жиналған жерде шейх – пірлердің бақылауымен “Алла-Алла”, “Ху-Ху” (Алланың аты), “хай-хай” (Алланың сипаты) сияқты сөз тіркестерін жүйелі түрде қайта-қайта қайталап әуендетіп айтулары керемет-ақ. Себебі, зікір салуда олар зікір етілгеннен басқаның бәрін ұмытып, өздерін жоғалтып алатындары соншалық зікір салып жатқандарын да білмей қалады. Міне, осындай жоғары ұстаздық халде Алладан муридке (салиққе) рухани нұр-шабыт келеді. Басқашалап айтқанда, Алла аян береді. Алладан түскен бұл нұр-шабыттың муридтің бойына жұғуының екі жолы бар. Оның бірі – құдайлық, рухани нұр (Бұл нұр Алладан тікелей немесе Мұхаммед пайғамбарды, немесе бұрындары болып өткен әулиелердің әулиелерінің рухтары арқылы беріледі) муридтің ешқандай ұмтылыс-тырысу әрекетінсіз қалбіне (жүрегіне) келген илхам (шабыт) сезім. Екіншісі – силсила көсемдері (шейхтері, әулиелердің әулиелері) арқылы жанамалап келген нұр-шабыт сезімі. “Силсила” арабшадан қазақшалағанда шынжыр деген мағынаны білдіреді. Силсила сопылықта, дәруіштің құдайлық нұрға ұмтылысын, оның дидарын көруге ықыластығын білдіреді. Сондықтан, силсила сопылықта, ең маңызды компоненттердің бірінен саналады. Силсиласын білмеген салиқ, тегін білмейтін тексіз жан сияқты әсер қалдырады. Сондықтан да болар силсила жайлы жазылған еңбектерге “силсиланама” дейді. Себебі, кез келген тариқат мектебінде жолбасшылық оны негіздеуші шейхтың тікелей ұрпағына ғана беріліп отырмайды, сонымен қатар сопылықтың осы жолын одан әрі жалғастырушы кез келген шәкіртіне рухани жолмен (тәлім-тәрбие арқылы) де беріліп отырады. Демек, силсила шынжыр сияқты бір-бірімен байланысып жатқан сабақтастықты, рухани жалғастықты білдіреді. Мысалы, Йасауия тариқатының құрушысы Қожа Ахмет Йасауидің силсиласы Али Муртаза, Мұхаммед Қанафия, Абдул Фаттах, Абдул Жабар, Абдул Қаһһар, Абдул Раһман, Ысқақ Баб, Харун Шайх, Хасан Шайх, Мумин Шайх, Муса Шайх, Исмайыл Шайх, Хасан Шайх, Омар Шайх, Осман Шайх, Мұхаммед Шайх, Ифтиһар Шайх, Махмуд Шайх, Илияс Шайх, Ибрахам Шайх, Ахмет Қожа (Йасауи) [52].

Зікірдің үшінші нысанына - музыка аспаптарын ойнатып қойып, зікір салу түрі жатқызылады. Мысалы, Маулана Жалал әд-Дин Руми негіздеген суфийлер мектебі дәруіштері құдайға құлшылық ету барысында музыка ойнатып кою дәстүрін ұстанған. Сондықтан да болар суфизмнің мұсылмандық үлгісінің тарихын зерттеуші Батыс оқымыстылары зікір салудың мұндай түрін ұстанушы суфийлер мектептерін “үйіріле дөңгеленіп, шыр айналып билеуші” дәруіштер ордені деп атаған. Ал, зікір салудың мұндай нысанын ұстанушы суфийлердің өздері болса құлшылық ету үстінде музыка әуеніне еліткен көңіл айнасы ашылып, рух жүректі баурап алған шабыт сезіміне бөленген, рахатқа батқан сәтте өзіңді-өзің мүлдем ұмытып, ғайыптан келген нұрға шомыласың, Алламен дидарласып Хақта фәни және Хақпен бірге бақи боласың – деп түсіндіреді. Сондықтан да болар басшылық ететін суфийлер бауырластығы басқа мұсылман аймақтарындағыдай ханака (рибат, немесе халва) завийа деп аталмай таза түрікше **текке** немесе **самахана** деп аталған.

"Сама" – түрік сөзі, сема делінеді, қазақшалағанда "тыңдау", "әндету", "рахаттана тыңдау" деген мағыналарға келеді. Ойды жинақтап айтқанда, діни-мистикалық өлеңдерді әндетіп айтып, бірлесіп зікір салатын орын, себебі ән салу дәстүріне кейіннен би мен секіру қимылдары қосылған. Деректемелерге қарағанда самаханаға белгілі бір мінажатхана мүшелері немесе бір бауырластықтағылар ғана емес, оған суфийлерден басқалайда, айталық, жергілікті тұрғындар да белсене қатысқан. Музыкада ойнаушылар мен әншілер көбінесе қарапайым адамдар болған. Оларды сырттан шақырып немесе жалдап отырған. Бертін келе ұқыпты ұйымдастырылған дәстүрге айналған.

Маулана Жалал әд-Дин Руми рухани концерт болып саналатын семаны, діни дәстүрлерге сай келетін қызмет деп санайды. Ефлакидің айтуына қарағанда, бір күні Рубап (музыкалық аспап) шалынып одан Маулана рахаттанып отырады. Біреу ішке кіріп: -"Екінді намазының оқылып жатыр, біраз қоя тұр"деп айқайлапты: "Жоқ", депту Маулана. "Бұл да бір азан, екеуіде Алланың құлағына жетіп жатыр. Біреуі оның сыртынан құлшылық етуде, екіншісі өз жан-дүниесімен тануда. Оның ғашықтығын сезінгенін қалайды. Музыканың ырғағында бір сыр сақтаулы, егер осы сырды сыртқа шығарсам дүниенің астаң-кестеңі шығар еді"– деп қосып Рубап жайында мыналарды жалғастырады: "Бұл Рубап құрғақ ішек, құрғақ ағаш және құрғақ теріден басқа еш нәрсе емес, бірақ шығарған дауысы сүйіктінің дауысы.

Шейх Шемси Тебризиден кейін Маулана басқа сопы тариқатымен бірігіп, бірақ өз тариқатының бір ерекшелігі болған сема салтанатын құрды. Сұлтан Веледтің айқын көрінісін берген Мевлеви семасының дәстүрлері және бүгінгі үлгісімен алда көбірек тоқталамыз. Бірақ бастапқы да Маулана үшін рух қалауының өз тілегінен басқа ойындағысын бүкпестен ортаға жайып салуы, әңгіме тақырыбы болатын, қуаныш немесе қасірет тіпті де болымсыз бір сезім, ең болымсыз бір хабар, оны Семаға бағыштайтын. Бір күні Кониянның базарында бір түріктің қолында аукционмен сату үшін бір түлкінің терісін қолына алып: "Түлкі, түлкі!" – деп айқайлап жүргенін көреді. Маулана: "Дилку, дилку? (көңіл қайда )" – деп, қосыла айғайлап Сема ете бастайды. Салахатдин Заркубтың шеберханасындағы алтын құюшылардың, диірменнің дөңгелек қайрағын айналдырған судың құлаққа жағымды дауыстары, оны Семаға жан тәнімен беруге жететіндей. Ең үлкен өнерші ретінде Маулана, Тәңір барлық нәрселерден әдемілікті жаратқанын айтады. Және ояу жүрек барлық нәрсені сөзбен түсіндірілмейтінін бір нәрсені шағыстыратын бір белгісі бір сөз болған, ұзын сөздің қысқасы барлық нәрселердің барлығы "Тәңірдің бір сәулесі" екенін жариялайды. Маулана философтардың "Аспан денелерінің бұл үйлесімдерін сезінеміз" – дегендерін жазады.

"Дауыстар, әрекеттер мен нәрселерде болған сезімдер және бұлардың рухқа әсер етуін қамтамасыз еткен. Аспан денелерінің айналуынан және планеталар мен жұлдыздар әрекет жағдайында болуы салдарынан, бұлардың ноталар мен музыканың құлаққа жағымды дауыстарына ие болу керектігін қорытындылайды. Періштелердің рухын сылаған және өлі денелер дүниесіндегі рухтарымыздың, дәл осылай, үлкен рахатпен тыңдағандары және азаптарына, уайымдарына жұбаныш тапқан бұл музыка дыбыстары, әрдайым жаратқанды мақтап, оның мерейін үстемдетеді және бұл жағымды дауыстар діни музыкалардың

жаңғырығынан басқа бір нәрсе де емес екендігінен, бізге кең жәннат бақшалары және ол жерде болған рухтардың басқа әлемге ұшып, достарына қосылу үшін үлкен тілекпен еріп, сарқылады".

Осылайша, психологтар кейбір музыка түрлерінің рухани әлеммен байланысын қамтамасыз етуде әсерлі екендігін көрсетеді. Рух мүмкіндігі шамасында араласқандығы діни музыканың, жаңғырығын сезеді.

Бұл жерде шиеленіскен бір белгінің тақырып болғанын көреміз. Құранда бралық нәрсенің Жаратқанға шүкіршілігі-киеліленген бір әлемге ыңғайлануы әңгіме болады. "Қанаттарын сабалап ұшқан құстар мен көлеңкелері ұзарып, қысқарған ағаштар Аллаға сәжде етеді. Сол кезде кішкентай әлем мен үлкен әлем бірлігінің дәлелденуі, яғни, негізінде жоғалған отанға кері қайту сөз тақырыбы еді.  Бұл Отан де тек тазарып шыққан рухтың өзінен шығады, табылады да. Рухта жаратылған күнінен бастап бұл күнге дейін, мұны білгендігі-білмеушіліктің жаңадан табылуы, яғни, "сырға қор болу" шыдамдылығы ішінде.

Сопылар, осылайша, семаның терең мағынасын Алла мен Адам ұрпақтары арасындағы мәңгілік-алдыңғы түсініктемеге жөн сілтейді. Ұлы шейх Жунеидке бір күні, сопылардың музыка тыңдап, өздерінен өткен толқыныстардың себебін сұрады. Шейх былай жеп жауап беріпті: Алла –ол маңызды сертке байланысты. Адамның бүйіріндегі тұқымдары(ұрықтарды) Мен сіздердің Раббыңыз емеспін бе? деп сұрағанында, рухтарға бір молшылық келіпті. Рухтар музыкалық жағымды дауыстарды естіген кездерінде бұл естелік қайтадан оянып және оларды шабыттандырады.

Бұл жағдайда сема "жаңалық ашуға" мүмкіндікті қамтамасыз еткендігі үшін сәулесі білім құралы болып табылады. Мақсат – жағымды дауыстарды тыңдай білу әсерінде емес, қашанда "діни бір шабыт табуда". Ел Халлач былай дейді: "Музыка – рухтың оянуы, суреттелуі – мүмкінсіз сол парасатыққа еруінде. Ерген кезінде ол түсінігін жояды.

Сопылардың психологиялық және музыкалық саласына кіретін терминдердің өзгешеліктері көрініп тұр. Үлкен әлем мен кішкене әлем арасындағы байланыстары арасында құрылған дүние түсінігі, керісінше музыкалық терминдерді әртүрлі жерлерде қолданады; мысалы "мақам" сөзі кейде барлығының жағдайын немесе дәрежесін, кейде музыкадағы жағымды дауыстарды білдіреді.

Дәл осылайша, музыкада "деңгей" деген сөз бар. Ислам сопылары да әр жаратылыстың кері қайту жолы үстіндегі ілгерлеуінің басын ашу үшін, әрдайым осы сөзге бас ұрады. Мевлана былай дейтін: Ұлы Алладан бал сияқты тәтті, мейірімділікке толы бір ыстық шақыруына жалғасып, "шық" деген уақытта, рух қалай ғана ұшпайды? Қоңыр-салқын толқынды мұхиттан, құлағына жеткен толқын дауыстарын есіткенде балық неге судан бірден құрғақ топыраққа шықпасқа? Өзіне кері қайту ишарасын жасаған рубаптың дауысын есітер-есітпестен сапсан (балық), құрылған ауды ұмытып, патшаның балықшыларына қарай қалай ғана ұмтылмай тұра алады? Қалай ғана сопы бұл өлімді дүниеден өзін құтқару үшін, бейне бір атом секілді, өз жанында дүниеден өзін құтқару

үшін, атом секілді, өз жанында айналып, мәңгілік күнінде сема етпейді. Ұш құс! Туған мекеніңе ұш! Себебі сен тордан құтылдың қанаттандың; Тұзды судан ұзай түс, өмірдің бұлағына жетуге асық. Мевлевилердің семасында қамыстан жасалған нейдің музыкалық аспап, дауысымен дәруіштер кері қайта бастағандарында, белгі ретінде тастағысы келген нәрсе табиғатта әрекет еткен барлық нәрсе сияқты, планеталардың бас кері қайтару әрекеті. Мевлана барлық әлемдердің өз жетістіктеріне сүйсініп, ортақтасқанын көріп: "Көріп тұрмын.... сулар бұлақтарынынан буырқанып атқылауда ағаштардың бұтақтары тәубешіл дәруіштер сияқты, ойнап, жапырақтары музыка шалушылар сияқты қолдарын сабалауда. "Ей, басымыздың үстінде шеңбер сияқты айналған аспан! Күнге ғашық болған сенде, менімен бірге нәсіпті орындаудасың. "Ей, күн, оян!". Атомдар билеуде, Рухтар шаттық пен есінен кеткенше айналып билеуде. Бидің қайда апарып соғатынын айтам, сенің құлағыңа. Ауадағы немесе шөлдегі барлық атомдар. Мынаны біл, өзіңнен кеткен жағадайда бақытты немесе бетпақ әр атом ешнәрсе айтапайтын мына күнге тұтқын". Осы айтқандарымен Мевлана Семаны мадақтайтын.

Енді, бүгінгі семаның қалай жасалынатынын қарастырайын. Бұл діни бидің әрбір әрекеті, символикалық бір мағынаға ие. Дәруіштер теккенің  алаңына кебіннің белгісі болған ақ түсті киім, қайғыны танытатын қара әрі кең және ұзын бір шапан кию ретінде және бастарына мазар тасын белгі еткен бір қалпақпен кірген. Мевлананы өкіл еткен шейх, ішке ең соңынан кірген, дененің және руханияттың бірлескен нүктесі полюстан өтеді және семазендерге рақым, рақмет айтқан. Ұзын қалпағының үстіне құрметті екендігін білдіретін қара сәлде оралған. Осындай түрде басқа дәруіштермен амандасып, қызыл жүні қырқылмаған терінің үстіне отырады. Бұл терінің қызыл түсі Мевлана 1273 жылы 17 желтоқсанда, қайтыс болғанда, Кония семаларына соңғы нұрын шашпақ болғандағы, батқан күннің түсін білдіреді. Музыкасыз пайғамбарымызға мақтау сөздері оқылады. Хатим Шериф делінген бұл мақтау сөздерінің сөздерін Мевлана жазған: "Бір болған Жаратқанның жібергені және Алланың сүйіктісі – сенсің....". Әнін ұлы түрік композиторы Итры мырза шығарған. XXII ғ. соңы. Ауыр және әсем бір әуен. Орындаушы отырып, бір ней тартады. Кейін шейх тізелерінің үстіндегі қолдарын көтеріп, сазгерлер бір ремрев музыкалық аспап шалғанда, Шейх және дәруіштер жайлап ілгерілеп отырып, залда үш айналымды бастайды. Дәруіштер жайлап ілгерілеп отырып, залда үш айналым жасайды; әрқайсысы белгілі бір жерде, өзінен кейін келген дәруішке қарап, екеуі де жақсылап иіліп, кейін қайтадан сағат тілі бойынша, салмақты айналымдарына бастайды. Бұл үш айналым Аллаға жақындастырған мына үш дәрежені белгі етеді: Ғылым жолы "шариғат", көңіл көзімен көруді дәлелдеген "тариқат", бірлікке жеткізген "ақиқат". Үшінші айналымда шейх орнына, дәруіштер болса бір бұрышқа отырады. Сазгерлер хормен діни материалдық қалыптарынан құрылғандарына жеңісті бір пиғылмен, қара шапандарын жерге лақтырып, ақ киімдерімен шығады. Шейх орнынан тұрып, дәруіштердің басшы семазендермен бірге оған қарсы ілгерлейді, иіліп, оң қолын сүйеді; барлығы бірдей нәрсе істейді, семаға бастау үшін, осылай рұқсат сұрайды. Шейх бас киімдерін сүйіп, ризашылығын береді. Дәруіштер, қолдарын кеуделеріне айқастырып, саусақтарын да иықтарына қойып, жай бір қимылмен айнала бастайды; содан кейін оң қолы тәңірдің рақымын алу үшін аспанға қарай, ал, сол қолы жүректеріне өткен бұл рақымшылығын ғашықтығымен де

жылытқаннан кейін, әлемге шашу үшін, жерге қарай түсіңкі түрде, қолдарын құстар қанаты сияқты жайған. Өз төңіректерінде айналып жатқандарында, бөлменің де маңайын айналып шығады. Бұл айналым көпшілік бірлігі мен тастан адамға дейінгі бар болудың шеңбер түріндегі әрекетін жасайды және осы кезде, әлемнің құралдарын, яғни, өз маңайларында және күн айналасында айналған планеталарды бейнелейді. Сәйкестелген үш амандық сұрасу, иманның бір-бірін бақылайтын дәрежелерін бейнелейді, жалынған кудумлер (музыкалық аспап ) қиямет түрінде екіге бөлініп, бірі түсу бағдарламасын немесе рухтардың өзіне айналуын, екіншісі рухтардың тура шығу бағдарламасына өкілдік берген. Бұл ұлы Бірлікке апаратын ең қысқа жолды өкілдеген көрінбес бір сызық оларды айырып тұрады. Бұл сызық Шейхтің орнынан, бөлменің кіру есігіне дейін ұзарып, және дәруіштердің жер басып өтулеріне рұқсат берілмеген. Алғашқы екі сема бірлікте, үшіншісі де әркім өз алдарына сема еткен, себебі, уақыт ғашықтығы ашық деп саналады. Шейх, тек төртіншіде ғана семаға кіреді, осы кезде ырғақ ауысады, екі бөлімнен тұратын бір вальс ырғағы сияқты, үдей түседі. Шейх шеңбердің ортасында, көрінбейтін сызық үстінде айналады; күнді және оның нұрын өкілдейді. Ол семаға кіргенде ней екінші рет шалынады, бұл біріккен бірліктің, Аллаға сенудің ең ұлы сәті. Шейх орнына қайтадан келген кезде сема тоқтайды және хафиз құран оқиды. Бұл ең соңында жауап ретінде дәруіштерге келген Алланың сөзі. Біраздан кейін, соңғы амандасуларында Мевлевилердің "Ху" зікірі салынады. Я, нейдің жеке өзі шығарған ұмытылмас дауысы! Музыкалық үн қосу, үн қатпаған уақыт, топырақ үстіндегі жалаңаш аяқтардың саңырау ырғағынан және айналған ауыр киімдердің судың шуылын, оттар мен қамыстардың дірілдеуін еске түсірген шуылынан басқа ешнәрсе де естілмейтін болады. Бұлардың барлығы жүректерді паршалған тап-таза салмақтылық және тыныштық толы бір сағыныштардың іздерін көрсетеді. Робиндранат Тагор Алладан өзін бір қамыс етуін, өз ішінде өз діни музыкасымен толтырылуын өтінген, тілеген. Бұл мәңгілік кейіпті, Мевланада былай баяндайды: "Біз де ней секілдіміз, біздегі дауыстар сенен келуде. ...".

"Алланың алғашқы жаратқан нәрсесі қамыс қалам" сырымен бірге ней жайында түсіндірме берген Мевлана былай дейді: "Пайғамбар бір күні күйеу баласы Алимен біршама сырлардың басын ашады және бұларды біреуге айтуға тиым салыпты. Али 40 күн бойы өзін-өзі ұстауға тырысты. Біраз уақыттан кейін, шыдай алмай бір сахараға барып, басын бір құдыққа иіп, бұл сырларды айта бастайды. Біраз күннен кейін, бұл суда бір қамыс бітіп, және күннен күнге биіктей түседі. Бір шопан бұл қамысты кесіп алып, бірнеше тесік ашты. Қойларын жайып жүріп, оны шала бастады. Шопанның ней тартқандығы әр жерлерде естілді; жиналған көп адамдар оны тыңдауға келетін және нейдің шығарған даусының сазынан жылайтын. Түйелер де, тіпті, жайылуды қойып, шопанның төңірегіне жиналыпты. Бұл хикая ауыздан-ауызға өтіп, Пайғамбардың да құлағына жеткен кезде, шопанды алдыруды бұйырады. Шопан тарта бастаса болды, ол жердегі барлық адам естерінен танады. "Пайғамбар былай бұйырды: бұл дауыстар, Алиге жасырын сөйлеген сырларымның түсіндірмесі. Осы сияқты жайдары қауымға әркімнің жүрек пәктігі болмаса, жақсы бауырларының сырларын, нейдің дауыстарымен тыңдай алмайды, одан тот ала алмайды, себебі, иман толығымен құмарлылық және әуестік" Тыңда, бұл ней қалай арызданады, айырмаларды қалай түсіндіреді: Мені қамыстығымнан кейін, назды

дауысымнан еркек, әйел. ... барлығы жылап, қиналады. Айырылудан парша-парша болған жүрек қалаймын да сағыныш дертін ашайын. Түбірінен ұзақ болған кісі, қайтадан кездесу уақытын іздейді. Бұл нейдің даусы ауа емес, от, кімде-кім бұл отжоқ болса, өзі де жоқ болсын. Ғашық оты ғой, нейдің ішіне түскен; Ғашық толқыны, шараптың ішіне түскен. Ней досынан айырылған адамның жолдасы, досы. Оның перделері перделерімізді жыртты. "Ней сияқты бір у, әрі у қайтарғыш, ней сияқты әрі жан жолдас, әрі сағынғанды көрді". Қамыстан сұрадым" дейді. Мевлана бір өлеңінде, "Не үшін арызданасың? Тілің болмағанымен қалайша, үн шығары аласың?" Ней жауап береді: "Мені өскен жерімнен айырды. Ыңырсып, жылап-сызудан басқа өмір сүре алмайтындығым осыдан". Кониялық бір дәруіш былай деген: "Ней мен ғалым, білімдар адам айнымайтын ұқсас және бір нәрселер. Бұл екеуі де айырылаудан арыз еткендер. Екеуінің де көкіректері жаралы және шынжырға байлаулы. Екеуіде өз топырақтарында өспегендіктен құрғақ және бос, тек қана сазгердің демімен толы. Жалғыз қалғандарында дауыстары шықпас, олардың қызметі, сазгердің бармақтары мен еріндері арасынан табылу және оған тілегін тілге келтіру үшін, бір музыка аспабы, ретінде қызмет көрсетеді. Білімді адам рухани әлемнің, мәңгіліктің арғы жағы тергеу орманынан келіп, тағдырдың бір назы болып, материалдық әлемге түседі. Адам мен табиғат байламымен шынжырға байланды. Жүрегінде айырылудың өрті бар, жүрегін әсемдік нәрселердің демімен тазартып және басынан қияли бар болуды шығарып, кейіннен өзін Алланың қолына тастайды. Бұдан кейін Аланың ырқын ортаға шығару үшін бір құрал болады, бар міндеті осы. Және де діни дауыс, түсіндірілуді істеген уақытында, әрбір рухани барлықтың өкілдік еткен ерекше мақамын табады." "Бұл рухани барлық, діннің өзінен және айырылудың өкінішін баяндаған кезінде оны тыңдағандар, тап-таза, өкінішсіз жүректерді бар болса да, дәл сондай, өкінішті бастан кешіреді. Бірақ адамдарға біршама рухани "мәртебе"бар және әрқайсысы өз мәртебелеріне қарай қабылдайды. Осы себептен Мевлана Хазыреті былай дейді: "Кім ней секілді бір у және у қайтарғыш көрді?" " Кейбіреулер үшін бұл у; себебі, хайуандық бір тілекті тілге алады. Кейбіреулері үшін де ортаға, ашықша шыққан діни бір естелік". "Ней бір дос, сүйіктің секілді. Бұл дәуірде сүйіктілер өзгеше және бастары да жабулы еді. Дәл осылайша нейде даусы шықпайтын және бір қалтада сақтаулы еді. Олай болмаса, ней тарту үшін жасалған, шалынып сырлары түсінікті болсын деп". Сопы шейхтері әлемнің бір шеңбер түрінде екендігін айтады. Тәңірдің жекелігін бір нүкте, дүние мен адамды бұл нүктенің әрекетімен ортаға шыққан бір шеңбер депсанап көрелік. "Бұл бір сызық, сонау басынан соңына бүтін мақұлықтар осы сызық бойымен келіп-кетеді. Сызық шеңбердің айналасын қалыптастырады; нүктенің оң жағында сыртқы дүние, солында ішкі дүние бар; оның тап қарсысында болған нүктеге "адамның мәртебесі" делінеді. Дүние мен Адам пайда болуларын, жекеліктің нүктесінен өздерін ашыққа шығарғандарына қарыздар және өмірдің шеңберінде айналып тұрады. Құрандағы "Біз оны қалай жаратсақ, солай кері қайтарамыз" – аятында баяндалғаны сияқты, сахнаға шығады және нүктеге кері қайту үшін, сахнаны тастап кетеді және "соңында кері қайту да ол үшін"аятына байланысты, әрекет нүктелеріне табысады. Заттар өзіне кері қайтады, жасырын және анық әр нәрсе бір болады. Бар әлем және адам баласы, бұл көрінбес шеңберді тамашалайды, бірақ, әркім мұның негізін және бұл өзгерісті біле алмайды. Тек пайғамбарлар, Алла достары және даналар мұның негізін және бұл өзгерісті біледі. Бірақ, олардың арасында де екі бөлім

бар. Біріншісі, рухының бас нүктеден айырылғаннан кейін, адам түріне кіруден бұрын, қаншама кезеңнен өткендігін түсінеді; адам болып өмірге келуден бұрын да бұларды білген Хазреті Пайғамбардың "Адам әлі топырақ мен саз балшықтың "Адам әлі топырақ пен саз балшықтың арасында болғанында, мен Пайғамбар едім", деген хадисі, бұл оқиғаны толықтырады. Екінші бөлім, рухының хақтан айрылғандығын күмәнсіз шындық және әртүрлі кезеңдерден өткендігін, адам түріне кіруден бұрын, білмегендіктерін түсінеді және тек адам әлемімен жалғасқаннан кейін үйреніп, бұл Хақтан жаратылып, адам әлеміне келеді; ол жерде қалмайды және Хаққа кері қайтады. Бұл ғылымның жарығында "саяхат етіп" және Хаққа жалғаса білуі үшін бастапқы жүрегін және рухтың мәртебелерінің ішкі жағынан өтеді. Сырға қаныққандарына Шани Ұлы Аллах, өзін оларға “сәлем” сөзімен көрсетеді. Бұл есіммен олармен амандасып: "Сәлем болсын сіздерге, ей, құлдарым. Білінбегендер қарсысында сіздің біліміңізді қуатты қылдым және түсіну қабілеттеріңізді ең жоғары нүктесіне жеткіздім. Сол мезетте, білім бастауларын Хақтан алатындықтарын түсінеді және білінбегеннен, күмәннән құтылады. Сәлем, бірінің сәлеметпен бұл дәрежеге жетуін қамтамасыз етеді. Бұл мәртебеге шексіз білім" ғылыми түрде жақын. Ұлы Алла кейіннен жүрек көзімен көріп куә болулары үшін, әр нәрсені оларға аян етті. Және оларды шексіз тәжірибеде дәлме-дәл жақын мәртебесіне жеткізді. Ол уақытта хақта көрінгеннен кейін, ұлықтарының , зейіндер, рухтар, аспандар жән денелер әлемдерін қалай өткендерін және қалай адам мәртебесіне жеткендерін, әлі өлімге кіруден бұрын, білгендерін, қазір оларда біледі. Яғни пайғамбарлармен Алла достарына аян болған әр нәрсе, барлық кезеңдер бұл мерзімде "Шексіз тәжірибемен" қазір оларға да аян. Адами мәртебесіне хаққа ұласуы үшін өтілуі керек барлық жүрек пен рух кезеңдерін ашқаннан кейін, "Шексіз тәжірибе" қорғауында Хақпен бірлеседі. Алла қайтадан оларға "Сәлем" есімінің құдыретін үйретіп және оларға әр мәртебеде бұл есімді түсіндіруде: “Әр мәртебе бұл есімнен несібе алады. Алла оларды тағыда бұл есіммен амандастырып былай дейді: "Сәлем еттім сендерге ей құлдарым, сіздердің шексіз білімдеріңіз күдіктерден, және жасырын шабыттар алдындағы білімсіздіктен тазарған, өз білім көзіңізбен мәртебелердегі ақиқаттарды дәлме-дәл көрдіңіз. Амандық сіздерге жолдаған сәлеміммен келетінін білдіңіз" деген. Алла оларға соңында "Шексіз ақиқат" нұрын бағыштайды, бұл нұрмен олар осы әлемнің бастауымен соңы арасындағы шеңберде саяхат жасайды. Саяхаттары олардың Хаққа кездестірген кезінде Хақ айналымының жекелігі соңының (ақирет дүниесі) жекелігінің, ішкі сыртының жекелігінің болғандығын көреді. Онымен араларындағы аралықтың екі доға сияқты жақұт әліде аз болатынын қандай мәртебе болғанын біледі. Кәбе-Кәусейн және пайғамбарымыздың көкке көтерілу шындығын бітіреді. Бұл мәртебеде ұлы Алла "сәлем" есімімен оларда көрініс тауып, былай бұйырады: "Ей құлдарым, сіздерді денеге тәуелді еткен әр нәрседен, әртүрлі бұғаудан тазарттым сіздерге жолдаған сәлемім қайыр және сеніммен, тәжірибенің амандығына қауышыңыз. Бұл жағдайда "Шексіз ақиқат" көзімен қараңыз. Бас нүктені, шеңберді, шеңбердің маңайындағы қозғалысты және шеңбердің жекелігінің бір болғандығын көресіз. Бұл жекелік оларда саяхат жасап оларды айналады, анық өкілі бір сызық маңайында айналған нүкте секілді.

"Сырлар әлемінің гүл бақшасы" атты шығарманың авторы Шебустери былай дейді: "Тәңірге тиесілі болмаған, әртүрлі көрініс сенің қиялыңның өнімі". Бұл тек

қана үлкен жылдамдықпен айналған шеңбер ғана. Бұл топырақта айтылатын көп нәрсе бар. Егер ерекшеліктерге кіретін болсақ, сырлардың және сөздердің соңы болмайды. Тек бұл кіріспенің бір мақсаты бар, соны қарастырайық. Рухани нәрселердің ұқсату жолымен жарық кездесуі үшін, шейхтердің сөз тақырыбы айналымды және сырларды осы дүниеде болған нәрселермен салыстырып, шәкірттердің бұл нәрселерді түсіне білулерін мақсат еткен. Осылайша біреулері бір болған жекелікті, үлкен жылдамдықпен айналған және осылайша бір шеңбер көрінісін алған нүктеге ұқсатты. Бірақ бұл шеңбер қияли және бар емес. Шеңбер секілді көрінген нәрсе, бір нүкте Алланың жекелігі тарап, болмыстар онда, кейбіреулері де осылайша ортаға бір нүкте қояды. Бір шеңбер сызығынан кейін осы нүктені әрекет нүктесіне жеткізеді. Бұл нүктенің оң жағына сыртқы әлемді орналастырады. Бір шеңбердің төңірегін үнемдей отырып осы белгінің үстінде сырларды көрсетеді. Бірақ Мевлананы біздің бұл дүниедегі және келесі әлемдегі бастаушымыз, жарқын күніміз, түсініктерміздің жарығы, ұлы шейхіміз бұл сырларды өзі құрған сема түрімен көп алдына жаяды дейді. Бұл жағдайда, сема басталғанда орнына өткен және сол жерде тұрған шейх, барлықтың бұлағын құрған нүктеге ұқсайды. Оның сол жағында айналған және ішкі дүниені өкіл еткен, дәруіштер ортаға шығуға әзір, айырылыған ұрықтарға ұқсатылады. Сол жақтан шығады, үнсіз және қимылдамастан шейхқа жақындайды, қолдарын кеуделеріне қойып оған құрметтерін көрсетіп, оң жаққа өтіп, әр қайсысы өз қалауларына қарай, өз барлықтарының орталығы маңайында айналу үшін оның рұқсатын сұрайды. Алланы өкіл еткен шейх сыр тілімен оларға: "Өз болмыстарыңның төңірегінде айналыңдар, және өз әлдеріңше әрекет жасаңдар", – деп бұйырады. Ал дәруіштер болса. Оған былай деп жауап береді: "Әміріңді естідік және оған бағындық". Осылайша шейхтің алдындағы және адамның мәртебесін өкілділікке алған жерге жетуі үшін сыртқы дүниені өкіл еткен шеңбердің жартысына кірді. Бұл жолда көрудің құралдарынан бірі тұрмастан, аралықсыз айналуды жалғастырды. Қазір саты-саты шеңбердің сол жағына өтіп және нүктенің орталығына жетеді. Бұл жолы Алланы өкіл еткен шейх оларға Алланың сәлемін жеткізіп "Сәлем" есімінің сырын мына сөздермен түсіндіреді: “Адалдықтың шеңберінде айналған ей құладарым, Алланың сәлемін қабыл алыңдар, Алла сіздің есіткендеріңізді және ниеттеріңізді тәуелділіктен қорғады және сізді амандыпен Хаққа кездестірді”. Бұл жерде мына сұрақ ақылға келеді: "Шейх Алланың сәлемін құлдарына орнында отырып та жеткізе алады. Ол жағдайдан оларға қарсы ілгерлеуі қандай түсінікте келеді?". Шейхтің орнын тастап, қарсысындағы тура бірнеше адым ілгерлеуі түсу мәртебесіне бір белгі, ишара. "Түсу сопы шейхтерінде, құлдың өз денесінен құтылғаннан кейін Алланың құлына сәлем, қайырымдылық, және жақсы тілектермен жақындауы "Нашар мәртебесіне түсу түсінігіне келеді. Бұл мына сөздермен ишаралуда көрінеді: "Маған бір адым келгенге мен үш адым келемін" және мына хадисте "Түннің жартысы немесе үштен бірі өткен кезде Алла аспан әлеміне түсіп және "Менен бір нәрсе тілеген адам бар ма? Тілегін орындаймын" – дейді. Осылайша өз мәртебесін тастап және жолын Раббіне айналып, ақиқаттың орталығына жақындасқан ғашықтыққа Алла құдыретінің ең жоғары нүктесіне және шексіз үстемдік мәртебесінен келіп жақындайды. Бұл мәселеде Ибн аль-Фарид былай дейді: Егер "бір" болсаң, саған жекелігімнен сөйлеген "түсуде" азанды табасың. Яғни егер адам мәртебесінен шығып өзін тек жалғыз тапсаң, және адалдық халіне кірсең менің сөйлеген сөздерімді айта аласың. Бұл жағдайда шейхтің орнын тастағаннан кейін сәлем берген жеріне "түсу мәртебесі" делінеді. Бұл

мәртебеге ұластырылып және бірінші айналым бітеді. Түрдің тағы да ұлы болған мазмұнға лайық болу мақсатымен екінші айналымға өтеді. Осы екінші айналымда біріншісінен де көп әрекет әсер, тебіреніс, есінен тану және терең сезімдерді қамтамасыз етеді. Себебі семазендердің көпшілігі дәлме дәл нақ шама мәртебесіне қол жеткізген. Тағыда бұл айналымда бұл жағдайда, ең жоғары нүктесіне жеткен уақытта Алланың өкілі болған шейх заттардың табиғатында лайық болып, Алланың сәлемін оларға жеткізіп және оның сырларымен ерекшеліктерін мына сөздермен түсіндіреді: "Ей, ғашықтық және достық жолында саяхат етушілер, Алланың сәлемін қабыл алыңыздар, енді көзімізден перде алынды, айналудың және шынайы бұлақтың сырларын көрудесіз". Бұл сәлемнен кейін үшінші айналымға бастайды. Бұл айналымда мәртебелеріне және дәрежелеріне қарай, Тәңірде жоқ болудың шаттығына бөленеді, "Қайда айналсаңда Алланың жүзі сол жерде" аятының сыры бір көпшілік үшін шексіз ақиқатпен кейбіреулер үшін “шексіз білім" мен ортаға шығады. Дәл осылай бұл айналым біткенде шейх сәлемдесуге асығады, түсу мәртебесі белгіленген жерге барысымен үшінші рет оларға сәлем жолдайды: "Ей, ғашықтар мен даналар, Алланың сәлемі бар! Айналымдарыңыз аяқталып және сырларыңыз орнықтылыққа жетті. Алла сізді шексіз ақиқатқа ұластырып, әлемдердің раббын көру рахатын берген". Үш айналымның және үш айналымға нүкте қойған үш сәлемнің сыры осындай.

Жалпы, жоғарыда біздер тарапынан жан-жақты сараланып, талданған нәрселерден көрініп тұрғандай сопылық танымның (мағрифаттың) мәні (қайнары) шабыт шақыру. Осындай шабыт шақыру, яғни ғибадат ету үстінде белгілі бір шарықтау шегіне, экстаздық халге жеткен сәтте, адамның көңіл айнасы (жүрек сыңлауы) ашылып, адам өзін-өзі ұмытады, жүрекке құйылған нұрдан, шапағаттан асып – тасиды. Мәңгілікпен (Космоспен) ұласуға, Алламен қауышуға талаптанады, құдайдың еркіне беріліп, рахат бір сезімге бөлінеді, Хақпен қауышып, табысады. Алла аян берген сәтте шабыт оты алаулап жанып, дел-сал күйге түседі, бұл фәниден алыстап, пенделік халден ада болады. Өзін пейіште жүргендей сезінеді. Міне, осы сәтті басты күзер етіп ұстанған батыстық зерттеушілер, суфизмді исламда VIII-IX ғасырларда пайда болып, бертін келе Араб халифаты елдерінде кең тараған діни–мистикалық ілім деп анықтайды. Себебі, олардың пайымдауларынша, суфийлер ұстанатын діни жоралар мен ғұрыптар қандай жолмен болмасын, мысалы, адамның құдаймен көрісіп, тілдесуі, яғни шынайы пиғылын білдіріп сыйынуы есірік күй арқылы іске асады-мыс. Кез келген діндердегідей исламның, оның діни-философиялық ілімі – суфизмнің де негізінде табиғаттан тыс күштерге деген сенім жатыр. Сонымен қатар ертеректегі суфизмге жекелеген материалистік элементтері бар пантеизм тән болды. Кейіннен неоплатонизмнің, үнді философиясының, кейбір христиан идеяларының ықпалымен суфизм аскетизмге және шын мәніндегі мистицизмге айналды. Құдайдың хақтығына шек келтірмей, ал айналадағы заттар мен құбылыстар оның эмонациясы дей отырып, суфизм өкілдері өмірдің ең жоғары мақсаты адам жанының құдаймен бірігуі деп жариялап, жер бетіндегінің бәрінен (пендешіліктен) қол үзуді насихаттады. Мистикалық интуицияны "рухани тәжірибені" танымның ең жоғарғы формасы деп есептеді: онда субъект пен объектіге бөлу жойылады және дүниенің алғашқы рухани негізі – жаратушының ақиқат бар екендігі білінеді. "Құдаймен бірігу", суфизм ілімі бойынша дәруіштердің ерекше шабыттану жағдайына жеткен кезінде іске асады [53].

Расында да суфизм ислам дінінің философиялық өзегі ғана емес, сонымен бірге, ол діни сезімнің, жалпы барлық психикалық процесстердің интеллектуалданып, дерексізденуін сипаттайтын жан күйінің ерекше болмысы, "таза жүрек" тағлымы мен "көркем мінез-құлық" туралы ілім де. Суфизм ислам дінінің шын мағынасындағы рухы, мәні болып саналады. Ол жинақыланған нақтылы біртұтас білімдарлық шоқтығы, бұлақ суындай мөп-мөлдір, тұнық, таза мұсылмандық дүниетаным жүйесі, діни-философиялық білімдер жиынтығы, ислам дінінің рационалдық -теориялық өзегі ғана емес, сонымен бірге құдайға құлшылық етудің өзгеше бір жөн-жоралғылары мен ғұрыптарын қалыптастырған ғибадат ету методтары мен трансцентальдық, рухани, эмпирикалық-практикалық қызметінің де жиынтық көрінісі, бейнелік әсерленуі, әрленуі. Суфизмнің өзегіндегі рациональдық-логикалық таным мен ішкі экзотерикалық-эмпирикалық сезімдік таным бір-бірімен кірге байланысып, ажырағысыз бірлікте қызметтенеді. Оның қайнар бастауы – ішкі эмоциялық, сезімдік шабыт, дүниенің, ғарыштың (космостың), барлық жаратылыс атаулының түп негізін, пайда болып, дамуын, т.т. білсем деген ішкі тебіреніс құштарлық сезімі. Ал, бәрімізге белгілі ішкі тебіреніс, білсем, көрсем, сезінсем, қол жеткізсем деген құштарлық сезімі адамның жан дүниесін баурап, бойын билеп алған сәтте құдіретті күшке, жүректі тебірентер ұлы қайнар бастауына айналады (адам жүрегі сырт көзге қарағанда кіп-кішкентай ғана жаратылыс болып көрінгенімен, ақиқатында бүкіл ғарыш әлемінен де кең, ең үлкен дүние болып табылады). Ал, мұндай құдіреті күшті қайнар бастауы, сезім мен таным әсері көңілдегі барлық кір мен қысаңнан арылып, рухани жаңару мен түлеуді, нәпсіні тиіп, күпірліктен иманға келуді, табынуға таяныш боларлық өзгеше құдіретті күшті іздеуге талаптылықты тудырады. Содан барып, жоқтан барды іздеу, яғни санадан тысқары тұрған құдірет иесіне табыну, құлшылық ету басталады. Одан басқаның бәрін ұмытып, оны танысам, білсем, көрсем, онымен тілдессем, оның нұрына шомылып, махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық отында өртенсем деген сезім туады. Себебі, Алла ғарышты, ондағы бар тіршілікті, мақұлық пен адамды, рухани және материалдық дүниені, жын, пері, шайтанды, тірі атаулыны жаратушы негіз болса, ғашықтық болмыс пен жаратылыстың жаратылуының себебі, ал ғарыш әлеміндегі барлық жаратылыс атаулы осы ғашықтық сезім күйдің салдары. Суфизмде дерексізденген таза танымдық рациональдық-логикалық ойлау жүйесінен гөрі, шабытты от алдыра алатын сезім дүниесінің, яғни бір Аллаға деген шектен шыққан махаббаттың, сүйіспеншіліктің, ғашықтықтың жетекші роль атқаруы міне, осы себептен де болса керек. Дей тұрғанмен, сопылықтың түпкі мақсаты – хақиқатта Хақпен жүздесіп онымен қауышуға, ғарышпен ұласып кетуге, Алла құзырында абсолюттік кемелділік дәрежесіне жетіп, жоғары әдептілік пен ақыл-парасат қайнарынан сусындауға, сол ортада өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жан-жақты дамытып жетілдіруге талпынысы, өзін-өзі танып білуге, рухани тұрғыдан толысуға ұмтылысы екендігін де ұмытпалық. Міне сондықтан да болар, сопылық ілім мұсылман дінін ұстанушы халықтар арасында өте тез қолдау тауып, қарқынды дамыды. Оның мән-мағынасын түсіндіріп беруші ғылыми шығармалар пайда болды. Мысалы, суфизмнің табиғаты, құрылымдық жүйесі талданған Әбу Наср ас –Сарраджа ат – Тусидің "Китаб әл-Лума", Абу Бакр әл-Калабазидің "Китаб ат-таарруф" атты шығармалары, Әбу Абд ар-Рахман ас-Суламидің трактаттары, Әбу-л-Қасым әл Кушайридің "ар-Рисала фит-тасауф", Әли бин Осман әл-Жуллаби әл-Худжуридің "Қашф әл-махжуб", Абдаллах әл-Ансаридің "Маназил ас-са арин"

атты кітаптары, т.б. шығармалар осы уақытқа дейін өздерінің маңыздылығын жойған жоқ. Ал, сопылық ілімнің бастауында тұрған – ислам дінінің пірадары Әбу Сайд әл-Хасан әл-Басридің, осы діни философиялық ағымның белсенді өкілдері Жапар Садықтың, Әбу Файд Зән-Нун әл-Мисридің, Әбу Наср әл-Фарабидің, Әбу Мұхаммед әл-Ғазалидің, Әбу-л-Уәлид Мұхаммед ибн Рушдтың, Фарид әд-Дин Аттардың, ибн Арабидің, Жалал әд-Дин Румидің, Қожа Ахмет Иасауидің, т.б. еңбектері мұсылман әлемі ғана  емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының дүниетанымына, рухани өмірлерінің барлық салаларына (дін, догматика,  философия, этика, құқық, логика, жаратылыстану,  медицина, әдебиет, поэзия, т.с.с.) дерлік әсерлі ықпал етіп, теңдессіз ұлы жетістіктерге негіз қалады. Сонымен бірге, сопылық ағым шығыстың классикалық поэзиясының қалыптасуына да зор ықпалын тигізді. Әлішер Науаи, Муслихуддин Сағди, Шамс ед-Дин Хафиз, Гәнжауи Низами, Әбу-л-Қасым Фирдоуси және басқалардың поэзиясында сопылық ағыммен үндестік айқын көрінеді [54]. Адамзаттың ойлау қабілетінің ең жоғары деңгейінде өрілген Маулана Жалал әд-Дин Румидің діни-философиялық ой-санасы өзіне дейінгі ақыл-ой иелерінің ой маржандарынан қандай деңгейде сусындаған болса, өзінен кейінгі де биік ақыл-парасат иелерінің ой оралымдарына сондай деңгейде ықпал етті. Маулана Жалал әд-Дин Руми өлең және қара сөз түрінде аса бай әдеби мұра қалдырды. Дей тұрғанмен оның өлеңдері мен қара сөздері тұнып тұрған діни-философиялық ой өрімдеріне толы. Әрі олардың барлығы дерлік Тәңірге деген шексіз сүйіспеншілік пен мистикалық мадаққа арналған. Бұл түсінікті де. Құран Хадистері мен сүрелерінде мазмұндалған көне дүниелік оқиғалар мен құбылыстар туралы аңыз әңгімелер мен баяндаулар бертін келе философиялық постулаттармен әрленіп, ақыл-ой жемісі ретінде діни догматтардың мән-мағыналарын түсіндіру объектілеріне айналды. Өйткені ақындық және шешендік толғаныстар нағыз шындықтың өзін ашып бермесе де астарлы философиялық түйіндеулер, қисынды теңеулер арқылы соның мағынасына жақындауға тырысып бақты. Оның үстіне ол заманғы ғылыми көзқарастар негізінен теологиялық мәселелерді символика-аллегориялық амал-тәсілдермен қозғап, Құран мазмұнымен сабақтастыра қарастырып, астарлы пікірлермен жеткізуге тырысып бағатын.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің жолын ұстанушыларға Мевлевилер деп айтылатындығы белгілі. Мевлевилердің өздерінің жүйелі түрде қалыптасқан тариқаттары бар. Мевлеви тариқатына өтпестен бұрын біз сопылықтағы "тариқат" дегеннің не екендігіне тоқталып өтсек мәселенің мәнін терең ұғынуға көмегі үлкен  болатындығына сенімдіміз. "Ізденілетін жол мағынасына келетін арабша ұғым болып табылатын тариқат, мұсылман сенімінде бір-бірімен байланысты екі техникалық мағынаға ие болды" - деп түсіндіреді профессор Л. Массинон және осыған байланысты мына сөздерді айтады: Ең алғашында тариқат сөзі, ішінде рухани бір хабар есіткен әр адамға жол көрсетуді мақсат тұтқан бір моральдік-психологиялық әдіске сай келеді. Тәңірге баратын жол сызып және тәңірдің анықтаған заңдарын (шариғат) Тәңір шындығына (Ақиқат) жеткенге дейін, түгелдей түгелдей жеткізуі әртүрлі кезеңдерден өтеді. IX және X ғасырларда бұл түрде және Гунейт, Халлаж, Сараж, Кускари, Хужреви есіді ұлы сопылар рухани шейхтар болып табылады. Екінші мағынада тариқат сөзі, XI ғасырдан бастап, өмір сүре бастаған тариқат жүйесі әртүрлі мұсылмандар арасында ортақ өмірдің болуы үшін құпталынған рухани байлығын көрсетеді.

Ақырындап кеңейтілген "дәруіш үйі" сөзімен синоним болған ортақ бір өмірді көрсетеді. Бұл дәруіштердің үйлерінің біріне байланысты болу, көпшілігі үйлі-баранды болған мүшелерінің, жалпылама белгілі бір уақыт үшін, анда-санда болса да, өмірлерін бір рет бір теккеде қалуын қажет етеді. Христиандардың бір тарикатымен ұқсас бір жағдай тақырыбымызға арқау болады. Ең алғаш тариқат б.з.к XII ғасырда Абдулкадир  Гейлани тарапынан Бағдатта құрылған. Қадириттер тариқаты исламиятта, айрықша Үндістанда көп мүшелерге ие. Біршама уақыттан соң Сухревердие тариқаты Шехабеддин Сухреверди (1144-1234) тарапынан құрылған. Шехабеддиннің шәкірттері арасында ақын Саади де болған. Шазелие тариқаты Нуриддин Ахмет Шазели (1196-1258) тарапынан Солтүстік Африка және Сирияда жайылған. Мевлеви тариқаты Жалал әд-Дин Руми тарапынан Туркияда құрылған, бірақ бұл тариқаттың шын құрушысы үлкен ұлы Сұлтан Велед болған. Мевлевиліктердің тарихы мен салт-дәстүріне басқа тарауларда мәлімет берілгендіктен бұл жерде тоқталмаймыз. XIII ғасырдан бастап, діни тариқаттар көбейе түсті. Тариқат мүшелерінің әрқайсысы біршама ойшылдық, ғибадат сияқты әртүрлі жұмыстарға қатысу және тариқаттың уақтылы болатын жиналыстарына қатысу міндетінде еді. Сопылық кітаптары әр теккеде сәйкестендірілген тәртіпті ашық және өзіне шартсыз бағынуы керек болған Шейхтың қызметі, сабақтарды, рухани қажеттіліктерге және шәкірттердің мүмкіншіліктеріне қарай белгілеу. Бірақ, Шейх пен жаңа талапкер сопы арасындағы қатынастар, сөздің қатармен, мағынасымен бір "шәкірт шейхіне" байланған кісілердікінен де еріктірек болатын. Бұл жерде, рухани бір ауамен демалған адамдардың иждихаттарына сай болған бір әдістің үйретілуін сөз етіп отырған жоқпыз, тек қана мұның жанында бұл жерге қуанышпен алынған шені, рухани бір әсердің жеткізілуі және тек қана пайғамбарға дейін ұзаған бір тізбектің ұсынушысының ғана бере алатын ерекше қасиеті бар ағым сөз болып отыр. Негізінде бұл дәстүрмен қабылданған шен құжат, бешпет немесе шапанның киилуімен белгіленген. Шәкіртке шейхтың баласы деп айтылады және бұл шәкірттер өз араларында бір-бірлерін Алла ғашықтығы үшін сүйген бауырлар болып табылады. Өз қандасынан да жақын бір рухани араласумен бір-біріне байланысты. Әр сопы, осылайша қауымы бөлінбес бір бауырмалдық құрады, ең төменгі мүшесіне дейін, өзін ең үстіндегіге бағнышты екендігін сезінеді. Араларындағы осы байланыс ешқашан үзілмейді. Өйткені бұл рухтардың Алла алдындағы берген анты. Абу Саид ибн Абулхайыр былай дейді: "Бірі батыста, бірі шығыста болғандықтарына қарамастан, бір-бірлерінің сөздерінен қуаныш, бақыт, күш, қайрат табады және соңынан ерген ұрпақтары өзінен алдыңғылардың сөздерінен сабақ алады және жандары жай табады". Абу Саид ибн Абулхайырдың теккесіндегілердің талғамдықпен, қудаламаулары үшін, жазбаша түрде баяндаған теккеге тиесілі бұйрықтары, біздің әңгімеміз үшін, жазбаша түрде баяндаған теккеге тиесілі бұйрықтары, біздің әңгімеміз үшін, өзіне тиісті болған тәртіп құруы және семазендердің тариқатының құрылуынан, шамамен, II ғасыр бұрын болуы жөнінен бір маңыздылық ұсынған.

1. Намаздарын жамағатпен бірге қылу.

2. Мешітте немесе басқа да бір киелі жерге бос әңгіме үшін жиналмаулары.

3. Намаздарын жамағатпен бірге оқу.

4. Түнгі ибадаттарына көп көңіл бөлулері.

5. Таң бозарған уақытта Алладан кешірім тілесін және жалбарынсын.

6. Таңғы уақыттарда қолдарынан келгендерінше Құран оқысын және күн шықпастан бұрын сөйлеспесін.

**7.** Ақшам намазымен құптан намазы арасында біраз дұғамен шұғылдансын.

8. Кедейлермен жарлыларды жақсы қарсы алсын  және оларға қызмет көрсету қиындықтарына сабырмен қарасын.

9. Бір-бірімен бөлісуде артық артық ештеме жемесін.

10. Бір-бірлерінен рұқсат сұрамастан, бір жерден кетіп қалмасын.

Айрықша, бос сағаттарын мына үш жұмыстың біреуіне көңіл бөлсін: не дін тәрбиесі, немесе біраз сопылық ұмтылысқа, не болмаса бірінің мұңын бөлісуге.

Мевлеви тариқатының  барлық сопылық тариқаттардағы секілді өзіне тән ішкі тәртіп пен ережелері бар. Солардан бірі, әрі маңыздысы "жалғыз қалушылық". Жалпы, Исламда жалғыз қалу (халвет) 40 күн жалғасады. Бірақ, Мевлевилерде чилеге кіргісі келген бір дәруіш мың бір күн теккеде  қалады. Рұхсатсыз бұл жерден басқа бір жерге баралмайды және бұл заңға қарсы көрсетілген әрекеті оған, чиледе өткен уақытын жоғалтып, қайтадан басынан бастауға тура келеді. Үш жылға жуық  бір уақыт бойынша, Мевлеви шәкірт , өте қиын өмір сүреді. Басқа "тариқаттарда", шейх рухани "дәрежесіне" қарай шәкіртке, үстінде ойлауы керек болған Алланың Есімдерінің бірін үйретеді. Бірақ, Мевлана Желаледдин Румидің дәруіш үйінде, жаңа шәкіртке, оның көкіректігін басу үшін - жерлерді сыпыру, дәретханаларды тазалау, дәруіштің аяқ-киімдерін жөндеу сияқты шаршататын және мезі кылатын бір жұмыс береді. Шәкірт, бұл жұмыстарды бағынушылықпен, адалдық және шын жүректен істеуі, көңілі толсын, толмасын, әр заман "Аллаға шүкіршілік" деп, және дәруіштер үйіндегі өзінен бұрын келгендерге үлкен құрмет көрсетуі керек еді. "Чилекеш" (азап шеккен) делінген бұл халветке (жалғыз қалушылык) тартылған адам, күні бойы жұмыс істеп, тек ақшам намазынан кейін ғана тынығатын. Өзіне тиесілі бір күркеде керует пен көрпесі болмаса да ұйықтайтын; өте суық болса да, тек қана үстіне шапан жамыла алатын және оны кие алмайтын. Дәруіштер үйінде Мейданшы есімді, күркелерге жауапты бір кәрі адамды дәруіштерді таң атпастан бір сағат ерте оятуға міндетті етеді. Мешіттің шамдарын жағатын, содан кейін бәрі бірге азан оқиды.

Чиледегі бір шәкірт қателескенде немесе өзінен жоғары бірісіне қарсы құрмет көрсетпей, кемшілік, азаптық жасаған кезінде шейх, барлық дөруіштердің көздерінше, аяқтарына, көкіректігін басу үшін, ауыртпай, он немесе жиырма рет дүре соғып, оны осылайша жазалайды.

Барлығы бірге бір дастарқан басында бөлектенбей тамақ жейді. Дәруіштер аз тамақты тойып жеу үшін, көңілі жайланбайтындай бір ыңғайда отырыш және

барлығы бір табақтан жейді. Бірақ басқа бір шейхтар сияқты Мевлана шәкірттеріне тіленіп, қайыр сұрауға рұқсат бермейтін. Пайғамбарымыз; "Таза абыройларыңды сақтаңдар, себебі қолдарыңнан жұмыс істеу келеді" дегендігін, олардың есіне түсіріп, мынаны да қосатын: "Әркім өз еңбегімен ғана аз болсын, көп болсын өз өмірін жалғастыра алады. Біреу саудамен айналыса алады, енді біреу жазушылықпен немесе тамақ пісіру арқылы маңдай терімен өмір сүріп, күнін көре алады. Кімде-кім бұл жолды ұстамаса оның бір тиын да құны болмайды. "Бір дәруіштің үш күн аш қалмайынша, ешбір садақаны қабылдамауы бір заң тармағы еді.

Діни жоралғыларда дүниеден бет бұруды немесе босаңдықты құп көрмеген Мевлана, діннің әмірлеріне толығымен мойын ұсынуды қалаған және былай деген: "Сіздің ғибадат істеріңізді бағынушылықпен орындауларыңызды, бұл үшін талпынуларыңызды сұраймын. Өйткені, Пайғамбарымыздың сүннеттерінен ең кішкентай бір бөлігі де көзден көрінбеуі және тыс қалуы да мүмкін".

Азаншының даусы Мевлананың құлағына жеткен кезде, құрметпен орнынан тұрып, былай деген екен: "Рухтарымызға жарық берген сенсің, атың мәңгілік үзілмейтін болсын!". Осы қызметте болған бірісі, жастардың тон киіп, пештер мен тандырлардың жанында суықты бір қатал қыс кезінде, Мевлананың медресесінің шатырына шығып, азанға дейін ол жерде мыңдаған кешірімдермен, жалбарынулармен, түнгі намаздарын оқығандарын айтады. Таңғы намазды да оқығаннан кейін, шатырдан түскен екен. Мүбәрак аяқ киімдерін шешкен кезімде, ораза ұстаудан әлсізденген хәлдерінде, өкшесіндегі жыртықтардан қан тамшылап, достар жылап тұрған еді.

"Руханият ғашықтарының тыңдалуы, демалуы шаршауда; олар үшін қазына машақатта, тыныштық ізденісте".

Бұл жағдайда дәруіштің тамаша тепе-теңдікті бір мінез құлқы ортаға шығаруы керек. Ефлаки аңыздарында, Мевлана үнемі мына ұсыныста болатын:

"Сізге достарыңыздың істеген жамандықтары түсіндіріледі; оларға қайырымды бол және шын ниетіңмен жетпіс рет жорамалда; оларды жорамалдауда және түсіндіруде толығымен әлсізденген уақытыңызда өз-өзіңізге, жамандықты істеген мұның сырын біледі деп ойлаңыз және мәселені жапсаңыз, доссыз қалмайсыз. Қатесіз дос іздеген доссыз қалады".

Дәл осылайша, бүтін дүние заттарынан айну да зор іс. Ақшаның Мевланаға бір тіксіну тудырғаны көрінеді және ол, алған нәрселерін біреуге беруге асығатын. "Ғашықтықтың белгісі" деген ол - ең жақсы бір нәрселер және жақсы көретін нәрселеріңмен бөлісу дейтін.

Мевлана Желаледдин Румидің заманында маңайында жүрген шәкірттер тобы жүйелі бір тариқат болып саналмайтын. Тек, Сұлтан Велед басшылыққа алған кезден бастап, шын тариқат болып құрылды.

Шәкірттерден басқа, теккеде болмаған және чилеге (азап) кірмеген өте көп тариқат достары бар, олардың біразы семаға және месневи дәрістеріне қатысатын.

Сопыларды біріктірген бауырмалдық достық - өлімнен кейін жалғасатын және оның естелігі шәкірттерінің ең мәнсізі үшін де терең бір құрмет ояндырып, көрсетіп өтетін. Мевлананың әкесінің бас аспазшыға, кейін Мевланаға және ең соңы Сұлтан Веледке де ғасырлар бойы жалғасқан құрметтерінің жолдары да осындай. Аңызға қарағанда, отты жағып, дәруіштерге тамақ дайындау үшін керек отынның қалмағанынан, бас аспазшы өзі отқа түсіпті. Бірақ, аяқтары да жанбай кері шыққан екен. Оған "Отты ата" депті. Бүкіл Мевлеви аспазшыларында сол уақыттан осы уақытқа дейін пештерінің үстіне былай деп жазылады:

- "Ей, хазіреті ұлы отшы". Кешкі тамақтан кейін, шам жағылған уақытта, Мевланадан кейін оған мақтау сөздер арнайтын. Кония маңайында табылған оның карапайым мешіті әлі күнге дейін зиярат орны.

Тариқаттың шейхі, жасырын, ешкімге айтпастан халифаны тағайындайтын. Тағайындалған халифаның өмірде болған ескі, шейхтің орнына өтуі мүмкінсіз еді. Мевлана тірі кезінде, Хусамеддин Челебиге теккенің ұйымдастыруы жөнінде өз орнына өту мүмкіндігін берген. Мевлана өлгеннен кейін, бұл мүмкіндік мұрагері болған ұлына берілді.

Мевлевилердің киімдері "сикке" делінген бір киізден жасалған бас киім, "теннуре" деп аталатын жеңсіз, үзын көйлек, "дестегүл" атты жеңі бар костюм, белдеме және жекеттен құрылған бір шапаннан тұрады.

Кониядағы Мевлевилердің алғашқы теккесі, басқалары құрылғаннан кейін, орталыққа айналдырылған. Ол жерде бұрыннан біраз бөлмелер бар болатын. Кейіннен дәруіштер үшін кішкене бөлмелер, сема үшін үлкен бір зал қосылған. Бұл теккеге астана-уль-Хузур, хузуре-пир (бардың бастаушысы, пірдің барлығы) делінген. Екі түрлі текке болады: ең маңыздыларын "астана" дейтін. Халветі істейтіндер мен дәруіштердің дәріс алатын жерлері осы жер. Қалғандары "завие" деп аталатын.

Туркия, Сирия мен Мысырда он астана, Стамбулда бес мевлевихана, жетпіс алты завие бар. Мевлананың астанасын мевлевилер "Валиде-Сұлтан" (Сұлтандардың анасы) дейтін. Ұстазымыздың анасы Қараман завиесін құрған. Айрықша Анадолының барлық қалаларында мевлевиханалар бар болатын. Мевлана заманында тариқат ерікті болатын. Конияда қасиетті орталығы бар болатын. Бірақ, кішкене қалаларда тариқаттың тармақтары немесе теккелер де болатын.

Мевлана халыққа өте жақын еді. Бауырмал, адамгершілік пен кешіріммен қарау сияқты адами қасиеттерді тарихатына негіз етіп алды. Дәруіш топтары ең кішкентай ауылдарға барып, халыққа жәрдем беретін, олармен бірге сема істейтін және кедейлер олардың арқасында жоқшылықтарын ұмытатын. Әйелдер де қоғам үшін жаңа құбылыс болған бұл төренге қатысатын. Әйелдер

теккесі жоқ, бірақ кейбіреулерінің еркек немесе әйел шәкірттері бар еді. Сұлтан Веледтің қызы Шереф Хатун біраз шәкірттерге ие

Арифе Хосмеке атты Кониялы бір әйелдің де таңдаулы еркек шәкірттері болған.

XVI ғасырдан бастап, тариқаттың ерекшелігі ауысты, орталықтандырылды. Ол заманнан кейін, ең маңызды теккелер әмірлер мен шахзадалар тарапынан құрылды. Сазгер, әрі ақын Сұлтан Ш-Селім (XVIII ғ.) Мевлеви ақын Галибке шексіз қайран қалатын және неймен (музыкалық аспап) айтқан көптеген шығармалары да оның еңбегі болатын. Тариқат бұл шақта өзінің өркендеу шегіне жеткен. 1925 жылы Ататүріктің жарлығымен барлық тариқаттар жабылды. Халеп теккесі барлығының орталығы болды. Бүгінгі күні теккелер мұражайға айналдырылған. Мысырда, Кипр мен Ливияда бүгінгі күнге дейін Мевлеви орталықтары бар.

Түрік империясы кең, үлкен бір жерге ие еді. Мевлеви музыкасының, семасының және өлеңдерінің әсерлері Әзірбайжаннан Венаға дейін жетті. Мевлананың немересі Емир Арф Челеби атасының тәрбиесін, жеткен, барған барлық өлкелерде жаюға тырысты. Ғасырлар бойы ең ұзақ өлкелерде теккелер құрылды және бұл жерлерде әр түрлі тілдерге аударылған Мевлеви мен оның түрікше болжамдары оқылатын. Бұл үшін парысша білетін біреудің қажеті де жоқ еді. Басшылар отбасы бұл мевлеви шығармаларынан бір ғанибеттер алатын. Өзі де ақын болған Сиван басшысы Коды Бурханеддин Мевланаға арнап мақтау сөздер жазады. XV-ғасырдан бастап, классикалық түрік әдебиетінен түгелдей айырмашылығы бар бір мистикалық әдебиет пайда болды. Ибрахим мырза, Сұлтан Диван Жусуп Сине Чалы, Арзи ата, Шейх Галиб, Есрар ата, Жаңақалалы Авни мырза сияқты ақындар ақындар бұл әсердің арқасында атақты ақындар болды. XVI-ғасырдан бастап, бұл ақындар мистикалық терминдерін қолдана бастады. Мистикалық музыкалары да, әдебиет сияқты толығымен классикалық еді. Тариқаттың өнер түсінігі сурет және ежелгі хат жазу үлгісі бойынша да, дәл осылайша үлкен бір әсер қалдырды. Кония Мевлана мұражайы бұл тақырыпта ақиқат бір қазына. Месневидің алтын жіппен нақышталып, жазылған алғашқы қол жазуы да осында.

Тариқаттың өте ерекше жағдайларын, біраз да болсын көрсету мақсатымен, тарих жазушысы Ефлакиден алынған кейбір анекдоттарды, айтпасқа болмайды. Ғұламаларға байланысты асыра-сілтеушілікке қарамастан, бұл аңызда сол кезден алынғандығы сезілген және Фиореттидікі сияқты жанды портреттер сызған ерешеліктер де орын алған. (Мевлана 17 жасар кезінде өлген Франчанс д. Ассисемен Мевлана арасында, онсыз да, мейілінше ұқсас ерекшеліктер бар). Бұл ұқсастықты мына мейірімді сөздерден таба аламыз:

Бір күні достарының бірі медресенің қабырғасына шеге қағып жатады. “Бұл бөлме шейхіміз Шемседдинге тиесілі" деді Мевлана. “Ол жерге шеге қағудан қорықпайды ма? Мұны істеуден тартынсын, ол шеге менің жүрегіме қадалып жатқандай".

Негізінде Мевлевилердің атақты семасы қатаң наразылықтарға тап болған, бірақ жалпы адамдарға жайлы келген жағдайларымен қоғамды, ортаны өздеріне қаратқан. Алғашында дүшпаны болып, кейіннен, сема белгісін ойында тасыған қүқықшы шейх Шемседдин Мардинидің де жағдайы былай болған; Ол: "Ант-су ішейін-бүл ыстықтық Аллаға арнап теспих етеді ("Субханааллах" сөзін сөйлеумен Аллаға тағзым ету) және кімде-кім бүл сема арам десе - ол адам өзі арамза. Мевлананың кешірімділігі өте жоғары дәрежеде екендігі соншалық, сема ауласына кіріп, сүйіктісінің жамалын ойлаған бір күні, кенеттен, бір мас адам семаға кіріп, көпшілікті үркітіп, бір жынды сияқты Мевланаға қарай атылады. Ол жердегілер оған жаман нәрселер істейді. Сонда Мевлана: "Шарап ішкен-ол, мас адамның қылығын жасаған сіздер!" деп, оларға ренжіген екен.

Барлық тіршілік иелеріне қарсы терең бір бауырмалдық сезімді түсінетін. "Ағаштарға дейін мені танып, сәлеміме жауап береді" - дейтін. Бір кездері, достары кішкене көлдің жағасында шеңбер құрып отырыпты.

Ефлаки түсіндіретін: "Шейхіміз нұр дариясында ойға шомылып, басқа дүниемен байланысты түсініктерді ауызына алып отырыпты. Кенеттен құрбақалар құрылдай бастайды. Шейхіміз оларға қаһарлы бір дауыспен: "Бұл не шу? Сөйлеу сендерге бұйырған ба жоқ әлде, бізге ме?" деп, айқайлайды. Құрбақалар түгелдей дыбыссыз қалыпты, біреуі де дыбыс шығармаған екен. Шейх орнынан тұрғаннан кейін, көлшіктің жағасына жақындап: "Бұдан кейін болады" дегендей бір ыммен ишара істейді. Сол кезден бастап, барлық жәндіктер қайтадан құрылдай бастапты.

Бір шәкірт мына жағдайды түсіндіретін: Мевлана өзінен мол мөлшерде жейтін нәрселерді алып келіп, ол да бұл сұраған нәрселерді көрсетеді. Мевлана бұлардан бір уыстай алып, дорбасына сальш, ол жерден үзай түседі. Оның не істемек екенін білгісі келген бозбала, оньщ соңынан ереді.

"Оның артынан жәймен жүріп келемін, қираған, быт-шыты шыққан жерге келеді, жерде бір ұрғашы ит жатқанын көрдім.Мевлана барлық алып келген жейтін азығын оған береді. Бұл мейрімділік пен жанашыршылықты көріп, қайран қалдым. Мевлана: "7 күн бұл бейшара хайуан ешнәрсе жемеген, әрі, күшіктерін де тастап кете алмаған. Алла оның ыңырсыған дауысын маған жеткізіп, оны жұбатуды әмір етті" - деп жағдайды түсіндірді.

Тек қана кішкене бір қайрымдылық қана болмай, сол кездегі бүкіл жаратылысқа жолдаған бір қасиетке ишара еткен бұл мысалды көбейту мүмкіндігі бар.

"Барлық дүние тек бір затты ортаға шығарған ұсақтардан (атом) құрылған" дейтін Мевлана Мухаммед пайғамбардың мына хадисінде айтылғаны сияқты; Ұлы Раббым! Үрім-бұтағымды өзің басқар, себебі олар білмейді" Үмбетім сөзінен, менен бір-екі ұсақ түсінігі шығады. Себебі, адал болмағандар бұл ұсақтардың ішінде ойланбаса - бүтіндік сақталмайды.

Ол әрқашанда өте кең мейрімділіктің алды болған. "Фихи Мафиhте: "ізденіс жолдары әртүрлі, бірақ, ізделетін нәрсе-біреу" - дейді. Меккеге баратын жолдардың неше түрлі болғандығын көремісің? Біреуі Византиядан, енді біреуі

Сириядан және осылайша,  басқа жолдар не құрлықтан, немесе теңізден  өтеді. Нәтижесінде, жолығысатын бұл жолдардың қашықтығы әртүрлі, бірақ соңына түскен уақытта, тартыстар мен көзқарас айырмашылықтары таркайды, себебі, көңілдері бірлеседі. Көңілдің бұл толқуы иман да, имансыздық та емес - ғашықтық".

Мевлана басқа діндерге де мейрімділікпен қараған. Тек өз дініндегілермен ғана емес, араларынан табылған христиандар жағынан да жақсы көрілетін. Ол заман осындай мейрімділікке қолайлы уақыт еді. Әркім ешбір негізсіз және тартынбастан шейхтің жанынан табыла алатын. Кішкентай екі баласымен қалған, әйелінің өлімінен кейін, Мевлана, Жевхер Хатун есімді, ислам дінін қабылдаған, Кониялы бір христиан қызына үйленеді. Одан Малика Хатун есімді қызы және Мұзафереддин Амир Алем атты ұлы болған. Мевлана грек тілін жақсы білген және баласы Сұлтан Веледтің грек тілінде жазған еңбектері де бар. ХУІІ-ғасырда Есрар өзін Таурат пен Інжіл тәрбиесіне берген.  Тариқат әр кезде, сенімдеріне құрмет көрсеткен басқа мезхебтердің мүшелерін де өзіне ұқсаған бұл фанаттықтан ұзақ мейрімділік пен өзін ортаға шығарған.

Мевлана ойлау бостандығын қолдайтын және ғалымдардың таяз ақылдылығына және түсіну қабілеттерінің жеткіліксіздігіне еш шыдай алмайтын. Әсіресе, хаттарында және Фиһи Мафиһте тариқаттың демократаялық құрылысыньң және сема төрендерінің сыналғандығы болып табылатын жағдайларда, оны қарсы бағытта көрсеткен жұмыстарының іздері табылады, бірақ халықтың барлығы оған үлкен құрмет көрсетеді. Үлкен қателерге қарсы Кония халқының оған сыйынғандарын білеміз.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің негізгі туындыларының алдыңғы қатарында "Мәснәуи", "Диуаны Кебир", "Фиһи мәфиһ", "Межалиси Себа" және "Мектубат" атты еңбектері аталады. Оның осы жоғарыда аттары аталған еңбектерінде қамтылған ғазелдері мен одалары, рубайаттары, қасидалары, мұхаммастары, мусаддастары, мәснәуилері, ырғақты қарасөздері, монологтары, шағын әңгімелері, нақыл сөздері, күрделі, бірден түсінуге қиын тұғырнамалық ой тұжырымдары, дүниетанымдық толғаныс-тебіреністері, діни-мистикалық пайымдаулары, замандастарының ой-пікірлеріне қарағанда оқ бойы озық тұрған озат ойлары, адамгершілік принциптері мен өмірлік ұстаным-дары терең әлеуметтік-философиялық мәні бар ой-сана жемістеріне толы. Себебі, адами болмыс пен тұрмыс-тіршілік иірімдерінің сарынына ой жүгірткен ақын жаны өз заманындағы қоғамдық өмір, адамдардың арасындағы күрделі қарым-қатыныстар, елеулі оқиғалар мен құбылыстар туралы ой толғамай отыра алмады. Халық, ел-жұрт мүддесін күйттемей жүре алмады. Азаматтық парыз, ар-ождан, ел-жұрт алдындағы жауапкершілік сезімнен көз жұмып, аттап кете алмады. Әділеттілік мәселелері мен биік адамгершілік қадір-қасиеттерді дәріптеп, жырламай тұра алмады. Биік арман, мақсат-мүдде, тілек-талап туралы ойға шомбай отыра алмады. Осылайша нақтылы өмір шындығына, елеулі оқиғалар мен құбылыстарға, олардың сырына, қайшылықты мән-мағыналарына ой жүгіртіп толғану, тебірену Хазіретінің бойында күнделікті күйбең тіршіліктің мәні мен жайына қанығып, оны терең мағыналы көркем де көсем сөзбен қаз-қалпында өрнектей білу қабілетін қалыптастырды. Ішкі

дүниесінде "тылсым сәтті" тудырып, ой оралымдарын төгілтіп тудыра, жыр жолдарын құбылжытып құйдыра берді, құйдыра берді…

**Мәснәуи** – араб сөзі, қазақшалағанда "қосарланған" деген мағынаны білдіреді, араб, парсы, түркі тілді әдебиеттердегі қос тармақты шумақ қолданылатын өлең түрі. Айталық, Фирдоусидің "Шахнамасы", Низамидің "Хамсасы" (Бес дастан) секілді шығармаларында осы үлгі қолданылған. Түркі тілдес жазбаша әдебиеттің алғашқы туындысы Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" атты шығармасы да мәснәуи түріне келеді. Мәснәуи өзара ұйқасып келетін қос тармақты өлең деген мағынада да, осы үлгіде жазылған өлеңнің жанрлық түрі деген мағынада да қолданылады [55].

Дей тұра, Маулана Жалал әд-Дин Румидің осы аттас шығармасы жарық көргелі, Мәснәуи дегенде ең алдымен оның алты бөлімнен (дәптерден) тұратын поэмасы еске түседі.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің "Мәснәуи" атты шығармасы тек Түрік халқының ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі халықтарының дүниетанымына, рухани өмірлерінің барлық салаларына (дін, философия, этика, әдебиет, поэзия) дерлік орасан зор ықпал етіп, адамзат баласының мәдени тұрғыдан өсіп, өркендеу үрдісінде өшпес із қалдырған туынды.

Бұл шығарманың жазылу үрдісі де өзгеше бір құбылыстың, бастамадан туған процесс. Бір күні Маулананың досы, әрі әріптесі, әрі халифасы (хатшысы) Хусамеддин Челеби Хаким Сенай мен Фаридаддин Аттардың еңбектерінің халық арасында үлкен абыройға ие екендігін, әрі олардың еңбектерін қызыға оқитындығын әңгімелеп, Маулананың да сондай тұщымды еңбектер жазуға өте қабілетті екендігін дәлелдеп береді. Оның да жазуын немесе баяндауын өтінеді. Өзінің өз еркімен Маулана баяндауларын хатқа түсіп отыратындығын да ескерте кетеді. Екі алыптың міне осындай келісімінен кейін, Маулана басына ораған сәлдесінен он сегіз бәйіт жазылған өлең жолдарын Хусамеддин Челебиге ұсынады. Осылайша басталған Мәснәуи шумақтары адамдардың жүрегін баурап алып, сезімдерін қытықтайды. Автордың идеялық нысанасы, өзіндік көзқарастық өмір көріністері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі жұрттың көңіл-күйін баурап алып,ой-санасын шарықтатады. Ақын өмір, тыныс-тіршілік, қарым-қатынас, достық, адалдық, әділеттілік, махаббат сезімі туралы жыр төге отырып, объективті шындықты қаз-қалпында суреттейді. Өмір, өлім, тылысым дүние, дүниені жаратушы құдіретті күш, ғарыш, әлем мен адам арасындағы байланыс, Қасиетті кітап Құран сүрелері мен аяттарының мән-мағынасы, Алланың жер бетіндегі бірден бір елшісі әрі қалаулысы ретінде Мұхаммед пайғамбардың құдай аманатын уағыздаушы әрі қорғаушысы, барша адамдарға өрелі өнеге, өрісті үлгі боларлық тұлға екендігі, адамдарға жақсылық жасау құдайға құлшылық етудің ең жоғары пішімі екендігі жайлы толғайды. Қоғам, әлеуметтің тұрмыс-тіршілігі жайлы толғана отырып, өз көңіл-күйін паш етеді. Ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы терең әлеуметтік-философиялық мәселелерді қарапайым тілмен жұртшылық жүрегіне жеткізе біледі. Адамдарды әділетті болуға, жақсылық жасауға, құдайға құлшылық етуге шақырады.

Маулана "Мәснәуи" шумақтарын бір жақа жолаушылап кетіп бара жатқанда жол үстінде де, сема халінде де, тіпті моншада әңгіме-дүкен, сұхбат құрып отырғанда да жазған. Жыр жолдары қандай жағдайда жазылмасын Хусамеддин Челеби оларды қағаз бетіне түсіріп үлгеріп отырған. Дей тұрғанмен "Мәснәуидің" бірінші дәптері жазылып біткеннен соң көп ұзамай Хусамеддин Челебидің әйелі қайтыс болады. Осыған байланысты, қос тармақты шумақ жырларды қағаз бетіне түсіру екі жылға үзіліп қалып, 1264 жылдан бастап қайта жазыла бастайды.

Осылайша шамамен 1260-1267 жылдары аралығында жазылған "Мәснәуи", яғни қос тармақты жыр жолдары алты дәптерден тұратын ірі көркем шығармаға айналады. Қос тармақты шумақтағы бәйіттер шамамен 26000 бәйіттен тұрады. Дей тұра, бәйіттер санын әрқилы авторлар әр түрлі сан көрсеткіштерімен көрсетеді. Мысалы, Радий Фиш Мәскеу қаласындағы "Ғылым" баспасының Шығыс әдебиеті бас баспасынан 1987 жылы жарық көрген "Джалаладдин Руми" (үшінші басылымы) атты еңбегінде "Мәснәуиде" ("Қос тармақты шумақтарда") шамамен 31000-нан астам бәйіт бар десе [56], Амил Челебиоглы шығарған Маулана Жалал әд-Дин Румидің "Мәснәуиінде" 25904, Абдулбақи Гөлпынарлы шығарған осындай жинақта 25669, Велед Избудак шығарған еңбекте 24912 бәйіт саны көрсетілген. Ал, Туркияда жарық көрген ең ескі "Мәснәуи" нұсқасында 25618 бәйіт бар.

Маулананың Мәснәуиі терең әлеуметтік-философиялық мәні бар тыныс-тіршілік, өмір көріністері, өз халқына тән өмір салты мен мінез-құлық өзгешеліктері, бүкіл адамзатқа тән әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді сөз ету, адамның адамға үлгі болуы, шынайы ғашықтық, сүйіспеншілік, туралық, жомарттық, еңбек ету, кішіпейілділік, сабырлылық, жақсылық, басқалардың да жақсылық жасауын қалау, тура әділ сөзді болу, адал ризық жеу, Хаққа шүкір ету және құдайға құлшылық ету сияқты адамның күнделікті қарапайым өміріне тән пендешілік құбылыстарды баяндайтын тәрбиелік мәні бар жыр жолдарына, ой маржандарына толы. Оқырмандарын әсерлендіру үшін кейбір бәйіттерде хикаялар баяндалған. Дей тұрғанмен Мәснәуидің қайнары – Құран Кәрім және Хадистер болып саналады. Осыған байланысты шығармадағы әр хикаяның  белгілі бір аятты, немесе белгілі бір хадисті түсіндіру үшін баяндалғандығын байқауға болады. Сондықтан да болар Маулананың Мәснәуиі Құран Кәрімнің тәпсірі саналып, "Маңз-ы құран" (Құранның негізі) деген атпен де көпшілікке, негізінен мұсылмандық Шығыс халқына танымал.

Мәснәуиде тәпсір хадиспен қоса фикһ, кәлам, тасаууф, тарих, медицина сияқты ғылым салаларына да қатысты баяндаулармен қатар сол заманғы салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды дәріп-теулерде көп орын алған. Еңбектегі негізгі хикаялар халық ертегілерінен, мысалы "Халила мен Димнадан", Фаридуддин Аттардың "Есар намысы" мен "Иллахи намасынан", Салебидің "Қысасул Әнбиясынан", Ғазалидің "Ихнау Улумуддиніенен", Шемстің "Мақалатынан" алынған. Сонымен бірге, еңбектегі кейбір хикаялар халық ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған. Сондықтан Жалал әд-Дин Румидің еңбектерінің шынайы халықтық мәнін түсіну үшін сол замандағы тарихи жағдайлар мен елеулі оқиғалар, ел жағдайы, тұрмыс-тіршілік іздері, шығыстық мұсылман елдеріндегі ислам дінінің орны мен рөлі, халықтар мен бірінен соң екіншісі жиі-

жиі ауысып жатқан патшалар тарихы, халықаралық және ұлысаралық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық, сауда-саттық, ауыс-беріс, рухани дүние, т.с.с. баян етілген әдеби және тарихи шығармалармен де танысып, сол заманның тыныс тіршілігінен сусындап отырған дұрыс. Онсыз Жалал әд-Дин Румидің еңбектерінің ақиқатты шаншыл халықтық мәніне, әлеуметтік-философиялық астарына ой бойлату өте қиын. Дей тұра, Маулана Жалал әд-Дин Румидің творчестволық-шығармашылық ой-арманы, рухани дүниесі жан-жақты талданып, сараланған, түсіндірмелер жазылған еңбектер де баршылық. Тіпті Маулананың Мәснәуиін жан-жақты әрі терең зерттеу мақсатымен арнайы ұйымдастырылған ғылыми-зерттеу орталықтары да бар. Мысалы, сондай орталықтардың бірі "Дару-л-Мәснәуи" деп аталады. Оның үстіне ақиқаттан аспаған жөн, Маулана Жалал әд-Дин Румидің "Мәснәуиі" әлем халықтары тілдеріне ең көп аударылған бағалы шығармашылық туындылардың алдыңғы қатарынан орын ала білген кесек туынды еңбек.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің келесі бір еңбегі **Диуаны Кебир.**

Диуан-классикалық түркі тілдес поэзияда қолжазба күйінде келетін жинақ. Бір немесе бірнеше автордың шығармаларын қамтиды. Диуандағы шығармалар жанр бойынша алфавиттік тәртіппен орналасады. Диуанға негізінен көлемі шағын көркем шығармалар-ғазелдер, сонымен бірге қасидалар, мухаммастар, муссадастар (алтытармақ), Мусаббалар (жетітармақ), қыталар (үзінділер) рубай, мәснәуилер кіреді. Дей тұра, Жалал әд-Дин Румидің "Диуаны Кебирі", аты-ақ айтып тұрғандай, олардан жоғары тұрған еңбек. Себебі оған ендірілген өлеңдер ұйқасына, яғни "бахирлеріне" қарай арабтық алфавиттік тәртіппен орналастырылған. Осындай ретпен жинаққа жиырма бір диуан кіргізілген. Диуаны Кебир Маулананың қасида, ғазел, рубай және де басқа өлең жанрлары түрінде жинақталған шығармалар жинақтамасы. Бұл жинақта Жалал әд-Дин Румидің ішкі жан дүниесі мен көңіл-күйі баяндалған шығармалары қамтылған. Мұнда өмір шындығы, ақынның әртүрлі құбылыстарды, жәй жағдайларды қалай сезініп бейнелейтіндігі тұрғысымен ерекшеленеді. Образдық-сезімділік тұрғысынан әлемді суреттеу, адамның ішкі жан дүниесіне үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және оның қияли ырғақпен ішкі сезім дүниесін қытымылай суреттеуі, уайым-қайғы, көңіл-күй әсері, күйбең тіршілік иірімдері, кейде ғашықтық әуендер ақынның көркемдік ойлау қабілетінің өте жоғарылығын, өлең жолдарының әлеуметтік-философиялық тұрғыдан өте тереңдігін білдіреді. Дей тұра, жинақтағы ғазелдер негізінен ақынның Аллаға сүйіспеншілік, достарына көңілінің адалдығын білдіреді. Айталық, жинаққа енген ғазелдердің кейбірі Салахаддин Зеркубиге, Хусамеддин Челебиге арналса, қайсы біреулері Шемеседдин Тебризиге бағышталған. Сондықтан да болар, бұл еңбекті өз заманында "Диуаны Шемес-і Тебризи", немес "Диуаны Шемс-ул-Хақайық" деп те атаған.

Жалал әд-Дин Румидің "Диуаны Кебирін" Р.А. Николсон ағылшын, Митхат Бахари Бәйтур мен Абдулбақи Гөлпынарлы түрік тіліне аударған. "Диуаны Кебирдің" түрік тіліне аударылған нұсқасы "Диуаны Рубанияйі" деген атпен түрік тілінде бірнеше рет жеке кітап түрінде жарияланған. Бүкіл, яғни, Жалал әд-Дин Румидің "Диуаны Кебиріне" енген 1765 рубайдың барлығын түрік тіліне Абдулбақи Гөлпынарлы аударып бастырған.

**Фиһи мәфиһ** атауы қазақшалағанда "Оның ішіндегісі ішінде", немесе "Ішінде ішіндегілері бар" деген мағыналарды білдіреді. Бұл жинақ Маулана кеңестерінде, онымен сұхбаттасу барысында муридтері тарапынан, олардың ішінде туған ұлы Сұлтан Веледте бар, қағазға түсіріліп, жинақталған уағыз-кеңестерден құралған. Алпыс бір бөлімнен тұратын "Фиһи мәфиһте" Маулананың сопылық дүниетанымы, Алла туралы ойлары, оның ұлылығын дәріптеуі, өзінің шарасыз және дүниеде өткінші өмір суретін болмыс екендігін саналы түрде ұғынуы, дүние мен ахірет, Хазреті Пайғамбардың пайғамбарлығының ұлылығын бағымдауы, шариғат, тарихат, хақихат жайын түсіндірулері, мүршид пен мурид, жәннәт пен жәһәннан, адам мен дін, иман, сүйіспеншілік, ғашықтық, қалау, ғайып айнасы, тәубаға келу, риязат, жетпіс мақам, ғайып әлемі, көңіл әлемі, мухиба, мираж түні, фарза, уәжіпа, адаб, сема және ғибадат, т.с.с. діни-философиялық ұғым-түсініктерге, олардың мән-мағыналарына түсініктемелер берілген. Бұл еңбекті парсы тілінен түрік тіліне Мелиха Абдаржыоғлу аударған.

**Межалиси Себа** атты жинақ Маулана Жалал әд-Дин Руми өткізген жеті уағыздан тұрады. Жинақта әрбір уағыз жеке-жеке белгілі бір ақыл-кеңес, насихат түрінде берілген. Әрбір уағызда белгілі бір хадистің мазмұны сараланып, оның мән-мағынасы көпшілікке түсінікті болуы үшін күнделікті өмір көріністерінен мысалдар келтіріле, немесе аңыз-әңгімелер мен хикаяларда баяндалатын қызықты оқиғалар желісі негізге алына отырылып түсіндірілген.

Келесі бір келелі еңбегі саналатын **Мектубатта** Маулана Жалал әд-Дин Румидің билік басындағыларға, балаларына, достарына, шәкірттеріне және басқа да адамдарға жазған хаттары топтастырылған. Жинаққа барлығы 147 хат ендірілген. Маулана өзінің хат, хабарлама түріндегі жолдауларын көбіне көп аят, хадис, хикая және өлең түрінде жазған. Мауланананың хаттары негізінен үш топқа бөлініп қарастырылады. Бірінші топқа билік басындағылардан кедей-кепшікке, жарлы-жақабайлыларға қайырымды істер істеуге шақырған хаттар жатқызылса, екіншісіне жоқшылыққа ұшыраған жандарға көмектесу сұралған хаттар тобы, ал үшіншісіне рухани қажеттіліктерді өтеу жолдарын сұрағандарға жауап берілген хаттар тобы жатады.

Тарауды қорытындылай келіп түйген ойымыз:

1. Жалал әд-Дин Руми шығармаларын негізінен парсы тілінде жазған. Мұның себебі Жалал әд-Дин Руми өмір сүрген XII ғасырда Анадолыда жазу, негізінен парсы және араб тілдерінде жүргізілген. Сондықтан да болар, ирандықтардың да, өзге халықтардың да Жалал әд-Дин Румиді парсылық деп есептеулері. Алайда, ақиқат шындығында, Жалал әд-Дин Руми анасы жағынан да, әрі әкесі жағынан да тектіліктерімен аттары аңызға айналған ақсүйек Түрік жанұясына жатады. Анасы, Белх Әмірі Руннеддиннің қызы Мумине Хатун. Әжесі, Хорасан Сұлтаны Жалаледдин Хорезмшахтың қызы Мелике-и Джихан Еметуллах Сұлтан, атасы ірі ғалым Ахмет Хатибиұлы Жалаледдин Хусейн Хатиби, әкесі өз заманында Сұлтан-ул Улема – "білімділердің сұлтаны" лақап есімін иеленген өте ірі дінтанушы ғалым Мұхаммед Бахаеддин Велед.

2. Жалал әд-Дин Руми ислам діні аясында пайда болып, дамып қалыптасқан суфизмнің ең көрнекті өкілі.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің негізгі туындыларының алдыңғы қатарында "Мәснәуи", "Диуаны Кебир", "Фиһи мәфиһ", "Межалиси Себа" және "Мектубат" атты еңбектері аталады. Оның осы жоғарыда аттары аталған еңбектерінде қамтылған ғазелдері мен одалары, рубаяттары, қасидалары, мұхаммастары, мусаддастары, мәснәуилері, ырғақты қарасөздері, монологтары, шағын әңгімелері, нақыл сөздері, күрделі, бірден түсінуге қиын тұғырнамалық ой тұжырымдары, дүниетанымдық толғаныс-тебіреністері, діни-мистикалық пайымдаулары, замандастарының ой-пікірлеріне қарағанда оқ бойы озық тұрған озат ойлары, адамгершілік принциптері мен өмірлік ұстанымдары терең әлеуметтік-философиялық мәні бар ой-сана жемістеріне толы. Себебі, адами болмыс пен тұрмыс-тіршілік иірімдерінің сарынына ой жүгірткен ақын жаны өз заманындағы қоғамдық өмір, адамдардың арасындағы күрделі қарым-қатыныстар, елеулі оқиғалар мен құбылыстар туралы ой толғамай отыра алмады. Халық, ел-жұрт мүддесін күйттемей жүре алмады. Азаматтық парыз, ар-ождан, ел-жұрт алдындағы жауапкершілік сезімнен көз жұмып, аттап кете алмады. Әділеттілік мәселелері мен биік адамгершілік қадір-қасиеттерді дәріптеп, жырламай тұра алмады. Биік арман, мақсат-мүдде, тілек-талап туралы ойға шомбай отыра алмады. Осылайша нақтылы өмір шындығына, елеулі оқиғалар мен құбылыстарға, олардың сырына, қайшылықты мән-мағыналарына ой жүгіртіп толғану, тебірену Хазіретінің бойында күнделікті күйбең тіршіліктің мәні мен жайына қанығып, оны терең мағыналы көркем де көсем сөзбен қаз-қалпында өрнектей білу қабілетін қалыптастырды. Ішкі дүниесінде "тылсым сәтті" тудырып, ой оралымдарын төгілтіп тудыра, жыр жолдарын құбылжытып құйдыра берді, құйдыра берді…

Осыған орай, Жалал әд-Дин Руми шығармашылығының өзекті арқауы – жан-жаққа күн нұрымен шағылыса шашыраған мөп-мөлдір су тамшыларындай адамның ішкі сезім дүниесін баурап алып, көңілді тояттататын терең мәнді діни және әлеуметтік-философиялық сарынның мазмұны мен адамзат ақыл-ойы жемісі құндылықтар дүниесінде алатын орнын, рөлін бағымдау зерттеуіміздің келесі тарауында қолға алынады.

## 2 ЖАЛАЛ ӘД-ДИН РУМИДІҢ ДІНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-САНАСЫ

### 2.1 Жалал әд-Дин Румидің адамның мәні, тұрмыс-тіршілігі және әдептік бейнесі жайлы ұғым-түсініктері

Жалал әд-Дин Руми адам мәселелерін жан-жақты зерттеген, оның жаратылысы, болмысы, тұрмыс-тіршілігі және адамгершілік қадір-қасиеттері туралы көптеген тұщымды ой-пікірлер қалдырған ғұлама. Ол адамның жаратылысы туралы айта келіп, оның материалдық (биологиялық) және әлеуметтік-рухани жақтарын салыстырады, адам үшін пайдалы және зиянды нәрселерді тізбектейді. Маулана, адамды ең ірі ғарыш, әлем ретінде суреттейді. Сондықтан, – деп есептейді ол, – адам өзін қарапайым, жәй мақұлық ретінде сезінбеуі керек, керісінше үнемі өзін саналы жан ретінде санап, өзінің

жаратылысына назар аударуы керек. Өйткені, адам жаратушы Алланың жердегі бірден-бір саналы өкілі [57]. Әрине, Маулана, өзінің осы бір терең мағыналы ой тұжырымымен адамдарды бір қалыптан шыққан деп емес, керісінше, оның әрқайсысының өзіне тән мінез-құлқы, ерік-жігері, қабілеті және құштарлығы бар жеке тұлға деп есептейді.

Адамдардың осынау жеке тұлғалық қасиеттерін айқынырақ көрсету үшін, ол адам жаратылысының, болмысының қалыптасып, даму заңдылықтарына назар аударады. Бұл пікірлеріміздің дәлелі ретінде Жалал әд-Дин Румидің "Мәснәуиінен" бір мысал келтіре кетелік.

Ұшы-қиыры жоқ әлемге көз жүгіртейік: Өзіміз ішінде өмір сүрген осы дүние, бұл әлемнің миллиардынан бір бөлшегі. Адам баласы болса, дүниенің көлеміне қарағанда бір тозаң түйіріндей-ақ. Жаратылысы бойынша нашар бола тұра бүкіл әлемнің ең құрметтісі, ең ұлысы. Адам баласынан басқа ешбір жаратылыс, бұл дәрежеге жетпеген.

Бұншалық ұлы дәреже және зор құрметке ие болған адамзаттың соншалық міндетті жауапкершілігі де бар.

Сондықтан әрбір ақыл иесі болған адам баласы:

Қайдан келгенін,

Не үшін келгенін,

Қайда баратындығын ойлануға міндетті.

Ал, енді кезек, бұларды кім жасады, кім жаратты? – деген сұраққа келіп тіреледі.

Тағыда жаратылыс әлеміне көз жіберелік:

Әлемде бар болған әр нәрсе екі бөлікке айырылады:

а) Жәндіктер; ә) Жансыздар.

Жәндіктер: Адамдар, хайуандар және өсімдіктер.

Жансыздар: Бұлардың тысындағылар.

Бірінші бөлімдегі жәндіктердің ең үстемі: Адамзат. Адам баласы ақыл үстемдігімен хайуандарды, өсімдіктерді, сондай-ақ материалдарды меңгеруде.

Көкте ұшады, теңіздің түбіне сүңгиді, ең нәзік аспаптарды жасайды, оны істетеді, сезім және ақыл арқылы жаратылыстардың недәуір көбірегін меңгере алумен үстемдігін мойындатады.

Мұншалық үстемдігі бола тұра, күллі адам баласы жиылып, бір құм түйірін жоқтан бар етуге қаншалық еңбек етсе де қолдарынан келмейді. Өйткені бүкіл

әлемді, бұл әлемнен болмаған, сондай-ақ бұл әлемге ұқсамаған Алла тағала жаратқан. Сондықтан да болар адамзат баласы өз қалауларының да, өз арман-тілектері мен іс-жоспарларының өз қалаулары бойынша орындала қоймайтындығын, өздерінің тағдырлары да, іс-әрекеттері мен арман-тілектерінің орындалуы, немесе орындалмауы да бір Алла тағаланың құзырында екендігін сезінеді. Міне, сондықтан бүкіл мұсылман қауымы:

1- Алладан басқа құлшылық етілетін тәңірдің жоқтығына;

2- Мұхаммедтің Алла тарапынан бүкіл адам баласына жіберілген (пайғамбар) екендігіне сенеді, мойындайды.

Құрани ғылымдардың арасында тәпсір (түсіндірме) ғылымы ерекше орын алады. Құранды тәпсірлеу, яғни құран мазмұнын жан-жақты саралап, түсіндіру үрдісі Құран көктен түсірілген сәттен күні бүгінге дейін дамып, жетілу үстінде.

Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде Құран сүрелері негізінен жатқа айтылып таратылған. Және де көпшілікке түсінікті қарапайым ұғым-түсініктермен түсіндіріле бастаған. Алланың аманатын бұқара көпшілікке алғашқы жеткізуші әрі түсіндіруші адам – Мұхаммед пайғамбардың өзі болған. Пайғамбар бұл дүниеден озғаннан кейін осы міндетті Әли ибн Әбутәліп атқарды. Әли өзінің "Нахдж әл балаға” атты кітабында Құран кәрімнің сөзбе-сөз және мағыналы мазмұнына талдау жасап, түсініктеме берді. Осы сияқты өз заманының ойлау қабілеттеріне сай ислам дінінің мәнін түсіндіруші дінтанытушылардың барлығы дерлік Құранның даналығын түсіндіру үшін тәпсірлер жазған. Маулана Жалал әд-Дин Румидің де бүкіл шығармашылық іс-әрекеті өз замандастарына ислам діні мен оның басты кітабы – Құран кәрімнің мән-мағынасын түсіндірулерге арналған. Сондықтан да болар, Маулана Жалал әд-Дин Румидің "Мәснәуиін” замандастары парсы тілінде жазылған "Құран” деп те мадақтаған [58]. Себебі, "Мәснәуи” – “жасырын мән хақындағы дастан” ғазелдері, қостағандары мен басқа түрдегі тармақтары түгелдей дерлік тәңірге деген шексіз сүйіспеншілік пен мистикалық мадаққа арналған. Мауланaның өзі де Құран кәрімнен 760 рет үзінді келтіретін Мәснәуиін шын мәнінде Құранның құпия мәнін ашады деп есептеген. Дастан ешқандай алдын-ала әзірленген жоспарсыз, шабыт үстінде туған, оның бірыңғай мазмұндық желісі де жоқ. Шындығында бір келкі мазмұндық байланыстық шарттар бойынша құрастырылған Маулана Жалал әд-Дин Румидің толып жатқан өлеңдері, рубаяттары, ұйқасты қара сөздері, хикаяттары мен нақыл сөздері дастанның негізгі мағыналық жүгін көтеріп тұр. Олар кейде бүркемеленіп, таза мистикалық тұрғыда берілген, кейде моральдық-этиаклық ережелерді түсіндірудің құралына айналған. Қысқа қайырғанда, дастан Құран хадистері мен хикаяларына негізделген діни-мистикалық мысалдардан, әңгімелер мен оқиғаларды баяндаулардан тұрады. Сонымен бірге дастанда тарих, әдебиет, шариғат, салт-сана, әдет-ғұрып, тазалық, әділдік, нәпсі құмарлыққа қарсылық мәселелері көтерілуімен қатар, қарарсыздықты, дандайсушылдықты, арсыздықты, ұятсыздықты, өтірікшілдікті, айлакерлікті, кекшілдікті, аманатқа қиянат етуді, ызақорлықты, күншілдікті, т.с.с. басқа да нәрселерді ауыздықтау жолдары көрсетілген. Шығарманың аса бай ой маржандарына толы, сезімді ерекше баурап алатын әуезді, ырғақты әрі шаттық мадағы мол  көркем мазмұны мәні терең діни және әлеуметтік-философиялық

сарынға бай, құнарлы. Сезімді қытықтайды. Сондықтанда болар Жалал әд-Дин Румидің бұл шығармасын оқыған үстіне оқи бергің, ұлағатты пайымдауларын көңілге тоқыған үстіне, тоқи бергің келеді. Жалпы Жалал әд-Дин Руми эклектикалық дүниетанымды ұстанған. Оның пікірінше адам санасы Мәнді тани алмайды, бірақ оның мистикалық атрибуттарын түйсіну, сезіну – шексіз сүю арқылы тануға болады. Шеңбер бойымен айналып отыратын үздіксіз, біртұтас және мәңгілік құбылыс, бірде құлдилап, бірде өрлеп отыратын құбылыс болып табылады. Бұл қозғалыс органикалық және органикалық емес әлемде де, абсолюттік жан әлемінде де барлық құбылыстарды қамтиды. Осы шеңбер бойымен қозғала отырып зат та өзгереді, тіпті өзіне қарама-қарсы нәрсеге айналып кетуі де мүмкін, тәңірі жаратқан адам - өзінің индивидуалдық жанымен бірге жасалған абсолюттік жанның субстанциялық сапаларының бір бөлігін - қабылдайды. Адамның әруақытта тәңірмен қосылу жолдарын тынбай іздейтіні де міне сондықтан. Дей тұрғанмен  Жалал әд-Дин Руми ешуақытта да пантейст болған емес. Ол өз көзқарастарында үнемі мистика мен мұсылмандық дін ілімі арасында аралық бағыт ұстауға ұмтылды. Маулана Жалал әд-Дин Руми әрбір суфий діни өсиеттерді (намаз, ораза, зікір салу, т.б.) міндетті түрде орындауы керек деп есептеді. Сонымен қатар ол музыка тыңдап, ән салуға, сондай-ақ көпшілік жиындарда би билеуге айрықша мән берді, бұл көрер көзге шариғат заңдарына қайшы болып көрінді. Сонда да болса ақиқатын айтқан жөн, Жалал әд-Дин Руми мұсылмандық ілімнен өз бойына тоқыған білімін іс жүзіндегі сопылықпен ұштастыра білді. Оның ұғым-түсінігінше Тәңіріні тану, оны бір көруге аңсар ауып, шариғат қағидаларын орындау үстінде оған жуықтауға мүмкіндік тудыратын ислам дінінің ішкі, жүрекке жағымды жағын меңгеру исламды қасаң, қатып-семген діни қағидалардың жиынтығы түрінде емес, керісінше жүрек пен рух әлеміне күш-қуат беретін, жан сезімін тебірентетін мистикалық ой ағыстарының қайнар бастауы ретінде қабылдауға септігін тигізеді. Оның түсіндіруінше тақуа адамның негізгі міндеті құдаймен ішкі байланысқа түсу, онымен ұдайы сұхбаттасып, дидарласу. Сондықтан, ол үнемі Құдайға жетер жолдың жаңа нысандары мен амалдарын іздестіріп, оған жетер жолды іздеуі, көңіл қалауын қанағаттандыруы керек. Сондықтан оның діни нанымының кешеніне Аллаға мадақ арнап, ғибадат ету, оның сөздерін еске алып, ораза тұту, бес мезгіл намаз оқу, зекет беру, қажылыққа бару, зікір салу, т.б. рәсімдер кіреді [59]. Мауланaның түсінігінше, Құдайдың барлығына иланбаған адам надан. Құдайсыз (махаббатсыз, үмітсіз, нанымсыз) адам хайуан. Оның бойына рух қонбаған. Рух “жан” атауының баламасы. Жалал әд-Дин Румидің түсіндіруінше Тірі нәрсе үш түрден тұрады: а)өсімдіктерден; ә)жануарлардан; және ең жоғары ақыл иесі – адамдардан (жандардан).

Адам денесінің өзі екі бөліктен: оның ең жоғары бөлігі  “жан дүниесінен”, яғни “рухтан”; ал қалған бөлігі “жәй жаннан” (нафстан) құралған. Міне, құдайдың барлығына сенбеген жан осы “жәй жанның” иесі, оның жануарлардан ешқандай да айырмашылығы жоқ. Рухани негізі жоқ жан өмірде өзіндік бағыт-бағдары, алдына қойған нақты мақсаты мен айқын мағынасы жоқ сағымға пара-пар; рухсыз адам қараңғыда карманып, абдырып жүріп, өмірдің мәніне бойлай алмайды. Адам ерте ме, кеш пе, әйтеуір “өмірдің мәні мен мақсаты неде?”– деген сұраққа жауап іздейді. Бұл сауал адамның жанын қинап, оның бұдан былайғы өмірінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл сауалға жауап іздеу оның торығуының, үмітсіздігінің, жалғыздығының, қаны мен дертінің азапты рухына

бастау болады. Сондықтан Құран Кәрімнің құдайсыз адамның әрекетін сағым қуып адасушылыққа немесе тас қараңғыда түнектен шығар жол іздеген далбасаға теңеуі тегін емес. Ал, бұл дүниенің мақсаты мен мәні, оның нұры Құдайға сену арқылы танылып, талданады. Сондықтан Құдайға сену, әсіресе, жоғары ой-санаға (болмыстың бастауы мен ақырына) сену тақуа діншілдіктің шартты өлшемі болып табылады. Жаратушыға сену он сегіз мың ғаламның иесіне, сондай-ақ құдіретті күштерге (құдайдың жарылқайтынына, пайғамбарлыққа, періштелердің желеп-жебеуіне, бақилық ғұмырға, жаратушының мейіріміне) сенуді қалайды. Сонымен бірге,– дейді ойын одан әрі жалғастырған Жалал әд-Дин Руми, – Құран кәрім танып-білу үшін сезім мен тәжірибеге қоса “жүректің” қажеттігі туралы айтады. “Ананың құрсағынан Алла тағала сендерді ештеңе сезбейтін (нәресте) қалпында шығарды, құлақ, көз, жүрек берді (сол арқылы жетілдіңдер), мүмкін бұған шүкіршілік етерсіңдер?” (Наһыл сүресі, 78-аят).

Құранда жазылуынша, бұл құралды – жүректі қадірлемеу адамның хайуандар деңгейіне құлдырауына себеп болады. “... Жүректі болғанмен ондайлар шындықты түсінбейді, көздері болғанымен, ештеңені көрмейді. Оларда құлақта бар, бірақ онысымен естімейді. Олар хайуан сияқты, тіпті, одан өткен адасушы. Ал осылар нағыз құр қалғандар” (Әғраф сүресі, 179-аят).

Құран кәрім пайымның, танымның, ақыл-ойдың рөлі туралы айта келіп, бізлерден сезімдер әлемін аттап өтіп, олардан биік тұруды талап етеді. Дүние мен адамның мәніне терең бойлай отырып, хас ақиқатқа жетуге үндейді. Көзқарас, бақылау мен пайымдау төмендегідей факторлық қалыптардың мән-мағынасын түсініп-ұғынуды талап етеді. Олар мыналар: 1) Ғайып, ғарыш, табиғат әлемінің мәнін біліп, ұғынуға ұмтылу: “Зерделі жандар тұрса да, отырса да (қашан болса да) Алла тағаланы ұмытпайды, аспан мен жердің жаратылысына ой жібереді” (Ғимран сүресі, 191-аят); 2) Адам болмысына, қоғамдық құбылыстар мен үрдістерге, тарихқа көзқарас: “(Мүмкін) естерін жинар, сен осы хикаяны оқып бер” (Әғраф сүресі, 176-аят); 3) Құдай әміріне және оның мәніне көзқарас: “Құран туралы олар ойламайды дейсіз бе? (ойлайды). Бірақ олардың жүректерінде құлып бар” (Мұхаммед сүресі, 24-аят) [60].

Маулана Жалал әд-Дин Румидің терең философиялық мәні бар ой тұжырымдарына толы шығармашылығында адам өмірінің мәнін, әртүрлі діни нанымдарды ұстаушы әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара сыйластық пен өзара түсіністік, бірін-бірі құрмет тұтушылық сезімдерді, әдептілік пен ахлақтың мән-мағаналарын түсіндірулерге зор назар аударылған. Адамның ішкі рухани, жан дүниесін сипаттауларға, адамгершілік, рух тәрбиесіне, ғибадат ету түрлерін көрсетулерге, Алланың мәнін танып, білуге, иман келтіруге, т.с.с. көп көңіл бөлінген. Әрі бұл түсіндірулердің бәрі дерлік Құран сүрелері мен аяттарына сілтеме жасала отырылып, тұжырымдалған.

Маулана Жалал әд-Дин Румидің түсіндіруінше, Құран кәрімде Адамның жаратылу тарихы былайша мазмұндалған: Алла тағала Жәбірейілге: “Жерден барып бір уыс топырақ алып кел”, – деп бұйырды. Жәбірейіл Алла тағаланың бұйрығын орындауға кірісті. Бірақ топырақ Алла тағаланың бұл шешіміне іштей

наразы еді. Сондықтан топыраққа тіл бітіп, ол былай деді: “Менен жаратылатын адам біреулерге пайдалы, ал басқа біреулерге зиянды істер жасауы, қауып-қатерлер тудыруы мүмкін. Алла тағаланың ризалығы болсын! Менен топырақ алмашы”. Осыны естіген Жәбірейіл өзіне тапсырылған бұйрықты орындай алмады. Бұдан кейін Алла тағала адам денесін сомдау үшін қажетті топырақты алып келу үшін Микәйіл мен Ісрафилді жіберді. Бірақ олар да жерден бір шөкім саз үзіп алып келе алмайды. Алла тағаланың бұл тапсырмасын Әзірейіл ғана орындай алады. Осы қаталдығы үшін ол Алла тағаланың бұйрығымен жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Оған басқа періштелер бағынған. Бірде Әзірейіл Алла тағалаға төмендегідей нияз білдіреді: “Уа, жаратушы! Адамдар өз жандарынан айрылғысы келмей, маған көп қарсылық көрсетеді. Дұшпан көзбен қарайды. Адамның жаны шығар кезде оның мойнын қыссам, қарсылық көрсетеді.” Сонда Алла тағала: “Мен безгек, бұлшық ет ауруларын, басқалайда нақты себептерді жіберемін, сонда олардың назары саған аумайды, олар өздерінің ауыру себептерін осындай аурулар мен себеп-салдарларынан іздейді” деген екен.

Осы ойын одан әрі жалғастырған  Жалал әд-Дин Руми өзіне “Сонда адам тек қана саз балшықтан жасалған жан ғана ма?” деген сұрақ қояды да бұл сұрақтың жауабын былай түсіндіреді: - Жоқ. Адам тек саз балшықтан ғана жаратылмаған. Балшыққа Хақтың нұры араластырылған. Басқаша айтқанда, саз балшықтан мүсінделген адамның түр-тұлғасы жасалып біткеннен соң, оған жан бітірілген (Хадж сүресі, 5-аят). Одан әрі адам өзінің табиғи дамуының барысында топ жарып, озып шығып, тіпті Құдайдың әмірімен періштелердің өздері табынатындай тіршілік иесіне айналды, оған дүниенің рухани күштерінің бәрі бағынатын болды. Сондықтан, адам өзінің жаратушысы Құдайды ұмытып кетпеуі үшін, адамның бойындағы ұмытшақтықты түбегейлі жою үшін құдайдың аманаты ең алдымен адамға бағышталады. Ал, пайғамбарлардың бір міндеті – адамдарға құдай туралы қаперлей айтып отыру, Құран кәрімнің өзі қаперлеу, ұдайы еске салу кітабы болып табылады.

Жоғарыдағы пайымдауларын қорытындылай келіп Маулана Жалал әд-Дин Руми мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда, адамның кейбір ерекшеліктері мынадай сипаттамалық қасиеттерден тұрады деп есептейді:

Ол, яки, адам – “құдайдың жер бетіндегі елшісі” (Бақара сүресі, 30-аят). Жер бетіне Құдайдың елшісі болып келгендігінің дәлелі – ол билік тізгінін ұстап, әлемді өзгерте алатындығы. Осы тұрғыдан алғанда, өзгелерден гөрі адам Құдайға көбірек ұқсайды;

Жаратар кезінде “құдай өз рухын адамның жансыз денесіне үрлеп кіргізді” (Бақара сүресі, 73-аят). Оның жаратылысы Хақ құдіретінің күші, сондықтан ол ұдайы оған (құдайға) құлшынып, оны көруге, онымен дидарласуға аңсары ауып тұрады;

Оның (адамның) табиғаты таза әрі құдіретті, оның пейілі Құдай жағына ауған (Рум сүресі, 30-аят);

Ол “Құдіреттің құпиясын сақтаушы” (Ахзаб сүресі, 72-өлең). Бұл құпия ақыл-ойдан, ерік-жігерден, таңдап-талғаудан тұрады, соның нәтижесінде жауапкершілік сезімі пайда болады;

Адам ерікті және еркін пенде. Басқаша айтқанда, ол күнә жасай алады, не Алланың әміріне бағынады;

Таза табиғатына, пейілі Құдай жаққа ауғанына қарамастан, оның көрсеқызарлық, іштарлық, сараңдық, қанқұмарлық, ұятсыздық, бүлікшілдік, т.б. сияқты жағымсыз қасиеттері бар. Нақ осы себепке орай адам екідай қасиеті бар әрі ерік-жігері мен таңдап-талғауды қатар иеленген пенде болып саналады (Мағарыж сүресі, 19-35-аяттар және Һуд сүресі, 9-11-аяттар);

Оның құзырлы міндеті өзгертуге болмайтындай алдын ала белгіленіп қойған емес, керісінше адамның бақыты мен соры өз еркіне, ерікті мінез-құлқына, іс-қарекетіне байланысты болады. Ислам адамның ерік-қалауын тұншықтыратын құзырлы міндетті ешқашанда мойындамайды;

Адамның өзінің күш-дәрменін сарп етуінің түпкі мақсаты өзін-өзі құтқаруға саяды (Әнкабут сүресі, 14-аят). Бірақ ол бұл мақсатына өзін-өзі жетілдіріп, түзей алса, нәпсісін тиып, қайырымды іс жасап жүрсе ғана жетеді (Харш сүресі, 9-аят);

Адам “құдайдың (жердегі) әмірін орындаушы ретінде көрінеді. Құран кәрімде адамның бұл қызметі былай суреттеледі: “Аманатты біз көкке де, жерге де, тауға да арттық, олар оны көтере алмады, оның ауырлығынан қорықты. Оны адамдар мойнына алды…” (Ағзат сүресі, 72-аят). “Ерікті әрі Құдай жолымен өмір сүру” ислам дінін ұстанушылар үшін адам өмірінің басты мәні болып саналады. “Тақуаның жүрегі - құдайдың тағы” деген сөз осыдан қалған [61].

Маулана Жалал әд-Дин Румидің әлеуметтік философиясы адамның қоғамдық тұрмысының барлық жақтарын отбасы сияқты шағын қоғамдық ошақтан бастап мұсылман дініне берік мемлекет, ұлт, ислам қоғамының өзара қарым-қатынасы, тіпті жануарлар дүниесі мен табиғи ортаға қарым-қатынасы сияқты мәселелерді қамтиды. Адамдар арасындағы өзара сыйластықтағы қарым-қатынас, бірін-бірі құрмет тұтушылық, жоғары адами қадір-қасиеттер Маулана Жалал әд-Дин Румидің шығармашылы-ғының асқар шыңы, мәнді мазмұны болып табылады. Оның түсіндіруінше адамның өзге тіршілік иелерінен ерекшелігі ол тағам, киім, ұйқы, жыныстық қатынас және т.б. табиғи қажеттеріне қоса ерік-қалауға ие, жауапкершілікті түсініп, сезінеді, өзінің бақилық екенін біледі. Нақ осы қасиеттер адамды өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп, Құдайға ең жақын етті. Дей тұрғанмен, таза табиғатына, пейілі Құдай жағында болғанына қарамастан, адамның көрсеқызарлық, іштарлық, сараңдық, қанқұмарлық, ұятсыздық, бүлікшілдік сияқты жағымсыз қасиеттері де баршылық. Сондықтан адам бойын өмір ауыртпалықтары мен күнделікті қиыншылықтардан туындаған екіжүзділік пен жағымсыз қылықтардан, рухтың азғындауынан арылту, айықтыру жолдары шариғатта, яғни мұсылмандардың иманға мойын ұсынып, өз бойында биік адамгершілік мұраттарды және діни ожданды қалыптастыратын, адамдардың мінез-құлқын реттеуші нақтылы өлшемдер жиынтығы болып табылатын Құран мен сунналар арқылы пысықталған нұсқаулар мен ақыл-кеңестерде

шоғарланған, – деп ой түйіндеген Маулана Жалал әд-Дин Руми, өз пайымдауларын төмендегіше тұжырымдайды. Бұл нұсқаулар мен кеңестердің бірсыпырасы адамның “ахлақ” (мораль) деп аталатын ішкі ерік-жігері мен мінез-құлқына қатысты, ал қалған бөлігі адамның шариғатқа – діни заңдар жиынтығында көзделген мінез-құлықтарының сыртқы көрінісіне қатысты жәйттерді қамтиды. Құран ұрлық-қарлық, денеге зақым келтіру, зинақорлық, маскүнемдік сияқты келеңсіз қылықтарды санамалап қана қоймайды, сонымен бірге ізгілік пен жауыздықты ажырататын ортақ қағидалық принциптер хақында, Алланың ерік-қалауына сай өмір сүру қажеттігі, бұл ерікке мойын ұсынбаудың зардаптары туралы көп айтады.

Маулана Жалал әд-Дин Руми кейбір адамдардың бойында белгілі бір ортаға, қауымдастыққа кереғар, қисық мінездің болатындығын да көрсетіп бере отырып, осыған қарамастан ондай адамдарға дұрыс көзқараспен қарауға, олардың ішкі дүниесін түсініп, ұғынуға, оларды жұғымды қылықтар мен әдеттерге баулуға шақырады. Жағымсыз мінезді адамдардың теріс іс-әрекеттері мен қылықтарына сабырмен қарап, оларды түзетуге ықпал тудыруға қолғабыс тигізу әрбір жөні, іс-әрекеті мен қылығы дұрыс адамның адамгершілігі мен парасаттылығын одан әрі өсіріп, жақсартатындығына сенім білдіреді. Адам мінезін бағалауда әділ болуға үндейді. Маулана Жалал әд-Дин Румидің түсіндіруінше, Құранда “әділдік” ұғымы мейірім үшін де, зұлымдық үшін де бірдей әмір ететін Алланың негізгі қасиеттерінің бірі. Алланың әділдігі ең жоғары, адам түсігінен биік, әділеттілік. Сондықтан, адам жалбарынғанда Алладан қайырым тілейді. Жаманшылық атаулыны өз бойынан аулақтатуды сұрайды.

Маулана өз өмірінде адам тағдырына зор маңыз беріп, ол туралы насихат жұмыстарын жүргізіп қана қоймаған, сонымен бірге адамдарға деген сүйіспеншілік пен ықыластығын іс жүзінде, өзінің қайырымды әрекеттерімен де дәлелдей білген. Оның дәлелі ретінде, Маулананың отбасы нашар өмір сүріп отырған, немесе балашағасы көп отбасыларға, үйсіз-күйсіз жүрген жалғыз басты жандарға, т.б. көмек көрсетуін сұрап, бай адамдарға, әкімдерге, ел басшыларына жазған сұраныс хаттарын мысалға келтіруге болады.

Ерте дәуірлерден бері ғалымдар мен фәлсафашылар адамның жаратылысы турасында ой қозғап келген. Адамның жаратылысы турасында көптеген ойлар айтып, анықтама беруге тырысқан. Бірақ, “Адам деген не нәрсе?” деген сұраққа не ғалымдар, не фәлсафашылар, не өнер қайраткерлері, ешкімде толық анықтама бере алмаған. Біреулер: “Сөйлейтін, өсіп-өнетін, өз еркімен әрекет ететін, екі аяғымен жүретін жануар” десе, ал келесі біреулері болса “Адам - қоғамдық жануар”, тағы біреулері “Адам ойланатын жануар”, ал келесі тағы біреулері болса “Адам өз басына дерт ашу үшін қасынатын жануар” деп те анықтаған. Соңында адам мәнін толық анықтай алмағандықтарынан “адам – белгісіз нәрсе”- деп түйін түйген. Дей тұрғанмен, адамның жаратылысы мен мәні турасындағы ең терең ой-пікір мен тұжырымды Маулана Жалал әд-Дин Руми ислам ілімі аясында төмендегіше түсіндіріп беріп кеткен: “Адам баласы біздің ғарыш аумағындағы болмыстардың бітімі жағынан ең кішкентайы. Бірақ адам мәнділігі мен рухани күштілігі жағынан ең ұлысы. Ол өз жаратушысының мәндік күшінің шын берілгенінің мұратын, оның рухани және көрінбейтін сан алуан кемелдігінің мұратын бейнелейтін салиқалы, жан-жақты жетіліп, кемелденген

тұлға, тірлік иесі, Алланың жердегі халифасы. Алланың тоқсан тоғыз атының барлығын өз табиғатында көрсете алатын жалғыз болмыс бар – ол адам. Сондықтан, сопылықта, Алланың тоқсан тоғыз көркем есімдерінің мәнін өз рухында көрсете білген адамға “әл-инсан әл-камил” – “кемел адам” деген атақ тағылған” [62].

Жалпы мұсылман теологтарын да, суфисттерін де адамның тек дене, бітім болмысының нығайып, толысуы ғана емес, сонымен бірге оның рухани тұрғыдан толысып, жан-жақты жетілуі, кемелденуі айрықша толғандырады. Олардың ұғым-түсінігінше кемел адам (әл-инсан әл-камил) нәпсілік әдепсіздіктен ада, Хақта бақи болатын әулиелердің әулиесі, яғни қутб ул-ақтаб дәрежесін именденген тұлға. Кемел адам сопылық дүниетанымды, жолды айналасындағыларға үйрететін, әркім оның халінен, өзінен және сөзінен өнеге алуға ұмтылатын, білімдарлығымен айналасындағыларға нұр шашып, тартымды ісімен үлгі, өнеге болатын нағыз зиялы, заңғар тұлға. Мұсылмандық дін ғылымындағы “кемел адам” ұғымы басқалай діни және шынайы білімдерде тұжырымдалған осы тақлеттес ұғымдарда мазмұндалған жағымды мағынадағы адами қадір-қасиеттерді өз бойларына жинақтаған, айталық, маркстік әлеуметтік философияда негізделген “жан-жақты жетілген тұлға”, немесе көне замандарда нақтыланған, мысалы, герметизм мен гностицизмдегі “Антропос”, Кабаладағы Адам Кадмон, маздейзм мен зороастризмдегі Гейомарт, көне үндінің діни-философиялық іліміндегі Пуруша, көне қытай мәдениетіндегі Жень сияқты ұғым-түсінік. Арабтың классикалық діни-философиялық ілімінде “кемел адам” ұғымын алғаш рет Мұхит әд-Дин ибн әл-Араби (1165-1240) пайдаланған деп есептеледі. Ибн Арабидің еңбектерінде осы ұғымның ондаған синонимдері кездеседі. Олар “кемел адам” ұғымының мазмұнын әр қырынан ашып көрсетеді. Дей тұрғанмен, бұл ұғымның пайда болып, қалыптасып, ғылыми айналымға түсуі әріректен, сонау бағзы заманнан басталады. Түп төркіні Жерорта теңізі мен Таяу Шығыстағы ежелгі діни-философиялық жүйелерге барып тіреледі. Мұсылмандық діни-философиялық ағымдарға бұл ұғым “Логос” пен “Адам Ата” туралы гностикалық және жаңа платондық ілімдерден ауысқан болуы мүмкін. Тіптен оларға дейін осы ұғым мағынасына жақын келетін “әуелгі нысан” термині “Аристотель теологиясында”, бертін келе Баязит әл-Бистами де (875 ж.қ.б.) “тәмәмдалған кемел” түрінде кездеседі. “Кемел адам” туралы ілім негізінде бір жағынан ғалам мен адам жаратылысының үйлесімділігі туралы, екінші жағынан - Құдай пішіндес адам туралы ұғым-түсініктер жатыр. Мысалы, осы ұғым-түсініктерді негізге ала отырып, әл-Разали адамның ақыл-ойы ғаламның ең жоғарғы рухани аясы “малақұтқа”, адамның жан дүние күштері мен сезімдері ғаламның орталық, жартылай денелік аясы “джабарұтқа”, адамның дене қасиеттері ғаламның төменгі заттық жаратылысы “мүлікке” сәйкес келетінін атап өтті.

Әбу Хамид Мұхаммед б. Мұхаммед әл-Ғазалидің (1058-1111) айтуынша, адам Құранда жазылғандай Құдайдың бейнесі, көшірмесі, басқаша айтқанда адам Алла тәрізді “көреді”, “естиді”, “мүшелері болады”, т.б. Сонымен бірге әл-Ғазали Құдайдың адамға “айналуын” уағыздайды деген айыптаудан қаша отырып, Құдай мен адам белгілерінің бірдейлігін, олардың өзара орын алмасу мүмкіндігін және адамның Құдай бейнесіне айналуын бірден теріске шығарады, немесе бұл мәселені айналып өтеді [63].

Ибн Арабидің пікірінше, “кемел адам” бұл “әмбебап, заңғар (универсал) адам”, “ақиқаттың ақиқатының” (хакикат әл-хакайктің), яғни біртұтас трансценттік Құдайлық ақиқаттың адамдық жаратылыстағы болмыстық көрінісі, осы көрініс арқылы құдайлық ақиқат өзін-өзі сырттан, бөлек нәрсе ретінде таниды. Бұл тұжырымның дәлелі үшін Ибн Арабидің шығармашылығынан бірнеше мысал келтіріп, жүгінелік. “… Жаратушы бүкіл әлемге… өзі жасаған кескінде тіршілік иесін берді. … Тіршілік иесі адам және мұрагер (халифа) атанды. Ал оның адамшылығы оның адамшылдық қасиеттерінің кемелдігінде және оның барлық ақылмен танылатын болмысқа (хакайк) ие болуында еді. Ол Жаратқан үшін – көздің қарашығы, сол арқылы көреді. Ол сондықтан да Адам деп аталды, өйткені, Жаратушы өзінің жаратқандарын сол арқылы көреді және сол үшін ол оған өз мейірін төгеді. Ол – пайда болған және мәңгілік…, тұрақты және мәңгі дамушы…, жалғастырушы… Ол Жарлық иесінің өзінің қазына қоймасына (өзі жаратқан ғарыш әлеміне) басатын мөрі және өзінің белгі иесі. Сондықтан да Жаратушы оны өзінің мұрагері (халифы) атады, мөр қазынаны қалай қорғап, сақтар болса, Жаратушы жаратылғандарды соның көмегімен қорғап, сақтайды… Сондықтан осы Кемел адам (әл-инсан әл-камил) тұрғанда дүние амандықта болады… Жаратушының жаратқандарының бәріндегі (қасиеттер) адам бойынан табылады, сондықтан ол күллісіне ие дәрежесіне жетті….

Сөз жоқ, әрбір жасалған әуел баста өздігінен қажетті болмысқа (имкан) ие болғандықтан оның жасалғандығы және өзін жасаған жасаушыға деген қажеттігі (ифтикар) о бастан оның негізіне қаланған. Өйткені оның өмір сүруі – басқадан және ол онымен тәуелді қажеттілік арқауымен байланыста. Тіршілік жасауында арқа сүйеуші негіз – сөзсіз өздігінен бар (Ваджиб ал-Вуджуд ли-зати-хи), өзінің бар болуы үшін өз хұқы өзінде, ештемеге мұқтаж емес болуы қажет. Бұл – өзінің универсалды (санадағы) болмысымен жасалған затқа өмір сыйлаушы. Сондықтан да ол онымен қатынаста өзінің кәміл болмысы арқылы оны өмірге әкеліп, ол оны өзіне-өзі ие етіп жасады. Ал жасалған (зат) өмір сүруі үшін өзін кәміл болмыс құдіретімен жасаған ұлы Жаратушыға сүйенетін болғандықтан ол Жаратушының өздігінен жасау сипатынан өзге өзімен қатысты Жаратушының барлық ұлы есімдері мен сипаттарына сөзсіз ұқсас болды; тек өздігінен жасау құдіретіне ие бола алмайды: өйткені, бұл қасиеттің жасаушыда болуы мүмкін емес: ол өмір сүруінде өзіне-өзі ие, ерікті болса да, бұл өздігінен пайда болған сипат емес, басқадан (дарыған).

Біз оған (Жаратушыға) қандай сипат таңбасақ та өзін жаратушы сипатынан өзгенің бәрін өз бойымыздан табамыз. Сондықтан біз оны өзіміздің бойымызда бардан және өзіміз арқылы танып, өзімізге тәннің күллісін соған таңамыз. Хақтың жарлығы бізге осылай аян етіліп, жеткізіледі. Ол өзін бізге біздің өзіміз арқылы суреттеп береді: оны көре отырып, біз өзімізді көреміз және өзін көре отырып, ол бізді көреді.

(Адам) шынына келгенде Хақтың екі нышанды - әлем нышанын және Хақ нышанын - … бір қосқан өмір иесі… Сондықтан адам мұрагер (халифа) болды… (Себебі) мұрагерлік кәміл адамнан өзге ешкімге лайық емес еді, өйткені ол (Хақ) оның (адамның) айғақты сипаттарын, әлемнің ақылмен танылуын болмыстарынан және оның формаларынан, ал құпиясын өзінің үлгісімен жасады…”.

Ибн Арабидің “кемел адам” туралы түсіндірмелерін жан-жақты қарастырып, пайымдағанда, байқағанымыз төмендегідей. Оның “кемел адам” туралы ұғым-түсінігі ислам діні аясында қалыптасқан діни-философиялық ағымдарды талдауларда тұжырымдалғандай таза моральдық-этикалық ілімнің өзегі ретінде емес, керісінше онтологиялық (метафизикалық) және гностикалық сарында өріледі. Айталық, онтологиялық (метафизикалық) аспектіде “кемел адам” (кей жерінде бұл ұғым “әмбебап, заңғар адам” түрінде аталады) – бұл “Логос”. Өз кезегінде “Логос” “ақиқаттың ақиқаты” (хакикат әл-хакайк) түрінде көрініс береді. Осы тезисті басшылыққа ала отырып Ибн Араби мәннің үш нысаны бар деп есептейді:

1) Жер, көкте сансыз нәрселерді жаратқан, жоқтан бар еткен және оларды жоқ ете алатын, әуелі, ақыры болмаған, үнемі бар болған – “абсолюттік болмыс”, немесе құдай;

2) “Абсолюттік болмыстың”, яғни құдайдың жаратуымен болған әрі осы жаратылыс атаулының бастауы да, ақыры да болып саналатын Құдайдың жебеуімен өмір сүріп келе жатқан, ол болмаса “ештеңеге” айналып кететін “шектеулі болмыс” немесе “таңғаларлық дүние”;

3) Жоғарыда аттары аталған болмыстық нәрселерді өзіне өз дегенінше (қалауынша) біріктіріп ұстай алатын “әмбебап, заңғар ақиқат”, немесе “Ақиқаттардың ақиқаты” (Хакикат әл-хакайк). Бұл үшінші нысанның ерекшелігі сол, ол бүткіл дүниенің, жаратылыс атаулының жаратылу түбірі болып табылады. Ал, оның өзінің жаратылуын кеңістік пен уақыттан іздемеу керек, керісінше ой жүзінде бағымдау қажет. Ибн Араби еңбектерін талдай келіп, қорытылған бұл тұжырымдардан көрініп тұрғандай, “абсолюттік болмыстан”, яғни бір құдайдан әртүрлі реңкідегі барлық жаратылыс атаулы жаратылған, екіншіден, білінбейтіннен, көрінбейтіннен білінетіндер, көрінетіндер пайда болған.

Міне, осы арада танылмайтын өзінің іс-әрекетімен танылады. Оны біз тек қана ой жүзінде бағымдай аламыз. Ұлы мистиктің өз сөзімен бағымдасақ, бірі жаратылған, бірі жаратушы (Хақ) бірақ мән біреу, ол “болмыстың тұтастығынан”, бір бірліктегі мәнінен көрінеді. Мұнда дүниенің, болмыстың жеке, жалпы, ерекше бітімдері тұтасып, бірігіп кеткен. Олардың өзіндік өзгешеліктерінің тылысым, өзіндік мәндері, өзара байланысты бірлікті қалыптары ашылған. Басқаша айтқанда, Ибн Арабидің түсіндіруінше, кемелділік ғаламдық процесс ретінде “ақиқаттың ақиқатына” (Логосқа), одан “жатсынып” ғарышқа” (Космосқа) айналады. Онан кейін “жатсынуын” доғарып, таным (гностик) формасында өзіне өзі келіп, өмірге қайта оралады. Ибн Араби адам сезімі мен санасының қайнар бастауын, пайда болу көзін іздейді. Дей тұрғанмен, белгілі қазақ философы, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Ғарифолла Есім түйіндегендей, “Ибн Араби құдайлық қасиет (лахут) пен адамдық қасиетті (насут) біріктіріп жібермеген. Оның Кемел адамы құдіретті құдайдың көлеңкесі немесе абсолютті мәндегі кереметтің қысқаша, шағын (мұхтасар) көрінісі ғана. Ибн Араби әруақытта да Хақ тағала мен пендені бөліп қарастырған. Адам ешқашан да құдайдың қасиеттеріне ие бола алмайды. Ол бар жоғы Хақ пен адам арасындағы қатынасты суфистік дәстүрде қарастырған да қойған.

“Дүниедегі істің бәрі адамға қатысты, бірақ бұл білімді білуге тиіс болған ғана біледі, оны білуші – кемел адам. Демек, кемел адам, Ибн Арабидің ұғым-түсінігінше, мистик, яғни тылысым күштер сырын сезуші ерекше жан. Мұндай қасиет адамға жоғарыдан берілген. Адам өзін, ішкі тылысым дүниесін тани отыра, сол арқылы өзінің жаратушысын таниды”.

Ибн Араби үшін де, оның жолын ұстаушы ізбасарлары – барлық суфистер үшін де ғаламның да, ғарыштың да, ондағы әртүрлі түстердегі жұлдыз шоғырларының (әлемдердің) да, олардағы жансыз материалдық нәрселердің де, ал кейбіреуінде бар жансыз (материалдық) әрі жанды (органикалық дүние) нәрселердің де жаратылу түбірі бір, негізі анық, ол - құдіретті күшті Хақ, ғаламдағы бардың бәрін жаратушы Құдай.

Сопылық ағымдағы бүткіл жаратылыстың Жаратушысы, негізі бір, ол Құдай деген тұжырым Жалал әд-Дин Румидің “Мәснәуиінде” де айқын көрінеді.

Көк жүзіне қарасам жаратушыны көремін,

Жер бетіне қарасам жаратушыны көремін.

Жүрегіме қарасам әр түрлі түске толы,

Әрбір түстен жаратушыны көремін…

Ауа, су, жер, от… бәрін де бір жаратушым жаратқан [64].

Құдай мен адам бойындағы ұқсастық мәселесі, яғни Жаратушы мен жаратылғандар болмысының тұтастығы Ибн Арабиге ғылымға “Вахдат әл-Вуджуд” (болмыстың даралығы) концепциясын енгізуге негіз қалады. Дей тұрғанмен, Жаратушының мәнін тану адам ақылы жете бермейтін тылысым дүние. Бірақ адамның Жаратушының жаратқандарының мәнін танып, білуге мүмкіндігі бар. Әрі бұл проблема мұсылмандық дүниетанымның, фәлсафаның негізгі, әрі өзекті арқауы болып табылады. Міне сондықтан да болар Жалал әд-Дин Румидің де терең діни және әлеуметтік-философиялық сарынға толы ой маржандарында адамның мәні, оның өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, әдептілік қайнарлары мен жан дүниесінің тылысым сырлары екшеленеді. Терең мәнді астарлы пікір, пайымдаулар өзек болған ой иірімдерінен, ең алдымен, байқалатыны Жалал әд-Дин Руми адамды биологиялық және әлеуметтік тірлік иесі ретінде материалдық және рухани жағынан екіге бөліп қарастырды. Ол адамды сыртқы пішіні жағынан жануарға, ішкі рухани тұрғысынан періштелерге телиді. Басты тақырып адамның рухани тұрғыдан жетілуі, кемел адам санатына қосылуы.

“Рухтың бастамасы Тәңір аспанының нұрында. Дүниенің топырағы болса сыртқы пішін мен дененің негізі. Ол екеуін үйлестіретін күш пен қуат иесі бір Алла!”

Алла тағала сыртқы пішін мен рухты бір-бірімен  тығыз байланыстырады. Бірақ рух үнемі өзінің негізін іздейді, сағынады, Алла тағаланы жоқтайды, соған ұмтылады, ғарышқа жетуді аңсайды.

Жалал әд-Дин Руми бұл сағыныш сезімі туралы Мәснәуиде былайша жырлайды:

Қатты қиналған сырнай сазы қамысты су жағасын сағынып, өткен күндерін еске алып, қалай жылап қиналса, тура сол сияқты, дене әлемінде қамалған рухымыз да өз тегін (отынын) еске алып, рух әлемімен қауышуды қалайды. Рухымыз Базм-и Әластта Алла Тағаланың назарына ие болған және сол үшін әрдайым осы назарды рухымыз қатты сағынады, туған жеріне, тұрағына баруды аңсайды.

Маулана, дене мен рухтың арасындағы қарама-қайшылықты болғанымен өзара кіріге байланысқан ажырағысыз бірлікті, түсіністікті және тартысты өз шығармаларында көп екшелеген.

Мәснәуиде сазды батпақты жердегі бұлақ суы, теңізге барып құйғысы келеді, бірақ саз батпақ төмен тартып жібермейді. Егер бұлақ суы, яғни рух сазды батпақты дене мен нәпсіден арыла ала алса, ол азат болады, ал сазды батпақты дене болса құрғап қалады, деп ой түйіндейді [65].

Жалал әд-Дин Руми бұл бәйт арқылы адамдық рух негізін (тегін) іздейді, соған ұмтылады, бірақ денесі мен нәпсісі оған кедергі келтіреді. Осы себептен дене мен нәпсіге кері әсер беретін нәрселерден қашық жүру керектігін нақтылайды. Бұл дүниеде мал-мүлік табу, шен-шекпен кию қалауы, бәрі бір сені мас қылады. Егер оларға қол жеткізе алмасаң, құр қалғандық саған қайғы мен қиыншылық әкеледі. Ал, Мауланананың мына бір бәйті нәпсіден рухтың жоғары екенін паш етеді. Рух күші құпия күш. Оның тетігі бір Алланың қолында! Дене көркімен және әсемдігімен мақтанады, өмірге еркелейді. Бұл рухтың күші, қуаты! Рух жоғары болған сайын дене мықты, күшті.

Бұл бәйітте дененің мықтылығы оның ішіндегі рухтың жасампаздығынан байқалып тұр. Егер денеден рух шықса, дененің күші кетіп, құны болмайды.

Жалал әд-Дин Руми адамның жаны мен денесін былайша салыстырады: “Жан хикметке, білімге, ал тән болса бауға, бақшаға, жүзімге бейімделеді. Жан абырой мен көтерілу (биіктеу) үшін, ал тән болса, пайда, шөп, тамақ және ішетін нәрсе үшін ұмтылады”. Маулана адамның рухани тұрғыдан толысуын, оның білім деңгейінің жоғарылығына қарап мөлшерлейді. Адамның білімділігінің жоғарылығы оның хабардарлығына тікелей байланысты дейді. Кімнің білімі жоғары болса, ол басқалардан соғұрлым адамгершілік, қадір-қасиет тұрғысынан биік тұрады. Біздің рухымыз жануардың жанынан әлдеқайда мықты, неге? Өйткені біз ойлай аламыз, көп білеміз.

Маулана адамдардың өздері туралы көзқарастары әртүрлі болып келетіндігін тілге тиек етеді. “Біреулер адамдарды жақсы безендіріліп, оюланып, өрнектелген батпақтан жасалған сурет сияқты көреді. Екіншілері пайдасыз ғылым-білімге толы батпақ түрінде көреді”.

Бұл екі жақты пікір-түсінікті түсіне, сезіне білу керек. Адам тек қана өрнекпен безендірілген сурет немесе ғылым-білімге тола батпақ емес. Оның көрінбейтін ішкі дүниесімен қатар, көрінетін сыртқы түрі, пішіні де бар. Адамның сыртқы көрінісі сұлу өрнектелсе, ішкі дүниесі ілім-біліммен толтырылған. Демек, адам тән жағынан жануарға, жан жағынан періштеге ұқсас мақұлық.

Маулана адамның өсіп-өнуін, жан-жақты жетіліп, кемелденуі туралы ойын "адамның негізгі нәрі Тәңірдің нұры; адамға жануар нәрі лайық емес! Көңіл, әрбір жақсының іс-қылығынан нәр алады, ал білім оған ләззат әкеледі" деп түйіндейді. Сондықтан білім арқылы рухымызды жетілдіруге тырысуымыз қандай керек болса, адамгершілік кескін-келбетімізді аздыратын жағымсыз әдеттер мен қылықтардан сондай қашқақ жүруіміз керек деп есептейді. Адамдардың тек білім нұрынан ғана нәр алатындығын шегелеп береді.

Маулана Жалал әд-Дин Руми адамның жануарлардың ішінде ең мықтысы екендігін былайша түсіндіреді: "Веттини сүресіндегі "адамды ең әдемі, ең мықты қылып жараттық" деген аятты оқы. Уа, дос ең бағалы гаухар – адам жаны. Ең әдемі түр – адамның түрі, ол арштан да мықты, оның соншама мықтылығын ойлау да мүмкін емес. Бұл теңдесі жоқ заттың құнын айтсам мен де жанамын, естіген де жанады".

Адам мақұлықтың ең қадірлісі және түр жағынан ең әсемі. Осы себептен адамға ешреф-и махлуқат (жаратылғандардың ең абыройлысы, қадірлісі) делінген. Хақ тағала адамды ең әсем қылып жаратқанын айтып кеткен. Бұл қымбат болмыстың қадірін түсіну мүмкін емес. Өйткені, бүкіл ғаламның ақиқат шындығы адам жанында жасырылған. Адамның жаратылуы құпияның құпиясы. Маулананың ұғым-түсінігінше бұл құпияны ашу, түсіндіру мүмкін емес нәрсе. Маулана, адам кіші әлем, оның бойында бүкіл әлем жасырылған деп түсіндіреді. "Әй, адам! Сен тек бір қабаттан тұрмайсың. Сен ең үлкен әлемсің және түбі терең теңізсің. Сен ғаламат болмыссың! Түбі мен жағасы жоқ теңізсің!" [66].

Адам өзіне тек қарапайым тіршілік иесі ретінде қарамауы тиіс. Өйткені, бүкіл әлемнің құпиясы адамда жасырылған, ол мақұлықтардың ішіндегі ақылдысы. Алла тағала жаратқан жануарлардың ішінде тек қана адам, Тәңірдің барлық сипаттарына ие болған ерекше болмыс. Ол Тәңірдің үстүрлабы, яғни өлшегіші. Алла тағала адамды өзі тәріздес етіп жаратқандықтан, адам өз болмысының өлшегішінде, Тәңірдің көрінісін кейде көре алады. Адамда барлық нәрсе бар. Ол – Алла көркінің айнасы. Осы себептен адам қалаған нәрсесін өз бойынан іздеуі керек. Сопылық сенім бойынша барлығы, болашақта болмағы адамның өз қолында. Әлемдегі бар нәрсе Хақ тағала сипаттарының тек қана біреуін ғана көрсете алады. Ал адам болса оның барлық сипаттарын көрсете, есімдерін атай алады. Осы себептен ол Сuретуллахтың нақ айнасы. Сопылар адамды жоғарыдағы үлкен ғаламның кішкентай көрінісі болғандықтан, кішкентай әлем деп атаған. Ал, кейбір ғалымдар тіпті адамды үлкен әлем деп, ал ғаламды кішкентай әлем деп те атаған.

Терең діни және әлеуметтік-философиялық мәні бар мұндай ұғым-түсініктер адамға Алла тағаланы тану үшін ең алдымен адам өзін танып білуі керектігін ұқтырады. Маулана бұл тұжырымды былайша түйіндейді: "Хазіреті Мұхаммед

пайғамбарымыз былай деген “егер кімде-кім өз-өзін танып білсе, ол Алланы таниды)”. Осы себептен суфийлер “өзін танып-білген адам тәңіріні танып біле алады” деген негізді ұстанады.

Маулана мұндай ұғым-түсініктің мән-мағынасын былайша түсіндіреді: “Сен өз көрінісіңде кішкене ғана әлемсің, бірақ шындыққа келгенде сен ең үлкен әлемсің. Мысалы, ағаштың бұтағын алалық, бұтақ тек жеміс салу үшін ғана жаратылған. Егер адам сол ағаштың жемісін жегісі келмесе, ол сол ағашты отырғызар ма еді? Олай болса жеу үшін егілген ағаш жемісі сол себептен өсіп өнді. Олай болса, ағаш өз жемісін беремін деп өсіп-өнді” [67].

Маулананың ұғым-түсінігінше теолог ғалымдар адамды кішкентай әлем деп атайды, ал ақиқатында Тәңірі адамды үлкен әлем деп атаған. Өйткені, адамдардың пікірі өздерінің сыртқы көріністеріне қарап пішімделген, ал шындық болса адамның ішкі құрылысын кескіндеген ұғым-түсініктің мазмұнында. Адамды, оның рухани ішкі дүниесін құрметтеген Жалал әд-Дин Руми, адамды үлкен әлем ретінде таниды. Өйткені, оның пікірінше, Алла тағала Хазреті Адамды өз келбетіне сай етіп жаратқан. Жалал әд-Дин Руми адам мәніне, адамның ішкі дүниесінің байлығына зор мән береді және былай дейді: “Бар нәрсенің тек сыртқы көрінісіне қарап тон пішетін болсақ, онда сен пұтқа табынушысың, бар нәрсенің тек сыртқы көрінісіне қарап тон пішпе, мән-мағынасына бойла! Қажылыққа бара жатқанда дұрыс, жөні түзу жолдас ізде, мейлің ол үнді, мейлі түрік, мейлі араб болсын, оған қарама. Оның түріне, түсіне қарама, ниеті мен мақсатына қара”.

Бұл ой-санада Жалал әд-Дин Румидің адам баласына, оның адам болғаны үшін құрмет көрсеткендігі, оның түсі мен ұлтына қарап, оны силамайтындығы, керісінше оның адамшылдығына, кісілік қадір-қасиетіне қарап құрметтей-тіндігі білінеді. Ол адамдардың бойынан жақсы нәрсе, адамгершілік қадір-қасиет, жөні түзу пікір, мұрат бірлігін іздейді. Өз араларындағы мақсат пен бірлігі жоқ екіжүзділер туралы Маулана былай дейді: “Тәңірі бұлар туралы: Олар сізге қосылғанымен сіздердің сандарыңызды көбейтпейді, тек қана сіздердің араларыңызға түсініспеушілік ұрығын себеді, құлық пен түсініспеушілікті көбейтеді”. Ер жүректігі жоқ, пасық, қумен жолдас болма. Өйткені ол сізбен жолдас болса, онда сіз де сондай жолға түсесіз. Ол сізбен бірге сап түзейді, бірақ кейін қашып кетеді, сапты бұзады. Мұндай екіжүзді пасық мың достан, жақсы бір жолдас артық [68].

Екіжүзді жандар туралы Маулана айта келіп, үнемі олардан қашық жүруді, олардың дені дұрыс адамға абырой алып бермейтіндігін, керісінше, ыңғайсыз жағдайға ұшырататындығын қайта-қайта шегелеп айтып, көрсетеді. Ол екіжүзді жандар туралы жақсы ойда емес. Адамдарға араларында жүрген сенімі жоқ адамдардан ешбір пайда келмейтіндігін және адамдардың тек қана өз күштеріне сенулері керек екендігін қайта-қайта нақтылап айтады, жаман, мінезі нашар адамдардан аулақ жүруге кеңес береді.

Әр нәрсе өз тегіне тартады. Бұл туралы Маулана былайша түсіндіреді: “Әсем әсемді тартады, мұны біл. Тазалар, тазалар үшін деген аятты оқы. Әлемдегі барлық нәрсе бір-біріне тартады. Ыстық ыстықты, суық суықты тартады. Пұтқа

сенушілер, пұтқа сенушілерді тартады. Мәңгі өмір сүретіндер, яғни Алланы сүйетіндер мәңгілікке ұмтылды. Тозақтықтар да тозақтықтарды өзіне тартады. Нұрға ие болғандар да нұрға ие болғандарды қалайды” [69].

Дүниедегі барлық нәрсе өз теңін іздейді. Барлықтың арасында бір келкілік жоқ. Суық суықты, ыстық ыстықты қалай өзіне тартса, тура сол сияқты кәпірдің кәпірге, мүминнің мүминге бауыры бұрады. Тек қана бір келкілі болғандар арасында ғана шынайы байланыс болады. Сол сияқты бірге өмір сүретіндердің де арасында мақсат-мұрат пен сенім бірлігі болмаса олар сиыса алмайды. Ахыреттің өзінде де адамдар өзара жұмақтық және тозақтық болып екіге бөлінеді. Барлығы бір жерге бармайды.

Жалал әд-Дин Руми барлық нәрсенің, яғни жақсылықтың да, жамандықтың да адамның өз бойынан табылатындығын былайша түйіндеп, түсіндіреді: “Әй, адам! Сен Алла құпияларының нұсқасысың. Сен сұлтандық (ең мықты) әсемдіктің айнасысың. Дүниеде не бар болса барлығы сенен жырақ емес; нені қаласаң да өз бойыңнан ізде, іздеген нәрсең сенің өз бойыңнан табылады”.

Бұл ойдан оның адам Хаққа және ақиқат шындыққа жетуі үшін өз жайы, болмысы туралы ойлануы керектігі, ғаламдағы бар барлық нәрсенің барлығы оның өз бойында бар екендігі туралы айтқандығы байқалады. Адам ретінде біз өзіміз туралы ойлануымыз және іс-әрекетімізде өз ішкі есебімізді білуіміз керек. Санадан тыс тұрған нәрселердің сырын білуге үңіліп, жаратылысымыздың негізгі міндетінен таю дұрыс емес.

Жалал әд-Дин Румидің бұл тұжырымының дұрыстығына оның досы Шемс әңгімелеп берген мына бір оқиға мысал бола алады. Ел аралап, саяхат құрып жүрген Шемске бір күні бір дәруіш кездесіп қалады. Бұл дәруіш жас бала көрсе, оның бетіне қызыға қарап, тамашаламаса тұра алмайды екен. Шемс одан: “бұның не?”- деп сұраса, ол: “балалардың жүзі тап-таза айна сияқты. Мен міне осы айнадан Тәңірдің жүзін көруді іздеп жүрмін”- деп жауап беріпті. Сонда Шемс: “Ей, ақымақ! Сен Тәңірдің жүзін көруді су мен батпақтан жаратылған айна жүзінен іздегенше, неге өз жаның мен көңіліңнің айнасынан іздемейсің?” - деп кейіпті.

Барлық суфийлер үшін Тәңір дидарын өзінің ішкі, рухани дүниесінен іздеу, оның болмысын көру – бұл басты әрі негізгі талап. Жалал әд-Дин Руми үшін де адамның ішкі дүниесі бай, жүректік рухы жоғары. Сондықтан, өзіңмен өзің болып, іштей сырласу, қиял әлеміне шомылып, ғарыш әлемін кезіп кету адам үшін бір тылысым, ғанибет, нұр жауған, жүрек оталған сәт. “Адамның жүрегі кең, үлкен дүние. Онда көп нәрсе жазылған. Жаратушы жүрекке қабылдау, аңсау, сағыну мүмкіндігін берген, сондықтан жүрек жаратушы мен пендесінің арасындағы пердені ашып, оның бейнесін көруге адамды сезіндіреді, себебі құдай сенімнің мәні жүректе, көз құдайға деген сенімнің бейнесінен өзге еш нәрсені көрмейді. Ішкі сенімдегі Хақ дегеніміз жүректен орын алатын Құдайлық бейне. Құдай жүректе қабылданғандықтан, жүрек оны тани алмақ, көз ішкі сенімдегі Хақты ғана көре алады. Ал, тұтылған перделер мен қараңғылықтар құдайлық сырды ұғуға кедергі келтіреді. Өйткені, адамның ішкі дүниесі бұл дүниелік әртүрлі істер мен алдамшы жүрек қалауларына толы”. Сондықтан, –

деп ой түйеді Жалал әд-Дин Руми, – адам өз қадірін, өз гаухарын өз ішінен іздеуі тиіс. Алла тағала айтқан: “Ей, адам! Дене тағынан түс те, рух тағына отыр! Пендешілікті қой! Өзіңнің зухал (Сатурн) жұлдызыңды ізде!”

Жалал әд-Дин Румидің пікірінше, адамның бойындағы жаман қылықтар мен әдеттер көбіне көп, адамның өзін-өзі түсінбеуінен, өзін-өзі өзін қоршаған орта талаптарына сай тәрбиелей алмағандықтарынан туындайды. “Өз қатесін өзі түсінген жан бақытты жан! Ал, өз айыбын түсініп, оны мойындаған адам әулие адам!”

Жалал әд-Дин Руми “басыңа күн туып, жамандық пен ауыр халге душар болсаң, оның себебін айналаңдағылардан көрме, өз басыңнан, өзіңнің істеген жағымсыз әрекеттеріңнен көр, ізде” – деген өте ақылды пікір білдіре де білген ойшыл. “Басқаларға жаман көзбен қарама! Оның себебін өзің тудырып отырсың! Өз бойыңнан ізде. Қолдан келсе басқаларға жақсылық жаса! Сонда ғана сен басқаларға сыйлы, қадірлі боласың!” “Жақсылық жасау адам үшін үлкен міндет” - дейді ұлы ойшыл [70].

Жалал әд-Дин Руми осындай асыл ой маржандарын төгіп-төгіп жіберіп, осы ойлар арқылы басқаларға жақсылық жасау, басқалар туралы жақсы пікір білдіру адамның адамшыл қадір-қасиетінің ең жақсы жақтары болып табылатындығын білдіреді. Біз басқалар туралы жаман ойласақ, ол біздің жаман адам екендігімізге дәлел болады. Үнемі өз кемшіліктерімізді қарастырып, өз қателерімізді көретін болсақ, өзіміздің кемелділігімізді және адамгершілігімізді көрсететін боламыз. Жаратылыс мақсатымызды және ғаламдағы оқиғаларды түсінуіміз үшін ең алдымен өз болмысымызды түсіне білуіміз керек.

Маулана, өзін-өзі танып болмай жатып, керексіз істермен босқа уақытын өткізген адамдарды қатты сынайды: “Әй адам! Сен, мен рұқсат берілетін нәрселерді де рұқсат берілмейтін нәрселерді де білемін деп мақтанасың, бірақ сен өзің рұқсат етілгенбісің, әлі де жоқ па? Бұдан хабарың жоқ! Демек, бұл орынсыздық. Орынсыз іс, бұл бұрыс нәрсе, сен оны жақсы білесің, білесің бірақ сен дұрыс істемейсің, бұрыс істейсің. Өзіңе жақсылап бір қарашы! Әрбір заттың құны бар! Оны жақсы білесің, бірақ өз құныңды білмейсің. Бұл ақымақтық. Әй, сен бақытты, немесе бақытсыз сәттерді жақсы білесің. Бірақ, өзің бір қарашы: Сен осы бақытты жансың ба?”

“Әй, адам, басқалардың дұрыс, не бұрыс әрекеттерін екшелейсің, олар жөнінде үкім де айтып қаласың. Рұқсат берілетін, немесе берілмейтін нәрселерді егжей-тегжейлі іздейсің, дұрысты бұрыстан бөлесің. Бірақ өзіңнің жаратылысың туралы ойланбайсың. Аспандағы жұлдыздарды сан-санға бөлесің, бірақ өзің қандайсың, оны неге білмейсің?”

Жалал әд-Дин Руми басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу және басқаларға жақсылық жасауға тырысу керектігін көп айтады: “Жаным мырзам, жақсы мінез көрсете біл, барлық адамдармен араң жақсы болсын, ең пайдалы жер осы, қалай сен қол қусырып қаласың? Басқаларға жақсылық жасау Тәңіріге жақын болудың ең төте жолы, оны сен білгейсің”.

Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы өс-өн, пайда тап, өміріңді босқа жіберме. Бірақ жақсылық жасауды білмейтін және парасаты төмен адамдармен дос болма. Өйткені, мұндай адамдардың қазанның қара күйесіндей қаралығы саған жұғады.

Халыққа пайдалы болу үшін жаман жандардың жаман қылықтары мен әрекеттеріне сабырлы көзбен қарау керек екендігін айтады: “Жаман адамдар жасаған жамандықтарға сабырмен қара, бұлт сияқты халыққа пайдалы бол, шырағым. Әкешім! Адамдардың дүлділі халыққа пайдалы болғандар болып табылады. Адамдардың жақсысы атану үшін басқаларға жақсылық жасау керек және жамандардан келетін әр түрлі жамандықтарға сабырмен қарау керек”.

Маулана, басқаларға жамандық жасаудан қашқақтау керектігін, ал егер жамандық жасай қалған жағдайда, сол жамандық қайтадан өзіне кері қайтатындығын былайша түсіндіреді: “Жамандық жасасаң, қорқ, қайта келмейтіндігіне сенімді болма. Өйткені жасаған жамандығың бір шірік тұқым болып табылады, Тәңір… оны міндетті түрде жетілдіреді. Тәңірі, бәлкім адам басқаларға жасаған жамандығын түсініп, өкінер, ұялар деп бірнеше рет жамандықты жасырады, тығады”.

Иә, Алла тағала жамандық жасағандарға кейде жазасын бірден бермейді. Мүмкін түзелер деп күтеді. Бірақ, жамандық егілген дән сияқты. Бір күні өніп шығады. Осы себептен де адам баласына жамандық жасаудан қашық жүру керек. Егер жамандық жасасақ, ертелі-кеш міндетті түрде жасаған жамандығымыз алдымызға келеді. Бұдан артық айту да мүмкін емес шығар.

Маулана жаман адамдарға сенбеу керектігін былайша түсіндіреді: “Жамандардың көбі алдаушы болып келеді. Олардың жағымсымақтанып сәлем беруіне көп сене берме! Олардың көңілі Шайтан үйі! Ей, адам шайтанның сөзіне көп құлақ аспа!” [71].

Жаман достың күлімсіреуіне сенбе. Олар жасайтын жамандықтарын жасыру үшін күлімсірейді, сәлем береді. “Уды алтын кесеге құйып береді” деп босқа айтылмаған. Бұл заманда да сол түсінік әлі күшінде. Маулана ол туралы былай дейді: “Жалған дос, қасапшы ретінде сенің теріңді сыдыру үшін саған “Әй, жаным, әй, сүйіктім” деп көлгірсуі мүмкін. Ол осылайша дос болып жүріп, теріңді сыдырғысы келеді. Мұндай достықтың түбінде түрлі жамандықтар жатады”.

Жаман адамдардың жасанды әрекеттеріне алданбауды, Маулана Жалал әд-Дин Руми былайша түсіндіреді: “Нашар адамдардың көрсеткен құрметін, қызметшінің көрсеткен құрметі сияқты біл. Жалғыздық, жаман емес, жаман адамдардың жасанды әрекеттерінен артық”.

Маулана, жаман адамдардың өтіріктеріне алданбауды, көрсеткен жалған құрметтеріне сенбеуге уағыздайды. Олардың екіжүзділіктерінен, жалғандықтарынан жалғыздық әлде қайда артық деп есептейді.

Жалал әд-Дин Руми адамның тіршілік иесі екендігіне қарамастан, өз қадірін өзі кетіріп жүргендігіне қынжылыс сезімін төмендегіше білдіреді:

“Адам, – деп ойлайды ғұлама ойшыл, – ерекше жаратылыс иесі болғандықтан мал мен мансап қуып, өзінің жаратылысының негізгі, түпкі мақсатын ұмытпауы тиіс. Өйткені, дүние жылан сияқты, қолыңды тигізсең жұп-жұмсақ, ұнатып қаласың, бірақ жыланның уы адамды өлтіреді” [72].

Бұл жерде айрықша ой бөлетін нәрсе: Маулана өмірде мал мен мансап таппа демейді. Тек өмірдің негізгі мақсаты мал мен мансап табу ғана еместігін білдіреді. Үнемі тек материалдық пайдагершілікті ойламай, рухани жағымыздың да жетілуін ұмытпауымыз керек деген ой айтады. Шейх Сади (1213-1292), күнделікті тұрмыста мал-мүлік мәселесінде қалай әрекет жасауымызды былай түсіндіреді: “Мал-мүлік өмірдің рахаты үшін. Адамға өмір мал-мүлік жинау үшін берілмеген. Бір данышпаннан сұраған екен: Бақытты жан, бақытсыз жан дегендер кімдер? (Ол данышпан былай депті) Бақытты адам дегеніміз өзі де ішіп-жеп, сондай-ақ, мал-мүлкін жақсы істерге бөле, жұмсай білген жан. Ал бақытсыз жан болса, өзі өліп қалғаннан кейін мал-мүлкі талан-таражға түскен адам. Яғни мал-мүлкінің қызығын өзі де көрмей, өзгеге де көргізбей, жегізбей, ешқандай жақсы іске мал-мүлкін жұмсамаған жан”.

Бұл тұжырым бойынша мал-мүлік адамның рахаты үшін жасалуы тиіс. Бірақ адам өмірге тек қана мал-мүлік жинау үшін келмегендігін де естен шығармағаны жөн.

Маулана Жалал əд-Дин Руми мал-мүліктің, байлықтың өткінші (уақытша) нәрсе екендігін былай түсіндіреді: “Мал-мүлік, байлық, жинаған алтын, бастағы киіз қалпақ сияқты. Киіз қалпақ киген, онымен басын жасырған адам ол таз адам”.

Адамның өмірге келгендегі мақсаты не деген сауалға Маулана былайша жауап береді. “Əй, адам, дүниеге келдің, ал сен неге келгеніңді, келген жолыңды білесің бе? Жоқ, əлі де білмейсің бе? Білмесең жоқ деме. Бұл жолсыз жолмен біздің кері қайтуымыз керек”.

Жалал əд-Дин Руми адам баласының бұл дүниеге сыналу үшін келетіндігін жəне соған сай əрекет етуі қажеттілігін былай түсіндіреді. “Бұл дүниеге келдің бе? Іс қыл, өнер үйрен, білім қу, қолдан келгенше басқаларға жақсылық жаса”.

Бұл түсінікті жəйт. Мұсылман дінін ұстанған барлық муминдер үшін күн көріс үшін адал жолдармен қарекет ету, өнер үйрену, білім қуу, қолдан келгенше басқаларға жақсылық жасау басты парыз есебінде саналса, суфийлер үшін бұл жолдан таймай, ұстану басты міндет. Ислам діндарларының ойынша Хз. Мұхаммедтің жолында, Ислам дінінде “ең игі, пайдалы, Тəңірге тура бастайтын іс, яғни ғибадат ол – адамға қызмет қылу, басқаларға жақсылық жасау. Əсіресе басқа адамдарға жасалған жақсылық, ең алдымен мұқтаж адамдарға, ғаріптерге, пақырларға, жетім-жесірлерге жасалса, мың да бір сауап”.

Ұлы Тəңір: -Ей пендем науқас едім, хəлімді сұрап келмедің.

Адам: -Ей Ұлы Тəңірім сен онсызда əлемдердің Жаратушысысың. Мен-пендемін, Сенің хəліңді қалай сұраймын?

Ұлы Тәңір: -Бір құлым науқастанды, сен оның хәлін сұрап бармадың. Егер оның көңілін сұрап барғаныңда, Мені соның қасынан табар едің.

Ұлы Тәңір тағы да: - Ей, пендем, ашықтым, тойдыр дедім, Мені тойдырмадың!

Адам: - “Ей, Ұлы Тәңірім, мен Сені қалай тойдырамын. Онсызда Сен әлемдердің Жаратушысысың!”

Ұлы Тәңір: - “Бір құлым сенен тағам сұрады. Сен бермедің. Оны тойдырғаныңда Мені де тойдырған болар едің!”

Ұлы Тәңір: -“Ей, пендем су сурадым, су бермедің”.

Адам: -“Ей, Ұлы Тәңірім, Сен онсызда әлемдердің Жаратушысысың. Мен пендемін, Саған қалай су беремін?” Ұлы Тәңір: “Бір құлым сенен су сұрады. Бермедің. Бергеніңде Менің шөлімді қандырған болар едің. Осыны да түсінбедің бе?”

Міне, бұл қасиетті хадис, яғни, Хз. Пайғамбар Ұлы Тәңірдің аянын өз сөзімен бізге жеткізген хабары. Соны да түсіне алмағанымыз ба? Ауру, аш, сусыз адамның көңілін сұрау – Ұлы Тәңірге жақындаудың ең төте жолы.

“Ислам діниндегі ең маңызды ғибадат – адамға қызмет”. Бұл туралы Ұлы Тәңір Құранның “Мағун” сүресінде имансыздар мен иманды болып көрінетін риякерлердің хәлін түсіндіреді: “Дін күнін жоққа шығарушыларды көрдіңіз бе? Міне, олар жетімді жұлқып соғып, жарлыны тойдыруды қолдамайтындар! Қарғыс атсын ондай намаз қылғандарды. Олардың намаздары бос әурешілік (ғафил). Олар нағыз риякерлер. Зекетті де бермейтіндер – солар!”. Көріп отырғандарыңыздай Құран жетімдерді жәбірлегендерді, жарлыны тойдырмағандарды, зекетті бермегендерді намаздары босқа кеткен, риякер, екі жүзділер ретінде көрсетеді. Мұның ішінде үшеуі ғәріп, пақыр, жетімдерге байланысты айтылған. Балад сүресінің 10-17-ші аяттарында да “Біз оған жол көрсеттік. Бірақ ол кедергіден аса алмады. Кедергінің не екенін білесің бе? Кедергі – азат ету, аштарды тойдыру, қасындағы жетімді, топырақта жатқан жарлыны. Сосын иман келтіріп, бір-біріне сабырлы және мейірімді болуды үгіттегендерден болу”.

Тағы да Исра сүресінің 26-шы аятында: “Жақындарыңа, жарлыларға және жолда қалған (пақырларға) қарайласыңдар!”

Нұр сүресінің 22-ші аятында: “Сізден парасат және мал-мүлікке ие болғандар! Туыстарыңа, жарлыларға, Алла жолына түскендерге сараңдық етпеңдер”.

Тағы да Ниса сүресі, 36-шы аятта: “Аллаға құлшылық етіңдер! Оған еш (ширк) серік қоспаңдар. Ата-анаға, туыстарға, жетімдерге, жарлыларға, жақын қоңсыларға, алыс-көршілерге, қасыңдағы досқа, ғаріптерге және қол астыңдағыларға жақсылық жаса…!”

Міне, Қасиетті Құранда осы мағынадағы аяттар көп. Бірақ, адамға көмек берудің, қызмет етудің Ұлы Тәңірге ұластыратындығы туралы аят қайда?, – деуіңіз мүмкін. Рум сүресінің 38-ші аятында "…Туыстарға, жарлыларға, ғаріптерге ақысын бер! Бұл – Алланың жамалын қалайтындар үшін қайырлы іс…"

Аяттың мағынасы өте анық, әрі нақты емес пе?! Алланың жамалын, дидарын көргісі келгендер, яғни, Ұлы Тәңірге ұласып, оны көргісі немесе Миражға көтерілгісі келгендер алдымен ата-ана, туыстарына, жарлы, ғәріптерге ақысын беріп, жақсылық етуі керек. Ұлы Құран олардың "ақысын бер" дейді. Яғни, олар үшін берілген сый, көрсетілген құрмет олардың "ақысы" болады екен. Осыларды жүзеге асырғандар үшін Құран кепілдік береді: Олар "үміт-армандарына, мақсат-мұраттарына жетеді", дейді.

Тағы да Қасиетті Құранның Инсан және Даһр сүрелерінде "(Олар) … Жақсы көрген тамақтарынан жарлыларға, жетімдерге және тұтқындарға жеткізеді. Біз тек қана Алланың жамалы үшін жегіземіз. Сізден ешқандай ақы да, рахмет те тілемейміз…".

Демек, бар мал-мүлік өз басының жақсылығына да, жетім-жесірдің сауабын алу үшін, ескерусіз қалған жетім-жесірлерге, пақырларға, жарлы-жақыбайларға қол ұшын созып, жанұшырғандарды ғана нағыз Тәңір жолындағы адамдар деуге болады. Мұсылман үшін ең бастысы – адамшыл қадір-қасиеттің, ар-ұят пен адамгершіліктің жоғарылығы – адамдықтың, мұсылмандықтың ең жоғарғы белгісі [73].

Адамның дүниеге келу мақсаты Алланы тану және оған құлшылық ету болып табылады. Бірақ бұл ғибадат шын жүректен болу керек, көз бояушылықсыз болу керек және тек қана Алла үшін болуы тиіс. Ал адам баласы бұл дүниеде өткінші нәрселерге көп көңіл бөледі, негізгі міндетін тура түсінбейді: "Дүние деген не? Алладан қашық (қапыда) болу, мата, ақша және сауда жасау мен әйел, бұл дүние емес". Бұл бәйтте Жалал әд-Дин Руми адамның қапылықтан құтылуға ұмтылуы қажеттігін білдіргісі келген.

Маулана, қапылықтан оянудың тек қана адамның өз қалауларын азайтумен мүмкін болатындығын былай түсіндіреді: "Бұл дүние – тұзақ, ал тұзаққа шақыратын нәрсе қалау (нәпсі). Тұзақтардан қаш, оларға бет бұрма. Егер бұлай әрекет ететін болсаң еркіндік табасың. Ал егер қалауыңды тоқтата алмасаң зұлымдыққа тап боласың".

Адам баласы дүние-мүлік жинау мақсатында әр нәрсеге барады. Ал адамдардың аш көздігі, қалауы еш таусылмайтын мұң. Соңында ол бұл өмірге не үшін келгенін де түсіне алмай, бұл өмірден өтеді де кетеді. Аш көздігіміз бен қалауларымызды қанағатпен ауыздықтамасақ, соңы жаман болады. Жаратылуымыздың негізгі себебін түсінбестен, өзімізді арзанға сатамыз. Бұл туралы Жалал әд-Дин Руми төмендегіше ой толғайды. "Адам өзін арзанға сатты. Жібек еді, нәпсісін жылы кеудешеге сатты да кетті".

Тек қана дүние-мүлік жинауға ұмтылған адам, өзін өте арзанға сатады, рухани байлықтардың құндылығын түсіне алмайды.

Жалал әд-Дин Руми кез-келген адам басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынаста, достық және сыйластық жағдайда болғаны жөн деп есептейді. “Жақсылар, қажеттіліктен мінезі нашар, жаман адамдармен де тіл табысуға мәжбүр болады. Сондықтан, өзара сыйластық пен құрмет тұтушылық адамдар үшін қажетті қасиет”.

Жалал әд-Дин Румидің терең діни және әлеуметтік-философиялық мәні бар ой толғаулары тек адамның мәнін, оның өзіндік бітім-болмысын, кескін-келбетін, моральдық-этикалық бейнесі мен адамгершілік қадір-қасиеттерін жан-жақты екшелеп, саралауға ғана арналмаған, сонымен бірге, ғұламаның өзі өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік өмірі мен тыныс-тіршілігінен, салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларынан, экономикалық және саяси ахуалынан, шаруашылық жүргізу машықтарынан да хабардар етеді. Қала жұртының, атап айтқанда, кедей-кепшіктер, ұсақ саудагерлер, қол өнершілер, т.б. кәсіппен шұғылдана-тындар, ақсүйектер мен ғалымдар, суретшілер мен ақындар, кезбе дәруіштер мен белгілі бір теккеде тұрақтанған суфийлер, т.с.с. өмірі мен тұрмыс ақуалынан, мұң-күйінен, хал жағдайынан сыр шертеді. Жыр кейіпкерлерінің әрқайсысы өздеріне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Олардың барлығы дерлік автордың идеясын, айтпақ ойын, білдірмек адамгершілік, моральдық-этикалық, мінез-құлықтық, психологиялық-сезімдік толғаныстарын жүзеге асыратын бейне, кейіпкер түрінде көрінеді. Олар өз заманының, уақыттың бағыт-бағдарын, арман-мұратын танытушы образдар ретінде көрінеді. Олар кейіпкер ретінде автор суреттеуіндегі белгілі бір оқиғаны, тарихи орта сипатын айғақтап, таза халықтық үлгі, дәстүрдегі қадір-қасиеттерді, ой-армандарды, ақ тілектерді жеткізуші тұлға ретінде көрінеді. Әрине, Жалал әд-Дин Румидің әдеби кейіпкерлері бірыңғай жағымды адамдар образдарынан ғана тұрмайды. Онда жағымсыз кейіпкерлер де аз емес. Солардың жағымсыз қылықтарын әжуа ету арқылы жамандық, зұлымдық, арсыздық, ұятсыздық, нәпсі құмарлық, қырсыздық, т.с.с. әшкереленіп, жақсылық атаулыға ұмтылу, жақсыдан үлгі алу, қолдан келгенше басқаларға жақсылық жасауға іштей дайын болу қажеттігі баяндалады. Жалпы Жалал әд-Дин Руми тақырып таңдауда, оның тереңіне бойлауда, өмір құбылыстарының ішкі қабаттарына барлау жасауда, солардың әлеуметтік-эстетикалық мәнін түсіндіруде, сан алуан кейіпкерлердің образдары мен өзіндік бейнелерін, жан дүниесін, жүріс-тұрысын суреттеуде алдына жан салмайды. Образдық-сезімдік тұрғыдан өмірді танытады, адамның ішкі дүниесіне үңілтеді, тіршілік-тұрмыс мәнісін түсіндіртеді, көңіл-күй құбылыстары мен ішкі сезім дүниесіне бойлатады. Айшықты суретті, бейнелі ұғымдар, қала тұрмысы өмір ырғақтары, синтезді ой қорыту машықтары көркемдік ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін аша отырып, ой, пайым, сыр тереңіне сүңгіте береді, сүңгіте береді. Сөйтіп, адамдардың күнделікті өмірі мен тұрмыс-тіршілігінде, қарым-қатынасында, қоғамдық өмірде, саясатта орын алып келе жатқан оқиғалар мен хикаялардан әп-әдемі сюжеттік суреттер оюлаған Маулана Жалал әд-Дин Руми терең әлеуметтік мәні бар, тәрбиелік маңызы жоғары пайымдық ой маржандарын төмендегідей жыр жолдарымен төге береді, төге береді.

**а) Шындыққа жанасу**

Үнділер бір қораға піл әкеліп, халыққа көрсету үшін оны іші қараңғы қораға қамапты. Хайуанды көру үшін қараңғы қораға бірталай адам жиналыпты. Бірақ, қораның қараңғылығы соншалықты, көзбен көруге мүмкіндік болмапты. Осы көз түрткісіз қараңғылықта олар қолдарымен сипалап, өздері оны не нәрсеге ұқсататындықтарын білдіріпті.

Бірісі оның ұзын мұрнын ұстап: “жануар су құбырына ұқсайды екен” – десе, екінші біреуінің қолына оның аяғы ілігіпті. “Ол піл ұстын ағашына ұқсайды” – депті. Үшінші біреуі болса оның арт жағынан сипап: “піл патшаның тағы сияқты” – депті.

Жиналғандардың әрқайсысы пілдің қай жерін ұстап, оны неге ұқсатса, пілдің түр-пішімін ұқсатқан нәрсесіне сәйкестендіріп атап бағыпты. Олардың барлығының ой-пікірлері де, көзқарастары да ақиқат-шындықтың жүзден біріне де жуықтамайды. Ал, олардың әрқайсысының қолында бір-бір пілте шам болған болса, олардың пайымдауларында ақиқат шындыққа үйлесімсіздік болмас еді. Өмірде де солай, білім мен парасаттылық жоқ жерде, әруақытта да қараңғылық пен надандық түнегі басады.

**ә) Ғашықтық және жүрек**

Суфийлер ұғым-түсінігінде ғашықтық - шектен шыққан махаббат сезімін, сүйіспеншілікті білдіреді. Ғашықтық махаббаттың ең соңғы мәртебесі. Махаббат адамға өз үкімін жүргізеді. Себебі, ғашықтық болмыстың және жаратылыс атаулының негізгі себебі. Ғашықтықтың бірнеше түрі бар. Шынайы (хахики) ғашықтық; Құдайлық ғашықтық, оның да екі түрі бар: а) Алланың өзі жаратқан пендесін сүюі; ә) Пенденің (адамның) Алланы сүюі. Ал, астарлап айтқанда ғашықтық адамның адамды жақсы көруі, сүюі. Сондықтан да болар, суфизмнің белді өкілдерінің бірі ретінде Жалал әд-Дин Руми өзінің ой-толғауларында ғашықтық пен жүрек (көңіл) сезімі туралы былайша толғайды:

“Кім болсаң да және қандай жағдайда болсаң да, әрдайым ғашық бол, ғашықтықтың тұтқыны болуға тырыс. Бір рет ғашық болдың ба, мазарда да, ақырзаман орнағанда да – мәңгілік жәннатта да, әр уақытта да ғашық бол! Таза бидай ұрығын сепсең, таза өнім жинайсың, таза бидай ұрығы таза өнім береді. Таза бидай отта тез пісіп, ып-ыстық дәмді нан болады”.

Мәжнүн Лейлаға хат жазуды ойлап, қолына қалам алып, мына шумақтарды жазыпты:

“Есімің көңілімде,

Елесің көзімде,

Жан-тәнің жүрегімде

Олай болса мен (ғашықтықтан) қалай жазылайын”.

Елесің көз алдымнан кетпейді, есімің аузымнан түспейді, Жан-тәнің жүрегімнің терең түпкірінде, сондықтан, сен барлық дүниемдесің, бұл жағдайда мен не жазамын? Қалам сынды, парақ жыртылды [74].

Жүректері ғашықтық отына толы жастар көп, олар ғашықтық сезімдері мен жалындап көкке ұмтылған жүрек алуын сөздермен айтып жеткізе алмайды. Бұл көз сүзіп, қарай беретін жәй нәрсе емес, еш нәрсе де ғашықтыққа кедергі бола алмайды, себебі ғашық көзі-жүрек, үміт пен тілек, самғап ұшқан жан қалауы…

б) Византиялықтар мен Қытайлықтар арасындағы сурет салу жарысы туралы хикая

Қытайлықтар "Біз өте епті, шебер суретшілерміз" деп мақтаныпты. Анадолы халқы да "Біздің шеберлігіміз одан да жоғары" деп оларға қарсы пікір айтыпты.

Падишах: Олай болса мен сіздерден сынақ аламын; байқап көремін, қайсыларың сурет саласыңдар, - деп сұрапты.

Қытайлықтар да, Анадолы өлкесінің суретшілері де дайындыққа кірісті. Анадолы өлкесінің суретшілері өз істерінің нақ шеберлері болатын.

Қытай суретшілері жеке бөлме сұрапты, келесі бір бөлмені Анадолықтар иемнденіпті.

Қытайлықтар падишахтан жүз түрлі бояу сұратты. Ұлы падишах осылар үшін қазынасын аштыртты.

Қытайлықтарға әр таң жаңа бояулар жеткізілетін.

Ал, Анадолы суретшілері "Тот кетіруден басқа, бояу іске жарамайды!"- депті.

Сөйтіп, есікті жауып алып, олар қабырғаны сылап, сипай бастады. Көк жүзі сияқты көкпеңбек тап-таза, мөлдір түске келтірді.

Олар айтты: Екі жүз түрлі бояумен боялғанша, түссіз болғаны жақсы. Түс – бұлт сияқты, алуан түрлі, төсінде ай жүзеді.

Бұлттан жарқырау мен сан түрлілік бояу көрсең, біліп қой – олар жұлдыздар мен айдың және күннің жарығынан болады.

Қытай суретшілері де жұмыстарын бітірді. Олардың барлығы да салған суреттеріне таң қалысып, сүйсінуде еді.

Падишах келіп, бөлмедегі суреттерді көрді. Барлығы ақылдан, қиялдан пайда болған, сан алуан түрлі әдемі бір заттар еді.

Одан кейін падишах Анадолы суретшілерінің бөлмесіне кірді. Анадолы суретшісінің бірі бөлме әйнегіндегі перденi көтерді.

Қытай суретшілерінің салған суреттері мен нақышты ою-өрнектерінен бұл бөлменің сылап-сипаланған қабырғалары асып түсті.

Ол бөлмедегіден, бұл бөлмедегі нақыштар әдемі болып көрінді; суеттердің барлығы дерлік көз жауын алып тұрды.

Өйткені, Анадолы суретшілері салған суреттер таза жүрек қалауынан, сезім түпкірінен өрілген көңіл нақыштары болатын. Оның үстіне Анадолы суретшілері суфийлер тұғын. Олардың терең суретшілік қабілеттері болмағанымен, көңілдері мөп-мөлдір, тап-таза болатын. Жүректері биік адамгершілік қадір-қасиеттерге толы-тұғын. Өздері тек жақсылық ұрығын себуге әзір тұратын. Демек, жүректің бұлақ суындай мөп-мөлдір тазалығы, саф гаухар тастай нұр шашуы оның қасиеттілігі, өзіндік ерекшелігі. Жүрек нәзік, көңіл таза болса, небір әдемі суреттер салуға болады. Себебі, жүрек қалауының, көңіл айнасының шегі жоқ. Ол небір тылысым сәттерді шебер бейнелей алады.

**в) Нақты білім және құдайдың сөзі туралы**

Бір хан туған баласын өнер үйрен, білім қу, өнегелі азамат болып өс деп оқуға беріпті. Ұстаздар қауымы балаға бар өнерді үйретіпті, терең білім беріп ғұлама ғалым етіп тәрбиелепті.

Оқуын бітіріп, оралған баласын сынап көру үшін Хан алақанына жүзік қысып, баласынан сұрапты дейді. “Айта қойшы балам! Мен алақаныма не нәрсені қысып отырмын?” Сонда баласы: “Алақаныңа қысқаның бір домалақ нәрсе, түсі сары, іші қуыс” - деп жауап беріпті. Хан: “Берген жауабың жөн, бірақ оның не нәрсе екендігін дөп басып, тауып айт!” - дейді. Сонда баласы: “Ол бәлкім, елек болар” - деп жауап қайырады.

“Белгілерін өте дұрыс бергенің жөн-ақ, бірақ сендегі білім тек ақыл сауытының ішінде қалыпты. Қалайша сен електің алақан ішіне сыймайтындығын білмедің?”

Дәл осылайша, әр заманда білімдар адамдар білім-ілімді толық үтір-нүктесіне дейін көңілдеріне тоқыған, өздеріне қатысты болмаған нәрселердің мән-мағынасын жетік білген, толық меңгерген. Ал, өздері жайлы, өздерінің білім-болмысы, тыныс-тіршілігі, мінез-құлқы жайлы ешнәрсе білмеген.

“Мынаған рұқсат бар, ал, мынаған рұқсат жоқ; мынау – адал, анау - арам” – деп бөлген. Бірақ, олардың барлығы да өздері жайлы, негіздері қақында еш нәрсе білмейтін, ненің адал, ненің арам, ненің таза, ненің лас екендігін түсінбейтін.

Мұндай таным да бір нәрсенің сырт көрінісі басқа, іші қуыс, түсі сары, немесе домалақ болуы тек қана болжам, белгісіз нәрсе. Ал, адам жүрегі, көңілі ондай емес, таза, түсінікті, гаухар тастай мөп-мөлдір. Сондықтан, адам көңілін жүрегі таза, көңілі адал, шабыты теңіз сияқты асау адам ғана түсіне алады [75].

Біреу ана құрсағындағы балаға: “Сыртта өте жақсы өмір, тағамға, дәмге толы, ұшы-қиыры жоқ тамаша жер,

Таулар, теңіздер, сахара, хош иісті баулар, бақшалар және астық толы қырмандар,

Айдын жер, биік көк жүзі, күн, айдың сәулелері мен мыңдаған жұлдыздар бар.

Оңтүстік, Солтүстік, Батыс желкемдері мен самалдары бақшаларға той-мереке дауысын жеткізуде.

Бұдан басқа қандай ғажап керек, Неге сен бұндай қараңғылықта, бұндай бейшаралықта қаласың?

Неге бұл бұғауда, лас, тар жерде қан жұтып отырсың?"

Бала, шынын айту керек, бұған сенбес еді және бұны айтқанды қуып жіберіп, былай дер еді: "Бұл сандырақ, бос сөз және жаңылыс", себебі, соқырлардың үміті қиялдан туады.

Бала осылайша, ешнәрсенің парқына бармай, сенімсіздікпен ақиқат шындықты тыңдамайды.

Дәл осылай, бұл заманның адамдары да былай көкиді: "Бұл өмір өте қараңғы және тар шұңқыр; сыртынан қарағанда иіссіз, түссіз ештеңе".

Жақсы сөздер, нәрселер біреуінің де құлағына кірмейді, олардың ойы олардың жүрек қалауы, берік бір қамал сияқты. Бұл қалау құлақты жауып, еситуге мұрша бермейді; көздерін тұмышалап, тамашалауға кедергі жасайды.

Баланың жағдайы да осындай, біраз уақыт мекен еткен тұрағындағы азығы болған шаранаға деген жүрегі бұл дүниеден келген хабарларға көңіл бөлуіне мұрша бермейді….

Жалал әд-Дин Румидің ұлы түркі дүниесінің ұлы шайыры Сұлтан Велед "Веледнамеде" былай деген екен: "Адам баласы екі рет дүниеге келеді: бірінші рет анасынан, екінші рет өз денесі және өз барымен. Дене бір жұмыртқа сияқты: адамның өзі ғашық отына күйіп бұл жұмыртқаның ішінен шығуға, бір құс болып ұшуға, өз денесінен құтылып, жан рухының өлмейтін әлеміне, мәңгілікке баруға ұмтылады". Ол бұл пікірін одан әрі былай деп жалғастырады:

"Егер иман құсың өзіңмен бірге тумаса – бұл өлі туғанмен тепе-тең. Дене бұғауындағы жан, ана құрсағындағы бала сияқты ұйқыда; еркіндігімен кездесуді күтуде. Бұл дүниеге келмек, тек өзіне-өзі келуін және ақылына келуін, пісіп-жетілуін уақыт көрсетеді.

Дерт өз сезіміндегі көңіл-күйден туады және ол оны көп нәрседен құтқарады. Аналар дүниеге сәби келтіру азабын тартпайынша, бөбегінің бұл жарық дүниені көруі екіталай. Ана тән ғана бермейді, рухқа өмір де береді…

Дүниеге сәби келтіру қиындығы әйел үшін дерт, ал, сәби үшін қапастан құтылу жолы" [76].

Жан-жағынан гүлдер, у-шулар көтеріліп, әр көшеде алаулар жарқырайды.

Себебі, бұл кештегі той-думан, у-шу, қуаныш иірімдері мәңгілік өмірге мән береді.

Мауланaның ұғым-түсінігінше басты мәселе: "Құдай жолында азап шегу – дүниенің әміршісі болудан жоғары тұрған нәрсе", себебі, адам іштей мүжіліп, Құдай алдындағы күнәсін жуу, парызын өтеу үшін, түнімен Аллаға мінәжат етеді. Сөйтіп, көңілдегі кір мен қасаңды риязатпен арылту арқылы көңіл тазалығына ұласқанда ғана адамдар рухани және мағынауи мираждан үлес алады.

**г) Барлық және өзгеріс.**

Бағдаттық бір адам бүкіл жиған-тергенін босқа шашып, жоқшылық хәлге түсіпті. Жиған-тергенімді қайтарып бер деп тәңірге шын ниетпен жалынып, қайта-қайта дұға қайырғаннан кейін, бір түні түс көреді. Түсінде бір дауыс оған Кахире деген қалада, бір жерде тығулы жатқан қазына бар екенін айтады. Қалтасында бес тиыны да жоқ ол Кахиреге келеді, тіленіп жүріп күнін көреді. Бірақ, ойындағы ісін, түн болмаса, күндіз істеуге ұялыпты. Бір күні түнде көшеде сенделіп жүрген оны бір қарауыл ұры екен деп ұстап алады. Жөнін сұрамастан, тепкінің астына алып, ұра бастайды. Ақырында әлгі адам жөнін айтуға мұрсат алып, оған көрген түсін егіліп отырып айтқаны соншалықты, қарауылды сендіреді. Қарауыл: "Байқап қарасам, сен ұрыға ұқсамайсың. Бірақ, қалайша сен түсіңе сеніп, осыншалықты ұзақ сапарға шығатын ақымақ болдың? Мен де қаншама рет, Бағдатта, әнебір немесе мынабір көшеде, қайсыбір үйде қазына сақтаулы тұр екен деп есіттім. Бірақ, сол үшін мен жолға шықпадым. Қарауылдың сөзіне назар аударып, байқаса айтқан үйі өз үйі сияқты. Жазмыштың жазғаны, өзінің жаңылысқанына Тәңірге шүкіршілік еткен адам, Бағдатқа кері қайтып және өз үйінде көмулі жатқан қазынаны тапқан екен". Олай болса, адам үшін басты міндет – ақиқат шындық қазынасын іздеу, бірақ оны "табу үшін" басқа жаққа барып келу, бөгеде біреудің ықпалы да керек болар [77].

Жалал әд-Дин Руми Алла тағаланың өзінің жеке басына рақымы мол түсіп, адамшылдық мінезін қалыптастыруға көп жәрдем көрсеткендігін жиі-жиі қайталап айтқанды тәуір көретін. Мен сол себептен де басқа адамдарға дөрекі мінез көрсете алмаймын деп отыратын. "Алла тағала маған теңіздің мол суы сияқты кең пейіл бермегенде, менде басқалар сияқты дөрекі мінез көрсетіп отырар ма едім, басқа адамдарды ренжітер ме едім".

Маулана өз басына дұрыс, жақсы жағдай тудырып, басқаларды ауыр, қиын жағдайда қалдыратын жандарды еш қаламайтын. Оның пайымдауынша адамдардың барлығы мынау өткінші дүниеде жолаушы. Сондықтан, басқа адамдармен арадағы қарым-қатынаста қолдан келсе жақсылық жасауға тырыс деп уағыздайтын. Дей тұрғанмен, Жалал әд-Дин Руми мінезі нашар адамдармен де араласудан қашпайтын. Ол ондай адамдарды дұрыс жолға итермелеуге тырысып баққан. Ол әрдайым адамдардың жақсы істеріне қуанып, масаттанған. Ұлтттар арасындағы өзара құрмет тұтушылық пен сыйластықты жырлаған. "Мен жетпіс үш ұлттың өкілімен доспын" деп мақтанған.

Жалал әд-Дин Руми адамдарды дініне, басқалай өзгешеліктеріне қарап бөлмеген, адамдарды олардың адам екендігі үшін, жақсы мінездері, жасаған жақсылықтары, жоғары адамгершілік қадір-қасиеттері үшін сыйлаған, қадірлеген. Осы жерде Мауलананың діни түсінігіне кеңінен тоқталып өту дұрыс болады.

Мєулананыњ (1273 ж. ќайтыс болѓан) діни кµзќарастарын талдамастан алдын оныњ діни т‰сінігініњ ќалыстасуына елеулі єсерін тигізген факторларѓа (мєселелерге) тоќталуды жµн санап отырмыз.

Мєулананыњ ењбектерін оќыѓанда, онда діни ±ѓымдардыњ кµптеп кездесетіні жєне сопылыќ діни т‰сініктіњ басым екендігі аныќ байќалады. Мєулана, негізінен, Ислам дінін жете ќарастырѓанымен, барша діндерді ±лы бір маќсатќа жеткізу т±рѓысынан бір дењгейге ќояды. Себебі, олардыњ ортаќ ±лы маќсаты – µз µкілдерін баќытты да азатты ѓ±мыр кешуге ќауыштыру болып табылады. Мєулана осы т±рѓыдан алып ќараѓанда діндер арасында ешќандай айырмашылыќтыњ жоќтыѓын алѓа тартады. Б±дан Мєулана барша діндерді хаќ деп санап, мойындапты деу ќате. ¤йткені, Мєулана ењбектерінен оныњ Исламѓа ѓана хаќ дін ретінде бойс±нѓандыѓы айќын кµрінеді.

Мєулананыњ діни концепциясында Аллаћ таѓалаѓа ‰лкен мєн беріледі. Аллаћ – ол ‰шін шындыќ, аќиќат. Сондыќтан, Мєулана шындыќќа жету ‰шін кµп ізденеді, ѓибадат пен µзге де діни элементтерді шындыќќа жетудіњ ќ±ралдары деп пайымдайды.

Мєулана єлеуметтік мєселелер туралы да терењ ой ќозѓайды. Оныњ ењбектерінде кµбіне сабырлылыќ, ш‰кіршілік, таќуалыќ, жалѓыздыќ секілді дінніњ субъективті т±старына баса назар аударылады. Б±дан Мєулана неліктен басќару істерін, саясатты жєне т.б. мєселелерді діни т±рѓыдан ќарастырмай, дінніњ субъективті т±старына басымыраќ тоќталѓан деген сауал туындайды.

Бізше, м±ныњ бірінші себебі – Мєулананыњ сопылыѓынан; ал, екінші ењ басты себебі – сол замандаѓы халыќтыњ, ќоѓамныњ жєне мемлекеттіњ т±рмыс тіршілігінен келіп шыѓады. ¤йткені, сол замандаѓы басшылар мен мемлекеттіњ халыќты азѓантай к‰шпен біріктіру секілді аса мањызды ќызметі бола т±ра, оны жеткілікті дењгейде пайдаланбаѓандыѓы анық байќалады. Єсіресе, 1243 жылѓы Кµседаѓ ±рысынан кейін салыќ ауыртпалыќтарыныњ к‰шеюіне байланысты халыќтыњ ќаржылыќ ахуалыныњ нашарлауы, бір-бірінен к‰дер ‰зуі, мoњѓол-дардыњ Конияны басып алуы жєне Селжук империясы с±лтандарыныњ мoњѓолдардыњ таќтан т‰сіріп, ќайта таќќа отырѓызуѓа ыњѓайлы ќуыршаќтарына айналуы сынды келењсіз себептер ќоѓамдыќ тєртіп пен бейбітшіліктіњ б±зылуына кері єсерін тигізеді. М±ндай жаѓдайда мемлекетке, басшыларѓа жєне саясатќа арќа с‰йеудіњ, сµзсіз, м‰мкін еместігі анық. Себебі, селжук-тыќтар мoњѓолдарѓа салыќ тµлей отырып, µздерін аман саќтап ќалуѓа тырысса, ел басшылары тікелей мoњѓолдарѓа баѓынышты болады. Єрине, осындай ќиын-ќыстау заманда адамдардыњ ќоѓам жаѓдайынан гµрі µз ќара бастарыныњ ќамын ойлайтыны белгілі. Содан болар, Мєулана µз ењбектерінде халыќтыњ ќызыѓушылыќ аясына кірмеген басќару істері, саясат,

мемлекет, ќоғамдыќ тєртіп сияќты элементтерді ќарастырмай, єлеуметтік мєселелерге жете тоќталады.

Жалпы алғанда, діннің шынайылығын (объективтілігін) кµрсету ‰шін, ең алдымен, оның субъективті т±старын толыќ ќарастырып біткен жµн. Міне, сондыќтан, Мєулана діннің субъективті т±старын жан-жаќты зерттеген деп пайымдауға болады. Осыдан, жоғарыда аталған "азаттыќ" ±ғымы негізінде "Сірє, Мєулана Исламды азаттыќќа ќауыштырушы дін ретінде халыќќа ±сынды ма екен?" деген сауалға жауап беріп кµрейік.

Біздің ойымызша, Мєулана б±ќара халыќты Исламға шаќыра отырып, сол арќылы дағдарыстан шығуды кµздеген. Яғни, Ислам дінін халыќты азат етуші дін деп есептеген. М±ны Мєулананың еңбектерінен аңғаруға болады.

Сонымен ќатар, Мєулана Шємспен кездескен заманда онымен ќарым-ќатынасын жиілетіп, халыќтан бір мезгіл ќол ‰зеді де, халыќ рухани азғындыќќа ±шырайды. Шємс ғайып болғанда, халыќ б±рынғы ќалпына ќайта ќауышады. Халыќтың рухани азғындыќќа шалдығуы осылайша Шємстің кетуіне бірден-бір себеп болады. Яғни, б±л халыќтың Мєуланадан кµп нєрсе к‰ткендігін жєне оның хабарлары мен жолдауларын ‰немі ќ±лаќ сала тыңдап отырғандығын білдіреді. Демек, ‰лкенді-кішілі, бай-кедейі болсын, барша халыќтың азаттыќќа жету жолын Мєулананың кµрсететініне кєміл сенгендігі жєне оны пір т±тќандығы байќалады. Б±дан Мєулана жалпы халыќты шынайы (хаќ) жолға жетелеуші міндетін атќарды десек те болады.

Енді, мынадай µзекті мєселеге тоќтағым келіп отыр. Ќазіргі таңда фолькислам (халыќтыќ ислам) деген Исламның халыќ деңгейіндегі бір т‰рі кеңінен талќыға салына бастады. М±ны, сондай-аќ, дєст‰рлі діни т‰сінік деп те атайды. Сірє, осы дєст‰рлі діни т‰сінікте Мєулананың діни т‰сінігінің єсері (‰лесі, рµлі) бар ма екен?

Б‰гінде халќымыздың кесене секілді рухани жағы басым орындарды зиярат етуге ќ±штар екендігі жєне Мєулана сияќты бірќатар ірі т±лғалардың наќыл сµздерін ќоғамның талќыламастан, бірден ќабылдап алатыны да барша-мызға белгілі. Тіпті, м±ны сезген баз біреулер µз пікірлерін Мєулана сияќты руханияты басым кей т±лғаларға жатыстыра отырып, ашыќтауға тырысуда.

Кейбір ескішіл (консервативті) бағыт ±станған діндар адамдар мен халыќ Мєулананың сєуегейлік, єуезділік (мусики), єдептілік, кешірімшілдік секілді дєст‰рлі діни т‰сінікке сай келетін т±старын ‰немі дєріптеуде. Сондыќтан, халыќтың басым кµпшілігі Ислам дінінің басты дереккµздерінен (Ќ±ран жєне с‰ннет) дінді ‰йрену орнына Мєулана секілді рухани т±лғалардың діни ±станымдарына ж‰гінуде. Тіпті, кµбіне м±ндай діни т‰сініктердің жеткіліксіз, кемші екендігін ±ғынған жағдайда олардан бірден бас тартуда. Олай болса, ќазіргі дєст‰рлі діни т‰сініктің ќалыптасуында Мєулананың да µзіндік єсері болған деп пайымдай аламыз.

Енді, "Мєулананың діни т‰сінігіне шииттік ғалымдардың єсері болды ма?" деген сауалға жауап берейік. Алдымен Мєулананың, єсіресе, оның єкесінің бір

мезгіл Иранда µмір с‰ргендігін айта кетейік. Мєулана балалыќ шаѓыныњ аз ѓана бµлігін Иранда µткізеді. Ол "Есрарнаманыњ" авторы ирандыќ сопы Феридуддин Аттардыњ єњгімелерінен де пайдаланады. Солай бола т±ра, Мєуланада шииттікке ќатысты діни т‰сінікке орын берілмейді. Алайда, кейбір ѓалымдар Мєулананыњ сопылыќ іліміне с‰йене оныњ діни т‰сінігін шииттік ілімге жаќындастыруѓа тырысып, ‰лкен ќателікке бой алдырып отыр. ¤йткені, сол замандары сопылыќ тек ќана Иранѓа тєн ілім емес-ті. Дегенмен, Мєулана парсы тілін ќолданѓандыќтан, оныњ жазу тєсілі ирандыќ сопылардыњ тєсіліне ±ќсап кеткен.

Мєулана діннің т‰рін ѓана зерттеп ќоймай, оныњ махаббат жаѓына да зер салады. М±нау д±рыс немесе анау ќате деген т±жырымдардан гµрі аќиќатты іздеу секілді шынайы процестерді ќарастырады.

Міне, осылайша Мєулананыњ діни т‰сінігін айќындайтын мєселелерді ќолѓа алѓаннан кейін, енді, оныњ діни т‰сінігін жан-жаќты талќылайыќ. Ењ алдымен, Мєулананыњ ислами сопы екендігін айта кетейік. Сондыќтан, оныњ діни кµзќарасы осы ілімге кµбірек с‰йенеді. Мєулана дінді аќиќатќа жетудіњ ќ±ралы деп т±жырымдайды.

Мєуланада "дін" ±ѓымы діннің сµздік маѓынасымен ќатарлас айтылады. Яѓни, "дін" – ќатты берілуге, сенуге т±рарлыќ жєне сол арќылы адамныњ єдеттері мен мінезі ќалыптасатын ќ±былыс (факті). Мєулананыњ пікірінше, µзін жыныстыќ нєпсіќ±марлыќќа немесе басќа да физиологиялыќ м±ќтаждыќтарѓа бой алдырып, тек соны ѓана маќсат т±тып, сол арќылы µз єдеттері мен мінезін ќалыптастырѓан кісіге "сіздіњ дініњіз µзіњізге, менің дінім µзіме" деп айту керек [78]. Себебі, оныњ діні – оныњ µмір с‰ріп отырѓан тєсілі болып табылады.

Ќоѓамдаѓы адамдардыњ кейбірінде єйелќ±марлыќ, кейбірінде мал-ќ±марлыќ (д‰ниеќоњыздыќ), ал кейбірінде білім алуѓа деген ќ±штарлыќ басым болады [79]. Егер ќоѓамдаѓы адам немесе адамдар тобы осы ќ±марлыќтарын µмір с‰ру тєсіліне айналдырса, онда олар нєпсіге ж‰гінеді де, нєпсілері дінге айна-лады.

Мєулана ќабылдаѓан осындай діни т‰сініктіњ ќоѓамдыќ сипаттары ќандай болатынын ќарастырайыќ. Егер ќоѓамда єйел, мал, атаќ, данќ секілді т.б. адамѓа тєн нєпсілер µмір с‰ру тєсіліне айналып, ќоѓамдыќ µмір соларѓа негіз-делсе, онда барлыќ ќоѓамдыќ ±ѓымдар мен мекемелер де солардыњ аясында ќалыптасады. М±ндай ќоѓамда нєпсі ‰стемдік еткендіктен, "к‰ш" ±ѓымы басты рµл атќарады да, єділдіктен гµрі з±лымдыќ басым болады.

Демек, Мєулана дінді абсолюттік сенімдердіњ ж‰йесі ретінде ќарастыр-майды. Ол діннің рухын да µте мањызды деп есептейді. Мєулананыњ пайым-дауынша, орта дењгейдегі б±ќара халыќ арасында Ислам дініні́њ ѓибадаттарын м‰лтіксіз орындайтын адамдар болады. Алайда, олар µздерін м±сылманбыз деп санаса да, бір жаѓынан п±тќа табынушылар кейпінде де µмір с‰реді. Себебі, п±тќа табынушы екендігін білмейтін м±ндай адамдар барлыќ ѓибадаттарды кіршіксіз орындап, Ислами сµздерді к‰н сайын ќайталап отырса да, бастыѓынан іштей ќорќа немесе с±лу бір єйелдіњ с‰йіспеншілігіне ие болуѓа тырыса отырып, осындай жасырын илаћтарѓа ќалай табынѓанын сезбей ќалады [80].

Мєулананың діни концепциясында "махаббат пен ғашыќтыќќа" ерекше орын беріледі. Оның пікірінше, "ғашыќтыќ діні" деп аталатын дін басќа дін-дерден µзгеше болып келеді. Мєулана ғашыќтардың діні де, мєзхєбі де Аллаћ тағала дей отыра, діннің негізінде Аллаћќа деген махаббаттың жатќандығын алға тартады. Негізінде, Мєулананың к‰ллі еңбектерінде осы мєселе кеңінен ќарастырылады.

Б±л аќиќатќа барша адамның ќол жеткізуі м‰мкін емес. Мєулана аќиќатќа жету т±рғысынан ќоғамды екі категорияға ажыратады. Олар – ғашыќтар жєне ќалғандары. Мєулана дінді µз бойына дарытќан адамдарды ғашыќтар деп сипаттайды. Ол дінді т‰рі мен тєсілі т±рғысынан гµрі ішкі сезім, ішкі тєжірибе жєне ғашыќтыќ т±рғысынан ќолға алады [81]. Мєулана еңбектерінен оның діннің фыкх секілді ережелер ж‰йесімен онша айналыспағаны байќалады.

Дін мєселесінде халыќ пен ғашыќтар тобы бір-бірінен ерекшеленеді. Халыќ µзін сырттай кµрсетуге талпынса, ғашыќтар аќиќатќа жетуге тырысады. Демек Мєулана аќиќатќа жету жолындағы іс-єрекетті ең басты іс деп есептейді. Ал, м±ндай іс дін арќылы ќамтамасыз етіледі. "Сондай-аќ, діннің жер ж‰зіндегі адамдарды ќорғау жєне єлемдік ж‰йенің реттілігін саќтау секілді ќызметтері де болады".

Біздің ойымызша, Мєулананың діни т‰сінігін оның мына сµздері аныќ кµрсетеді: "Жаным тєнімнен ±шып кетпегенше Ќ±ранның ќ±лымын, таңдаулы пайғамбер М±хаммед (С.Ғ.С.) жолының топырағымын. Кімде-кім сµздерімнің біреуін болса да, басќаша бір сµзбен аударатын (алмастыратын) болса, онда мен сол сµзден де, аударылған µз сµзімнен де бас тартамын" [82]. Б±дан Исламның басты дереккµздері саналатын Ќ±ран мен с‰ннетке бірдей дєрежеде негізделген діни т‰сініктің сипаттарын аңғаруға болады.

Мєулананың пікірінше, ғайыпќа иман келтіру иманның басты ерекшелі-гін ќ±райды. Ғайыпќа иман келтірген кісі екі д‰ниеге де ќауышу м‰мкіндігіне ие болады. Мєулана осы иманның жаңартылу керектігін айта отырып, оны тек тілмен емес, ж‰рекпен де келтіру керек дейді. Иман ж‰рекке ±ялаған шаќта іс-єрекетке де µзінің єсерін тигізеді. Яғни, иман ж‰ректің ішінде саќталып, ар-ожданмен шектеліп ќалатын нєрсе емес. Ол – жеке т±лғаның бойында да, жалпы ќоғамда да кµрініс беретін ерекше ќасиет.

Иман адамның сана-сезімін ќалыптастырып, оның барша іс-єрекетіне жол кµрсетіп отырады. Ал, жеке адамдар санасының жиынтығынан жалпы ќоғамдыќ ќ±рылыстың т‰зілетіні аныќ. Олай болса, Мєулана иманды тек ж‰рекпен шектеліп ќалатын абсолюттік сенімдер ж‰йесі ретінде ќарастырмай, керісінше, ќоғамда шынайы кµрінетін белсенді іс-єрекет деп т±жырымдайды.

Мєулана б±л д‰ниеден соң аќыреттің келетініне де тоќталып µтеді. Ол "б±л д‰ние суы ащы ќ±дыќќа ±ќсайды, одан тек Ќ±рани иманмен шығу м‰мкін" дей келе, "Ќ±рани иман" ±ғымы арќылы иманның ќоғамдыќ сипаттарының бар екеніне де меңзейді. Мєулана идеал (кіршіксіз) иман деп адамның µзін Аллаћќа бағыштауын айтады. Яғни, адам µз сезімдері мен интуицияларынан арылып, Аллаћпен психологиялыќ т±рғыдан бірігу ќажет.

Мєулана иман мєселесінде екі т‰рлі топќа назар аударады. Олар – Аллаћќа ѓашыќ болѓан, таңдаулы адамдар тобы жєне ќарапайым халыќ. Мєулананың пікірінше, **"Лє илєћє иллаллаћ"** (арабшадан: Аллаћтан басќа тєңір жоќ) – халыќтың иманы, ал **"Лє ћує иллє ћує"** (арабшадан: Одан (Аллаћтан) басќа ол жоќ) – Аллаћќа ѓашыќ болѓандардың иманы. Яѓни, "Аллаћтың болмысынан басќа болмыс жоќ" дегенді білдіреді. М±ндай пантеистік т‰сінік Мєулананың идеал дін т‰сінігін кµрсетеді.

Аталмыш ќаѓида, яѓни "Лє ћує иллє ћує" ќаѓиадасы – адамдардың мекен ету ортасы мен заманына ќарай µзгермейтін, т±раќты табиѓи заң [83]. Б±л заң – ќоѓамдаѓы бай мен кедей, жоѓарѓы мен тµменгі тап µкілдері, еркек пен єйел, т±тќын мен азат деген бµліністі талќандап, аймаќтыќ, мезхептік жєне нєсілдік саналардың ќарама-ќайшылыѓын жоятын жєне адамдарды м±ндай айырмашылыќтарѓа ќарамай, біріктіретін табиѓи заң. Байќаѓанымыздай, б±л ќаѓида тек Аллаћтың бірлігін дєлелдеп ќана ќоймай, ќоѓамдаѓы бірлік пен татулыќќа да н±сќайды. Ќоѓамдаѓы сыныптыќ, нєсілдік жєне мезхептік айырмашылыќтар-дың µзара ќаќтыѓысуына кедергі келтіреді.

Мєулана иманның д±рыс єрі шынайы болѓандыѓын ќалай отырып, иман туралы бір єңгіме айтып береді: "М±са (Ѓ.С.) жолда келе жатып, "Мейірімді де, ќайырымды ±лы Тєңірім! Ќайдасың сен, саѓан ќ±л болайын. Шашыңды тарайын, киіміңді кигізейін, биттеріңді сыѓайын, саѓан с‰т берейін" деп жалбарынып жатќан бір шопанды кµреді. Оның сµздерін естегін М±са (Ѓ.С.) шопанды ескертіп, Аллаћќа м±ндай сипаттардың жараспайтынын айтады. Сонда Аллаћ таѓала Хазіреті М±саѓа шопанның Аллаћќа µз тєсілімен д±ѓа етіп жатќанын, оѓан ренжімеуін б±йырады". Б±дан Мєулана антропо-морфистік сенімді мойындаѓан деп ойлауѓа болмайды. Мєулана осы єңгімесі арќылы ж±ртшылыќќа иманда ыќылас пен шын кµңілдің болу керектігін аңѓартќысы келеді.

Б±дан алдын айтып µткеніміздей, Мєулана тек ќана тілмен айтылатын тєућидтен гµрі сенімді де, іс-єрекетті де, жеке адам мен ќоѓамдыќ µмірдегі барша нєрсені де ќамтитын тєућидтің бар болѓанын ќалайды. Ол тєућид ‰шін сенім, іс-єрекет, жеке адам жєне ќоѓамдыќ µмір бір ‰ндестікте болу керек дейді. Тіпті, ѓарыш єлемін де осы тєућидтің ішіне кіргізеді. Онсыз да, Мєулана тєућид дінін барша жаратылыстың діні деп біледі [84].

Мєулана барлыќ болмыстың сµйлейтінін жєне бір тамырдан нєр алатынын (азыќтанатынын) мойындайды. Осы арќылы жер бетіндегі барша болмыстың Аллаћќа зікір айтатындыќтарына н±сќайды.

Мєулана, шын мєнісінде, барлыќ нєрсенің негізі бір, біраќ саны (мµлшері) кµп деген т±жырымды ±станады. Мысалы; адамның єр т‰рлі ќажет-тілігі болады. Самса, халуа, ќуырылѓан ет, жеміс-жидек жегісі келеді. Алайда, осы аталѓандардың барлыѓына м±ќият ќарайтын болсаќ, олардың негізі бір нєрседен, дєлірек айтќанда, аштыќтан келіп шыѓатынын кµруге болады. Аштыќ – жалќы зат, адам осы таѓамдардың біреуімен ќарнын тойдырѓаннан кейін олардан уаќытша болса да бас тартады. Демек, он не ж‰з деген сандар емес,

бір деген сан бар. Жаратылыстың, адамның, жер бетінің және барша болмыстың негізі бір.

Мәулананың пікірінше, барлық ретсіз, қате істер мен барша дағдарыстар осы тәуһид т‰сінігін мойындамаудан басталады. Сондықтан, адам µмірі тәуһидке негізделу керек. М±ндай идеал тәуһид т‰сінігіне Аллаһтың нағыз қ±лдары ғана бойс±нады. Ал, оған бойс±нбағандар менмендіктен арыла алмай, µздеріне µздері табынып кетеді [85].

"Тәуһид ақидасы – Аллаһты заты, сипаты және іс-әрекеттері т±рғысынан жалғыз (бір) деп қабылдау болып табылады". Мәулана м±ны т‰рліше т‰сіндіреді. Мәуланада Аллаһ адамдардың қауышуға ынтыққан басты жаратушысы екендігін ескерсек, Мәулананың Аллаһқа ж‰ктеген сипаттары қандай болмақ? Енді осы сауалға жауап беріп кµрейік.

¦лы жаратушы Аллаһ жалғыз, оның серігі де, мекені де жоқ. Ол – барлық нәрсені білуші қайырымды да мейірімді, кµзге кµрінбейді. Аллаһта жоқшылық пен бір нәрсеге м±қтаждық деген сипаттар болмайды. Жоқтан бар ететін де, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын да осы Аллаһ. Ол – қорғаушы да қолдаушы, адамның негізгі с‰йеніші [86].

Мәулананың Аллаһқа берген м±ндай сипаттары Исламның мақсатына сай келеді. Олар деизм, пантеизм секілді бірқатар Тәңірлік анықтамаларға керісінше, Аллаһтың әрдайым к‰ллі жаһанға және адамзат баласына ықпал етіп отыратынан кµрсетеді. Дәл осы орайда Мәулананың секулярлы (діни мәселе-лерге қатысы жоқ) діни т‰сінікке ие болмағанын дәлелдей кету керек. ¤йткені, Сади Ырмак, Мәулананың ғибадат орындарына мусики (діни әуендер) мен сема (Мәулана дәруіштеріне тән зікір салу рәсімі) әдістерін енгізгенін айта отырып, оның секулярлы діни т‰сінікті ±станғанын алға тартады. Ал, Мәулана, керісінше, мусики мен семаны мешіттерге енгізбек т‰гілі оларды ғибадат қатарына қоспаған. Сондай-ақ, Мәулана Аллаһ адамдардың µміріне араласпай, бір б±рышта демалып отырады дегенге сенбейді. Ол µз еңбектерінде Аллаһтың бірнеше қауымға пайғамбарлар жіберуін және сол қауымдарды жазалауын б±ған мысал ретінде келтіреді.

Мәулана Қ±ран Кәрімде сенімдеріне қарай м‰миндер мен кәпірлер деп екіге бµлінетін адамдардың илаһи сенімдерінің бір-бірінен ерекшеленетінін атап µтеді. Ол кµптеген діндерде ±лы жаратушы т‰сінігі бар болғанымен, оның мәні мен сипаттарының бірдей еместігін пайымдайды.

Аллаһ дегеніміз н±р. Қай діннің µкілі болса да, сол н±рдан нәр ала отырып, қос тәңірліктен және материалдық әлемнің кµптігінен қ±тылады. Мәулана м‰миндер мен п±тқа табынушылар, яһудилер арасындағы айырма-шылық олардың кµзқарастарынан келіп шығады дейді. Оның пікірінше, діндердің мақсаты – µз µкілдерін азаттық пен бақытқа апаратын тура жолды кµрсету болып табылады. Міне, осылайша Мәулана адамдардың µмірге және ондағы құбылыстарға алған діни тәрбиесі мен ілімі негізінде қарайтынын айтады.

Осы т±рғыдан Мєулана барша діндерге бірдей кµзќараспен ќарап, єр т‰рлі діндердегі адамдарға, ең алдымен, адам болғаны ‰шін ќ±шағын жаяды. Мєулананың достары арасында єр т‰рлі дін мен этникалыќ топ µкілдерінің болуы жєне жаназасына кµптеген дін µкілдерінің ќатысуы оның аќиќатты бірінші орынға ќойғандығын жєне аќиќаттың сюжеті – адамға ‰лкен мєн бергенін кµрсетеді [87]. Баз біреулер айтќандай, Мєулана "ќандай діннің µкілі болса да, адамдар тура жолда" деген кµзќарас ±станбаған. Ол жаңа мезхептің немесе жаңа діннің негізін ќаламаќ т‰гілі µзге діндегі адамдардың пікірлерін мойын-дамаған. Сондай-аќ, єр т‰рлі ќарама-ќайшы пікірлерді жоќќа шығаратын жєне тараптарды сабырға шаќырып, бір орталыќќа жинаќтайтын дін деп Исламды есептеген. Мєулана мейлі м±сылман болсын, мейлі м±сылман емес болсын, барша адамға кешіріммен, ізеттілікпен жєне єдептілікпен ќарау керектігін ±сынады.

Ол ғаламдыќ діни т‰сінігін барша адамға дарытуды кµздейді. Оның мына бір шумаќ µлеңінде ғаламдыќ діни т‰сініктің мазм±ны айќын сипатталады:

Тағы да кел, тағы да кел,

Кім болсаң да , сол ќалпында кел.

Кєпір болсаң да, отќа табынсаң да,

П±тќа сыйынсаң да, бєрібір кел.

Б±л – ‰мітсіздік мекені емес, біздің ғибадатханамыз.

Ж‰з рет тєубєңді б±зсаң да, бєрібір кел.

Осылайша, Мєулана ќай діннің, тілдің не нєсілдің µкілі екендігіне ќарамастан, к‰ллі адамзат баласын Ислами ғибадатханаға шаќырады. ¤мірден ќол ‰згендерді, µмірге налығандарды, тєубєсін б±зғандарды да осы ғибадат-ханада ‰міт отын жағуға уағыздайды [88].

Мєулана "Єй, пенде! Ешбір адамды µзіңнен тµмен кµрме, ќорлама" дей отырып, барша адам баласын бауырына басуға жєне оларды Аллаħтың ќ±лы болғандыќтан, жаќсы кµруге тырысады. М±ны жаќсылап ±ғынған жµн. Мєулана б±л туралы былай дейді: "Аллаħ к‰ллі єлемге “єй, ќ±лдарым!” деп шаќыруын б±йырды". Одан кейін Аллаħ тағала с‰йіспеншілік н±рымен барша ғаламды бµледі. Мєулананың пікірінше, барлыќ адамдар Аллаħты жаратушы болғандыќтан жаќсы кµреді. Аллаħќа деген с‰йіспеншілік пен махаббат кєпірлерде, яħудилерде, п±тќа табынушыларда жєне басќа болмыстарда да жасырын т‰рде кµрінеді. Себебі, кез-келген адамның µз жаратушысын кµрмеуі м‰мкін емес. Осы т±рғыдан алып ќарағанда да, Мєулананың айтуынша, діндер арасында айырмашылыќ болмайды.

Негізінен, адамдар µз жаратушыларын єлбетте жаќсы кµреді. Жарату-шыны мойындамағандар ќай кезеңде болмасын шектеулі (маржинал) топ ретінде ќалып ќойған. Алайда, адамдар µз діндерінің ыќпалымен бірќатар сипатына

ќарай ќандай да бір жаратушыѓа сенген. Осыѓан с‰йене отырып, "жаратушыѓа деген с‰йіспеншілік жалпыѓа ортаќ ѓаламдыќ сезім" деп ќорытынды жасауѓа болады.

Мєулана жеке т±лѓаны, жамаѓатты, ±лтаралыќ ќоѓамды жєне µсімдіктер мен жануарларды ќосќандаѓы барша ѓаламды бірт±тас ж‰йе ретінде ќарас-тырады. Єлемдегі барлыќ ±лтты µзіне тєн ерекшеліктері мен ќ±ндылыќтарын саќтай отырып, µзара бірігуге шаќырады. Оныњ ѓаламдыќ діни т‰сінігі ±лттардыњ мєдени ерекшеліктерін жоќќа шыѓармайды, ќайта оларды µзара єрекеттесуге ‰ндейді.

Мєулана адамныњ бойынан Аллаћќа тєн сипаттарды байќайды. Оны жаќсы кµреді. Адамдар арасындаѓы с‰йіспеншіліктіњ жойылуы µмір тыныш-тыѓын б±зады дейді: "Барша адамзат баласын жаќсы кµрсењ, єрдайым єсем де єдемі г‰лдерге бµленген баќшаны мекен етесіњ. Ал, баршаѓа д±шпан кµзбен ќарасањ, д±шпандарыњныњ елесі кµз алдыњнан кетпей, к‰ні-т‰ні тікенді де жыланды алќапта ж‰044ргендей к‰й кешесіњ". Адамдарды жаќтырмайын кісі ќызѓаншаќ, ±рысќаќ, µкпешіл келеді. Дін м±ндай сезімдерді ќабылдамайды.

Жоѓарыда айтылѓандарды ќорыта келе, Мєулананыњ діни концепциясына ќатысты келесідей т±жырымдарды шыѓаруѓа болады:

1. Мєулана б‰кіл діндерді аќиќатќа жеткізуші ќ±рал деп ќабылдаѓанымен, олардыњ арасында тек Исламды ѓана "хаќ" діні деп мойындап, оѓан ѓана баѓынады. Десек те, ол барша діндердіњ µз µкілдерін азаттыќќа ќауыш-тыратынына кєміл сенеді.

2. Оныњ діни т‰сінігі сопылыќќа негізделе отырып, Аллаћты дєріптеуге баѓытталады. Діни ‰кімдерді Аллаћќа ќауышудыњ ќ±ралдары деп есептейді.

3. Ењбектерінде дінніњ субъективті т±старына баса назар аударады. М±ныњ басты себептеріне: біріншіден – Мєулананыњ алѓан тєлім-тєрбиесін, екіншіден – Мєулананыњ жеке ќызыѓушылыѓын, ‰шіншіден – сол замандаѓы сопылыќтыњ кењінен таралуын, тµртіншіден – сол замандаѓы ќоѓамдыќ даѓдарысты жатќызуѓа болады. ¤йткені, к‰шті мемлекеттік ќ±рылыстыњ жоќтыѓы жеке адамдарды азаттыќќа жету ‰шін сопылыќ ілімін ±стануѓа итермелеген.

4. Мєулана дінді "фыкых" дењгейінде ѓана ќарастырмаѓан. Оныњ ауќымды философиялыќ, сопылыќ, т.б. ілімі діни т‰сінігініњ ќалыптасуына елеулі септігін тигізген. Ол кµп іздене, аќиќатты табуѓа ±мтылѓан.

5. Ќоѓамда кµбіне Мєулананыњ діни кµзќарастары бірт±тас ќаралмай, дєст‰рлі діни т‰сінікке тєн т±стары ѓана кењінен талќыланып келеді. Мєулананыњ діни т‰сінігін осылайша жарым-жартылай, жалањ к‰йде зерттеу, сµзсіз, бірќатар ќате пікірлердіњ туындауына себеп болып отыр.

6. Мєуланада шииттік діни т‰сінікке орын берілмеген.

7. Жалпы алѓанда, Мєулана дінді µмір с‰ру тєсілі деп пайымдаѓан.

8. Мєулананыњ діни концепциясында "Аллаћќа деген махаббат" бірінші орынѓа ќойылады. Яѓни, "Аллаћ болмысынан басќа болмыстыњ жоќтыѓы" баса айтылады. Б±л ќаѓида оныњ тєућид т‰сінігініњ негізін ќ±райды.

9. Мєуланаѓа "дінніњ єлеуметтік мањызын жоѓалтќан" процесті т‰сіндіретін секулярлы діни т‰сінік тєн емес.

10. Мєулананыњ пікірінше, адам дінге емес, дін адамѓа ќажет. Ол барша адамзатты Исламѓа шаќырады.

Жалал әд-Дин Руми әруақытта да бұқара халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап отырған. Халықтың мұң-мұқтажын жоқтап, кедей-кепшіктің қажетіне көмек болар ма деген мақсатпен өз дәуірінің елеулі, бай, бар адамдарына, ел басшыларына жоқшылықта өмір сүріп келе жатқандарға көмектесулерін сұрап хаттар жазған. Оның дәлелі ретінде Жалал әд-Дин Румидің ізбасар шәкірттерінің бірі Малтиялық Салахеддиннің Маулана өзіне емес, керісінше жарлы-жақыбайларға көмектесуін сұрап уәзір Муинеддин Парванеге (1277 ж.) күніне бірнеше хат жазып, жолдап отырғандығы туралы естілігі куә бола алады.

Жалал әд-Дин Руми адамдардың арасында достық, ынтымақтастық қарым-қатынас пен ауыз бірлік болуына зор маңыз берген. “Барлық адамдар өзара түсіністікте, ауыз бірлікте, ынтымақтастықта, сыйластықта болғанда ғана біз күштіміз” [89].

Ол жоғары адамгершілік қадір-қасиеттер мен адамшыл қасиеттерді ынтымақтастықпен байланыстыра қарастырады. Шынайы адамшыл қасиеттер тек басқа адамдармен өзара сыйластық, ынтымақтастық қарым-қатынаста мүмкін болатындығын және тату-тәтті өмір сүру үшін адамдар бір-біріне жақын болуы керек деп уағыздайды. Ол, сонымен бірге үнемі жоқшылықта өмір сүрген отбасыларға көмек көрсетіп отыруға шақырды. “Егер біреу екінші бір тұрмысы нашар адамға көмек қолын созса, ол оны қайта тіріліп, өмірге әкелгенмен бірдей” деп уағыздады. Ішіңдегі жақсылық отын жалындат. Жаман адамнан тек жамандық келеді деп одан қашпа. Қолдан келгенше оны жақсылық жасауға үйрет. Жақсылық жасау үшін қызмет ет деп жырлады. Жақсыны өз ішіңнен ізде, сыртқы көрініске алданып, ішіңдегі гаухарды байқамай қалып жүрме. Ойлап байқасаң адамдардың ішкі дүниесі жақсылыққа толы. “Жақсылық жасауға тойма, жақсы қиялға беріл, ойға шом. Жақсы ой адамды семіртеді. Жануарлар шөп жеп семіреді, ал адам болса басқаларға жақсылық жасаумен абройланады, кемелденеді”.

Ойдың тереңдігіне, кемелдігіне зор маңыз берген Жалал әд-Дин Руми, ой жүйріктігі, ақыл-парасат жоғарылығы адамның абыройы мен қадірін артыратындығын тілге тиек етті. Ол жаман ойлы адамдардың жақсы мен туралықты көре алмауларына мынадай мысал келтіреді. “Бір шаян өзеннің жағасында өзеннің арғы бетіне өте алмай, дымы құрып тұрған еді. Өйткені оның өзі тәріздестері өзеннің арғы бетінде жайлаушы-тұғын. Шаянның қасына тасбақа келіп одан сұрапты: “Не, сенің арғы бетке өткің келіп тұр ма?” “Иә, арғы бетке өтуім керек”- деп жауап қайтарыпты Шаян. Тасбақаның Шаянға жаны ашып арғы бетке алып өтпекші болып, оны арқасына мінгізіп, өзен суын кесіп жүзіп кетеді.

Өзеннің орта ағысына келгенде Шаянның Тасбақаны шағып алғысы келіп, инесін тасбақаның арқасына сұғып алуға әрекет жасайды. Тасбақа "Ей, шаян! Бұның не?"- деп сұрайды. Сонда Шаян "Сен маған жақсылық жасадың. Сол жақсылығыңды қайтарғым келіп, сені шаққалы әрекет жасап жатырмын. Менің сенің жасаған жақсылығыңа қайтарар жауабым осы", дейді. Осы жауапты естіген Тасбақа істеген жақсылығына налып, суға сүңгіп кетті, ал Шаян болса тозақ отына кетті" [89, 112 б.].

Осы хикаяны әңгімелей отырып, Жалал әд-Дин Руми жаратылысы нашар адамдарға жасаған жақсылығының жамандық болып қайтатынына налыс сезімін білдіреді.

Жалал әд-Дин Руми ақыл мен көп жылғы жинақталған дағды мен іскерлік тәжірибесі өз қоспасында адамның іскерлік қабілетін одан әрі ұштай, шыңдай түсетініне сенеді. Ол бұл ұғым-түсінігін мына бір жыр жолдарында тартымды етіп төмендегі ой пайымымен білдірген.

"Іс қыл, оқы, еңбек ет, сонда сенің ақылың мен тәжірибең толысады,

Ақыл күл сияқты ішкі дүниең, рухани жаның молығады".

Осы ақыл-парасаттылыққа толы жыр жолдары арқылы Жалал әд-Дин Руми адамның өмір иірімдеріне икемділігі, нар көтеретін жүкті бір өзі көтеруге әзірлігі адамның ақыл-ойы, іс-тәжірибенің нәтижелік көрсеткіштерімен толыққанда ғана артып, еселене түсетіндігін тілге тиек етеді. Адамның ақыл, дағды және іскерлігі тәжірибемен ұштасқанда ғана іс алға басады, нәтиже береді деп есептейді. Адамның іскерлігін, белгілі бір кәсіпті тоглық меңгеруін оның атқарған, бітірген ісінің нәтижелігіне қарап бағала деп кеңестейді.

Қолына шырақ алып шаңқай түсте қаланы аралап "адам іздеп жүрмін" деп айқайлайтын Диоген ғұлама сияқты Жалал әд-Дин Румиде жан-жақты жетіліп, кемелденген, ішкі рухани дүниесі ілім-білімге бай, парасаттылығы жоғары адам іздеуден ешуақытта да жалықпаған. "Кеше шейх күндіз, шаңқай түсте қолына шырақ ұстап, қала ортасында "адам іздеп жүрмін" деп айқайлап жүр деп еді. Біз де кемел адамды көп іздедік, бірақ әлі таба алмай жүрміз. Мен соның табылғанын қалаймын". Тағыда ол "менің шәкірттерім туа біткеннен ақылды, тәрбиелі, ұлағатты адамдар болып келгенде, мен оларға шәкірт болуға арланбас едім. Ал, қазір, керісінше, мен оларды жақсылар қатарына қосу үшін оларға ұстаздық етудемін" деген болатын [90].

Жалал әд-Дин Руми бүкіл адамзат баласын ұлт-ұлтқа бөлмеген, барлығын бірдей қадірлеген. Ол жәй шаруа адамдармен де, кедей-кепшікпен де, ұсақ саудагерлермен де, өнер адамдарымен де, ақсүйек әулетінен шыққандармен де, ақын, шайырлармен де, т.б. әруақытта да сыйластық, достық, құрмет тұтушылық қарым-қатынас ұстанған. Осы себептен де оны барша жұртшылық әулиелердің әулиесі (құтбу-ул-ақтаб) деп мақтан тұтқан, өте жақсы көрген, сыйлаған, аспанға көтеріп құрметтеген.

Міне сонан бері мың жылға жуық уақыт өтсе де дүниежүзі халқы Маулана Жалал әд-Дин Румидің атын еш уақытта да ұмытпаған, өлең-жырларын жаттап, хикаяттарын әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

## 2.2 Жалал әд-Дин Румидің әйел құқықтары және әйелдің отбасындағы орны мен рөлі туралы пайымдары

Б‰гінгі адамзат баласыныњ ењ мањызды мєселелерініњ бірін, сµзсіз, єйел мєселесі ќ±райды. Б±ѓан ќарамастан, осы мєселе тµњірегінде ж‰ргізілген ѓылыми зерттеулер єзірге жеткіліксіз єрі ќанаѓаттанарлыќсыз нєтижелер беріп отыр. Себебі, єйел т±лѓасы кµбіне адамныњ ішкі сезімі, аќылдылыѓы, єдептілігі, намысы секілді сезімтал ќасиеттері т±рѓысынан терењ зерттеуді ќажет етеді. Негізінен, єйел ‰й (отбасы), бала жєне еркек (жолдасы) пирамидасыныњ µте мањызды бµлшегі болѓанымен де, ќоѓамда оныњ адамдыќ ќабілеттері мен аналыќ т±лѓасы ескерілмей ‰немі жыныстыќ ќатынасы (рµлі) бірінші орынѓа ќойылып келген. Басќаша айтќанда, адамзат тарихынан єйел ‰й ќажеттіліктерін толыќтыратын зат ретінде ќаралѓанын ањѓаруѓа болады. Кей замандарда оныњ адамдыќ ќабілеттері мен дарындылыѓы жоќќа шыѓарылып, ерік-жігері м‰лдем назарѓа алынбаѓан. Ал кейбір кезењдерде єйелдіњ “азаттыќ” алуѓа ±мтылысы – оныњ ана жєне с‰йікті жар ретіндегі жауапкершіліктерін ескерусіз ќалдырѓан.

Єйел кеше ѓана Шыѓыс пен Батыстыњ сарайларындаѓы гаремдердіњ, ќ±л базарлары мен агоралардыњ аса ќажетті, ажырамас заты болса; б‰гінгі тањда мінбелерде, кµрмелер мен жарнамалыќ таќтайшаларда тек жыныстыќ имижді кµрсету маќсатында пайдаланылатын жаратылысќа айналѓан. Жалпы, Батыс ќоѓамында адам ќ±ќыќтары, єсіресе єйел ќ±ќыќтары мен азаттыѓы туралы жиі-жиі сµз ќозѓалып жатќан ќазіргі уаќытта сєн, µнер жєне жыныстыќ еркіндік секілді єдемі сµздермен єйелдіњ мета жєне порно ќ±ралы ретінде ќолданылып отырѓандыѓы байќалады. Ал, б±ѓан керісінше, Шыѓыс ќоѓамында єйелдіњ дін єсерінен ќара киім мен паранжаѓа б‰ркене отырып, ќоѓамнан алыстатылѓаны жєне осылайша адамдыќ ќабілеттерін толыќ кµрсете алмаѓандыѓы кµрінеді. Б±дан, єйел ќос ќоѓамда да µзініњ шынайы т±лѓасынан айрылѓан деп пайым-дауѓа болады.

Жалал әд-Дин Руми өзінің терең әлеуметтік-философиялық ой-толғамдарында әйел мәселесіне, оның отбасындағы орны мен рөліне айрықша назар аударған. Айталық оның “Мәснәуиі” мен “Фиһи мәфиһ” атты шығармаларында әйел тақырыбы жан-жақты сараланған. Кейбір отбасы, үй тұрмысы мәселелері әйел затымен байланыстырыла қарастырылған. Мауланaның әйелдің адамзат өмірі мен тарихындағы орны мен рөлі туралы ой-пікірлері алуан түрлі. Кейде ол әйелдерді асыра мақтайды, ал кейде әйелді барлық жамандықтардың бастауы  ретінде көрсетеді.

Мауланaның ұғым-түсінігінше әйелдің рухы өте жоғары. Егер әйелге сәл күштеу қолданылса, олар бірден керісінше әрекет ететіндіктерін, өз жанұяларында өз дегендерін істейтіндіктерін ескертеді. Сондықтан әйелдерге дөрекілік көрсетудің, оларға қарсы сөйлеудің еркектері үшін пайдасыздығын ескертіп, керісінше оларға әйелдермен сыпайы сөйлесуге кеңес береді.

Маулана әйелдердің еріктері мен құқықтарының сақталуына айрықша назар аударады. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, Жалал әд-Дин Румидің үлкен ұлы Сұлтан Веледке келіні Фатима Хатунды ренжітпеуін өтініп жазған хаттары әйел құқықтарын белгілеуде зор маңызға ие.

Маулана жанұясына, балаларына және немерелеріне өте сүйіспеншілікпен қараған отбасы басшысы. Ол Құран сүрелеріне сілтеме жасай отырып, әйел еркі мен құқықтарының сақталуын үнемі қатты талап етіп отырады. Осыған сәйкес оның әйел құқықтары туралы толғамдарынан бірер мысал келтірелік. Айталық, Маулана ұлы Сұлтан Велед пен келіні Фатима Хатун өзара ұрысып қалып, аралары алшақтауына байланысты жазған хатында әйел құқықтарының сақталуы қаншалықты маңызды екендігіне жан-жақты тоқталады. Бұл хатта Маулана ұлы Веледке келіні Фатима Хатунды тіптен ренжітпеуі керектігін, үнемі оны қадірлеуін, балаларына жақсы қарауын, әйелімен бірге өткізетін әрбір күніне алғашқы түні қандай жақсы көріп, ғашық отына күйген сәтіндей сезімде қарауын сұранады, ақыл айтады. Хаттың соңында отбасы құпиясы ретінде бұл хаттың мазмұнын ешкімге ашпауын ұлынан өтініп, сұранады.

Маулана ұлы Сұлтан Веледке келіні Фатима Хатунға ірі махаббат сезімімен, үлкен сүйіспеншілікпен қарауын өтініп, екінші рет те хат жазған. Бұл хат "Ariflerin Menkıbeleri"-дегі хатпен мазмұндас. Бірақ "Ariflerin Menkıbeleri"-дегі хаттың бас жағындағы жазылған қосымшасында Сұлтан Веледке өгей шешесі Кира Хатунмен ұрыспауын өтінеді әрі ұлынан, өгей шешесінен кешірім сұрауын сұранады. Жоғарыда аттары аталған хаттардан кейін жазылған хаттардың бас жағы мынадай бәйітпен басталады: "Менің рухым сенің жаныңмен бірге. Сені ренжіткендердің бәрі мені де ренжітеді". Маулана хат соңында тағы да ұлы Сұлтан Веледке келіні Фатима Хатунды ренжіте бермеуін сұранады. Әрі келініне ұлағатты сөздер арнайды. "Егер ұлым Сізді тағы да ренжітуге тырысса, оған деген көңілім ада, және ұлыма деген сүйіспеншілігім мен махаббатымды кері аламын; оны жақсы көруден баз кешемін, сәлемдемесіне жауап бермеймін; жаназама келуін қаламаймын" [91].

Хаттар мазмұнынан көрініп тұрғандай Маулана ұлының келінін құрметтеуін, оның еркі мен құқықтарын жоғары бағалауын сұранады. Әйеліне жақсы көзбен қарауын талап етеді, ал егер керісінше болса, ұлымен мүлдем араласпай кететіндігін еш қынжылмастан білдіреді. Олай болса ұлының өз жаназасына келуін де қаламайды. Осы арада Маулана Хазіреті Али мен Хазіреті Мұхаммед пайғамбар арасында болған мына бір оқиғаны да мысал ретінде қыстыра кетеді. Хазіреті Мұхаммед: "Әй, Али! Егер сен менің бауырымның жерде жорғалағанын (жатқанын) көрсең не істер едің" деп сұрайды. Хазіреті Али: "Уа, Алланың елшісі! Бұған жауап бере алмаймын. Көз шұңқырымды оның тығылатын жері, жүрегімнің ішін оның баспанасы етем. Ал осы екеуін жасамасам жаманшылық пен күнә жасаған деп түсін". Хазіреті Мұхаммед күйеу баласынан қызына көрсететін құрметін бүкіл әйел атаулыға да көрсетуін сұранады. Мұхаммед пайғамбар Веда қажылығында халық алдында сөйлеген сөзінде әйел құқығын қорғап былай деген: "Ей, адамдар! Әйелдердің құқықтарын үнемі сақтап жүрулеріңізді сұраймын және бұл мәселеде Алла тағаладан қорқуыңызды өтінемін. Сіз әйелді Алла тағаланың аманаты ретінде алдыңыз. Олардың ар-намысын қорғауды Алла тағалаға сөз беріп, өз

мойындарыңызға алдыңыздар. Сіздің әйелдерде, әйелдердің Сіздерде құқықтары бар”. Жалпы Жалал әд-Дин Румидің әйел құқықтарын жоғары ұстау қажеттілігі туралы пайымдауларының барлығы да Хазіреті Мұхаммедтің әйел туралы айтқан ой-пікірлеріне сүйене отырып жазылған.

Маулана әйелі мен күйеуі арасындағы отбасылық қарым-қатынас туралы өзінің Мәснәуиінде Бәдауи және оның әйелі туралы хикаясында былайша суреттейді.

Маулана бұл хикаясында ең алдымен Бәдауидің әйелін былайша сөйлеттіреді: “Әйелі күйеуіне айқайлап, енді сенің бос сөздеріңді тыңдай алмаймын. Менмендік жаман нәрсе. Әсіресе кедейлердің менмендігі өте жаман нәрсе. Ол қыстың суық және қарлы күніндегі малмандай су киімге ұқсайды”. Бәдауидің әйелі  күйеуінің шақырған сабыры мен қанағатына одан әрі долданып, екі жүздісің деп шенейді. Бәдауи болса әйелінің долылығына басу айтып, оны қанағатшыл болуға шақырады. Ал әйел болса одан әрі долданып, ашуға шыдай алмай жылап жібереді. “Жылау әйелдің күйеуіне құрған соңғы тұзағы. Оны жеңуі”[91, 51 б.].

Жылау – әйелдердің күйеулерін тұзақтаудағы соңғы қаруы. Халық арасындағы ғасырлардан бері қайта-қайта қайталана айтылып келе жатқан бұл мақал еш өзгермейді.  Жеңістен соң әйелі күйеуінен кешірім сұрайды. Маулана Бәдауидің әйелінің жылауына және кешірім сұрауына қарсы тұра алмайтындығын төмендегіше түйіндейді. “Бәдауи әйелінің әдемі, сұлу көркінің құлы еді. Әйелі жылай бастағанда ол қалай шыдай алады?” [91, 140 б.].

Маулана жоғарыдағы ой-толғамдарын одан әрі ұштай келіп, тағы былай дейді: “Қалаған нәрселерге көну адамға тән нәрсе. Мұны адамға тән қылған, көнуді адамның әшекейі еткен Алланың өзі. Ал егер сәндеушінің өзі Алла болса, Алланың сәндеген нәрселерінен қашып құтылу мүмкін бе? ”. Алла тағала әйелді безендірген және оған жанұясына деген ұшан теңіз махаббат берген. Алла безендірген әйелді еркек қалай ғана ұсқынсыз деп таба алады? “Алла әйелді еркектің тыныштығы үшін жаратты. Олай болса, Адам Хауанадан қалай ғана айрылады”. Маулана осы бәйіт арқылы құрандағы мына  аятты меңзеп тұр: “Әй, әйелдер! Алланың құдіреті мықты. Сіздерді ол Адамның қабырғасынан жаратты. Адам жұбайымен бақытты болсын және өзіне жолдас тапсын деп”. Иә, Құранда айтылғандай  әйел ер адамның бақыты үшін жаратылған және әйел бойында жолдасы ырқына бейімдеушілік пайда болған. Бұл екеу ара  қарым-қатынастық ыстық ықылас олардың ұрпақтарына да мирас етілген.

Міне сондықтан да Бәдауи де қанында бар жұбайына деген көнбістіктің әсерінен әйелінің жылауына және кешірім сұрауына шыдай алмай райынан қайтты. Маулана оны былай түсіндіреді: “Бір адам, күші жағынан Рүстемнен, батырлығы жағынан Хазіреті Хамзадан да мықты болса да, өз әйелінің айтқандарының құлы.

Қазіргі күннің өзінде де үйден тыс жерде атағы (авторитеті) мықты болған адамдардың өздері де өз жанұясында әйелдерінен аса алмайды.

Маулана әйелдерге қарағанда ерекетердің күші басым екендігін мойындайды. Бірақ көп жағдайларда әйелдердің мықтылық танытып, жеңіп шығатындығын айтады. Осы пікірін дәлелдеу үшін ол от туралы мына өрнекті ұсынады: Су оттың үстіне құйылса отты сөндіреді. Ал суды бір табаққа құйып оттың үстіне қоятын болсақ, су алдымен жылиды, қайнайды, сосын барып буға айналады. Бұл жерде судың отты сөндіруі көзге көрінгендей еркектің жеңісін білдіреді, ал, шын мәнінде, еркек жеңіледі. Әйел отқа, еркек болса суға ұқсайды. “Сыртқы көрінісінде судың отты жеңгені еркектің әйелді жеңгені сияқты көрінгенімен, шын мәнінде оны жақсы көргенің үшін, оны қалағаның үшін одан жеңілесің”.

Маулана надан және қатыгез еркек адамдардың бойында мейірімділіктің аз болатындығынан ақылды әйелдерден үнемі жеңіліп жүретіндігін тілге тиек етеді. Бірақ еркектердің әйелдерге үнемі мейірім жасауы олардың адамдық қасиеттерінің шыңы екендігін мына бәйітпен түсіндіреді: “Махаббат, ыстық ықылас және мейірімділік адамдарға тән қасиеттер. Ал, ашу мен ыза жануарларға тән қасиеттер” [92].

Маулана әйелдерді Алланың нұры жауған жандар деп есептейді. “Ол, Алланың нұры, ғашық болатын әсемдік. Ол еркек секілді мақұлық емес”.

Маулана Бәдауи әйеліне мақұлық сияқты бас иген жоқ, ол әйеліне өзіне әсер еткен жаратушы нұрының әсерінен бас иді дейді. Міне сондықтан да Бәдауи әйеліне қарап айтқан бәтуасыз сөздері үшін қиналып, қатесін түсініп, әйелінен кешірім сұрайды.

Қандай әйелге үйлену керек? Мәснәуиде бұл сұраққа былайша жауап беріледі. Үйленгісі келген бір адам екінші адамға: “Осы ауылдан бір қыз алғым келеді, маған лайық кім бар? – дейді. Жауап беруші адам: Дүниеде үш түрлі әйел бар. Екеуі бәле, ал үшіншісі болса қолға тимейтін қазына сияқты. Сол үшіншісін алсаң ол түгелімен сенікі болады. Екіншісін алсаң оның жартысы сенікі болады, жартысы басқанікі болады”. Үйленуді ойлап жүрген адам Мәжнүннен жауабын түсінікті етіп айтуын сұрайды. Мәжнүн: “Қызбен үйленсең ол түгелімен сенікі болады, саған бауыр басады. Жартысы сенікі болған әйел болса, ол жесір әйел”, – деп түсіндіреді [93]. Маулана бұл хикая арқылы халық арасында кең тараған пікірді, яғни жесір немесе баласы бар әйелдің, қыз сияқты күйеуіне бірден бауыр басып кетпейтіндігін, тәуелді болмайтындығын түсіндіреді.

Жалал әд-Дин Руми өз өмірінде екі рет, алғашқыда Лала Шарафеддин Самарһандидің қызы Гаухар Хатунға, қайтыс болғаннан кейін Кира Хатунға үйленген жан.

“Ariflerin Menkıbleri”-дегі мына баяндау Мауланананың бұл мәселе төңірегіндегі ойын ашық білуге септігін тигізеді. Шейх Салах әд-Дин Заркуби Кония аумағындағы Камиле ауылына бара қалады. Бұл ауылда анасы мен әкесінің қалауы бойынша Шейх Салах әд-Дин үйленеді. Салах әд-Дин үйленгеннен кейін Конияға келеді. Ол кезде Маулана Абу әл-Фазыл мешітінде уағыз айтатын-тұғын. Салах әд-Дин осы мешітке келеді. Маулана болса Сайид Бурхан әд-Диннің  өмірі мен қызметі туралы айтып жатыр еді. Салах әд-Динге Сайид Бурхан әд-Диннің өмірі мен қызметі қатты әсер етеді. Ол осы себептен

Мауланыны  құрмет тұтып, аяғына жығылады. Маулана оған ілтипат білдіріп, сұрайды: -“Қайдан жүр едің?” Ол болса: -“Үйлендім, сөйтіп Сіздің дәрісіңізді тыңдай алмадым”. Маулана: -“Жоқ, сен дұрыс істепсің, әйел еркектің бақыты” деп батасын береді. Бұдан адамның рухани тұрғыдан толысуына үйленудің еш кедергісі жоқтығы байқалады. Мауланаының шәкірті суфий Шамс үйленуге тілек білдіргенде, оны өз туысы Кимия Хатунға қосады. Исламда да, Христиан дінін де рухани тұрғыдан толысу жолында үйленбеу керек деген постулат жоқ.

Маулана тек бір әйелмен отау құру керек екендігін айтқан және өзі де осы жолды ұстаған. “Екі әйелі бар адамдардың міндетті түрде әйелдерінің біреуінің маған қарағанда анау әйелге көп көңіл бөледі, оны көбірек жақсы көреді деп ренжитіндігі рас” – дейді [94].

Осы тұрғыдан қарастырғанда, екі әйел алған әрбір адамда Еййуб сабыры жоқ болғандықтан жанұяларында береке, татулық болмайды. Ер адам әйелдерінің арасында керекті тепе-теңдікті ұстай алмағаннан кейін, міндетті түрде олардың біреуін ренжітеді. Сондықтан ер адамның бірнеше әйел алуы шартты нәрсе емес, өйткені ол оларды тепе-теңдікте ұстай алмайды.

Маулана уақтылы үйлену керек екендігін мойындайды. Түрлі жаман нәрселер істемеу үшін міндетті түрде үйлену керек екендігін айтады. Ол былай дейді: “Нәпсілік тілек (қалау) жем жемегеннен болады. Сол үшін аздап же”.

“Бір әйелмен некеге тұр, жамандықтан қаш. Жедің, іштің болды, нәпсіқұмарлық сені арам жолға итермелейді. Сондықтан некеге тұр, сонда саған нәпсіқұмарлық жаман іс жасатпайды. Тез қозғал, әйтпесе басқа біреу келіп қыздың әдемісін таңдап алып кетеді. Есектің жүгі ауыр болса қашпайды, жүкті арқасына мол сал, жүгіңді арт” [94, 168 б.].

Адам өз бойындағы жыныстық құмарлықты тек үйлену арқылы бақылауға ала алады. Адамға тамақ және су қаншалықты қажет болса, жыныстық қатынас та соншалықты керек. Неке адамды әр түрлі бәлелерден қорғайтын қалқан. Азған нәпсіні басу үшін оған жүк арту керек. Сондықтан Маулана кеш үйленуді дұрыс емес деп есептейді. Нәпсіқұмарлық адамды бір бәлеге бастамастан бұрын үйлену керек екендігін айтады.

Жалал әд Дин Руми қосылатын жұптардың барлық жағынан бір-біріне тең болғанын қалайды: “Есіктің бір жағы ағаштан, ал екінші жағы піл тісінен жасалған… Мұндай нәрсе болмайды, некеде екі жақ бір-біріне тең болуы керек… Әйтпесе үйлесімділік болмайды, тіл табысу қиын болады”.

Мєулананыњ пікірінше, єйел дєл Ќ±ранда айтылѓандай бір б‰тіннінњ жартысы болып табылады. Ќ±ранда осы маѓынада “зевж” сµзі ќолданылады; ол “жар” немесе “бір ж±птыњ екінші жартысы” дегенді білдіреді. Мысалы, бір ж±п ш±лыќтыњ єрбір сыњары екіншісінің ж±бы деп есептеледі. Осыѓан с‰йенсек, Ќ±рандаѓы “зевж” сµзі арќылы єйел-еркек бір б‰тіннінњ жартылары ретінде тењдей дєрежеде ќарастырылады. Адам ±рпаѓын жалѓастыру ‰шін жаратылѓандыќтан, олардыњ арасында ‰немі бір-біріне деген с‰йіспеншілік болады. “Аллаћ таѓала жер бетіндегі тіршілік тоќтамасын, адам ±рпаѓы ќияметке

дейін жалғассын деп еркек пен єйелге бірін-бірі с‰ю сезімін нєсіп еткен. Екі жанның, яғни еркек пен ±рғашының ќосылуы нєтиже-сінде оларға ғайып єлемнен жан келіп, араларына ќосылады” .

Єйел мен еркек табиғатының бірдей екендігін Мєулананың жан (рух) туралы кµзќарастарынан аңғаруға болады. ¤йткені, оның пікірінше, еркек пен єйелдің жандарында ешќандай жыныстыќ айырмашылыќ болмайды. Ол тек тєнде ғана кездеседі. Єйел денесіне кірген жан єйелдік ќасиеттерді (нышан-дарды), ал еркек денесіне кірген жан еркектік ќасиеттерді ќалыптастырады. Басќаша айтќанда, кірген тєніне ќарай µз функцияларын айќындайтын бейтарап жан туралы т‰сінікке сай еркек пен єйел жаратылысын бірдей деп есептеуі Мєулананың єйел мен еркекті теңдей етіп кµруіне септігін тигізген, аса маңызды фактор болып табылады.

Мєулана сопылыќ ілім аясында “жігіттік” ±ғымын т‰сіндірерде жєне оның Ќ±ранда дєріптелген ±ғым екендігіне баса мєн берерде єйел мен еркек атауларын бірге ќолданады. Себебі, ол “жігіттікке” тек ќана еркектер емес, сондай-аќ, єйелдердің де лайыќты бола алатынын; тіпті, “жігіттікке” ќол жеткізе алмаған бірсыпыра еркектердің бар болғаны секілді, оған жете білген єйелдердің де кездесетіндігін тілге тиек етеді [95].

Осылайша, Мєулана єйел мен еркекті жаратылысы, пенделігі, иман мен іс-єрекеті т±рғысынан, тіпті, отбасыда да теңдей етіп кµреді. Ол: “Еркек пен єйелден т±ратын отбасыда теңдік болуы ќажет. ¤йткені, есіктің бір жағы – ағаштан, екінші жағы – піл с‰йегінен жасалғаны секілді, екеуі екі т‰рлі жан деп есептелетіндіктен, теңдіксіз ±рыс-керіс басталып, µмір с‰ру ќиынға соғады”. Б±л туралы мєснєуидің 1-томында мына ќатарларда баяндалады:

Сен менің жарымсың. Егер істер оңға бассын десек,

Ерлі-зайыптылар бір-біріне ±ќсауы ќажет.

Ерлі-зайыптылардың бір-біріне ±ќсауы ќажет.

Аяќ-киім мен мєсі ж±птарына ќараңыз!

Аяќ-киіміңнің бір сыңары аяғыңа тар келсе, одан еш пайда жоќ.

Сені аќсаќ етеді.

Есіктің бірі ‰лкен, екіншісі кіші жаќтары бір-бірімен некелесе ала ма,

Сол секілді екі т‰рлі жануар – арыстан мен ќасќыр да некелесе ала ма?

Бірі бос, екіншісі тола екі ќап т‰йенің µркешінде тепе-тең т±ра алмайды [96].

Аңғарғанымыздай, Исламда некелесіп, отбасы ќ±руға ќажетті шарттардың бірі – "к‰фув", яғни ерлі-зайыптылардың кейбір ќ±ндылыќтар (ќасиеттер) т±рғысынан бір-біріне ±ќсас єрі тең болып келуі керек. М±ндай теңдік єдепте,

тєрбиеде, мєдениетте, білімде, µсу ортасы мен тєсілінде, тіпті бойда, теріде жєне єдемілікте бірдей болу керектігіне негізделеді. Б±л отбасыныњ тыныш та баќытты ґ±мыр кешуі ‰шін µте мањызды. М±нсыз ерлі-зайыптылардыњ бірін-бірі кемсіту сезімі к‰шейіп, отбасыда тыныштыќ б±зылады. Міне, осылайша Мєулана єрдайым отбасыда тењдіктіњ саќталґаны д±рыс деп пайымдайды.

Мєулана отбасыдаѓы тењсіздіктен туындайтын ќиыншылыќтарды бойдаќ еркек пен жесір єйел т±рѓысынан да ќарастырып, єйелдерді осыѓан ќарай ‰шке бµледі:

"Достым, жер бетінде ‰ш т‰рлі єйел бар: оныњ біріншісі – ауыртпалыќ, екіншісі – баќытсыздыќ, ал ‰шіншісі – ќазына (байлыќ) алып келеді.

Біріншісінен єйел алсањ, ол м‰лдем сенікі болмайды. Оныњ атын ести салысымен, одан ќаш…

Екіншісінен єйел алсањ, жартысы сенікі, жартысы сенен бµлек болады.

‡шіншісінен єйел алсањ, ол толыѓымен сенікі болады. Мен кеттім…, деп шейх атын айдай отырып, жігіттердіњ арасына келеді. Сонда жас жігіт ќайта айќайлап:

Келіп, айтќаныњызды д±рыстап т‰сіндіріњізші; ‰ш т‰рлі єйел бар дедіњіз, б±ны ќалай т‰сінуге болады? дейді.

Шейх атымен оныњ ќасына келеді де:

Біріншісі – ерінен бір бала тапса болѓаны, бар махаббатын сол балаѓа арнап, сені ±мытып кететін єйел.

Екіншісі – жесір єйел, сенікі болмаса да баласы бар єйел.

‡шіншісі – ±л-ќызымен т‰гелдей сенікі болып, ‰лкен ауыртпалыќтан ќ±тќаратын єйел", - депті [96, 189 б.].

Қазіргі таңда бірін-бірі ұнатып, қосылуға тілек білдірген жастар өзара тепе-теңдіктің сақталуына аса назар аударады. Өзара некелесуге тілек білдірген жас жігіттер мен қыздар қосылып тұрмыс құру барысында өзара түсініксіздікті осы тепе-теңдіктің сәйкессіздігінен іздейді. Жұптар арасында ой мен сезім де, көрік пен байлық та, ішкі сезім дүниесі мен мінез-құлықта да мүмкіндігі келгенше тепе-теңдік болуы керек. Жұптардың қосылуында жоғарыда аттары аталған нәрселерде тепе-теңдік болмаған жағдайда, некенің соңы ажырасумен аяқталады. Жыр соңында еркек пен әйелдің өзара некелесуін жаңа өмірдің есігін ашу ретінде түсіндірген Маулана, жас жұбайларды құстың екі қанатына ұқсатып жырлайды. Шынында да егер есіктің  екі жағында тепе-теңдік болмаса, оның бір жағы ағаштан болып, ал екінші жағы піл тісінен болса, олар бір-біріне еш сәйкес келмейді.

Маулана жас жұбайлардың ажырасуына қарсы. Олар еркек пен әйелдің арасында түсіністік пен ынтымақтастық болғанын қалайды. Мәснәуиінде ол былай жырлайды: “Мүмкін болғанша ажыраспа. Өйткені менің ең жек көретін нәрсем әйеліммен ажырасу” [97].

Бұл бәйітте Маулана Пайғамбарымыздың: “Алла тағала, еркекке әйелінен ажырасудан жаман нәрсе жоқ деген хадисін меңзеп, көрсетіп тұр. Олай болса, егер де Алла тағала еркектің әйелінен ажырасуын қаламаса, онда қандай мұсылманның бұл жолға түсуге батылы барады?

“Ер адамның әйеліне  бір нәрсені күштеп істетудің соңы жақсы нәтиже бермейтіндігін және оның әйелін тура жолға салу үшін, – дейді Маулана, – өзің түзел және оның шыдау қиын әрекеттеріне сабырмен қара, тіпті қызғаныш деген еркектерге тән қасиет болса да, сен  қызғанба” – деп ақыл береді. Адам психологиясын тәп-тәуір меңгерген Маулана әйел бойындағы рух жоғарылығын мадақтаған. Әйелге қарсы теріс қылық жасағаннан еш пайда болмайтындығын, керісінше әйелді еркіне жіберсең, оның өзі-ақ жақсы істер жасауға ұмтылатындығын көрсететін мысалдар келтірген. “Күндіз-түні ұрысып, айқайласып, әйеліңнің долы мінезін түзегің келеді. Бірақ оны түзету қиын. Ол оған туа біткен қасиет. Одан да сен өзіңнің тәрбиелік әрекеттеріңді өзгерт, әйеліңе дұрыс қара. Оны түсіне біл. Осындай жолдармен ғана сен әйеліңді дұрыс тәрбиелей аласың”. Осы пікірін одан әрі өрбіткен Жалал әд-Дин Руми былай дейді: “Сен  оның мінезін түзету арқылы өзің де жақсар, өзгер, онымен тіл табысуға тырыс. Хазіреті Мұхаммед  көрсеткен дұрыс жол бар. Әйелдердің жаман қылықтарына және  теріс әрекеттеріне барынша шыдау керек, тіпті олардың ақылға сыймайтын іс-әрекеттеріне шыдай білу керек және әйелді дұрыс жолға салу үшін, оны түзету үшін оған үйлену керек. Өйткені Хазіреті Мұхаммед мұсылмандықта уақтылы үйленудің құдай жолына жақын екендігін айтқан”, – дейді.

Маулана кейбір адамдардың өзіңе қарсы жасаған жаман қылықтарына  шыдау арқылы өз бойыңдағы сондай жаман қылықтардан арыла аласың дейді. Осы мәселеге қатысты: “Сенің мінезің жақсылық жасаумен және жамандыққа шыдаумен жақсарады, олардыкі болса зұлымдық пен жаман әрекеттерінен бұзылады, нашарлайды”.

Маулана, әйелдің рухын, ішкі сезім дүниесін, табиғатын түсіну үшін мынадай сұрақ қояды: “Әйел деген не?” Жауап: “Сен бір нәрсе десең де, демесең де ол қандай болса сондай. Оның мінезі, құлқы айтқаныңмен өзгермейді. Бір нәрсе айтсаң, керісінше бәлеге қаласың”. Әйел жанын түсіндіру үшін мынадай мысал келтіреді: “Бір нанды ал және оны қолыңның астына тық, басқаларға көрсетпе. Сен мұны басқа адамдарға бермек түгіл, көрсетпеймін де, нан қаншалықты тығылғанымен адамдардың оны одан сайын көргілері келеді. Өйткені, адамдар жасырылған, тығылған нәрселерге өте құмар. Сен қаншалықты әйеліңе көркіңді жасыр, басыңды бүрке десең, ол соншалықты өзін де, көркін де көрсетуге ұмтылады. Оның үстіне әйел шектен тыс бүркемеленсе басқалардың да ол әйелдің көркін көруге құштарлығы артады. Сен әйеліңе оның өз қалауынсыз қаншалықты күштеп орамал жамыл, көркіңді бүркемеле десең, ондай жағдайда екі жақтың да көру және көріну құмарлықтарына соншалықты дем берген

боласың және де өзіңше әйелге жақсылық жасағандай болып сезінесің. Бұл мәселеде мына нәрсеге абай болу керек. Егер біреу жаман іс жасағысы келсе, сен қаншалықты қой десең де, қой демесең де, ол адам оны бәрібір жасайды. Сен оған көп уйымдама. Ақылыңды, күшіңді босқа жұмсама. Ол адам өзінің білген, көрген жолымен жүреді. Ал, сен оған кедергі болуға тырыссаң, керісінше сен сол адамның құмарлығын одан сайын арттыратын боласың [98]. Маулана, көрініп тұрғандай, әйелдің сұлулығына, көріктілігіне, жаратылысына баса көңіл бөледі. Әйелің үшін босқа күмәнданба және қызғанба, бекерге өз тыныштығыңды бұзба. Әйелді алған бетінен, жолынан тайдыру қиын, әркім өз жаратылысына сай әрекет етеді.

Маулана Мәснәуиінде мынадай хикая баяндайды: “Бір ер адамның қызғаншақ әйелі және әдемі күңі болады. Әйелі күйеуін қызғанғандығынан күйеуі мен күңді бірге қалдырғысы келмейді. Бір күні бұл әйел күңімен бірге моншаға барады. Әйел моншаға түсу үшін қажетті бір затты үйінде ұмытып кеткені үшін күңді үйіне жібереді. Әйелдің ерімен жалғыз қалуды аңсап жүрген күң үйге тез жүгіріп жетеді де еркекпен бірге аңсағандарына жетеді. Әйел болса күңін үйіне жібергені үшін қатты қапа болып, сезіктенеді де тез арада үйіне келеді. Күйеуі мен күңі екеуінің қылмысы үстінде ұстайды”.

Маулана, бұл баяндауымен адамның ішінде жамандық жасауға құмарлық бар болса, ішіндегі гаухары бұзылған болса, онда ол қанша кедергі болса да, соңынан қалауына жететіндігін айтқысы келеді [98, 225 б.].

Маулана кейбір ер адамдардың әйелдерінің жамылғылары түсіп кетсе, түсі қашып, әйелдерін мазалайтындығын айтады. Мұндай ер адамдар – дейді ол, – әйел беттерін ашпаулары керек деп ойлайды. Бірақ көңілі таза адамдар әйелдердің беттерінің ашық болуына еш қарсылық білдірмейді. Мұндай ер адамдар үшін әйелі сұлулықтың, әдеміліктің символы іспеттес.

Маулана Жалал әд-Дин Руми өмір сүрген заман этикасы туралы айтқанда мына бір оқиғаны мысалға келтірген орынды.

Жалал әд-Дин Румидің баяндауынша бірде Хазіреті Мұхаммедтің үйіне бір соқыр келіпті. Хазіреті Айша соқырды көре салып, тығылыпты. Оның мәнін Маулана былайша түсіндіреді: “Пайғамбар Хазіреті Айшаны сынау үшін айтыпты: тығылма, бұл адам сені көріп тұрған жоқ қой”. Сонда Хазіреті Айша: “Ол көрмейді, бірақ мен оны көріп тұрмын ғой” депті. Хазіреті Айша пәк, таза адам болатын. Сондықтан ол Пайғамбардың ойын бірден түсініпті. Әйел түрі қаншалықты сұлу, таза, пәк болса, оның жандүниесі де соншалықты таза, адал, ақ болады.

Қазіргі заманғы отбасылардың бұзылуына себепші болатын жағдаяттарды Маулана XIII ғасырда-ақ түсіндіріп беріп кеткен. Басқалардың әйелдеріне қырындаған ер адамдар, бұл иттіктерінің тура өз бастарына келетінін білсе, мұндай іс жасауға еш жақындамаған болар еді. Басқалардың әйелдерінің, қыздарының намысын қорлағандар, – дейді Маулана, – өз әйелінің, қызының намыстын таптаған арсыз жандар.

Мауլананың әйелдерге деген құрметін “Ariflerin Menkıbleri” атты еңбектегі баяндаулардан байқаймыз. Конияның барша әйелдері әр жұма кешінде Наиб Амин әд-Дин Микаилдің әйелінің шақыруымен оның үйіне жиналып, сұхбат құру үшін Мауланананы шақыратын. Кейде Маулана өзіне хабардың келуін күтпей-ақ, кешкі намаздан кейін ешкімді мазаламай-ақ жалғыз өзі олардың үйіне келіп, қатын-қалаштармен әңгіме-дүкен құратын. Әйелдер болса Мауланананы айнала қоршап отыратын. Мауланаға құрмет білдіріп, оның үстіне раушан гүлдердің жапырағын шашатын. Жалал әд-Дин Руми кеткеннен кейін олар бұл жапырақтарды жинап алып, жапырақтарды киелі деп сақтап қоятын. Маулана түн ортасына дейін әр түрлі әңгімелер айтып, жыр оқитын, насихат айтатын, соңынан әйелдер өлең айтуды бастап, Маулана муридтері семаға ұйып, үйріле дөңгеленіп билейтін. Экстаздық жағдайға жеткенде әйелдер Маулананың аяқ киімінің ішіне алтын толтырып қоятын. Бұл сұлтанның бізге ықласы түсіп, ілтипат көрсетсін дегені еді. Маулана оған назар аудармайтын. Олармен бірге таңға дейін бірге болып барып, үйіне қайтатын. Құранды насихаттауда оған дейін ешкімде мұндай тәсіл қолданып, пайдаланбаған-ды. Тек қана Хазіреті Мұхаммед заманында ғана араб әйелдері Пайғамбардың қасына келіп, шариғаттың үкімдерін үйренетін. Сондықтан Құранды насихаттауда мұндай тәсіл шариғатқа теріс емес.

Афлаки баяндаған бұл оқиға Маулананың әйелдерге қандай құрметпен қарағандығына түсініктеме береді. Маулананың әйелдермен сұхбат құратындығы, әйелдердің Мауланаға зор қошемет көрсеткендігі туралы көп мағлұмат бар. Рас, Маулананың әйелдерді семаға ұйытып, олармен таң азанға дейін зікір салуы дінге қайшы деп санаған діндарлар да болған. Бірақ оның шәкірттерінің, соның ішінде Афлаки де бар, Хазіреті Мұхаммед те араб әйелдеріне Құранды осылай насихаттаған деген сөздері Мауланананы арашалап алып қалатын. Ал Маулана болса өзінің насихат жұмыстарын жоғары деңгейде орындайтын. Бұл оқиғадан, Маулананың әйелдермен бұлайша сұхбаттасуы сол кезеңдерде дұрыс деп есептелмегендіктен, әйелдердің зікір салу дәстүрі жасырын өткізілетіндігін байқатады.

Маулана шығармалары мен оның өз басы туралы айтылған баяндауларға қарағанда, Маулананың әйелдерден де муридтері болған. Олардың  ішінен көпке белгілі танымалылары ретінде енесі Қырай-ы Бузрукті, әйелі Кира Хатунды, қызы Мәликені, балаларының күтушісі Қыраманашты, Кониялық Фахар әл-Ниса хатунды, келіні Фатима Хатунды, сол кезеңнің алдыңғы қатарлы беделдісі Сұлтан Рукнеддиннің әйелі Гөмеч Хатунды, Патша сарайындағы ханзадалардың нақыш және киім пішу ұстазы Уста Хатунды атауға болады.

Маулананың жезөкшелермен де сұхбаттас болғандығы жөнінде Ахмед Афлаки өз еңбегінде мына төмендегідей деректер келтіреді. Бірінші оқиға былай өрбіген: “Конияда Уәзір Зия әд-Диннің керуен сарайында Тавус деген арфа тартатын бір әдемі жезөкше әйел бар еді. Маулана сол жерден өтіп бара жатқанда ойламаған жерден сарайға кіреді. Тавус Мауланананы өз бөлмесіне шақырады. Маулана шақырғаннан соң амал жоқ, барады және сол бөлмеде кешке дейін намазбен және ғибадатпен шұғылданады. Кетіп бара жатқанда сәлдесінің бір шетін кесіп алып Тавусқа сыйға тартады. Біраз уақыттан кейін Сұлтанның қазынашысы Шараф әд-Дин осы жерге келеді. Ол Тавусты

көргеннен кейін ғашық болып Тавуске үйленеді. Тавус қасындағы күңдердің барлығына еркіндік береді.

Екінші оқиға былайша баяндалады: Шахиб Исфаханидың керуен сарайында өте әдемі жезөкше бар еді. Маулана бір күні осы керуен сарайдың алдынан өтіп бара жатқан еді. Жезөкше әйел жүгіріп барып Мауланананың аяғына жығылады. Оған үлкен құрмет көрсетеді. Маулана: "Рабия! Рабия! Рабия!", – деп үш рет айқайлайды. Керуен сарайдағы басқа әйелдер де сыртқа шығып, олар да Мауланаға құрмет көрсетеді. Маулана болса: "Қандай мықты палуандар, қандай мықты палуандар! Егер Сіздер бұл iстің ауыртпалығын тартпағандарыңызда, нәпсіні бұзушы әрі жамандыққа жетелеуші тентектікті кім жеңер еді? Таза және абыройлы әйелдердің тазалығы мен абыройлығы сіздердің арқаларыңызда анық көрінеді, – деп оларды мадақтайды. Мауланананың бұл сөздерін естіген  елдің алдыңғы қатарлы адамдары: "Маулана сияқты ұлы адамның жезөкшелерге көңіл бөлуі және оларға бұлайша ілтипат білдіруі ақылға сыймайды", – деп сөгеді.  Мұны естіген Маулана: "Бұл әйелдер сезім дүниесі, қажеттілігі қандай болса, тура соған сәйкес әрекет жасайды. Егер сен еркек болсаң тура осылай әрекет ет, яғни ішің мен сыртың бір болуы керек, екіжүзділікті тастауың керек. Егер ішің мен сыртың бір болмаса, онда жасаған әрекеттеріңнің барлығы бос әурешілік", – дейді [99]. Ақырында бұл әйел де тәубаға келіп, Мауланаға мурид болады.

Бұл екі баяндаудан Мауланананың ел ішінде онша қадірі жоқ, жезөкше әйелдерге де көңіл бөлгендігі байқалады. Маулана оларға тура жолға түсуге көмектеседі. Көпшіліктің еш көңіл бөлмеген топтарына назар аударады. Олардың тура жолға түсуі үшін қолынан келгенін аямайды. Еш қысылмастан олардың үйіне барады, әңгімелеседі. Осылайша оларды құрметтейді, көтереді. Әйел суфисттердің бірі Рабия әл-Адавияның атын атап, дұрыс жолға шақырады. Оларды тура жолға түсіруге тырысады. Тағы да бір айта кететін нәрсе, Маулана көпшіліктің өзі туралы айтатын өсектеріне еш назар аудармастан керуен сарайларға кіреді және онда ұзақ уақыт бойы қалады. Ал өзін сынаған адамдарға ішің мен сыртың бір болсын деп салауат айтады. Ол екіжүзді жандарды қатты сынайды.

Маулана: "Әйелдерден ақыл сұраңыздар, бірақ айтқандарының бәрін керісінше жасаңыздар" деген хадисті түсіндіргенде былай дейтін: "Бір күні Ибн-и Масуд Басрда үйінің шатырына шығып әйеліне: "Шатырдан төмен қарай секіремін", – дейді. Әйелінің: "Жоқ", – дегеніне болмай өзін төмен қарай тастап жібереді. Аяғы сынады. Ауырып төсек тартып жатып қалады. Сол кезде Шамнан хабаршылар келеді. Олар Халифа Хазіреті Османды тақтан құлату үшін Ибн-и Масудтың да бұл іске қатысқанын қалапты. Ибн-и Масуд айдай ашық себебім бар, қатыса алмаймын депті. Көтерілісшілерге қосылмай, осылайша үлкен күнә жасаудан құтылыпты" [100].

Мауланананың жоғарыда баяндалған, хикаясына ой бойлатып барласақ, сырт көзге әйелдің айтып тұрғаны дұрыс. Бірақ әйелдікі сыртқы көрінісінде дұрыс болғанымен, істің соңы ер адамға теріс әсерін тигізер еді. Ибн-и Масуд аяғының сынуымен қиыншылық шекті. Ал Халиф Хазреті Османды өлтіру ісіне қатыспай қалу арқылы үлкен күнәдан аман-сау қалды. Маулана тағы да былай дейді: "Ей, жолаушы, ақылдымен ақылдас, әйеліңмен ақылдаспа, өйткені әйелдің

көзқарасы, ойы сені ақсатады”. Маулана, шайтанның әйелдер арқылы көп адамды жаман істер жасауға тартпалайтынын мысалдармен жан-жақты түсіндіріп береді. Мәснәуиінде: Хазіреті Жүсіп әйелдің кесірінен зиянға түсті, қиыншылыққа ұшырады. Хазіреті Жүсіптің өзі мұндай жағдайға душар болса, онда мына мен ондай іс жасасам елу рет дарға асылатын едім. Ибіліс Хазіреті Адамға көп айтты, бірақ ол тыңдамады, ал Хауана “Же” дегеннен кейін ғана барып Хазіреті Адам Алла тағаланың “Жемеңдер” деген жемісін алып жеді. Дүниедегі ең алғаш рет зұлымдықпен төгілген қан, әйелдің кесірінен Қабылдың қолынан төгілді”.

Бұл жерде ұмытпауымыз керек нәрсе Жалал әд-Дин Руми барлық әйелдерді кінәлі деп санамайды. Ислам діні канондары бойынша әйел мен ер адам Алла тағала алдында тең. Жасаған істері бойынша не жазаға, не сыйлыққа ие. Христиан дініндегі сияқты, Хазіреті Адамның тиым салынған жемісті жегені үшін бүкіл адамзатты кінәлі дей алмайтындығымыз сияқты, Хауананың бұл қылмысқа Хазіреті Адамды тартқандығы үшін бүкіл әйелдерді де кінәлі дей алмаймыз.

Маулана “Межалиси Себа” атты еңбегінде Израилдіктер арасында өмір сүрген Барсиса деген жанның хикаясын былай түсіндіреді: Барсиса шектен асқан діндәр және медицина саласында ірі атаққа ие адам. Көптеген науқастарды емдеген жан. Шайтан бұл діндарды көре алмайтын. Бірақ еш өз қармағына іле алмай жүрген болатын. Не дейсіз, бір патшаның әдемі қызы бар екен. Шайтан сол қызды науқастандырады. Ол қызды ешбір дәрігер емдей алмайды. Шайтан патшаның қасына сыртқы келбетін  өзгертіп келеді. Патшаның қызын тек қана Барсисаның емдей алатындығын айтады. Қызды Барсисаға алып барады. Барсиса оны емдеп, жазады. Бірақ шайтан қайтадан қызды науқастандырады. Қызды Барсисаға алып қайтадан барады. Шайтан Барсисаның құлағына қыздың осында қалып емделу керектігін сыбырлап кетеді. Барсиса қызды алып қалады. Қыз, шайтан және Барсиса үшеуі қалады. Маулана бұл жерде мынадай ұлағатты пікірді білдіргісі келеді. Егер ол діндар білімді болғанда, ол ғибадат үйінде қызбен еш жалғыз қалмас еді. Қыз Барсисаның қасында ұзақ уақыт қалған кезінде Барсисаға ғашық болып қалады. Шайтан діндардың ойланып қалғанын байқағаннан кейін, Барсисаның құлағына қызды өлтіруден басқа жолдың қалмағанын сыбырлап кетеді. Діндар қызды өлтіріп көміп тастайды. Шайтан патшаға қызының діндармен табысқанын, қыз жүкті болып қалғаннан кейін діндардың қызды өлтіріп, көміп тастағанын айтады. Патша жағдайдың анық-қанғын анықтайды, айтылғанның бәрінің рас екеніне көзі жете сала, қатты ашуланып, қаһарына мінеді, діндарды дарға асу үшін әкелгізеді. Шайтан діндардың қасына жетіп барып, осы болғандардың барлығын өзінің әдейі құрастырғанын және осы қауіпті жағдайдан тек қана өзінің құтқара алатындығын да айтады. Маған сәжде ететін болсаң сені құтқарам, – дейді. Барсиса қалай сәжде етемін мойнымда жіп бар ғой десімен, Шайтан сәжде ниетімен басыңды и, сол жетеді дейді. Діндар қорыққанынан басын игенде жіп мойнына жақсылап орнығады. Осылайша имансыз жан береді.

Мауләнаның өмірбаянынан оны өз жанұясы мүшелерінің зор ілтипатпен қадірлегендігі байқалады. Ұлы Сұлтан Велед: “Бір күні менің жаным, рухым қатты қиналған еді. Сол уақытта әкем медресенің есігінен ішке қарай кіріп келе жатқан еді. Менің қайғылы екенімді және түңілгенімді көрісімен: “Не болды,

біреу ренжітті ме, сонша қатты қиналып тұрсың”, – деп сұрады. Мен: “Білмеймін, мұның қандай жағдай екенін” дедім. Әкем үйге кірді де біраз уақыттан кейін қасқырдың терісін жамылып “Бу! Бу! Бу!” деп үйден шықты. Қасыма келіп кішкентайларды қорқытқан сияқты тағы да “Бу! Бу! Бу!” деді. Әкемнің мына қызық әрекеттерін көріп күлкім келіп кетті. Бұдан кейін өмір бойы еш қайғы көрмедім, еш қиналмадым” деген екен.

Баласын ренжіткендер Мауланaның өзін де ренжіткені. Сол үшін Маулана баласының көңіл-күйін көтергісі келіп, онымен ойнады. Психологиялық тұрғыдан баласының рухтық проблемасын шешті. Әкелік шапағаты оны мұндай әрекеттерге итермеледі.

Маулана Мәснәуиінде: “Осы үшін туа еті тірі патша Мұстафа: “Бала әкенің жұмбағы” деген. Міне осы себептен бүкіл халық балаларын жақсы көргендіктері үшін балаларына өнер үйретеді, үйреткендері де мәңгілік болсын дейді”. Маулана бұл бәйіттерінде баланың әке ісін жалғастыратындығын, әкесі өлгеннен кейін де әке ұлының арқасында өзінің рухани әлемін жалғастыратындығын айтады.

Сұлтан Велед те әкесінің жолымен жүрді, оның руахни өмірін жалғастырды. Оның Мәснеуиін белгілі бір жүйеге түсіріп, жариялатты (жарыққа шығарды).

Маулана өз тегінің жалғасуын қатты армандаған. Фатима Хатун Сұлтан Веледтен он екі-он үш бала көтерген. Олардың бәрі шетінеген екен. Фатима Хатун әкесінің жолын қуатын (орнын басатын) бала қалаған еді. Бірақ екіқабат болғаннан кейін, оның өлетінін ойлап, баласын түсіру үшін әртүрлі дәрілер ішетін еді. Фатима Хатун ұлы Ариф Челеби туылмастан бұрын да бірнеше рет дәрілер ішкен еді. Бірақ баласын түсіре алмаған еді. Маулана Фатима Хатунға бұл баласының сау туылатынын және өмір сүретіндігін айтқан еді. Одан кейін Фатима Хатун да жақсылап күтінген екен. Ариф Челеби аман-есен туылыпты. Арифтің дүниеге келгеніне Маулана қатты қуаныпты. Кедейлерге ақша таратыпты. Немересінің көйлегінің бір шетіне сирек кездесетін бірнеше алтын байлапты. Оған Фарид әд-Дин деген ат қойыпты. “Бірақ Сіздер оны Амир Ариф деп атайсыздар” – деп туған-туыстарына ескертіпті.

Маулана немересін өте жақсы көріпті, оның көңілін аулапты, қалаған нәрсесін істеуге тырысыпты. Мына оқиға сүйіспеншілік пен шапағатты танытып тұр: Сырадж әд-Дин Татари және Хусмаеддин Челеби Мауланамен жүздесуге барады. Алдарынан шыққан бала тәрбиешісі Амир Арифті арбаға мінгізіп, сүйреп келе жатыр екен. Маулана орнынан тұрып арбаның жібін иығына асып алып “Арифке өгізшілік жасауға болады” депті. Оның арбасын біраз уақыт сүйреп жүріпті. Челеби Хусмаеддинде арбаны сүйреп баланы бір-екі рет медресе ауласында қыдыртады. Ариф болса балдай тәтті күлкісімен сықылықтап шын ниетімен қуанады. Маулана: “Балаларға деген шапағат Пайғамбарымыздан бізге, мұсылмандарға жеткен мұра. Өйткені ол: “Баласы бар баламен балаша ойнасын деп бұйырған” дейді [101].

Маулана осылайша Пайғамбарымыздың немерелеріне көрсеткен шапағатын да айтып кеткен болатын. Бір күні Хазіреті Мұхаммедтің немерелері есік алдында

ойнап жүрген еді. Екі өркешті түйеге мінген бір ауылдық кісі сол жерден өтіп бара жатқан. Түйеге мінген адам түйені жүргізу үшін ұрған сайын түйе “аф, аф” деп дауыс шығарып бара жатыр. Бұл дауысты естіген балалар қатты күлуде. Сонан соң балалар аталарына барып, болған жәйды айтып береді. Хазіреті Мұхаммед өте мейірімді, жақсы адам болғандықтан, иіліп екі қолын жерге қойды. Сосын Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хусейн Пайғамбарымыздың үстіне мініп, күліп ойнай бастады. Пайғамбарымыз екі бүктеліп, ауланың ішінде жүрді. Және бірнеше рет оңға, солға бұрылып “аф, аф” деп балаларды күлдірді. “Сіздің атаңыз қандай жақсы түйе және Сіздер де қандай жақсы түйешісіз” деген хадисті айтты”.

Маулана Мәснәуиінде баламен балаша бала тілімен сөйлеу керек екендігін айтып кеткен: “Әке, қаншалықты атақты болғанымен да кішкентай баласымен балаша, оны еркелетіп бала тілімен сөйлеседі – деген”.

Маулана бала тәрбиесіне зор көңіл бөлген. Ол Мәснәуиінде: Әкенің шапалағы ананың мейірімінен тәтті. Ананың баласына жаны ашиды. Оның қиналмауын қалайды. Алайда, ақылды тыңдаған бала мақсатқа жету үшін алдымен қиналады, бірақ соңында үлкен молшылыққа жолығады”.

Бұл бәйіттен Маулананың ананың мейірімділігі де, әкенің шапағаты да жақсы екендігін, бірақ ананың балаға шексіз сүйіспеншілігі мен мейірімділігі баланы бұзатын-дығын, ал әкенің қатал тәрбиесі керісінше баланы шыңдайтындығын тілге тиек еткендігін байқаймыз.

Мұндай ұлағатты ой Маулананың замандасы Шейх Саади Ширазиде де бар: “Бір патша баласын оқуға берді. Үстіне қағазды қойып жазу үшін, күміс жазу тақтасын берді. Ал күміс тақтаның үстіңгі жағына алтынмен мынадай жазулар жазылған еді. “Ұстазыңның саған жасағаны (қысымы) әкенің саған деген махаббатынан қымбат”.

Маулана бұл арада әкенің мейірімділік көрсеткенінен гөрі мұғалімнің баланы білімді азамат ретінде қалыптастыру үшін оны қатал тәрбиелегені пайдалы екендігін айтады.

Маулана ананың баласына мейірімділік танытқанына қарамастан керекті жерінде ананың да баласына қатал қараудан тайынбайтындығын айтады: “Баласына жаны ашып тұрса да ана оны бостан босқа сөкпейді, тіпті баласын жақсы адам етіп тәрбиелеу үшін бәріне де барады”.

Келіні Фатима Хатунды қызындай жақсы көрген Маулана оған оқу үйреткен. Бұл оның әйелдердің надан болып қалмауын қалайтындығының бірден-бір дәлелі. Маулана өзі тікелей мұрындық болып келіні Фатима Хатунға оқу үйретеді.

Жалал әд-Дин Руми тек қана жақындарына ғана жақсылық жасаумен шектелмеген. Сүйіспеншілік пен достықтың адамы болған Маулана үлкен-кіші демей барлық адамдарға шексіз құрметпен қараған және кішіпейілділік танытқан. Мына оқиға оған мысал бола алады: “Бір күні Маулана қаланың бір ауданынан өтіп бара жатыр екен. Балалар келіп Маулананың қолын сүйіп, иіліп

құрмет көрсетеді. Маулана да оларға иіледі. Ал балалардың біреуі ойнап жатқан еді. Ол: “Әміршім! Кішкене күте тұр, мен де келіп Сіздің қолыңызды сүйемін”, – дейді. Хазіреті Маулана бала ойынын бітіріп, келіп қолын сүйіп құрмет көрсеткенге дейін сабыр сақтап күтіп тұрған [101, 98 б.].

Маулана Жалал әд-Дин Руми үлкен-кіші демей барлық адамдарға зор құрмет білдіріп, оларды сыйлай білген. Адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көре тұрғанымен оларды тапқа бөлмеген, олардың барлығына бірдей сый көзбен қараған.  Әйел, ер демей немесе саудагер, барлы немесе жарлы адам деп еш бөлместен барлығына жақындық танытқан, кейбір адамдардың жаман іс-әрекеттерінің өзіне сабырлық танытқан.

**2.3 Жалал әд-Дин Руми дос, достық және жолдастық туралы**

Маулана адамдар арасындағы достық пен жолдастық мәселелеріне зор мән берген. Ол барлық адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болуға, жаман адамдардың теріс қылықтарына шыдауға үндейді. Әрі осының арқасында әрбір адам өз бойына адамдық қадір-қасиеттерді  сіңдіретіндігін насихаттайды. Дос тарапынан жасалған әдепсіз қылықтарға көп мән бермей ал көлгірсіп дос болуға ұмтылғандардан қашық жүруге үгіттейді. Жаман достың жыланнан да қауіпті болатындығын ескертеді. Ол “Алла атымен ант етемін, улы жылан жаман достан артық” дейді [102].

Жеке бастың пайдасына негізделген достықтың еш мәнінің жоқ екендігін, жеке бас пайдасы бұзылған кезде достықтан ешнәрсе қалмайтындығын мысалдармен түсіндіреді.

Маулана әрдайым көңіліне жақын дос іздеген. Өзінің ішкі дертін түсінетін дос таппағаны үшін қатты қиналған. Бірақ адам ретінде дос іздеу керектігін, жалғыз қалсақ қолдаусыз қалатындығымызды, достың мақсат пен пікірде бірге болуы керектігін, бірдей дертке душар болғандардың бір-біріне дәрмен болатындығын айтқан. Дос адам жолдасының кемшіліктерін айна сияқты көрсетуі керектігін, бірақ кемшіліксіз дос табамыз деп, доссыз қалмау керектігін де ескерткен. Жаны жаз, жақсы адамдармен дос болу керектігін тілге тиек еткен. Раушан гүлдің иісі бүкіл баққа әсерін тигізетіні сияқты жақсы адамдардың да парасаттылығы достарына ықпалды әсер ететіндігін түсіндірген.

Махаббат және өмірге сүйіспеншіліктің адамы Маулана дос және достық мәселесіне айрықша көңіл аударған. Енді ұлы тұлғаның достық туралы білдірген ой-санасына ой бойлатайық.

Мектубатта мынадай аталы ой айтылған: “Алдымен жолдас, сосын жол. Алдымен көрші, сосын үй”. Бұл адам жолға шықпастан бұрын жолдасын, үй салмастан бұрын көршісін таңдауы керек деген сөз.

Маулана Мәснәуиінде достың тілегін орындау үшін жыр жазғандығын былайша түсіндіреді: “Мәснәуидің жазылуына ең алдымен сен (Хусмаеддин Челебиді меңзеп отыр) себеп болдың. Егер жыр ұзақ болса оны ұзартқан  да, көбейткен де сенсің. Өйткені сен осылай болғандығын қаладың. Алла тағала да осылай

болғандығын қалады. Алла тағала тақуа құлдарының тілектерін өзі кешірсін” [103].

Жалал әд-Дин Руми бұл арада Мәснәуидің жазылуының өзі достың тілегіне (қалауына) байланысты болғанын, достың қалауын Алла тағаланың өзі де қалағандығын білдіріп отыр.

Ол жақсы адамдармен дос болу керектігін, ал досы жоқ адамның түбінде жалғыз қалатындығын ескертуді ұмытпайды. “Сен оған дос бол, осылайша сенің көп досың болсын. Бірақ досың болмайтын болса, онда доссыз, жәрдемсіз жалғыз қаласың” дейді. Басқалардан достық лебіз, жақындық күтетін болсаң, алдымен бұл достықтың адал достық екендігін өзің көрсет. Адамдар бір-біріне достық және жақындық ықылас танытпаса онда жалғыз, қолдаусыз және көмексіз қалады. “Қалың қой отарының ішінен бір қозы өз алдына бөлініп кетсе, қасқыр бірден оны паршалап, жеп қояды”. Күнделікті өмірде де біз қауіпті жағдайларға душар болуымыз мүмкін. Сонда біз дос көмегіне  мұқтажбыз.

Маулана бірлік пен ынтымақтастықтың үнемі болғанын қалайды, айырылысуды жақтырмайды. Достық ықылас қоғамды бәле-жаладан сақтайды, әрі жаманшылықтан құтылу жолы достықта екендігін айтады. Амандықта болу жолын Маулана ұлы Сұлтан Веледке былайша түсіндіреді: “Әкем маған: “Жалал әд-Дин, егер үнемі жәннатта болғың келсе барлық адаммен дос бол. Ешкімнен кек алуға, есептесуге тырыспа”, – деді және мына рубайды оқыды: “Артық нәрсе сұрама, ешкімнен артық болма! Жағатын май және балауыз сияқты бол, ине сияқты болма! Егер басқадан өзіңе жамандық келуін қаламасаң, онда жаман сөз айтушы, жамандық үйретуші және жаман ойлы болма” [103, 209 б.].

Көрініп тұрғандай Жалал әд-Дин Руми жаман әдет-қылықтардан аулақ жүруді, одан қашық болуды, керісінше жағатын май сияқты, айналаңдағылардың дерттеріне шипа болуды, жылан мен шаян сияқты төңірегіңдегілерге зиянкестік жасамауды, жаман сөзден және жамандық үйретушіліктен қашық жүруді уағыздайды.

Шемс-ы Тебризи достарына мынадай ақыл айтыпты: “Ақиқат достық саған жасалған игілік. Алла тағала ісі сияқты құпия болады. Шын дос жауларың тарапынан жасалған жамандықтар мен зиянкестіктерге сенімен бірге налиды, достың қателіктеріне ренжімейді; досынан бет бұрып, досына қарсы шықпайды”. Шемс осылайша шынайы достық қасиеттерді санамалайды. Дос жолдастарының ішкі сырын сатпауы,  олардың әртүрлі теріс іс-әрекеттеріне шыдауы керек.

Маулананың замандасы Саади, жақсы көретін құлының тәрбиесіздігіне налып, досына арызданған саудагерге, досы атынан былай дейді: “Бауырым, адам бойына достық сезім сіңсе, онда мырзалық және құлдық деген нәрсе жойылады”. Достан келетін барлық қиыншылыққа шыдау керек. Досыңа арызданатын болсаң мұндай араздасу достықты бұзады (раушан гүлді жақсы көрген адам, ол гүлдің тікенегіне шыдауы керек, яғни жақсы көрген адам жаманшылыққа да шыдауы керек).

Дос жандардың мақсаты мен армандарының бір болуы қажеттігі турасында Маулана “Мектубат” атты еңбегінде былай дейді: “Мәжнүн Ләйләмен қауышу үшін түйесіне мініп жолға шығады. Мажнүн түйенің үстінде келе жатып Ләйлә туралы ойға кеткені соншалық, ол түйесінің қайда бара жатқанынан еш хабары болмайды. Түйе ботасын іздеп кері қайтады. Кейіннен барып Мәжнүн түйесінің қарама-қарсы бағытта кетіп бара жатқанын байқайды. Мәжнүннің осылайша ары-бері, кері-ілгері жүруімен арада екі ай өтеді. Мәжнүн Ләйләсімен еш қауыша алмайды. Ақырында Мәжнүн  түйесін тастап, жаяу кетеді. Мәжнүннің дерті Ләйләға тез жету, ал түйенің дерті кері қайтып ботасына жету… соңында Мәжнүн былай дейді: “Ай, түйе-ай, екеуміз де ғашықпыз, бірақ бір-бірімізге қарама-қайшымыз” [104]. Бұдан мынадай ой туындайды, тек қана дерті бір достар ғана, бірін-бірі түсінеді және дерттеріне дәрмен іздейді. Достықтан ләззат алғандар, бір-бірінің қиыншылығына ортақтасады. Маулана: “Жұрт: Досқа адалдықтың орны бөлек, – дегенімен, менің онда шаруам жоқ. Бірақ шын достың қиыншылықта қиыншылығыңды бірге көтеруі, оған ортақтасуы жақсы” деген. Шын достықтың шама-шарқын анықтау, мөлшерлеу мүмкін емес. Бірақ адал достарыңның қиыншылықтарыңды бірге бөліскені өте орынды. Маулана, Мәснәуиінде мынадай хикаяны жырға қосады: “Зиннун Мысыриге рух қонып, шабыты тасыпты. Бірақ ол өзін-өзі ұстай алмай дауысты зікірге басыпты. Тәртіп сақшылары Мысыриді зынданға қамапты. Мысыридің достары ол үшін қатты қиналып зындан жанына жиналыпты. Оларды байқаған Зиннун: “Әй, кімсіңдер?” деп айқайлапты. Достары жәй ғана сыпайы түрде: “Біз сенің достарыңбыз. Бұл жерге сенің жағдайыңды сұрау үшін келдік”, – депті. Зиннун балағат сөздер айтып, жерден тас алып, достарына лақтыра бастапты. Тас тиіп кетер ме екен деп  қорыққан достары зындан жанынан аулақ қашыпты. Зиннун қарқылдап тұрып күліпті: “Достарға қараңдар, қане достықтарыңның белгісі? Достың басқа түскен қиыншылықта ортақтасқандығы дұрыс. Дос досының – басына түскен бәле-жаласына ортақтасуы керек емес пе? депті”. Зиннунның достары шын достар болғанда қашпайтын еді, қайғысына ортақтасатын еді.

Маулана Мәснәуиінде бойымнан кемшілігімді іздейтін дұшпаным көп, ал, менің дертімді өз мойнына көтеріп алалатын досым жоқ, – деп жырлаған.

Маулана жолдастарына: “Егер достарыңыз Сізге жамандық істесе, онда  оны Сіз жетпіс рет жақсылық жасап қайтарыңыз. Оны ол түсінбесе өзі біледі”, – дей келіп, – бұл дүниеде доссыз қалмаңыз деп кеңес береді. Өйткені бойында кемшілігі жоқ дос іздеген адам, міндетті түрде доссыз қалады.

“Дос, қайғырған кезінде жаныңның айнасы болады. Ей, адам! Сен айнаның бетіне үңіл” [104, 325 б.].

Достар турасында айтылған әртүрлі өсектерге сену, немесе олар туралы айтылған жақсы нәрсенің бәрін дұрыс санап қабылдай беруге болмайды. Сол сияқты достар турасында өсек айту да, немесе олар туралы жаман ойға берілу де дұрыс емес. Өйткені, досың өзіңнің айнаң іспеттес. Жаныңның айнасы досыңды ренжітіп, айнаны дат бастыруға болмайды.

Достардың бақыты үшін оның дұшпандарының тепкісіне шыдау да керек. Бұл туралы Жалал әд-Дин Руми былай жырлайды: “Досың үшін оның дұшпанының

лағнетін шәрбәт сусыны сияқты іш, өйткені бұл лағнеттер түбінде сені жақсылыққа жеткізеді, мақтау мен жарайсыңға қауыштырады", – дейді. Досың үшін қиыншылықтарға ұшырасаң, бұлардың барлығына шыда. Өйткені сабыр түбі сары алтын, түбінде сені өсіреді және жақсылықтарға жеткізеді. "Адам еместерді, жақсы адамдармен қатар қойма".

Маулана дені дұрыс дос табуға зор көңіл бөледі: "Дененің табары (жетістігі) мал-мүлік, алтын; көңілдің табары болса достықты арттыру, доссыз  бақша, бау – зындан; ал досыңмен бірге бұл зынданның өзі сен үшін раушан гүлінің бақшасы сияқты. Достың ләззаты болмаса, ер адам да, әйел де болмайды. Достың бақшасында өскен тікен шөптің өзі мыңдаған гүлдерден сұлу" [105].

Маулана дені түзу дос табуды көңілдің жетістігі ретінде қабылдайды. Ол үнемі көңілдің жетістігі бола алатын дос табу және достықты арттыру керектігін айтады. Адам достарының қасында жүргенде ең жаман жерлердің өзі де тамаша болып көрінеді. Аталарымыз да: "Доспен бірге жүрсең шөп қора сарайға тең" деп айтып кеткен. Ер адам мен әйел адамның ара қатынасынан дүниеге келетін нәрестенің дүниеге келуінің себебін, Маулана достық пен сүйіспеншілікпен байланыстыра қарастырады.

"Егер кімде кім досымен бірге жүрсе, ол тіптен моншаның от жағатын жерінде жүрсе де, ол онымен өзін раушан гүлінің бағында жүргендей сезінеді. Керісінше, дұшпанымен бірге жүрген адам онымен раушан гүлінің бағы ішінде жүрсе де, ол өзін моншаның от жағатын жерінде жүргендей сезінеді".

Жалал әд-Дин Руми достар арасында өзара үйлесімділік пен терең түсіністік болуына баса назар аударады. Егер достар арасында ой мен мақсат бірлігі болса, онда олар қайда барса да бір-бірімен жақсы тіл табысады. Жаман жерде жүрсе де, өздерін раушан гүлі бағының ішінде жүргендей сезінеді.

Екі дос арасында бір-біріне дұшпандық пайда болыпты. Бұлар бір-бірімен татуласуға еш ынталы емес-тін. Маулана оларды татуластырғысы келіпті. "Алла тағала адамдарды екі түрлі етіп жаратқан. Біреуі топырақ сияқты құрғақ, ал екіншісі су сияқты намды. Су топырақ үстімен аққан кезде, топыраққа судың сіңуі нәтижесінде ол жерде раушан гүлі бағы өсіп шығады. Сондықтан – деп ой түйіндейді Жалал әд-Дин Руми, – арасы нашарлап кеткен екі достың біреуі су сияқты екіншісіне иіліп, түсінісуге ұмтылуы қажет. Сонда ғана екі дос арасында татулық орнап гүл көктейді және гүл бақша хош иіс шашады.

Осы бәйіт арқылы Маулана аралары нашарлап, ашылып кеткен екі достың бірінің кішіпейілділік танытып, екіншісіне иілуін талап етеді. "Өткенді қазбалап досыңды ренжітпе. Әрине, сізге ешкім дұшпан болмасын! Алланың ризалығы үшін досыңа иіл, оған жақсылық жаса. Жан-жағың досқа толсын. Көңіліңде өштескен жаман ойлар болмасын".

Бұл жерде Маулана менмендіктен қашып, досына кешірімді болуға үгіттейді, онымен жақсы қарым-қатынаста болуға шақырады, ешкімді ренжітпеу керек деп ақыл айтады. Адамдарға жақсылық жасағанда тек жақсы көріну үшін ғана емес, Алла үшін жақсылық жасау керектігін, басқаларға дұшпан көзбен қарамау

керектігін айғақтайды. Басқаларға жаман көзбен қарасаңыз, онда өзіңіздің де ішіңіз қараяды, көңіліңізге жаман ойлар келеді дейді. Маулана Мәснәуиінде: “Адам жақсыны көре білгенімен масаттанады. Адам өз қалауымен баз кешпейді”, – дейді [106].

Жақсы көретін адамдарымызға қажетті деңгейде көңіл аударуымыз керек. Өйткені олармен мәңгі бірге жасаймыз. Жақсы көретін достарымыздан ажырап қала алмаймыз. Көңіл бір досты жақсы көріп қалса, ол достан ажырау қиын. Адам жақсы көретін досымен үнемі бірге болғысы келеді, жақсы көрмейтінімен қандайлық тамаша ортада отырса да, бірақ ол ортада өзін бақытты сезінбейді.

Достарымызға достық сезімімізді, оның іс-әрекетіне сүйіспеншілігімізді білдіруден еш қысылмауымыз керек. Маулана басқаларға жазған хаттарында Пайғамбарымыз бен оны тыңдаушылар арасында болған мына оқиғаны төмендегідей баян етеді. “Хазіреті Мұхаммед мешітте отыр еді. Біреу мешіттің есігінің алдынан өтеді. Оның достарының бірі: “Уа, Алланың елшісі! Мен жаңағы өткен адамды жақсы көремін”, – деді. Хазіреті Мұхаммед “Орныңнан тұр да ана кісіге (достығыңды) білдір”, – деді. Егер әлгі адамның өз досы туралы оны жақсы көретіндігін айтқанының бір терістігі болса, Хазіреті Мұхаммед жаңағы сөзді айтпас еді. Хазіреті Мұхаммед былай деп бұйырды: “Егер біреу екінші біреуді жақсы көріп қалса, оған оны білдірсін”.

Бұл баяндау достарымызға сүйіспеншілігімізді білдірудің ешбір оғаштығы жоқтығын білдіріп тұр. Дос досты шынымен жақсы көріп тұрса, онда олардың арасында арсыздық пен екіжүзділік болмайды. Маулана: “Бір көңілде досқа деген махаббат найзағай сияқты жарқылдап тұрса, онда біліп ал, достың жүрегінде де махаббат бар”. Маулана ішкі жан дүние мен дене ауруларының әртүрлі болып келетіндігін былайша түсіндіреді: “Дене ауырса оған шипа болатын ем іздейміз, ал жан ауырса онда оған жақсы көңіл ашар дос көңілін қалаймыз”. Жалал әд-Дин Руми дұрыс бағымдайды. Шынында да дене ауырса оны әртүрлі дәрілермен емдейміз. Ал, оған керісінше егер жан дүниеміз ауырса, оны достың ыстық ықыласымен, дос көңілімен, сүйіспеншілігімен емдейміз.

Егер олар о дүниелік болып кете барса да, біз оларды ұмытпаймыз, жүрегімізде сақтаймыз. Өлім де бізді ажырата алмайды. “Дұшпан кім, дос кім? Мұны білу үшін өлгеннен кейін де тағы бір рет бұл дүниеге келіп өмір сүру керек”.

Мауланада дос жүрегіне деген сағыныштың орны зор. “Сізді қатты сағынғаным соншалықты, ұшып барғым келеді, бірақ қанатым кесілген, қалай ұшамын”.

Маулана доспен қауышуды аңсап, сағыныш отына жанады. Айрылысудың дерттерінен және көңіл ашар дос адам таппағандығына арызданады.

Қарны тоқ және суға шөлі қанған адам аштық туралы немесе шөліркеу жайлы айтсаң түсінбейді. Өйткені, ондай адамдар аштықтың, шөлдеудің азабын тартпағандықтан, аш-жалаңаш әрі шөліркеп жүрген адамның жан қайғысын түсінбейді.

Досынан айрылған адамның басына бәле-жала үйір келеді. Маулана мұндай хал-ақуалды былайша түсіндіреді: “Бұл көл су жоқтықтан құрғады. Булана-булана суы азайған, батпаққа айналған, иістенген, соңынан буланып, бәрі ұшып кетеді”.

Достарынан айрылған жан айрылысудың азабынан дел-сал күйге түседі, садағы сынған садақшы сияқты не істерін білмей сасады. Танымы, тағылымы, санасы жоғары жан иесінің өзі де досынан айрылғаннан соң садағы сынған садақшы сияқты хәлде болады.

Жан жолдас, дос іздегенде неге көңіл аудару керектігін Маулана былай түсіндіреді: “Мінездінің соңынан жүр, жақсы мінездімен бірге бол. Раушан гүлінің бақшасына қара, раушан гүл қалай хош иіс шашады” [106, 324 б.].

Бұл бәйіттің мазмұнынан жақсы жолдас, дос іздегенде оның бойынан жақсы мінез бен жоғары адамгершілік қадір-қасиеттерді көре біл. “Мінезі жақсы адамдармен бірге болғанда, раушан гүлдің иісі гүл бағына қалай тараса, жақсы, парасаттылығы жоғары адамның жақсы мінezділігі де солай хош иіс шашады. Топырақ та денесіне таза заттың егілгендігін қалайды. Ендеше сен шын, жақсы көрші ізде, сосын үй сал. Бос жүрме, көңілі жақын дос тап”.

Жаман адаммен жолдас болсаң, ол сені қандай қауіп-қатерге итермелейтінін Маулана былай түсіндіреді: “Алла тағала атымен ант етемін, улы жылан жаман жолдастан артық. Өйткені улы жылан адамның тек қана жанын алады. Жаман жолдас болса, теріс жолға итермелейді, адамды тозаққа алып барады. Адам өзімен бірге жүрген жақсы адамның ықпалымен оның мінезіндегі жақсыны өз бойына сіңдіреді”.

Маулана жаман досты улы жыланнан да зиянды деп есептейді. Өйткені жылан тек қана адамға биологиялық тұрғыдан ғана залал жасайды. Ал жаман дос болса адамның рухани дүниесіне қауіп төндіреді. Жаман жолдас адамды жаман жолға тартып, оның тозаққа баруына себепші болады. Жақсы дос, өзімен бірге жүрген жақсы адамнан оның дұрыс мінезін, парасатын өзіне қабылдайды. Міне сондықтан да жақсы дос таңдауға зор маңыз бөлу керек. Бұл істе ұқыптылық танытуымыз керек.

Сондай-ақ Жалал әд-Дин Руми надан достан да қашық жүруге шықарды. “Білімсіз жан сенімен көңіл жақын жолдас болғанымен, уақыты келгенде надандығымен сені жарға жығады”. Өйткені, надан адам білместікпен сені жарға жығуы мүмкін. Надан адаммен достықтың қаншалықты қауіпті екенін Маулана надан адамның бір аюмен дос болғандығын баяндау арқылы түсіндіріп береді. Мәснәуиде жан-жақты жырланып, философиялық тұрғыдан негізделген бұл баяндаудың қысқаша мазмұны мынадай: “Өте ірі жылан аюды орап алып, буындырып жатыр екен. Батыр жүректі бір ақымақ адам аюды жыланнан құтқарып алады. Аю адамның жасаған жақсылығы үшін оған бауыр басып қалады. Адам мен аю арасында достық пайда болады. Бұл ақымақ адам бір күні ұйықтаған екен. Бетіне шыбындар қонылты. Аю шыбынды қуған сайын олар қайтып келіп қона беріпті. Аю қиналып кетіпті, сосын шыбындарды өлтіремін деп үлкен тасты көтеріп алып адамның бетіне тастап жіберіпті. Осылайша адамның

басы парша-парша болып кетіпті". Маулана: "Ақымақтың махаббаты, аюдың махаббаты сияқты. Оныкін еш махаббат, өш (кек) махаббаты дейді" – деп ой түйіндейді [107].

Есуастың достығы, дұшпандықтан да жаман деген сөз осыдан қалған.

Маулана мінезі алып ұшпа, тыз етпе адамдарды сабырлы болуға шақырады. "Сабыр сақта. Сабыр адамның көңілін кеңейтеді, ақылын кемелдендіреді, жүрегін нұрландырады. Сабыр да айдың кешті күтуі сияқты, себебі ай кешқұрым ап-анық болып көрінеді. Сабыр руашан гүлі сияқты, Раушан гүлінің тікені болғанымен, оның хош иісі қандай жақсы, көңіліңізді хош етеді".

Дос қандай болуы керек? Шын, таза достықтың өлшемі қандай?

Шын, адал дос айна сияқты мөлдір болуы керек. Айна адамның бет-бейнесі қандай болса, сол күйінде көрсетеді. Дос та сол сияқты шындықты бүкпей, ашық айтуы керек. Жақсыны жақсы, жаманды жаман деуі керек. Қиыншылықта қасыңнан табылуы керек.

Хазіреті Мұхаммед бір істі жасамастан бұрын жолдастарымен ақылдасқан және де ақылдасу керек екенін әрқашан уағыздап отырған. Өзімізді дұшпаннан тек қана ақылдарымызды біріктіру арқылы ғана қорғай аламыз. Адам баласының дұшпаны көп. Ең басты дұшпан өзіңнің нәпсің мен шайтан. Бұл қауіпті дұшпандарға достарымыздың ортақ әрекетімен ғана қарсы тұра аламыз. Тек қана осы жол арқылы ғана қауіпті және мықты  дұшпандарымызды жеңе аламыз.

Осы терең мәні бар ұлағатты пікірді қатты ұстанған Жалал әд-Дин Руми де ақылдасудың пайдалы екендігін былайша түсіндіреді: "Ақылдасып істеген істің кемшілігі аз болады. Ақыл жарқыраған шыраққа ұқсайды. Дей тұрғанмен бір шырақ жиырма шыраққа қарағанда аз жарық беретіндігін ұмытпаған жөн" [107, 45 б.].

Адам достарымен ақылдасса, өз іс-әрекетінде қателікті аз жібереді. Ақыл шырақ. Шырақ қаншалықты көп болса, соғұрлым жарық болады. Демек, қаншалықты ақылды досымыз көп болса, соғұрлым қателікті аз жасаймыз.

Дос жолда тірегің. Қиыншылықта дос саған сүйеніш болады. Өмірдің мақсаты жөні түзу жақсы дос тапқанда, үндемей оған өзіңнің шын дос екеніңді сездіре біл. Оны ренжітетін әрекеттер жасама.

Маулана адамның дерт пен қайғыдан тек қана достарымен сұхбаттасу арқылы ғана айыға алатындығын былайша түсіндіреді:  Адамның көңілінде, қайғысында ешбір дәрімен емделмейтін әртүрлі дерт бар. Ол дерт ұйықтаумен де, қыдырумен де, тамақ жеумен де жазылмайды, тарқамайды. Оның емі тек досыңның жүзін көру (достың жүзі науқастың шипасы), онымен сырласу, оның жүзінен жылы лебіз іздеу.

Доспен сұхбат құру немесе онымен ақылдасу былай тұрсын, оның жүзін көрудің өзі адамға қаншалықты қуаныш, бақыт, дертіне қандай дауа, ем әкеледі. Сондықтан да болар Маулана: “Қара жүн жіп болып иірілгенінің арқасында түйін түйеді, өрнегі мол, әп-әдемі кілем болады”, – деп ой түзейді.

Маулана жан достардың бір-біріне сый тартулары арқылы араларындағы достық сезімді одан әрі арттыратындығын былай баяндайды: “Достардың бір-біріне сый беруі достықтың шын белгісі. Ол сыйлықтардың берілуі жүректердегі достық, адал сезімдер дәлел болу үшін берілген. Ей, дос сен мұны түсін! Сыйлық тек сыртқы көріністе сыйлық, ал негізінде ол мейірімділікке толы достық сезімнің белгісі болып табылады”.

Достарға берілген сыйлықтар тек материалдық заттар ғана. Бірақ осы заттардың арқасында біз рухани тұрғыдан баймыз. Сол заттар арқылы достарымыздың жүрегіне есік ашамыз. Достарымыздың сүйіспеншілігін табамыз. Материалдық сыйлықтар бізді сезімге, қуанышқа бөлейді. Пайғамбарымыз былай деп бұйырған: “егер бір-біріңізді жақсы көрсеңіз, бір-біріңізге сыйлық жасаңыз”. Сыйлық берген адам, досын жақсы көргендігін және оның көңілін табу үшін сыйлық бергендігін білдірген болады. Сыйлықты алған адам сыйлыққа қуанады және ол да өзінің достық сезімін білдіру үшін досына сыйлық береді. Екі жақтың бір-біріне сыйлық берісуі бұл екі дос арасындағы достықты арттырады.

Жалал әд-Дин Румидің өзі де достарына достығының белгісі ретінде сыйлық бергенді ұнататын. Айтқандай, “Ariflerin Menkibleri” – де Салах ад-Дин былай деп жазады: “Бір түні  құжырамда “Ariflerin Menkibleri” деген еңбегімді жазып отыр едім. Күтпеген жерден Хазіреті Маулана кіріп келді. Үстіндегі көйлеген шешіп, маған кигізді де: “Достықтың белгісін көрсету уәжіп нәрсе”, – деп күлді [108].

Сыйлық берген адам өзіне жауап ретінде қайта берілер сыйлық туралы ойламауы керек. Әйтпесе сыртқы көрініс үшін, немесе сыйлыққа сыйлық деген оймен берілген сыйлықтың ешбір қадірі болмайды. Себебі дос-жарандар арасында жеке бастың пайдасын ойлау сезімі байқалса, ол достық ұзаққа созылмайды. Жеке бастың пайдасы достықтан жоғары қойылса, достық бұзылады. Сыйлық тек қана достар арасындағы достық көңілді одан әрі арттыру үшін ғана беріледі.

Жалал әд-Дин Руми достығы жеке пайдасын көздеген адамдарға қарсы мынадай мысал келтірген. Бір күні Сыражеддин Татари қыдырып жүріп күтпеген жерде Маулананың жалғыз өзі кетіп бара жатқанын көреді. Артынан ілеседі. Біраз жүргеннен кейін олар құлаған үйлерге келеді. Бұл құландыда бірнеше күшік бір-бірімен ұйлығып ұйықтап жатыр екен. Сыражеддин Татари: “Бұл бейшаралардың арасында қандай тамаша бірлік бар. Бір-бірімен құшақтасып, ұйықтап жатыр” дейді. Маулана: “Иә, Сыражеддин! Егер бұлардың достығын сынағың келсе, бұлардың арасына ет таста. Міне сол сәтте бұлардың достығының қандай деңгейде екенін түсінесің. Мал-мүлікке және бұл дүниелік қызықтарға бой алдырғандардың арасындағы достық міне нақ осындай достық. Бірінен екіншісіне пайда болса, олар дос. Ал, егер араларына мүлікке, пайда

бөлісуге талас туа қалса, неше жылғы дос сыйластықтарын ұмытып, жүре береді. Ондай достықтан ешқандай пайда жоқ", – деп терең күрсініпті [109].

Иә, достықтан тек пайда көруді іздеген жандар арасында алыс-беріс барда достықтары өте мықты. Маулана бұл жерде олардың жеке бас пайдасы үшін ғана дос болып жүргендіктерін және де бұл достықтың арты қысқа болатындығын сездіріп тұр. Дүние-мүлікке, осы дүниенің қызықшылығына айрықша тойымсыздық танытқандардың достығы осындай қысқа болады. Достар жеке бас пайдасын іздемеген кезде ғана адалдық, шын достық болады. Бірақ арада жеке бас пайдасы күйттелісімен бұл достық бұзылады. Көп жылдар бойы бірін-бірі сыйлап, дос болып жүргендер ар-ұяттан аттап, осылайша достықты бұзады. Маулана осылайша достықты ойламаған,тек қана материалдық нәрселерге көңіл аударған адамдардың достығын шенейді, оларға налиды.

Жалал әд-Дин Руми үнемі достарына көмек беріп отырған. "Ariflerin Menkibleri" атты еңбекте Осман-ы Гуйанданың мынадай сөздері бар: "Той жасағаныма көп болмаған еді. Ақшам таусылып қалған еді. Ақшадан қатты қысылып тұрған едім. Жас әйелімді қуантуым керек еді. Хазіреті Маулана менің жағдайымды түсіне қойды. Тұрды да үйіне кіріп кетті. Кира Хатуннан алты Мысыр динарын алып, сыртқа шығып отырды. Біраздан кейін сөз арасында: "Әй, Осман! Бұрын жақсы бір әдетің бар еді. Бізбен жиі-жиі қол алысып, амандасатын едің. Біраз уақыттан бері бұл әдетіңді тастадың ғой. Себебі не?", – деп сұрады. Қолын алу үшін орнымнан тұрдым. Динарларды жай ғана қолыма салды да: "Бұл сүннетті намаздың парызы сияқты, ұста", – деді. Қуанып қалдым, біраз уақыт бойы осы ақшаны жараттым" [110].

Маулана досының мұқтаждығынан хабардар еді. Бірақ ақшаны айналада адам көп болғандықтан ашықтан-ашық бере салмады. Османды ұялтқысы келмеді. Османмен қол алысып, амандасуды сылтау қылып ақшаны Османның алақанына көпшілікке білдірмей салып жіберді. Міне шын достар осындай болады. Достарының абыройын ойлайды. Оларды ренжіткісі, сыртқы көрініс үшін жақсылық жасаған болып көрінгісі келмейді. Мынадай хикая естіген едім: Жаңа байыған бір кісі Хафызға бауыр етін беріпті. Осы адам кейінірек халықтың арасында Хафызды көргенде: "Хафыз бауыр еті қандай екен?" – деп сұрап қоймайтын көрінеді. Хафыз әрең шыдапты. Кейінірек бір күні қойнына бауыр етін тығып келіп, жаңағы байдың өтетін жеріне барып, байды күтіп тұрыпты. Бай Хафызды көре сала әдеттегідей: "Хафыз! Бауыр еті қандай екен?" деп сұрасымен, Хафыз бауыр етін алып байдың басына ұрыпты да "Мә, ал мына бауыр етіңді, жағың жабылсын осылайша", – деп кейіпті. Бай жақсылық жасаған. Бірақ жасаған жақсылығын барша халыққа көрсету үшін ғана жасаған. Жасалған жақсылығымызды жақсылық жасаған адамдарымызға қайта-қайта білдіру, еске түсіру арқылы жақсылығымыздың қадірін түсірмеуіміз керек.

Жасалған жақсылықтарды және садақыларды бетке салық қылуға болмайды. Мұндай істердің ешбір маңызы да, қадірі де болмайды. Жасаған жақсылықтарымызды көзге көрсету үшін емес, тек Алла ризалығы үшін жасауымыз керек.

Маулана бай немесе кедей деп талғамай, барлық адаммен дос болуды және барша адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуды уағыздаған. “Кім болса, ол болсын; жаяу болсын, салт атты болсын, достарыңмен жағдай сұрасуды әдет қыл”. Қоғамда өмір сүргеннен кейін адамдардан өзгеше бір ерекшелік іздемей барлық адаммен тіл табыс, дұшпанның да көңілін табуға тырыс және де тек осындай әрекеттің арқасында дұшпандықтан құтылатындығымызды, тіпті жақсылықтың арқасында көптеген дұшпанды өзімізге дос ететіндігімізді ұмытпа. “Ол адам дұшпан болса да жақсы. Өйткені оған жасаған жақсылығыңның әсерінен дұшпаныңның өзі де саған дос болады. Дос болмаған жағдайдың өзінде, оның дұшпандығы азаяды. Өйткені жақсылық жасау дұшпандыққа шипа болады”. Жақсылық дұшпанның дұшпандығына шипа сияқты әсер етеді. Осылайша жаман адамның өзімізге жасаған дұшпандығынан құтыламыз. Ол жаман адам болса да, бізге дос болмаса да, енді, бұдан былай бізге дұшпандық ойламайды [111].

Қорыта айтқанда, Жалал әд-Дин Руми достыққа зор көңіл бөледі. Еш дос таба алмасаң, мүсінші сияқты тастан дос жасап ал деп ақыл береді: “Сөздің түйіні – дос тап. Адамдар арасынан жақсы, адал бір дос таба алмасаң, мүсінші сияқты тастан бір дос қашап ал”.

Қоғамда, көпшілік арасында өмір сүріп, тұрмыс құрғанымыздан, іс-әрекет еткендігімізден барлық адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуымыз шарт. Достық құру, жаны жайсаң, адал дос табу өмірдің заңы. Жалғыздың үні шықпас деген сөз осыдан қалған. Адал, жаны таза, пәк, көңілі жақын бір дос, мың жауыңнан артық. Міне, сондықтан да болар образды сөйлеуге шебер Мауланананың тастан болса да дос қашап ал дегені міндетті түрде дос табу керектігіне меңзейді. Бұған қоса, адамның бір затты жақсы көруі, тасқа болса да сүйіспеншілік танытуы, ешбір досың болмағаннан әлдеқайда жақсы. Адам достарымен бірге жүру, олардың сүйіспеншілігін сезіну арқылы өзін түрлі бәлелерден сақтайды. “Өйткені, керуенде адам саны неғұрлым көп болса, олар жол торыған қарақшыларға қарсы соғұрлым қатты табандылық көрсетеді”.

Егер біздің жақсы достарымыз көп болса, дұшпандарымыздың бізге қарсы дұшпандық жасауға батылдары бармайды.

Ол ол ма, Жалал әд-Дин Руми басқа дін ұстанған адамдарға да жақындық танытқан. Жауапсыздарға кешірімдікпен қараған; осы кешірімшілдігінің биіктігінің арқасында барлық адамдармен түсінісіп, тіл табыса білген, барлық ұлт өкілдерін сыйлап, олардың барлығымен дұрыс сыйластық қарым-қатынаста болған. Халықтан ажырамаған.

Сүйіспеншілік пен таза ықыласты кешірімшілдік пен мейірімшілдіктің негізін көрегендікпен түсіне білген. Оның түсіндіруінше, басқа адамның кемшілігін көріп, одан сабақ ала алған адам, өз ішіндегі жамандықты да танып, біледі.

Жалал әд-Дин Румидің бар бітім-болмысы, ділі, тілі, ойы, пікірі, арманы мейірімділікке толы болуы, оның өмір сүрген ортасының таза адами, адамгершілік қадір-қасиеттерді жоғары бағалағандығын білдірсе керек.

Ол заманда Еуропада діни фанатизм өз күшіне еніп, күшейіп тұрғанда, Анадолыда ғалымдар арасында фәлсафалық ой таластырулар күнде өтіп жататын. Испанияда қуғынға ұшыраған Ибн Арабидің пікір еркіндігі туралы ой толғамдары Шығыстық ойлау жүйесінің ірі табысына баланған болатын. Тіпті Анадолыда білімдіні құрметтей білетін білімі жоғары қалың бұқара көпшілік те көп болатын.

Осыған орай, енді Жалал әд-Дин Румидің адам бойындағы мейірімділік қасиеттері туралы ой толғамдарын өмірлік суреттермен байланыстыра отырып,талдап көрелік.

Біз күнделікті өмірімізде басқа біреудің кемшілігін байқап, өз кемшілігімізді байқамасақ, онда ол біздің кемшілігіміз – айыбымыз. Маулана былай дейді: “Егер сен өз бауырыңның бойынан көп кемшілік көріп тұрсаң, онда бұл сенің де өз бойыңдағы сондай көп кемшіліктің көрінісі. Адам айна сияқты. Біра адамның айнасы екінші адам”. “Сондықтан сен оған қарап, өз бойыңдағы сондай кемшіліктерден арыл. Жақсыға ұмтыл, жақсымен дос бол”. Жалал әд-Дин Руми бұл туралы былай жырлайды. “Бір пілді суғару үшін бұлаққа алып келіпті. Піл өз бейнесін судан көрісімен үркіп кетіпті. Бірақ ол басқа бір құбыжықтан қорықтым деп ойлапты. Өз бейнесінен үріккенін сезбепті”.

Маулана бұл бәйіт арқылы піл өзінің судағы бейнесін көріп, қалай қорықса, тура сол сияқты біз де басқалардың бойындағы кемшілігін көріп, онан өзіміздің бойымыздағы кемшіліктерімізді көргендей боламыз. Ол кемшіліктерден тазаруға тырысамыз, – дейді. Бірақ адам баласы өз бойындағы кемшіліктерін көбіне көп байқай бермейді. Маулана мұны былайша түсіндіреді: “Адам өз жарасынан, сыздауығынан жиренбейді. Жара-жара қолын тамаққа салады, бармағын жалайды, бұлардан еш жүрегі шалғымайды. Бірақ басқа біреуден кішкентай болса да бір жара немесе сыздауық көре қалса, онда ол тамақты жемейді, жиіркенеді”. Маулана бұл ойын одан әрі былайша өрбітеді. “Адам бойындағы жаман қасиеттер мен қылықтар да жара мен сыздауық сияқты. Өзініңкін көрмейді, басқадағы жара мен сыздауықтан жиіркенеді. Осылайша сен одан қалай қашқақтасаң, ол да сенен солай қашқақтайды. Сондықтан оның бойындағы жара мен сыздауықтан жиіркенсең де, оған кешірімді бол” [112].

Маулана бұл арада кешірімшілдіктің мәнін түсіндіріп отыр. Өзіміз жасаған әрекеттерді тіпті дұрыс деп есептеп, ал бұл әрекеттерді басқа біреулер жасаса тіптен теріс деп қабылдайтындығымыз рас. Кез келген іс-әрекеттерге, егер ол адам баласына жақсылық алып келетін болса оған кешірімшілдікпен қарауымыз керек.

Біреу Мауланаға: “Қажы Иззеддин Сізге сәлем жолдады. Ол үнемі сіздің жақсылығыңызды айтып, сізді мадақтап отырады”, – депті. Маулана оған былай деп жауап береді: “Егер кімде-кім бізді жақсы ниетпен еске алса, біз де ол адамды жақсы ниетпен еске аламыз”; “егер біреу басқа бір адам туралы жақсы пікір білдірсе, ол айтылған жақсы пікір оны айтқан адамның өзіне де тән болады және ақиқатта ол өзін мақтаған болады. Осы сияқты егер бір адам өз үйінің айналасына раушан гүлдер және басқа да гүлдер ексе, онда ол адам әрбір қарағанда еккен гүлдерін көреді және өзін жәннатта сезінеді” [113].

Жақсыны жақсы деп танып, оны мақтаған адам осы мақтағанымен өзінің де жақсы жан екендігін танытады. Бұған қоса адам тек жақсы ойлар ойлағандықтан көзіне жаман нәрселер көрінбейді, қиялдарына жамандық ілінбейді. Осы себептен өмірден өткен адамдарды еске алғанда, олардың жақсылығын еске алу керек. Бұл ой жаман болса да, жақсы болса да, оны айтқан адамның толығымен өзіне тән. Маулана осы ойын түсіндіру үшін мына аятты айтады: "Егер кімде-кім жақсы іс жасаса, өзі үшін жасаған деп ұқ, ал жаман іс жасаса, ол сол жамандықты өзіне жасаған деп сана". Аятта айтылғандай жақсы не жаман әрекеттердің нәтижелерінің бәрі өзімізге тән болып саналатындықтан үнемі жақсы нәрсе жасауға тырысуымыз керек.

Маулана сүйіспеншілік пен мейірімділіктің адамның бойындағы барлық қылықтар мен әдеттердің бетін жабатындығын былайша түсіндіреді:

"Кешірімді көз барша кемшілікті көре алмайды,

Кешірімсіз көз барлық жамандықты ортаға жайып салады".

Жалал әд-Дин Руми бұл ойын одан әрі былайша жалғастырады: "Бір сұлуға деген махаббатың сені соқыр және кереқ қылады". Бұл жердегі соқырлық пен кереңдік сүйгенінің кемшіліктеріне деген соқырлық пен кереңдік. Көз кемшіліктерді көре бастаса онда махаббаттың азайғаны. Мейірімді ана баласының ешбір қылығынан қашқақтамайды. Шын жүректен оны сүйеді. Ол қаншалықты бүлдірсе, ана оған соншалықты кешіріммен қарайды" [114].

Мауләнаның ойынша кешірімшіл бола білу, баршаға мейірімді ықылас баршаның игілігі үшін. Ол мұны жұпар шашқан иіс сулары мен әртүрлі майда-шүйде сататын базар алаңынан өтіп бара жатқанда жұпар иісіне мас болып, есінен танған бір адамның хикаясын баяндау арқылы түсіндіреді: Базар алаңынан өтіп бара жатқан бір адам есінен танып құлайды. Халық жиналып қалады. Әркім өз қолынан келгенінше оның есін жидырмақшы болып, сапырылысып жатады. Ол адамның білімді інісі бар еді. Тез арада соған хабар беріледі. Інісі жүгіріп келеді. Өзімен бірге алып келген иттің тезегін ағасына искетеді. Осы иістің әсерін әлгі адам есін жинайды. Халық інісі дұға оқымай-ақ, қалайша ағасының есін жидыртты деп аң-таң болып қалысты" – деп бейітті аяқтайды.

Мауләнаның бұл бәйітті баяндаудағы мақсаты құлап қалған адамның хикаясын түсіндіру емес. Ол барлық адамның барлық нәрсені бірдей қабылдай алмайтындығын айтқысы келгендігі. Ол кісінің інісі ағасын немен емдейтінін тура тапқан еді. Біз де басқа адамдармен қарым-қатынасымызда олардың жағдайларын түсініп, ұғынуымыз, соған сай әрекет етуіміз керек. Әрбір адамның өз талғамы бар. Көк түсті көзәйнек киген адам күнді көк түсте көреді, ал жасыл түсті көзәйнек киген адам күнді жасыл түсте көреді. Ал ақ әйнек болса затты ағырақ қылып көрсетеді.

Маулана осы тақырыпты түсіндіру үшін мынадай оқиғаны баян қылады: "Абу Жехил Хазіреті Мұхаммедті көрісімен оның артынан "Хашымұлынан сондай жаман, бір бет адам шықты" деп айқайлайды. Хазіреті Мұхаммед оған былай

деп жауап қайтарады: “Шектен шықсаң да, дұрыс айттың”. Кейінірек Хазіреті Абу Бакр Хазіреті Мұхаммедті көріп: “ Уа, күн! Сен батыстан да емес, шығыстан да емес … жақсылықпен жарқыра!… әлемді нұрландыр! – дейді. Хазіреті Мұхаммед те “Уа, құрметтім! Уа, бұл құнсыз дүниеден құтылған! Дұрыс айттың”, – деп жауап қайтарыпты [114, 37 б.].

Бұған қарағанда жақсылық пен жамандық ұғымдары салыстырмалы ұғымдар. Адам кез-келген оқиғаны өз көзқарасы тұрғысынан бағалайды. Адам көзі көрген қылықтардан өзінің ішкі дүниесін көреді. Хазіреті Мұхаммед досы мен дұшпанның екеуінің де ішкі дүниесін түсініп, ұғынғандықтан да екі жақтың да пікірлерін дұрыс деп тапты. Өйткені, ол екеуі де өздерінің ой тереңдіктерінің өлшемдік мөлшерлері деңгейінде ішкі дүниелерін байқатқан еді.

Әрбір адам айналасында болып жатқан құбылыстарды өз ұғым-түсінігі негізінде бағалайды және соған сәйкес шешім қабылдайды. Жалал әд-Дин Руми оны былайша түсіндіреді: “Барлық әдемі және жарасымды нәрселер көзбен көріп тамашалау, немесе түсініп, сезіну үшін жаратылған. Жай және жоғары дауысты әндер қалайша кереӊ құлаққа естіледі? Алла тағала хош иісті бостан босқа жаратқан жоқ. Оны иіс сезбейтіндер үшін емес, иіс сезетіндер үшін жаратты. Төмендегі жоғарыдағының дұшпаны. Әрбір мекеннің өз тұрғыны бар” [115].

Ғаламдағы барлық нәрсенің өз бағалаушысы, көрушісі бар. Ғаламның материалдық немесе рухани әсемдіктері көре білетін көз үшін жаратылған. Ән-күйлерді есітетін құлақтар, оларды сезінетін көңілдер үшін жазылған. Парасаттылығы төмен адамдар, парасаты биік адамдардың түсінгенін түсіне де, сезіне де, көре де алмайды.

Бұған қосымша барлық адамдардың іс-әрекеттері де бір келкі бола бермейді. Біреулер басқалармен қарым-қатынастарында қатігездік көрсетуді жөн көрсе, ал енді біреулері болса кешірімді болуды дұрыс деп есептейді. Маулана бір күні намаз оқып жатқанда біреу кіріп келді де: “Кедеймін, ешнәрсем жоқ”, – деді. Маулананың намаз оқып жатқанын көріп, оның аяғының астында жатқан алашаны алып, шығып кетеді. Қожа Мажеддин Мараги_ не болғанын түсініп, шапшаң сыртқа шығып кетеді. Әлігі адамды майда-шүйде заттар сататын базарда алашаны сатып тұрған жерінен ұстап алады. Оны күштеп Маулананың алдына алып келеді. Маулана болса: “Мұқтаждықтан, жоқтықтан бұл қылмысқа барды, бірақ ол айыпты емес. Оған кешірімшілдікпен қарайық. Одан бұл алашаны сатып алайық” – деп жауап қайтарады [115, 276 б.]. Міне, осы оқиғадан-ақ Маулананың қатігездікке емес, мейірімділік пен кешірімшілдікке үйір екендігін білуге болады.

Ол әлігі адамның қылмысын оның бетіне салық қылмай, оның бұл әрекетті мұқтаждықтан, жоқшылықтан туғандығын себеп етті. Оны жазалаудың орнына сыйлық ретінде алашаны сатып алды. Осылайша оның жаманшылығын жақсылықпен қайтаруға, қатесін түсіндіруге тырысты. Маулана Ислам дінінің өн бойына толы адамгершілік пен сыйластық, кешірімшілдік пен жақсылық ұғымына сай әрекет етті. Алла тағала: “Егер жаза қолданатын болсаңыз, ол сізге қандай жаманшылық істесе, тура сондай жаманшылық жасау арқылы ғана жаза беріңіз. Сабыр сақтасаңыз, ант етемін, бұл сабыр сақтағандар үшін

әлдеқайда артық жақсылық әкеледі” деп бұйырған. Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Худейбийе келісім-шартында осы мейірімділіктің нағыз негізділігін көрсете білген. Ол мүшриктердің айтқан ұсыныстарының барлығын қабыл алған. Осы себептен қатты ашуланған Хазіреті Омар қылышын қынабынан суырып алып, былай деп сабырсызданыпты. “Дініміздің қадірін түсірген бұл немелерге неге разы боламыз?” Бірақ Хазіреті Мұхаммед оны сабырға шақырып, мейірімділік танытыпты. Зұлымдық пен ашуды (қатігездікті) тыйып, түбі жақсылықпен бітетін нәтижені сабырмен күт. Пайғамбарымыз Мекке жеңісі күні (хижра бойынша 8-і күні) Күрейштердің бір тобына: “Сіздерге біз не істейді деп ойлап тұрсыз?” – деп сұрапты. Олар: “Сен жақсы және абыройлы бауырымызсың, және де жомарт бауырымыздың ұлысың”, – депті. Расул-ы Екрем оларға: “Сіздерге бір кездерде Хазіреті Жүсіптің бауырларына айтқан сөздерін айтамын. Сіз бүгін жазаланбайсыз. Алла сізді кешіреді, ол мейірімділердің мейірімдісі. Барыңыздар, барлығыңыз еркінсіз,” – деп барлығын босатып жіберіпті.

Хазіреті Мұхаммед өзін туған жерінен қуған және де көп қиыншылық шектірген Күрейіш қауымының барлық жаман әрекеттеріне кешірімшілдікпен қараған. Жасаған жаманшылықтарын олардың бетіне салық қылмаған, оларды кешіре білген. Осылайша Ислам діні ұстындарының бірегейі: “достарың түгелі, дұшпандарыңа да кешірімді бола біл” теориясының іргетасы қаланған. Одан бері қанша ғасырлар өтсе де, осы күнге дейін осы кешірімшілдіктің ірге тасы шайқалмаған. Шынайы мұсылмандар өз кесірлерінен діндес бауырларының ақыретте де жаза алуын қаламайды; олардың жақсы болуы үшін сыйынады. Маулана осы мәселеге қатысы бар мынадай хикаяны баян етеді: “Бір күні Асман қажылықтың жолында ауыз суға таласып, бір арабты екі рет жұдырықтап жібереді. Бірақ сол мезетте-ақ өкінеді. Тәуба етіп, кінәсін мойындап, кешірім сұрау үшін сол арабты іздейді, бірақ таба алмайды. Арафат тауына шыққан кезінде сол арабтың өз-өзінен: “Уа, Аллам! Оны мен бейшара үшін жазалама, өйткені ол білмеді ғой”, – деп дұға етіп жатқанын көреді. Бұл сөздерді естіген Асман сол кісінің аяғына жығылып, кешірім өтінеді. Сонда араб: “Кешірем, менің атым Мусхин (жарылқаушылық қылушы). Өз атыма сай әрекет етуім және кешіруім керек”, – деп жауап қайтарыпты [116].

Мінекей осылайша нағыз мұсылман өзінің кесірінен басқа біреудің жазалануын қаламайды, сол адамның кешірілуі үшін дұға оқиды.

Бертін келе суфийлер барша мұсылман қауымына тән  кешірімді болу ғадетін үнемі ұстанып, өздеріне қарсы жасалған небір арандату әрекеттеріне үлкен кешірімділікпен қараған. Осылайша жамандықты жақсылыққа алмастырып отырған. Жалал әд-Дин Румидің замандасы болған Шейх Ахвад әд-Динге бірде мінезі нашар, шайпы ауыз адамдар жаман сөздер айтыпты. Оған: “Әй, ит! Әй, есек! – депті. Сонда Шейх: “Мыналардың әрбір жаман сөзі үшін бір динардан берілсін”, – деп бұйырыпты. Шейхтің жолдастары болса: “Бұл адамдарды жазалау керек, әрқайсысына жеке-жеке зардап шеккізу керек”, – депті. Шейх Ахвад әд-Дин болса “Сіздер білмейсіздер. Олар мені мақтап жатыр, мені үлгі етіп, ұсынып жатыр”, – дейді. Жолдастары: “Қалайша сені мақтап жатыр?” – деп сұрапты. Шейх Ахвад әд-Дин “Олардың ит деп айтқаны, яғни адал, егесінің есігін күзетуші дегені, ал есек дегені, яғни сабырлы әрі азық-түлік тасығыш дегені.

Бұлардың барлығы мені жамандау емес, менің қадір-қасиеттерімді мақтау болып есептеледі” деп жауап беріпті [116, 264 б.].

Сөйтіп, Шейх Ахвад əд-Дин айтылған жаман сөздерге ашуланбаған, керісінше боқтық сөздерді сабырмен қабыл алған. Қасындағы адамдардың өзі бұған шыдай алмай тұрғанда, ол сабыр сақтаған. айтушылардың жаман сөздерін жақсылыққа жорыған. Жаман адамдардың сөздеріне жамандықпен жауап бермеген.

Жалал əд-Дин Руми де өзін осылайша сынамақшы болған адамдарға жұмсақ тілмен жауап беретін. Қатыгездікке, күш көрсетуге, жаман сөзге бармайтын. Ал оны даттаушы топ оны жеңу үшін неше түрлі айла-амал жасап бағатын. Бір күні осы топ Маулананың: “Мен Адамның балшығын қырық күн иледім” деп жырлаған жырына байланып: “Бұл су мен балшыққа сабан араластырды ма екен?” – деп сұрапты. Маулана: “Құраны – Меджидте: “Алла тағала адамды балшықтан жаратты” деп жазылған. Мұның мағынасы адам тек су мен топырақтан емес Алла нұрынан да жаратылған дегенді білдіреді. Егер ол су мен топырақтың ішіне сабан араластырылғанда онда менің табандарым жарылмас еді деп жауап береді. Сосын мəсісін шешіп табанын көрсетеді. Табаны мұздай сумен үнемі дəрет алу үстінде жуылғандықтан əрі бір Аллаға табынып, шыр айналып дөңгеленіп билеп, зікір салу əсерінен жарылып кеткен еді. Осы сұрақты сұрағандар кейіннен Мауланадан кешірім сұрайды. Рақымдылығының əсеріне тəнті болып, шын көңілден Мауланаға мурид болады.

Сөйтіп, Маулана кемелділік танытып, қарсыластарына ашуланбайды, керісінше сыпайы қылығымен оларды жеңеді.

Кейбір зерттеу нəтижелеріне қарағанда, Маулана жас кезінен бастап-ақ ғылыми жиындарға қатысып, бірнеше ғылыми баяндамалар жасаған. Хожа Шарафеддин Самарһанди былай дейді: Жалал əд-Дин Руми тоғыз жасын-ақ ғалымдармен қызықты тақырыптар бойынша тартыстарға түсетін. Ірі ғалымдардың өздерін тығырыққа тіреп, жауап бере алмайтындай дəрежеге жеткізетін. Бірақ рақымдылық танытып, қанағаттанарлық жауап алған сияқты мінез көрсететін. Ғылыми тартыстарда “Сіздің мына пікіріңізді қабылдай алмаймын” демейтін еді. Бірақ ірі ғалымдар онымен пікір таластырғанды ұнататын, жабыла Мауланаға қарсы шабуылға шығатын еді. Мауланадан “Сен де олардың пікірлерін қабылдамайтындығыңды айтып, неге қарсы шықпайсың?” – деп сұрайтынмын. Ал ол болса “Олар жас жағынан менен əлдеқайда үлкен, мен қалайша оларға мұндай сөзді айта аламын”, – деп күліп жауап қайтаратын [117].

Жалал əд-Дин Румидің мұсылман емес халық өкілдерімен қарым-қатынасы жайлы да қызықты мəліметтер баршылық. Енді осы жайлы біраз баяндасақ.

Мєулана ќайтыс болѓанда Кония ќараѓа жамылып, барша ж±рт жылайжылай ќимастыќ сезіммен ±лы пірлерінiњ жаназасына ќатысуѓа жан-жаќтан аѓыла т‰седі. М±ндай ќайѓылы уаќиѓаны Ефлаки былайша т‰сіндіреді: "Христиандардан, яхудилерден, м±сылмандардан, т‰ріктерден к‰ллі ±лыстардыњ µкілдері, барша дін жєне мемлекет басылары жаназаѓа жиналды. Олардыњ єрќайсысы µздеріне т‰сірілген ќасиетті кітаптары ќолдарына ±стап,

Зєбурден, Тєураттан, Інжілден аяттар оќып, кµздерінен жас тама кетіп бара жатты. М±сылмандар оларға ќарсы ќылыш та, таяќ та кµтермей, к‰ллі халыќ бір-бірімен сіњісіп кетті. Б±л хабар с±лтан мен єміршіге жетті. Оларға поптар мен шіркеудегі дін басыларын шаќырып алып, оларға: "М±ныњ сіздерге не ќатысы бар? Б±л діни ғ±лама біздіњ басшымыз, имамымыз жєне кµсеміміз" дейді. Сонда олар: "Біз М±саныњ, Исаныњ жєне б‰тін пайғамбарлардыњ аќиќатын оныњ сµздерінен ‰йрендік жєне µз кітаптарымыздан оќыған кемел пайғамбар-лардыњ табиғаты мен іс-єрекеттерін оныњ бойынан ањғардыќ. Сіздер, м±сыл-мандар Мєулананы осы заманныњ М±хаммеді деп білсењіздер, біз де оны осы заманныњ М±сасы, Исасы деп мойындаймыз. Сіздер оныњ ізбасары болсањыз-дар, біз де сіздерден мыњ есе оныњ ќ±лы єрі ізбасары боламыз. Б±л туралы оныњ µзі "Жетпіс екі ±лт сырын бізден ‰йренеді. Біз – бір пернемен ж‰здеген дыбыс шығаратын сыбызғымыз", – деп б±йырған. Мєулананыњ табиғаты (заты) адамдарды µз сєулесімен жылытатын, оларға аќиќаттыњ сырын ашатын к‰н іспеттес. К‰нді к‰ллі єлемніњ жаќсы кµретіні белгілі. Барлыќ отбасы оныњ н±рынан жылу алады," – деп жауап береді. Гректіњ бір монахы да: "Мєулана нан секілді. Ешкім нансыз µмір с‰ре алмайды. ¤міріњізде наннан бас тартќан аш адамды кµрдіњіз бе? Сіз оныњ кім екенін ќайдан білесіз?" – деп, оған деген с‰йіспеншілігін білдіреді. Сонда басшылар ‰ндемей, бас изесіп, т±рып ќалады" [118].

Осы айтќандар Мєулана жалған д‰ниемен ќош айтысќанда оныњ артында м±сылман, христиан жєне яхуди халыќтардан ќ±ралған с‰йіспеншілік шењбері-ніњ ќалғанын кµрсетеді. Пайғамбар кейпіндегі ғ±лама ғалым єрі Ислам діні мен сопылыќ ілімініњ жетекшісі саналатын Мєулананыњ ќалдырған осы бір ыстыќ с‰йіспеншілігініњ негізінде м±сылмандыќ элементтердіњ жатќандығы хаќ. Алайда, µзге дін µкілдерініњ оған сенуі, жаќындауы, дін жєне ±лттыќ ерекшеліктеріне ќарамастан оны жаќтауы назар аударарлыќ ќызыќты жайт.

Анадолы селж±ќтарыныњ астанасы – Конияныњ халќы XIII ғасырда бір деректерде 45-60 мыњ, ал екінші бір деректерде 50-60 мыњ болған деп кµрсетіледі. Ќаладағы м±сылман емес халыќ саны да шамамен 6 мыњды, яғни жалпы ќала т±рғындарыныњ 1/10 бµлігін ќ±рағаны пайымдалады. Олардыњ басым бµлігін франктар, гректер, армяндар жєне бір бµлігін яхудилер ќ±раған. Б±л азшылыќтыњ Византия кезењінен ќалған жергілікті халыќтан жєне Кониядыњ астанаға айналуына байланысты ќалаға ағылған ж±мысшы к‰шінен жиналғандығы жорамалданады.

Б±л азшылыќ халыќ µкілдері Анадолы селж±ќтарыныњ кезењінде де, Осман империясы заманында да діни, єкімшілік жєне ќаржылыќ мєселелер т±рғысынан м±сылмандармен тепе-тењ жағдайда, тыныштыќта дєулетті µмір с‰рген; з±лымдыќтан алшаќ, єділетті басшылыќтыњ ќорғауында мал-жандары мен адами ќ±ќыќтарын ќорғай отырып, діндері мен тілдерін саќтап ќалу еркіндігіне ие болған.

Мєулананыњ азшылыќ халыќпен диалогы туралы "Менакиб-ул Арифин (Даналардыњ µмірі жайлы)" атты шығармада бірнеше мысал келтіріледі.

Бір к‰ні Таниял есімді армян ќасапшысы Мєуланаѓа жолыѓып, оѓан жеті рет бас иеді. Мєулана да ќасапшының алдында жеті мєрте бас иеді.Константиния елінде асќан білімді бір поп µмір с‰реді. Мєулананың білімдарлыѓын, кішіпейілділігін жєне мейірімділігін естіп, оѓан ѓашыќ болады. Мєулананы кµру ‰шін Конияѓа келеді. Ќаладаѓы поптар оны ќарсы алып, к‰теді. Т‰зу ниетті б±л поп олардан Мєуланамен кездестіруін с±ранады. Сол уаќытта кездейсоќ Мєуланаѓа жол бойында ±шыраса кетіп, оѓан ‰ш мєрте сєжде ќылады. Сєжделен басын кµтергенде Мєулананың оѓан сєжде ќылып жатќанын кµреді. Баз біреулердің айтуына ќараѓанда, Мєулана отыз ‰ш рет сєжде ќылыпты. Поп б±ѓан кµңілі босап, ‰стіндегі кµйлегін жыртып жіберіп: "Єй, діннің с±лтаны! Мендей бейшара, кір-ќожалаќ біреуге кµрсеткен м±ндай ілтипатың мен кішіпейілділігің µзіңді ќорлайды ѓой?" – депті. Сонда Мєулана: "Тєңірдің мал-м‰лікпен, с±лулыќпен, атаќ-даңќпен жєне биліктен рызыќтан-дырѓан ќ±лдары не деген баќытты! Олар жомарттыќпен мал-м‰ліктерін игі істерге ж±мсады, с±лулыѓымен єдепті де байсалды т±лѓаѓа айналды, атаќ-даңќымен кішіпейілділік танытты жєне билігімен єділетті салтанат ќ±рды", – дейді пайѓамбарымыз бір хадисінде. Мен де олар секілді Тєңірдің ќ±лдарына мейірімділік кµрсетпесем, µзімнің кішіпейілділігімді байќатпасам, менен не пайда, мен кімге ќажетпін? Тєңір жолында к‰нге айналѓан, нєпсісін тыйѓан адам неткен баќытты! Оның ќ±лшылыѓы с±лтандыќтан да артыќ, µйткені мен жаќсымын деу тек шайтанѓа тєн", [119] – деп жауап береді.

Осыны естіген поп достарымен бірге дереу иман келтіріп, тура жолды таңдайды. Мєулана ќасиетті медресеге келгенде С±лтан Велед пен оның достарына: "Бахаеддин, б‰гін бір поп біздің кішіпейілділігімізді иеленіп, пайдаланып кеткісі келді. Алайда, Тєңірдің ќалауымен жєне пайѓамбары-мыздың ќолдауымен осы кішіпейілділігіміз арќылы оѓан сабаќ бердік. Себебі м±ндай кішіпейілділік пен ќарапайымдылыќ м±сылмандарѓа Хазіреті М±стафа-дан ќалѓан", – дейді.

С±лтан Велед айтады: "Бір к‰ні Хазіреті Мєулана бір раввинге (еврейлердің дін басшысы) жолыѓады. Раввин: "Біздің дініміз бе, єлде сіздің дініңіз бе, ќайсысы жаќсыраќ?" – деп с±райды. Сонда Мєулана: "Сіздің дініңіз" деп жауап ќайтарѓанда, раввин м±сылмандыќты ќабылдайды".

Мєулана мен оның достары поптар мен епископтардан ќ±ралѓан бір ќауыммен кездеседі. Мєулананың жанындаѓылар "Не деген кµңілдері ќара, ±намсыз жандар" – деп, оларѓа тіксіне ќарайды. Сонда Мєулана: "К‰ллі єлемде олардан асќан жомарт жан жоќ. Себебі, олар б±л д‰ниедегі Ислам діні мен тазалыѓын жєне єр т‰рлі ѓибадаттарды бізге беріп ќана ќоймай, о д‰ниедегі баќилыќ жєннаттан, хор ќыздарынан, єсем баќшалардан жєне тап-таза жєннат шарабынан кешірімді Аллаћтың ќалауымен махр±м ќалады. ¤йткені, "Тєңір ќос д‰ниені кєпірлерге харам еткен". Олар осыншама д‰ниеќоңыздыќты, ќараңѓылыќты жєне жаханнам азаптарын µздеріне алады. Тєңірдің ќасиетті сєулесі олардың ж‰здеріне т‰скенде, олар бірден н±рланып, ж‰здері аѓара т‰седі", – дейді. М±ны естіген поптар мен епископтар оѓан бас ие м±сылман-дыќты ќабылдайды.

Бір к‰ні Мєулана бар жан-тєнімен беріле сема жасап жатќанда, бір мас адам да семаѓа ќатысып, онымен жиі-жиі соќтыѓысып ќала береді. Достары мас адамды шыѓарып тастауѓа єрекеттеніп, оны ренжітіп алады. М±ны байќаѓан Мєулана: "Шарапты ол ішкенімен, мастыќты сіздер жасап жатырсыздар" дейді. Сонда достары: "Б±л адам христиан" дегенде, Мєулана: "Ол христиан болса, сіз неге христиан емессіздер?" деп жауап береді.

Бір к‰ні гректіњ бір ±стасы Мєулананыњ ‰йінде ошаќ жасап жатады. Мєулананыњ достары "Неге м±сылмандыќты ќабылдамайсыњ? Діндердіњ ењ жаќсысы – Ислам діні" – деп оѓан єзілдей к‰леді. Сонда ол: "Елу жыл бойы Иса дінін ±станып келемін. Дінімді тастауѓа ќорќамын, одан ±яламын", – деп жауап ќайтарады. Есіктен кіріп келе жатып, м±ны естіген Мєулана: "Иманныњ сыры ќорќуѓа негізделеді. Кімде-кім Тєњірден ќорыќса, ол христиан болса да дін иесі саналады. Ол дінсіз емес", – депті. Б±дан ќатты єсерленген ±ста дереу иман келтіріп, м±сылмандыќты ќабылдапты.

Мєулана дарѓа асылуы ±йѓарылѓан Сирианус есімді грек жігітін ќамќорлыќќа алады. Оныњ к‰нєсі кешіріліп, м±сылмандыќты ќабылдайды. Мєулана оны Алаеддин деп атайды. Кезінде ±ры єрі ќанішер болѓан Алаеддин Сирианус осылайша Мєулананыњ ыќпалымен дінге берік, білімпаз адамѓа айналады.

Бір т‰ні Мєулана семаны бітіріп, медресеге ќайтып келе жатќанда бір шарапханадан рєуаб (аспап атауы) дауысын естиді. Біраз тыњдап т±рып, сема жасауѓа кірісіп кетеді. Сема тањѓа дейін жалѓасады. Іштегі бір тобыр армян сыртќа шыѓып, Мєулананыњ аяќтарына жыѓылады. Мєулана ‰стіндегі киім-дерін шешіп, оларѓа береді. Ертесіне сол армяндар медресеге келіп, м±сылман-дыќќа µтеді де Мєулананыњ ізбасар шєкірттерініњ ќатарына ќосылады.

Платон монастырындаѓы бір поп Мєуланадан: "¦лы Тєњір Ќ±ран Кєрімде "Сосын, єрине, олардан тозаќќа лайыќ болѓандарын біз жаќсы білеміз" деп б±йырды. Онсыз да барлыѓыныњ денесі отта жанады екен, сонда Ислам дінініњ біздіњ діннен басымдыѓы неде жєне б±л ќалай болады?" – деп с±райды. Мєулана ештење демей, попќа жол сілтеп, ќалаѓа ќарай бет б±рады. Жол жµнекей ќала шетіндегі бір наубайханаѓа кіреді. Ішке кіре Мєулана поптыњ ќара киімін алып µзініњ кµйлегімен орап, жанып т±рѓан пешке тастап жібереді де, бір мезгіл к‰теді. Пештен т‰тін шыѓа бастаѓанда, наубайшы кµйлекті алып, Мєулананыњ ‰стіне кигізеді. Кµйлек тап-таза болып, аѓарыпты. Ал, поптыњ ќара киімі к‰л болып, жанып кетеді. Сонда Мєулана: "Біз осылай кіреміз, сіздер де солай кіресіздер", – деп єділ жауабын беріпті. Поп тањ ќалып, м±сылмандыќты ќабылдапты.

Бір к‰ні поптар мен епископтардан ќ±ралѓан бір топ ќауым Мєулана-дан Тєњірдіњ єлсіз ‰ммет туралы Ќ±ранда айтќан шариѓи ‰кімдерініњ хикметін, б±йрыќтары мен тыйымдарыныњ сырын жєне ‰кімдерініњ маќсатын т‰сіндіруін с±райды. Сонда Мєулана: "Аллаћ таѓала ќ±лдарына иманды ширктен; намазды тєкєппарлыќтан тазарту; зекетті рызыќќа себеп болу, оразаны халыќтыњ таза ниеттілігін сынау; ќажылыќты дінді к‰шейту, жихадты Ислам дінін кµтеру; ємір маруфты (жаќсылыќќа шаќыруды) єлемдегі б±йрылѓан нєрселерге ќол жеткізуге себепші болу; жамандыќтан тиюды ысырапшылдыќќа

жол бермеу; туыстыќты бауыр санын кµбейту; жазаны ќан тµгістiњ алдын алу жєне харам нєрселердi халыќќа айќын кµрсету; шарапќа тыйым салуды аќыл-естi саќтап ќалу; ±рлыќтан бас тартуды єдiлеттiлiктiњ ныѓметiн кµрсету; зинаќорлыќты тиюды ±рпаќты таза ±стау; еркекќ±марлыќты тиюды ±рпаќты кµбейту; иман келтiрудi одан бас тартќандарѓа ќарсы шыѓу; сєлем берудi ќорќыныш, ‰рейдi ањѓарту; сенiмдi ‰ммет iстерiн ретке келтiру; баѓынуды иманды ќ±рметтеу ‰шiн парыз ќылѓан", – деп жауап бередi. Мєулана б±лардыњ барлыѓын жаќсылап т‰сiндiргенi соншалыќты, поптар мен епископтар бiрден иман келтiрiп, м±сылмандыќты ќабылдайды.

Гректердiњ Калуян жєне Айнидаула есiмдi екi суретшiсi сол дєуiрдiњ ењ мыќты суретшiлерi болѓан. Калуян бiр к‰нi Стамбулдаѓы Хазiретi Иса мен Мариямныњ керемет бiр суретiн кµредi. М±ны естiген Айнидаула да суреттi кµруге ынтыќ болып, Стамб±лѓа барады. Сурет iлiнген монастырда бiр жыл т±рып, ж±мыс iстегеннен соњ бiр т‰нi суреттi алып ќашады. Конияѓа келiп, Мєуланаѓа суреттiњ уаќиѓасын баяндап бередi. Мєулана суретке бiраз ‰њiле ќарап отырып: "Б±л керемет екi сурет Айнидауланыњ бiзге деген махаббаты жалѓан, шынайы емес деп т±р", – дейдi. Айнидаула сасып ќалады. Сонда Мєулана: "Олар: "бiздiњ тамаѓымыз да, ±йќымыз да жоќ, т‰нде ‰немi т‰регеп т±рамыз, к‰ндiз ораза т±тамыз. Айнидаула бiзге ќарамай т‰нде ±йыќтайды, к‰ндiз тамаќтанады, бiздi м‰лдем ±мытып кетедi дейдi" – деп т‰сiндiредi. Айнидаула: "Олардыњ тамаќ жеуi, ±йыќтауы, сµйлеуi м‰мкiн емес. Олар жансыз суреттер" дегенде Мєулана: "Осыншама єсем жаратылѓан, жанды сурет iспеттес сен єлемдi, адамды жєне жер мен кµктегi барша нєрсенi жаратќан ±лы суретшiнiњ туындысысыњ. Сенiњ µз жаратушыњды тастап, маѓынасы жоќ, жансыз суретке ѓашыќ болуыњ д±рыс па? М±ндай беймєлiм сызыќтардан не ±ѓынуѓа болады?" – деп б±йырады. Айнидулла дереу тєубаѓа келiп, м±сылмандыќты ќабылдайды.

Мєулана грек емшiсi Экмаладдиннен 17 досына жететiндей мµлшерде єлсiретушi дєрi єзiрлеуiн µтiнедi. Алайда єзiрленген 17 кесе дєрiнiњ бєрiн µзi iшiп, ешбiр нєрсе сезбегендей уаѓыз-насихатын єрi ќарай жалѓастыра бередi. Емшi, Мєуланаѓа суды аз iшу керектiгiн ескертедi. Сонда да Мєулана кµп мµлшерде м±з жеп, семаѓа кiрiседi. ‡ш к‰н ‰ш т‰н сема жасайды. Экмаладдин кµп мµлшерде iшкенде жай адамды бiрден с±латып тастайтын осы дєрiнi ќанша iшiп, артынша ќанша м±з жегенiне ќарамастан, т‰к болмаѓандай билеп ж‰рген Мєулананы кµрiп ќатты тањ ќалады. Оныњ Аллаћ ќолдауына ие уєкiл екенiн сезiп, оныњ жолына т‰седi. Бiр саудагер Стамб±лѓа аттанар шаѓында Мєуланадан р±ќсат алу жєне жєрдем с±рау ‰шiн оныњ ќ±зырына барады. Мєулана Стамб±л жанындаѓы бiр елдi мекенде орналасќан монастырдыњ ќасиеттi попына сєлем айта баруын µтiнедi. Саудагер айтылѓан монастырѓа барып, ќара киiмiнен н±р шашырап т±рѓан попќа Мєулананыњ сєлемiн жеткiзедi. Поп: "Аллаћтыњ сєлемi саѓан жєне "Аллаћтыњ тањдаулы ќ±лдарына б±йырсын" аятымен алѓысын бiлдiредi. Саудагер сол кезде бµлменiњ бiр б±рышында Мєулананыњ отырѓанын кµредi. Конияѓа ќайтып, Мєуланаѓа поптыњ сєлемiн жеткiзгенде, ендi бµлменiњ бiр б±рышында поптыњ ќарап отырѓанын кµредi.

Платон монастырынан бiр поп Мєулана туралы былай дейдi: "Исаныњ сипаттары жµнiнде оќыѓандарымныњ, Ибрахим мен М±саныњ µсиеттерi мен

кітабынан зерттегендерімнің және келіп-кеткен пайғамбарлардың керемет тәлім-тәрбиесінен көрген нәрселерімнің барлығы Мәулананың бойында бар".

Жоғарыда айтылғандардың бәрі Ахмет Эфлакидің "Менакиб-ул Арифин" атты шығармасынан алынған. Шығармада Мәулана мен оның жақын айнала-сындағы достарының өмірбаяны баяндалады. Белгілі бір топтарды тақырып етуге арналған шығармаларда авторлар көбіне тариқаттың немесе жамағаттың ықпалымен субъективтілікке сүйеніп кетеді. Менакиб-ул Арифинде жазылып, мақаламызда мысал ретінде ±сынылып отырған оқиғалардың қаншалықты шын екендігін білу немесе асыра мақтауға тырысудан келіп шыққан қияли ойдың әсерінен бе осылайша айтылғанын ±ғыну м‰мкін емес.

Дегенмен, б±л оқиғаларды қазір зерттей алмасақ та, олар ең болмаса сол замандағы сенім әлеміне, діндераралық диалогқа және адамдардың ой-өрісінің қ±рылысына қатысты пікір жорытуға м‰мкіндік береді.

Б±л мысалдардан Мәулананың м±сылман емес халық өкілдерімен диалогында кішіпейілділік, мейірімділік, с‰йіспеншілік, әдептілік, байсалды мінез-қ±лық, діннің керемет ‰лгілерін көрсету, дін мен нәсілге бөлмейтін адам қ±қықтары мен тепе-теңдік т‰сініктері сияқты мәселелердің бірінші кезекке қойылғанын аңғаруға болады. Дінге шақыруда Ж‰ністің "Жаратушыға қарап, жаратылғанды жақсы көр" деген қағидасын ±станған Мәулана армян, грек, яхуди секілді әр т‰рлі діндер мен ±лттарға; поп, епископ, монах, емші, суретші, қасапшы, сәулетші сияқты сан қилы мамандықтарға; ±ры, қанішер, мас адам секілді әр т‰рлі мінез-қ±лыққа тиесілі адамдармен диалог қ±рған; диалог барысында қарсыдағы адамның ой-өрісіне, көңіліне және т‰сінігіне сай әрекет ете, оны өзіне қарата білген. Кінәліні кешірген, білімпаздарға хикметпен жауап берген, ешкімді қорламаған, адамға қ±рметпен, с‰йіспеншілікпен, кішіпейіл-ділікпен, әрдайым жағымды т±сымен жанасқан. Қазіргі таңда адамдар арасында өзара мықты қарым-қатынасты орнату және адами байланыстардың ‰здіксіз-дігін қамтамасыз ету ‰шін қажетті, өте маңызды т‰сінік осыдан жеті ж‰з жыл б±рын Мәулананың өзге дін өкілдерімен ж‰ргізген диалогының негізін қ±раған.

Қорыта келе, Мәулананың м±сылман емес халық өкілдерімен ж‰ргізген диалогының аса маңызды т±старын былайша қорытындылайық:

1. Мәулана діндерден де жоғары т±рған сенімді немесе пікірді ±станбайды. Дегенмен, ол барша тәңірлік діндердің бір көзден тарайтынын және ортақ бір шындықты, тек Тәңірге деген сенімді қолдайтынын, бір ақиқатты ±станатынын пайымдайды.

2. М±сылман емес халық өкілдерімен диалогында Мәулана кішіпейіл-ділік, мейірімділік, с‰йіспеншілік, әдептілік, байсалды мінез-қ±лық, діннің керемет ‰лгілерін көрсету, сенімділік секілді мәселелерге баса назар аударады. Осылайша, ол барша ж±ртшылыққа ‰лгі болуға тырысады.

3.  Хазіреті Пайѓамбар туралы Ќ±ран Кєрімде: "Біз сені б‰кіл єлемге рахмет етіп жібердік" деп айтылады. Онын раќымы тек ќана м±сылмандарды емес, барша єлемді ќамтиды. Пайѓамбар іспеттес Мєулана да Хазіреті Пайѓамбарѓа ілесе отырып, с‰йіспеншілігі мен мейрімділігін к‰ллі адамѓа баѓыттайды.

4.  Сенім кµњілден туады. Оны зорлыќ-зомбылыќпен келтіруге болмайды. "Дінде зорлыќ жоќ", "Сіздіњ дініњіз µзіњізге, менің дінім µзіме", "Расулым, сен, адамдарды Раббыњныњ жолына даналыќпен, кµркем ‰гіт арќылы шаќыр жєне олармен кµркем т‰рде к‰рес" деген аяттарда да осы мєселе аныќ айтылады. Мєулананыњ м±сылман емес халыќ µкілдерімен диалогында да дінге шаќыру тєсілі осы аяттар мен ‰кімдердіњ шењберінде ќолданылады.

5.  Мєулана – наѓыз кµшбасшы. Ол ќоѓамдаѓы тыныштыќ пен бейбіт-шілікті, бірлік пен тірлікті к‰шейту жолында халыќќа µнегелі т±старымен жетекшілік етіп, адамдардыњ кµњілдеріне Аллаћ таѓала мен жалпы халыќќа деген махаббатты ±ялата білген.

6.  Мєулана µз ењбектеріндегі жолдаулары мен µнегелі іс-єрекетттері арќылы он ‰шінші ѓасырда Анадолыны т‰ріктендіруге жєне м±сылмандыќты таратуѓа елеулі ‰лес ќосќан, с‰йіспеншілік пен єдептіліктіњ негізін ќалаушы сєулетшілердіњ бірі болѓан.

Жалал əд-Дин Руми қоғамда беделі жоғары адамдармен көп сұхбаттасатын, дос-жаран болып жүретін. Əсіресе христиандарға жақындық танытқандығы туралы бірқатар аңыздар бар.

Бахаеддин Бахри көрген-білгенін былайша əңгімелейді. Бір күні византиялық ұста Маулананың үйінде пеш соғып жатады. Достары оған əзілдеп: “Неге мұсылман болмайсың? Діндердің ең жақсысы Ислам діні” деп айтады. Ол болса: “Елу жылдан бері христиан діниндемін. Дінімді тастауға Иса пайғамбардан қорқамын əрі ұяламын”, – деп жауап береді. Кенеттен Маулана осында кіріп келеді де: “Иманның сыры қорқыныш. Егер кімде-кім Алладан қорықса, ол христиан болса да, ол дін адамы, дінсіз емес”,  – дейді де сыртқа шығып кетеді. Маулананы терең түсінген христиан дінін ұстаушы ұста иманға келіп, мұсылман болады. Ислам дініне кіріп, Мауланаға мурид болады [119, 426 б.].

Əрине, Маулана өз дінін ұстанушы ұстаға исламды қабыл ал деп ешнəрсе айтпаған жəне де оған, дінінің басқа дін болғаны үшін жаман көзбен қарамаған. Ұстаның Иса Пайғамбардан қорқатындығын құрметпен қабыл алған жəне оның дінсіз еместігін нақтылап кеткен. Осылайша христианның көңілін тапқан, ал риза болған христиан болса Маулананың ықпалымен Ислам дінін қабылдайды. Маулананың кең пейілділігі, кешірімділігі христианның тура жолға түсуіне себепші болады.

Бұл əңгіменің терең əлеуметтік мəні бар. Ислам дінінде кешірімділік пен мейірімділіктің жоғары деңгейде негізделгендігін сезінген басқа діндерді ұстанушы адамдар мұсылмандардың арасында еркін тұрып, өмір сүрген, тұрмыс-тіршілік құрған. Оларға дін жағынан ешқандай қысым көрсетілмеген.

Айтқандай, байқасаңыз осы оқиғада христиан адам мұсылман дін білгірінің үйінде еркін жұмыс істеп жүр.

Мұсылман қауымы арасында қанағатшылдық басым. Басқа діндегілерге теріс көзбен қарау дұрыс емес деп есептеледі. Мауланадан жас ғалымдар: "Ниеттеріне, нәтижелеріне қарай шешім қабылданады", – деген хадистің мағынасын түсіндіріп беруді сұрапты. Бұл хадистің мәнін ол былайша түсіндіреді: "Пайғамбарымыз өмір сүрген заманда адамдарға көп жамандық жасаған бір жігіт өмір сүріпті. Бұл жігіт кенеттен өліп қалады. Жас жігіттің басқаларға жасаған қиянаттарының көптігіне қысылған ол жігіттің туысқандары түнде жігітті ұрланып барып, көміп тастайды. Таңертең Жәбрейл Хазіреті Мұхаммедке келіп: "Бар намаз оқы" деп хабар береді. Хазіреті Мұхаммед мұның мәнісін сұрайды. Жәбрейл қайтадан Аллаға барып келеді де: Ұлы Алла, ана жігіт соңғы демінде Алладан басқа құдай жоқ, Хазіреті Мұхаммед оның құлы және елшісі болғанына сенемін", – деп айтып күнәларына тәубе етті. Менің де оған жаным ашыды және оның күнәларын кешірдім деп бұйырды", – деді. Осыдан Хазіреті Мұхаммед Пайғамбар "Ниеттер мен нәтижелерге байланысты шешім қабылданады", – деп ой түйген екен деп түсіндіріпті. Халық пен туысқандарының арасында қадірсіз болған бұл жігіт, соңғы демінде Алла тағалаға сенгендігі үшін, оған бет бұрғандығы үшін Алла оның күнәларын кешірген.

Жалал әд-Дин Руми Мәснәуиінде былай жырлайды: "Ешбір басқа дін иесіне жаман қарамаңыз. Өйткені ол мұсылман болып та өлуі мүмкін. Өміріңнің соңынан қандай хабарың бар, онан неге сонша бет бұрасың?" [120].

Ешкімге жаман көзбен қарауға болмайды. Өйткені соңыңның немен бітетіндігін өзіңіз де білмейсіз. Күнәһар бір құл қатесін түсініп, Аллаға тәубе етіп, Аллаға бет бұрса, Алла ол құлға күнәларын кешіретіндігі туралы сөз берсе, онда біз бұл айтылғандардан қорытынды жасауымыз керек. Ешбір жанға жаман көзбен қарауға тиіс емеспіз. Осы себептен бір адам басқа бір адамның қандай бір дінде болғанына қарамастан, өз сенімінің әсерінен ол адамды төмен көрмеуі керек, оған үнемі мейірімділікпен қарауы тиіс. Өйткені ешкім өзінің соңының қалай бітетінін білмейді. Мне осы шапағат нұрына толы кең тараған ой саптауы мұсылмандардың арасында басқа дін адамдарының еркін өмір сүруіне негіз қалады.

Осы уақытқа дейін мұсылман дінін ұстанған ешбір елде басқа дін адамына діні үшін қысым көрсетілмейді. Мұсылман елдерінде ұстанған діні басқа екендігіне қарамастан адамды адам екендігі үшін құрмет тұтады, сыйлайды, қадірлейді. Әрбір мұсылман үшін басқа адамға деген сүйіспеншіліктің негізгі принциптік қағидасы мейірімділік пен кешірімділікке негізделген.

Жалал әд-Дин Руми адамның соңының не болатындығының белгісіз екендігін түсіндіру үшін Хазіреті Омар дәуірінде болған мына оқиғаны баян етеді. Хазіреті Омар заманында "Ченкті" тамаша тартатын бір кісі бар екен. Бұл адамға жас кезінде барлық адам қайран қалатын еді. Көп жылдар бойы мәжілістерде қызмет атқарады. Бірақ бұл адам қартайысымен қадірі де түсті, бұрынғы әсем дауысы құрыды, ешкім ол кісіге көңіл де бөлмейтін болды, ақырында нан таба

алмайтын жағдайға душар болды. Ол кісі бірде өз-өзіне: “Аллам бүгін пайдам жоқ, бүгін сенің қонағыңмын. “Ченкті” саған тартып беремін, тек қана сенікімін”, – деп сөйлеп жүріпті. Ченкті алып Мединенің мазараттарына барып, ұзақ уақыт ченк тартып жылайды. Ақырында ұйқысы келгеннен кейін ченкті жастанып ұйықтап қалады. Сол кезде Алла тағала Хазіреті Омарға да ұйқы береді. Түсінде Хазіреті Омарға мынадай дауыс келеді: – Әй, Омар… Нағыз құлымыз бар, оны мұқтаждықтан құтқар. Оны мазараттан табасың. Хазіреті Омар ұйқысынан лезде оянып, мазаратқа барып, сол жерді аралайды. Ол қарттан басқа ешкімді таппайды. Хазіреті Омар алдымен бұл қарт қалай нағыз мұсұлман болды деп күмәнданады. Бірақ бұл шалдан басқа ешкімді таппағаннан кейін іздеген адамның осы адам екенін түсінеді. Қарттың қасына барғанда Хазіреті Омар түшкіріп жібереді. Қарт адам шошып оянады. Хазіреті Омар: “Менен қорықпа, үркіме. Өйткені мен саған Алладан сүйінші әкелдім. Әзірше мына бірнеше динарды ал, жарат, таусылғаннан кейін тағы да маған кел”, – дейді. Қарт адам мұны естісімен өз-өзін жерге ұрып, қолын тістеп, киімін жырта бастады. Ақырында музыкалық аспабын жерге ұрып, быт-шытын шығарады. Сосын былай деді: “Әй, менімен Алланың арасында перде болған, әй, мені тура жолдан азғырып, тайдырған! Мен болсам сені ойлаумен бүкіл өмірімді босқа өткіздім”. Қарт адам өкініштен қатты қиналды. Сол кезде Хазіреті Омар қарт адамға: “Сенің жылауың, сенің дұрыс адам екеніңді дәлелдейді”, – депті. Хазіреті Омар қарттың шынайы тәубесін көрісімен: “Бұл күнге дейін жасағандарыңызды ұмыт” [120, 335 б.] – деді.

Жалал әд-Дин Руми қарттың бүкіл өмірінің музыкалық аспапта ойнаумен өтуіне қарамастан, оның Алланың шынайы құлы болғанын түсіндіргісі келеді. Қорыта айтқанда, адам қандай да бір күнә жасаса да өз қатесін түсініп, өкініп, тәубе қылса және шын көңілден Аллаға бет бұрса, ол адамның күнәсі кешіріледі.

Мінеки, тек бір мезеттік ықыласпен қарттың Алла тағалаға бет бұруы көп жылдар бойы жасаған қателіктерінің кешірілуіне себепші болды. Мұндай адамдарға кешірімділікпен қараған Алла тағалада да олардан кек алу немесе оларды жек көру сезімі жоқ. Оның махаббаты өзі жаратқан барлық жаратылғандарға ақ, таза. Адамдарға деген мейірімге толы сүйіспеншіліктің әсерімен оларға мейірімділікпен қарайды. Жақсы көреді.

Жалал әд-Дин Румидің терең әлеуметтік-философиялық ой-пікірлерге толы ой толғамдарында мейірімділік мәселесі айырықша орын алады. Біреуге жақсылық жасау, мейірімділік білдіру оның шығармашылығының ең өзекті тақырыбы десек артық айтқандық емес. Оның ұғым-түсінігінше, нақ мейірімділік сезімі адамның зұлымдыққа қарсы қолданатын басты қаруы. Дұшпандықтың орнына сүйіспеншілік ұрығын себетін жан дәрісі, көңіл шапағаты, ем дәрісі. Оның үстіне Жалал әд-Дин Румидің бүкіл өмірі, іс-әрекеті, уағыздары мейірімділік ұғымының толық мағынасындағы ұстынды қазығы, нәрлі суы. Ол бүкіл өмірі бойы басқаларға жақсылық ұрығын себуден, басқаларға мейірімділік нұрын шашудан жалықпаған. Оның ой-санасын да осы мейірімділік шапағаты билеп алған. Оның басты мақсаты – мейірімділік нұрын басқаларға шашу. Қолынан келгенше басқаларға жақсылық жасау болған.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеудің кіріспесінде жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындап, адамзат баласы дамуы тарихында жасалған рухани құндылықтардың бірегейі – Маулана Жалал әд-Дин Руми шығармашылығындағы діни, әлеуметтік-философиялық мәні терең ой-пікірлердің астарын бағамдау туралы айтқан болатынбыз. Зерттеудің барысында алдымызға қойған міндеттеріміз толықтай орындалып, мынадай зерттеу тұжырымдарын жасадық:

1. Маулана Жалал әд-Дин Румидің бүкіл шығармашылығы адамның мәні, оның өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, әдептілік бейнесі, ішкі рухани жан дүниесі туралы баға жеткісіз ой маржандарына, пікір-пайымдауларға толы. Міне сондықтанда болар Маулана Жалал әд-Дин Румидің адам мәнін екшелеген ой толғаулары өте кең көлемде зерттеуді, саралап, талдауды үнемі қажет етіп отыратын тың тақырыптардың бірегейінен саналады.

2. Маулана Жалал әд-Дин Румидің адам туралы ұғым-түсініктерінің жиынтығы, ол, яғни адам парасатты, иманды, елгезек те қаракетшіл жан, сонымен бірге, ол сұлулықтан ләззат тауып, шабыттана білетін, сөйлей алатын, ойлай алатын, санасы жоғары құдай жаратқан тіршілік иесі деген әлеуметтік маңызы жоғары, мән-мағыналық астары терең ой тұжырымдары төңірегіне топтасқан.

3. Жалпы Маулана Жалал әд-Дин Руми адамды, оның өмірі мен қарекетін мадақтаған, адамның жан-жақты жетіліп, кемелденуін қалаған, адамдар сыртқы көрінісі, тұрқы, пішіні жағынан сан алуан түрлі болғанымен, рухы, ішкі жан дүниесі, жаратылысы тұрғысынан бір-біріне өте ұқсас тіршілік иелері деп санаған. Ол, адамдардың әлсіз, кемшілікті жақтары көп болғанымен, олардың жан дүниесі өте бай, өмірдің мәні мен мағанасын терең түсіне, сезіне білетін саналы қызмет иелері деп есептеген. Ол, әсті де, адамдарды олардың тұрмыс-тіршіліктерінің, ұлттық ерекшеліктерінің, діни сенімдерінің әр түрліліктеріне қарамастан, олардың түпкі жаратылысы бір, Адам Ата мен Хауа Анадан тараған деп түйсінген. Оның ұғым түсінігінше, Алла тағала өзінің жердегі “орынбасары” (халифы) ретінде саздан жасаған алғашқы адам – бұл Адам Ата. Сондықтан, ол ислам дінінің өте білгірі Әбу-л-Башарға сілтеме жасай отырып, Адам Атаны “адамзаттың әкесі” деп те атайды.

4. Жалал әд-Дин Руми өзінің терең әлеуметтік-философиялық ой-толғамдарында әйел мәселесіне, оның отбасындағы орны мен рөліне айрықша назар аударған. Айталық, оның “Мәснәуиі” мен “Фиһи мә Фиһ” атты шығармаларында әйел тақырыбы жан-жақты сараланған. Кейбір отбасы, үй тұрмысы мәселелері әйел затымен байланыстырыла қарастырылған. Ол әйелдерді жер бетіндегі тіршіліктің бастауы, ұйтқысы, отбасының берекесі деп таныған. Олардың ақылдылығының отбасы бақыты үшін қандай іске болмасын бара алатындығын, махаббат дегеніміздің өзі айналып келгенде әйелдерге арналған ішкі ыстық сезімнің көрінісі екендігін айтқан, әйелдерді гауһар гүліне, жұпар иісіне, Алла тағаланың тіршілік атаулының амандығын сақтаушы тұғырлық негізіне бағалаған. Себебі Маулананың ұғым-түсінігінше әйелдің рухы өте жоғары. Ол ең алдымен, асыл жар, Ана, отбасы ұйтқысы, балалардың қамқоры, абысын-ажын татулығының ұстынды қазығы. Жалал әд-Дин Руми әйелдердің құқықтары мен еріктерінің сақталуына айрықша назар аударады. Ол тек бір әйелмен отау құру керек екендігін айтқан және өзі де сол жолды қатаң

ұстанған. Оның әйелдерден де муридтері болған. Әрбір күрделі істі шешуде, деп уағыздаған ол, әйелдерден ақыл сұрап отыруды ұмытпаңыздар. Жалпы Маулана Жалал әд-Дин Руми тек әйелдер қауымын ғана емес, үлкен-кіші демей барлық адамдарға зор құрмет білдіріп, оларды сыйлай білген. Адамдар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көре тұра, оларды тапқа, топқа, жікке бөлмеген, олардың барлығына бірдей сый көзбен қараған.

5. Жалал әд-Дин Руми адамдар арасындағы достық пен жолдастық мәселелеріне де зор маңыз берген. Ол әрдайым өз көңіліңе жақын дос тап деп уағыздап отырған. Шын, адал достық айна сияқты мөлдір болуы керек. Себебі ол сенің айнаң. Оны көріп, өзіңді біліп, танисың. Сенің бойыңдағы адами жақсы қадір-қасиеттер үнемі оның бойынан табылып отыруы тиіс. Сонда сенің де нұрың тасиды. Достық – бұл сағыныш оты. Ол үнемі алаулап жанып, сағыныш сазына бөленіп тұруы лазым. Себебі өмірдің мәні сағыныш. Сағынбайтын жанда достық, адамгершілік сезімі болмайды. Оның көздейтіні тек пайда табу. Демек, жеке бастың пайдасына негізделген достық пен жолдастықта еш маңыз жоқ. Ондай достықта берекеттік болмайды. Сондықтан шын дос ізде, көңіліңе жақын дос тап. Бабаларымыз: “жолға шықпастан бұрын жолдас, үй салмастан бұрын көрші таңда деп өшпес сөз қалдырған. Дос-жаранның көп болса, көңілің де жай. Бір нәрсеге ынтығып, алаулаған ішкі сезіміңді, көңіл-күйіңді, немесе біреуге ренжіп, күйіп-піскеніңде сырыңды ақтарар, көңілге медет, жанға пана іздер дос жұбатуы, дос ақылы, сенімен бірге қуанар, немесе, қайғырар дос көңілі қажет-ақ. Сондықтан барлық уақытта көңілі ақ, пейілі таза адамдармен дос болуға ұмтыл. Шын, адал достықтың белгісі ауруға шипа ем сияқты. Айналаңдағылардың дертіне шипа бол, жылан мен шаян секілді төңірегіңдегілерге у шашпа, керісінше қолыңнан келгенше жақсылық жаса, достық пейіл білдіріп, сүйіспеншіліктің ұрығын сеп. Ғайбат сөз айтудан, жаман қылық көрсетуден аулақ жүр. Досыңның, жолдасыңның ішкі сырын ашпа, сатпа. Жақсы дос басыңа іс түскенде жаныңнан табылады, ал бір нәрсеге өкініп, қайғырған кезіңде көңіліңнің айнасы болады. Кемшіліксіз дос іздеген адам, міндетті түрде доссыз қалады. Ал, достар арасында ой мен мақсат бірлігі болған жерде, олар бірлесіп аспандағыны алады. Біреуге жақсылықты көпшілікке жақсы көріну үшін жасама, мүмкіндігі келгенше шын көңіліңмен жаса. Сонда нұрың тасиды, шын көңіліңмен масаттанасың дейді. Достық – бұл басқа адамдарға, Алла тағалаға, табиғатқа, жан-жануарларға көрсетілген міндеттерді өтеудің белгісі. Достық – бұл мейірімділік тұрағы. Біреуге жақсылық жасау, мейірімділік білдіру достықтан туындайды. Нақ осы мейірімділік сезімі адамының зұлымдыққа қарсы қолданатын басты қаруы. Дұшпандықтың орнына сүйіспеншілік ұрығын себетін жан дауасы, көңіл шапағаты, ем дәрісі. Жалпы Жалал әд-Дин Румидің бүкіл өмірі, іс-әрекеті, уағыздары барлық адам баласына деген достық сезімнің, сүйіспеншілік көңіл-күйдің, мейірімділіктің толық мағынасындағы ұстынды қазығы, нәрлі суы. Ол бүкіл өмір бойы басқаларға жақсылық ұрығын себуден, басқаларға мейірімділік нұрын шашудан жалықпаған. Оның ой-санасын басқаларға достық, қайырымдылық, мейірімділік жасау сезімі, шапағаты билеп алған. Оның түпкі мақсаты да, күнделікті міндеті де – барлық адамдарға мейірімділік ұрығын, нұрын шашу. Қолынан келгенше басқаларға, күллі адам баласына жақсылық жасауға ұмтылыс болған.

## ÏÀÉÄÀËÀÍÛËҒÀÍ ƏÄÅÁÈÅÒÒÅÐ TI3IMI

1 Íàçàðáààåâ Í.Ə. “Ìəäåíè ìүðà” áàғäàðëàìàñû ìåìëåêåòòiê áàғäàðëàìà áîëóû òèiñ // Åãåìåí Қàçàқñòàí. - 2003. – 29 қàðàøà.

2 Can Şefik. Mevlana. - İstanbul, 1997. - S. 32-33.

3 Sipehsalar Feridun b. Ahmed. Mevlana ve Etrafındakiler. - İstanbul, 1977. - S . 17-18.

4 Golpınarlı Abdubaki. Mevlana Celaleddin. - İstanbul, 1959. - S. 25-26.

5 Êүìiñáààåâ Ө. Ïàðñû ïîýçèÿñû. Õðåñòîìàòèÿ. - Àëìàòû: Қàçàқ óíèâåðñèòåòi, 2003. - 178 á.

6 Äæàëàëàääèí Ðóìè. Ìàñíàâè / Ïîýìà î ñêðûòîì ñìûñëå. - Ì. - ÑПб.: Äèëÿ Ïàáëèøèíã, 2001. - 352 с.

7 Ëèðèêè Âîñòîêà: Ïåðåâîäû / Ñîñò. è âñòóï. ñò. Ì.À. Êóðãàíцåâà. - Ì.: Ïðàâäà, 1983. - С. 219-254.

8 Celebioğlu Prof. Dr. Amil. Mesnevi-i Şerif. - İstanbul, 1967. - S. 72.

9 Golpınarlı Abdubaki. Mesnevi ve Şerhi. - Ankara, 1989. - 680 s.

10 Golpınarlı Abdubaki. Divanı Kebir. - İstanbul, 1957. - 510 s.

11 Golpınarlı Abdubaki. Divanı Kebir. - İstanbul, 1960. - 568 s.

12 Golpınarlı Abdubaki. Yedi Meclis. - Konya, 1965. - 252 s.

13 Golpınarlı Abdubaki. Mektuplar. - İstanbul, 1963. - 492 s.

14 Golpınarlı Abdubaki. Rubailer. - İstanbul, 1964. - 378 s.

15 Anbarcıoğlu Prof. Dr. Meliha. Fihi Mafih. - İstanbul, 1985. - 412 s.

16 Yavuz Prof. Dr. Kemal. Mesnevi Muradiye. - Ankara, 1982. - 550 s.

17 İzbudak Veled. Mesnevi Manevi. - Ankara, 1960. - 410 s.

18 Halıcı Feyzi. Mesnevi Şerhi. - Konya, 1964. - 360 s.

19 Koner Muhlis. Mesnevinin Ozu. - Konya, 1961. - 514 s.

20 Beytur Mithat. Divanı Kebir Şerhi. - İstanbul, 1973. - 396 s.

21 Uzluk Feridun. Mecalisi Seba Şerhi. - İstanbul, 1969. - 420 s.

22 Hourt C.L. La Ville de Semazens Konya. - Paris, 1897. - 194 s.

23 Hourt, C.L. Epigraphic Arabe d'Asie Mineure. - Paris, 1894.- 110 s.

24 Rice Talbot. The Seljuks in Asia-Minor. - London, 1961. - 155 s.

25 Laberde. Voyoge en Asie Mineure. - Paris, 1838. -112 s.

26 Heyd W. Histoire du Commerce du Levant au Moyen Age. - Leipzig, 1936. - 132 s.

27 The Journal of Frair Rubuguis. - London, 1902. - 74 s.

28 Hasluck P.W. Chirstianity and İslam Under the Sultans. - Oxford, 1921. - 214 s.

29 Roland Montran. La Turquie. - Paris, 1952. - 172 s.

30 Garnier Louise. Nasreddin Hodja et ses Histoires Turquies. - Paris, 1968. - 231 s.

31 Meyerovitch Eva de Vitray. Odes Mystiques. - Paris, 1982. - 180 s.

32 Meyerovitch Eva de Vitray. Le Livre du Dedans. - Paris, 1975. - 178 s.

33 Meyerovitch Eva de Vitray. Mystique et Poeise en İslam. - Bruksel, 1972. - 187 s.

34 Nicolsen Prof.Dr. Reynold Allin. Rŭmi Poet an Mystic. - London, 1963. - 220 s.

35 Nicolsen Prof.Dr. Reynold Allin. The Mathnawi of Celaluddin Rumi. - London, 1914. - 190 s.

36 İdries Shah. Tales of the Dervishes. - London, 1967. - 250 s.

37 Yeniterzi Doc.Dr. Emine. Mevlana Celaleddin Rumi. - Ankara, 1997. - S. 1.

38 Eflaki Ahmed. Ariflerin Menkıbeleri. - Ankara, 1953. - C. 2. - 468 s.

39 Eflaki Ahmed. Ariflerin Menkıbeleri. - Ankara, 1952. - C. 1. - 80 s.

40 Furuzanfer Bediuzzaman. Mevlana Celaleddin. - İstanbul, 1963. - 265 s.

41 İbn Bibi. Anadolu Selcuklu Devleti Tarihi. - Ankara, 1941. - S. 43-65.

42 Eflaki Ahmed. Ariflerin Menkıbeleri. - Ankara, 1957. - C. 2. - S. 188-194.

43 Hadis. Buhari. İman bahsi. - Konya, 1992. - 378 s.

44 Veled Celebi Izbudak. Mesnevi. - İstanbul, 1942. - C. 1. - 143 s.

45 Äîñàé Êåíæåòàé Òұðñûíáàéұëû. Əçiðåò Ñұëòàí Қîæà Àõìåò Éàñàóè.
43 Көңiëäiң àéíàñû /Ìeðàò-óë Қyëóá/. - Àíêàðà: Áèëèã, 2000. - 54 á.

46 Ìàêñóä Ð. Èñëàì. - Ì.: Ôàèð-Ïðåññ, 2000. - 168 с.

47 Èäðèñ Øàõ. Ñóôèçì. - Ì.: Êëûøíèêîâ, Êîìàðîâ è Ê, 1994. - С. 22.

48 Ғарифолла Åñiì. Ôàëñàôà òàðèõû. - Àëìàòû, 2000. - 269 б.

49 Õèñìàòóëëèí À.À. Ñóôèçì. - ÑÏá.: Ïåòåðáóðãñêîå Âîñòîêîâåäåíèå, 1999. - 186 с.

50 Îäèëîâ Í. Ìèðîâîççðåíèå Äæàëàëåääèíà Ðóìè. - Äóøàíáå.: Èðôîí, 1974. - С. 15-16.

51 Araz Nezihe. Mevlana'da Herşey İnsan İcin. - Konya, 1992. - S. 36-42.

52 Êåíæåòàé Ä. Ò. Қ.À. Éàñaóè äүíèåòàíûìû. - Òүðêiñòàí, 2004. - 314 á.

53 Ôèëîñîôèÿëûқ ñөçäiê. - Àëìàòû: Қàçàқ ýíцèêëîïåäèÿñû, 1996. - 404 á.

54 Àéòáîëàòұëû À. Òүðêiñòàí. - Àëìàòû, 2000. - 555-556 бб.

55 Əäåáèåòòàíó. Òåðìèíäåð ñөçäiãi. - Àëìàòû: Àíà òiëi, 1998. - 225 á.

56 Ðàäèé Ôèø. Äæàëàëåääèí Ðóìè. - Ì.: "Íàóêà", 1987. - С. 3-5.

57 Халифа Алтай. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. 2/30.

58 Ýðíñò Êàðë. Ñóôèçì. - Ì.: "Ôàèð-Ïðåññ", 2002. - 221 с.

59 Ðóìè. Ýíцèêëîïåäèÿ "Èñëàì". - Àëìàòû: Қàçàқ ýíцèêëîïåäèÿñû, 1995. - 149-150 áб.

60 Èñëàì əëiïïåñi. - Àëìàòû: Ôàðàáè-ýíöèêëîïåäèñò, 2000. - 43-44 бб.

61 Yakıt Prof.Dr. İsmail. Batı Dusuncesi ve Mevlana. - İstanbul, 1993. – 246 s.

62 Elmalili Hamdi Yazar. Kuran. - İstanbul, 1996. 7/177.

63 Êåìàë íûñàí. Ýíцèêëîïåäèÿ "Èñëàì". - Àëìàòû: "Қàçàқ ýíцèêëîïåäèÿñû", 1995. - 86-87 бб.

64 Koprulu Prof.Dr. Fuad. Turk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. - Ankara, 1966. - S. 265.

65 Asaf Halet Celebi. Mevlana'nın Rubaileri. - İstanbul, 1944. - S. 40.

66 Golpınarlı Abdubaki. Ahadisi Mesnevi. - Ankara, 1985. - S. 61-62.

67 Golpınarlı Abdubaki. Divanı Kebir. - Ankara, 1984. - C. 2. - S. 3898.

68 Golpınarlı Abdubaki. Rubailer. - İstanbul, 1966. - S. 88.

69 Sadi Şirazi. Gulistan. - İstanbul, 1907. - S. 305.

70 Togan Prof.Dr. Zeki Velidi. Umumi Turk Tarihine Giriş. - İstanbul, 1946. - S. 203.

71 Sari Abdullah. Mesnevi. - İstanbul, 1948. - C. 1. - S. 983.

72 Sipehsalar Feridun b.Ahmed. Risale. - İstanbul, 1931. - S. 107.

73 Íàìûқ Êåìàë Çåéáåê. Қîæà Àõìåò Éàññàóè æîëû æəíå òàңäàìàëû õèêìåòòåð. - Àíêàðà: “Áîéóò-Òàң”, 2003. - 16-17 бб.

74 Aculini. Keşful Hafa. - İstanbul, 1997. - C. 1. - S. 410.

75 Hamidullah Prof.Dr. Muhammed. İslam Peygamberi. - İstanbul, 1966. - C. 1. - S. 158-166.

76 Ebu Zehra Muhhamed. İslamda Beşeri Munasebetler. - İstanbul, 1971. - S. 44-47.

77 Kirmani Hamid b.el-Fahir. Menakıbı Ahad ed-Din. - Tahran, 1347. - S. 19.

78 Ibn Haldun. Tasavvufun Mahiyeti. - İstanbul, 1998. - S. 154.

79 Yasar Kalafat. Avrasya Turk Halk Sufizmi. - Ankara, 1997. - S. 61-62.

80 Iskender Ali Mihr. Mutluluk, Tasavvuf, Islam. - Izmir, 1990. - S. 186.

81 Hilmi Ziya Ulken. Islam Dusuncesi. - İstanbul, 2000. - S. 145.

82 Erol Gungor. Islam tasavvufunun meseleleri. - İstanbul, 1993. - S. 61.

83 Ethem Cebecioglu. Haci Bayram Veli ve Tasavvuf Anlayisi. - Ankara, 1994. - S. 276.

84 Mehmet Ali Ayni. Islam Tasavvuf Tarihi. - İstanbul, 1985. - S. 61.

85 Martin Lings. Tasavvuf Nedir. - İstanbul, 1986. - S. 119.

86 Mustafa Askar. Niyazi Misri ve Tasavvuf Anlayisi. - Ankara, 1998. - S. 102.

87 Suleyman Uludag. Islam Dusuncesinin Yapisi. - İstanbul, 1994. - S. 125.

88 Mehmet Onder. Mevlana Celaleddin Rumi. - Tarsus, 1997. - S. 137.

89 Ibrahim Sarmis. Teorik ve Pratik Acidan Tasavvuf ve Islam. - Istanbul, 2004. - S. 82.

90 Dilaver Selvi. Mursidlerin Fert ve Cemiyeti Islahi. - Ankara, 1998. - S. 49.

91 Dilaver Selvi. Velileri Sevmede Olcu. - Ankara, 1999. - S. 81.

92 Dilaver Selvi. Irsada Ehliyet ve Mursidi Kamil. - Ankara, 1999. - S. 127.

93 Selahaddin Yasar. Mevlana. - İstanbul, 1985. - S. 99.

94 Uzel Nezih. Mevlana ve Insan. - İstanbul, 1975. - S. 161.

95 Tarlan Ali Nihad. Mevlana. - İstanbul, 1974. - S. 87.

96 Yuksel Murat Tarik. Hz. Mevlananin hayati ve Menkibeleri. - İstanbul, 1976. - S. 183.

97 Ozturk Yasar Nuri. Tasavvufi Dusunce. - İstanbul, 1974. - S. 94.

98 Kadir A. Bugunun diliyle Mevlana. - İstanbul, 1955. - S. 221.

99 Izbudak Veled. Mesnevi. - İstanbul, 1957. - S. 147.

100 Mustafa Ozdamar. Irfan gunesi Hazreti Sems. - İstanbul, 1999. - S. 88.

101 Semseddin Yesil. Maneviyyat bagcesi, Evliyaullah sozleri, Arifler sofrasi. - İstanbul, 1996. - S. 95.

102 Mahir Iz. Tasavvuf. - İstanbul, 1997. - S. 202.

103 Mehmet Ali Ayni. Tasavvuf Tarihi. - İstanbul, 2000. - S. 203.

104 Mustafa Kara. Din, hayat, sanat acisindan Tekkeler ve Zaviyeler. - İstanbul, 1990. - S. 322.

105 Esref Ali Tanevi. Hadislerle Tasavvuf. - İstanbul, 1996. - S. 77.

106 Veled Izbudak. Mevlana Celaleddin Rumi. - İstanbul, 1991. - S. 320.

107 Meliha Ulker Anbarcioglu. Fihi Mafih. - İstanbul, 1990. - S. 43.

108 Amran Kurtkan Bilgiseven. Din Sosyolojisi. - İstanbul, 1985. - S. 3.

109 Yasar Nuri Ozturk. Mevlana ve Insan. - İstanbul, 1993. - S. 59.

110 Abdulbaki Golpınarlı. Divanı Kebir. - İstanbul, 1957. - S. 510.

111 Bilgiseven Kurtkan. Mevlananin Soyallesme Terbiyesi Hakkindaki Fikirleri.- Konya, 1989. - S. 184.

112 Eva de Vitray Mayerovitch. Mevlananin Guncelligi. - Konya, 1988. - S. 33.

113 Ali Bulac. Nuhun Gemisine Binmek. - İstanbul, 1992. - S. 195.

114 Sefik Can. Hz. Mevlananin Sireti ve Sureti. - Konya, 1987. - S. 48.

115 Sefaettin Golcuk. Mevlana ve Tehid Akidesi. - Konya, 1987. - S. 280.

116 Sadettin Kocaturk. Mevlananin Divaninda Ilahi Zat ve Insan. - Konya, 1989. - S. 268

117 Osman Cilaci. Mevlananin Gayri Muslimlerle Munasebetlerine Dair Bir Inceleme // Din ogretim dergisi. - Ankara, 1989. - S. 30.

118 Kamil Yaylali. Mevlanada Inanc Sistemi. - Konya, 1996. - S. 122.

119 Mehmet Aydin. Hz. Mevlana ve Dinler. - Konya, 1986. - S. 425.

120 Carullah Musa. Hatun, Kutabiyat. - Ankara, 1999. - S. 183.

121 Sabri Hizmetli. Islam Tarihi. - Ankara, 1995. - S. 332.